

МӘҢГІЛІККЕ

ӨНДЕЛІП, КЕҢЕЙТІЛГЕН,
10-МЕРЕЙТОЙЛЫҚ
БАСЫЛЫМ

ҰМТЫЛҒАҢДАР



*Бүгін де, мәңгілікте
де терең мағынасы
бар өмір*

ДЖОН БИВЕР

Қымбатты дос!

Забур жырларында Мұса былай деп мінәжат етеді: «Үйрете гөр ғұмырды есептеуді» (89:12). Жердегі уақыттың қай мерзімі болса да, ол мәңгіліктің шексіздігімен салыстырғанда түк те емес. Дегенмен, өзімізге кесілген уақытты қалай пайдалансақ, уақыт өлшемінен тыс шығып, мәңгілікке өткенде алатын сыйларымыз бен мәңгі өміріміз сондай болмақ.

«Мәңгілікке ұмтылғандар» кітабының жолдауы – Киелі Рухтың маған берген ең күшті, өзгертуші құдіретке толы жолдауларының бірі. Осындағы ақиқатты түсінген қауымдар, жетекшілер және сенушілер Құдай Патшалығына деген қызметінде жаңа мақсат, жаңа көзқарас, жаңа құлшынысқа ие болды. Осы материалды сіздермен бөлісу – мен үшін үлкен құрмет.

Осы кітапты сізге және дүние жүзіндегі жетекшілерге өзімнің қолдауым мен сүйспеншілігімнің белгісі ретінде жіберіп отырмын. Осы тақырыпты зерттеп, кітапты және өзіңізде бар басқа да материалдарды басқалармен бөлісуіңізді өтінемін. Осы кітапта ашылған ақиқатты терең ұғына отырып, тағдырыңыз бен өміріңізге деген Құдайдың ұлы жоспарлары мен мақсаттарын анық көруіңізді тілеймін.

Достым, Құдай осы жолдауды жүрегіме салғанда өзім қалай өзгерсем, сіздің де дәл солай өзгергеніңізді сұрап, мінәжат етемін. Мәңгілік жайлы ақиқатты терең түсінуге деген талпынысыңыз зор болғандықтан, өміріңіз, отбасыңыз бен қызметіңіз бұдан былай бұрынғыша болмайды деп сенемін. Осы жолдаудың өзіңізге және қамқорлығыңыздағы адамдарға қалай ықпал еткені туралы естіп білгім келеді.

Сіздің рухани бауырыңыз



Джон Бивер
JohnBevere@ymail.com



MESSENGER
INTERNATIONAL
MessengerInternational.org

МӘҢГІЛІККЕ

ҰМТЫЛҒАҢДАР



*Бүгін де, мәңгілікте
де терең мағынасы
бар өмір*

— — ДЖОН БИВЕР — —

«Күнделікті тіршіліктің қарекетіне шырғаланып, өмірдегі ең маңызды нәрселерден көз жазып қаламыз. Джон Бивердің «Мәңгілікке ұмтылғандар» атты әсерлі кітабы ынта-жігер беріп, рухтандырады, әрі мәңгілік үшін маңызы бар өмір сүру үшін жарақтандырады».

— Крейг Гречел, «LifeChurch.tv» қауымының бас бағушысы, жазушы.

«“Мәңгілікке ұмтылғандар” кітабы – өмірдің мән-мағынасын іздеген адамның сұрақтарына жауап. Өмірлік маңызы бар осы үндеу күнделікті өмірдің күйбеңінен шығып, асқақ ойға жетелейді. Осы кітапты міндетті түрде оқып шығу керек».

— Джон Максвелл, бестселлерлер авторы және спикер.

«Өмір – бізге кесілген күндер саны ғана емес. Досым Джон Бивер жазған «Мәңгілікке ұмтылғандар» кітабының мерей-тойлық басылымы осыны еске салады. Осы кітапты оқи отырып, асқақ борышыңызға сай өмір сүру керектігін еске алып, тыныштық пен үмітке кенелесіз».

— Стивен Фертик, «Elevation Church» қауымының бағушысы, New York Times баспасының пікірі бойынша бестселлер болып табылатын кітаптардың авторы.

«“Мәңгілікке ұмтылғандар” кітабында Джон Киелі Жазбаларды негізге ала отырып, мәңгі өмір тұрғысынан ойлай білудің маңызын түсіндіреді. Оның тәлімі Мәсіхке сенушілерге мәңгілік өмірді ойлай жүріп, бүгін қалай өмір сүру керектігін түсінуге көмектеседі».

— Джойс Майер, Киелі Кітаптан тәлім беретін ұстаз және бестселлерлер авторы.

«“Мәңгілікке ұмтылғандар” кітабы аса зор құпиялардың бірі – мәңгілік өмір жайлы сөз қозғайды. Джон Бивер Киелі

Кітапты осы тақырыпқа қатысты әдеттегідей мұқият зерттейді. Оқырманды мәңгілік өмірді естен шығармай өмір сүруге, қанатын кең жайып, биіктерге ұмтылуға шақырады».

— Брайан Хьюстон, «Хилсонг» қауымының бас бағушысы.

«“Мәңгілікке ұмтылғандар” кітабын мәңгі мұраға ие болғысы келетін, Құдай Патшалығын кеңейтуге ұмтылған әрбір адам оқып шығуға тиіс. Киелі Кітапқа сүйене отырып, Джон оқырманды Жердегі ең қымбат ресурс – уақытты мейлінше тиімді пайдаланып, мәңгілікте маңызы болатындай қомақты ықпал етуге шақырады. Бұл кітап – қазіргі заманғы классика».

— Крис Ходжес, «Church of the Highlands» қауымының бас бағушысы, «Fresh Air» және «Four cups» кітаптарының авторы.

«“Мәңгілікке ұмтылғандар” кітабында Джон мәңгіліктің құпия сырын ашып, бүгінгі шешімдеріміз бақилықтағы өмірімізге қандай әсерін тигізетінін анық көрсетеді. Осы кітап назарыңыздың тыс қалып қоймасын».

— Марк Баттерсон, New York Times баспасының пікірі бойынша бестселлер болып табылатын «The Circle Maker» кітабының авторы, «National Community Church» қауымының бас бағушысы.

«“Мәңгілікке ұмтылғандар” кітабында Джон оқырманды өмір жолында әрдайым мәңгілікке бет түзеп отыруға шақырады. Джон – жақын досым. Оның кітабын оқырманға ұсыну – мен үшін үлкен құрмет».

— Джентезин Франклин, Джорджия штаты, Гейнсвиллдегі «Free Chapel» қауымының бас бағушысы, New York Times баспасының пікірі бойынша бестселлер болып табылатын кітаптардың авторы.

МӘНГІЛІККЕ

ӨНДЕЛІП, КЕҢЕЙТІЛГЕН,
10-МЕРЕЙТОЙЛЫҚ
БАСЫЛЫМ

ҰМТЫЛҒАҢДАР



*Бүгін де, мәңгілікте
де терең мағынасы
бар өмір*

— ДЖОН БИВЕР —

Driven by Eternity by John Bevere, Kazakh
© 2018 Messenger International
www.MessengerInternational.org
Originally published in English as Driven by Eternity
Additional resources in Kazakh by John Bevere are available
for free download at: www.CloudLibrary.org
To contact the author: JohnBevere@ymail.com

«Мәңгілікке ұмтылғандар» Джон Бивер, қазақ тілінде
© 2018 Messenger International
www.MessengerInternational.org
Алғаш рет ағылшын тілінде «Driven by Eternity»
атауымен басылып шығарылды
Джон Бивердің қазақ тіліндегі қосымша ресурстарын мына
сайттан тегін жүктеп алуға болады: www.CloudLibrary.org
Автордың электрондық адресі: JohnBevere@ymail.com

Осы кітапты...
мәңгілік өмір үшін тынбай еңбек ететіндердің
барлығына арнаймын.
Ізденісіңізді жігерлене жалғастырыңыз.
Жаратушы Тәңір Ие жуырда ғаламат
құдіретімен келіп, билікті өз қолына алады. Жеңісінің
олжасы мен сыйы Өзінде. «Мәңгілік өмір – Сені,
жалғыз шынайы Құдайды, әрі Өзің жерге жіберген Мені,
Иса Мәсіхті, жақыннан тану»
ЖОХАН 17:3

МАЗМҰНЫ

Кітап туралы	11
Алғы сөз.....	13
Кіріспе	15

1 - ШІ БӨЛІМ

1 тарау. Мәңгі Құдай.....	19
➤ 2 тарау. Аффабель патшалығы: Эндельдегі тіршілік.....	37
➤ 3 тарау. Аффабель патшалығы: Қиямет Сотының алғашқы күні.....	59

2 - ШІ БӨЛІМ

4 тарау. Өлілердің мәңгі мекені.....	85
5 тарау. Өтірікке үкім шығару.....	105

3 - ШІ БӨЛІМ

6 тарау. Құдайдан безу	137
7 тарау. Негіз.....	167

4 - ШІ БӨЛІМ

➤ 8 тарау. Аффабель патшалығы: Қиямет Сотының екінші күні.....	181
9 тарау. Аспан Патшалығы.....	207
10 тарау. Мәсіхтің төрелігі.....	227

5 - ШІ БӨЛІМ

11 тарау. Құдайдың мекені.....	245
12 тарау. Құдайдың шақырғандары	259

6 - ШЫ БӨЛІМ

13 тарау. Молая түсу.....	285
14 тарау. Жеке ықпал.....	315
Қосымша. Құтқарылудың жолы	333

КІТАП ТУРАЛЫ

«**М**әңгілікке ұмтылғандар» кітабын кез-келген басқа кітап сияқты басынан аяғына дейін оқып шығуға болады. Бұл кітапты жеке немесе топ ішінде оқығысы келетіндер үшін кітап алты бөлімге бөлінген, әр бөлімнің соңында талқылауға арналған сұрақтар бар. Кітап алты апталық тәлім курсына арналған, бірақ сіз оны өз қажеттіліктеріңізге қарай бейімдеп алуыңызға болады.

Бөлімдер мен оларға сәйкес келетін тараулар:

1-ші бөлім.	1-3 тараулар.
2-ші бөлім.	4, 5 тараулар.
3-ші бөлім.	6, 7 тараулар.
4-ші бөлім.	8-10 тараулар.
5-ші бөлім.	11, 12 тараулар.
6-шы бөлім.	13, 14 тараулар

Егер сіз осы кітапты «Мәңгілікке ұмтылғандар» курсының бір бөлігі ретінде оқитын болсаңыз, апта сайын бір сабақты топпен бірге тыңдап немесе көріп, сәйкес келетін бөлімнің соңындағы талдауға арналған сұрақтарға жауап беріңіз. Содан соң келесі кездесуге топтың әр мүшесі қажет тарауларды оқып келеді. Бір аптада бір тарауды оқып талдаған дұрыс.

Рахаттаныңыз!

АЛҒЫ СӨЗ

Әрқайсымыз Құдайдың алдына баратын күн туады. Сол күн келгенде дайын боламыз ба?

Киелі Жазба: «...бауырластарым, Құдайдың өздеріңді меншікті халқы болуға шақырып, таңдап алғандығына *нық сенімді болуға* ынтамен ұмтылыңдар!...» – деп ескертеді (Петірдің екінші хаты 1:10, ағылшыннан аударма). Мұндағы маңызды сөз – *нық сенімді болу*.

Әлденеге *нық сенімді* болып жүріп, бір күні қателескеніңізді түсінген кездеріңіз болып па еді? Ер адамдардың әдетінше, өзім де беталысыма, формулаларға, қабылданған рәсімдерге, жоспарыма *сенімді* болып жүріп, кенеттен қателескенімді түсінемін де, істі нұсқаулықтарға сай қайта орындауыма тура келетінін мойындаймын. Осындай жағдай қынжылтады. Жанармай, уақыт немесе ақша жұмсап, шығынға қалдым. Білгеніме *сеніп* жүрсем, шын мәнінде білмейтін болып шықтым.

Мәңгі өмірге қатысты осындай қате жібергім келмейді.

Бұл кітапты жазу ең алдымен өзімді рухани байытты. Кітап он жыл бұрын басып шығарылған еді. Осы жылдар ішінде бұл жолдау адамдардың өмірлерін қалай өзгерткені туралы сансыз көп хат алып жатырмыз. Кітаптың қайта өңделіп, жаңартылған нұсқасын басып шығару жайлы сөз қозғағанымызда ол өте қиын жұмыс болып көрінгенімен, оны міндетті түрде істеп шығуға тиіс екенімізді білдім. Осы жолдаудың өте маңызды, әрі жедел жеткізілуге тиіс екенін қатты сезіндім. Біз – Ізгі Хабар таратушыларымыз, рақым мен ақиқатпен адамдарды мәңгілік өмірге жетелеу – ең маңызды борышымыз.

Жаратушымыздың алдына барғанда *әлденені өзгертуге тым кеш болады*. Осы кітапты оқығанда Киелі Рухтың әсеріне жүрегіңіз ашық болады деген үмітпен мінәжат етемін. Киелі Рух рақымымен және ақиқатымен болмысыңызды біржола өзгертіп, мәңгілік өмірдегі ең керемет мүмкіндігіңізге қарай жетелесін.

Ақ пейілмен, сіздің бауырыңыз

Джон Бивер

Мамыр, 2017

КІРІСПЕ

Неліктен «мәңгілік» сөзіне назарымыз ауады, бұл сөз бүгіндей бір халыққа қалай ықпал ете алады? Австралия азаматы Артур Стэйс өткен ғасырдың басында дүниеге келді. Оның қылмыс пен маскүнемдікке толы өмірі Бірінші дүниежүзілік соғыс пен Ұлы тоқырау аралығындағы қиын-қыстау заманда өтіп жатты. 1930-жылдың 6-тамызында Артур Исамен кездесті де, оның өмірі күрт өзгерді. Көп кешікпей Артур Сиднейдің әр көшесінде мәңгіліктің жариялануын жалына сұраған бағушының мінәжатын естіді. Осы мінәжатты естігенде, Артурдың жүрегінде оны іске асыруға деген жалын пайда болды.

Ол күн сайын таң атпай ерте тұрып, бір сағат мінәжат ететін болды. Содан соң ол Құдайдың жүрегіне салған қалауын орындау үшін таңғы 5:00 пен 5:30 аралығында үйінен шығатын болды. Бірнеше сағат бойы ол Сиднейдің жаяу жолдарында әр жүз қадам сайын жалғыз сөз – «мәңгілік» сөзін жазып жүрді. Оның осы ісі жиырма жыл бойы құпия болып қала берді. Мындаған адамдарды тоқтатып, ойландырған «мәңгілік» сөзін жазып жүрген кім? Сол жұмбақ адам осы сөздің ықпалы мен қуатын түсінеді ме? Тек 1956 жылы ғана құпия ашылды.

Артур дүние салғаннан кейін, екі жыл өте сиднейлік ақын Дуглас Стюарт «граффити-уағыздаушыға» өлең арнады:

Ұяң әрі жұмбақ жан Артур Стэйс,
Оның өмірлік ісі – уақыт пен кеңістіктің тереңінен шыққан
Осы бір жалғыз қуатты сөз.
Осы сөздің айтылғанын естіді:
МӘҢГІЛІК, МӘҢГІЛІК.
Ол қоңыраудың зор дыбысындай
Көктен естіліп, тозақта жаңғырды.

Жалғыз сөзден тұратын уағыз бүтіндей бір елге әсерін тигізді. Ридли Смит атты сәулетші «мәңгілік» деген жалғыз сөз нақышталған қола тақтаны Сиднейдің орталық алаңына орнатып, осы жолдауды келер ұрпақтар үшін сақтап қалдырды. Кейін, Сиднейдегі Олимпиаданың ашылуы кезінде теледидардан миллиардтаған көрермен алдымен сол тақтаны көрді, ал жаңа мыңжылдық қарсаңындағы жаңажылдық кеште Сиднейдің кемежайында сол сөз фейерверкпен жазылды.

Мәңгілік адамзаттың назарын ежелден баурап келеді. Оның тартымдылығына қарсы тұрар бір де бір ел, бір де бір адам, сірә, жоқ шығар. Мәңгілік әрқайсымыздың жүрегімізде, өміріміздің беймәлім жалғасы бар екенін біліп жаратылғанбыз. Жаратушымыздың мәңгілік туралы айтқан сөзіне тереңрек үңілейік. Киелі Жазбада былай делінген: «мәңгі Сол болып келемін! ... Менің істегендерімді кім бұрынғы қалпына келтіре алады?!» (Ишайа 43:13. Ағылшынша «мәңгіліктен мәңгілікке» деп жазылған). Сіздің осы кітапты таңдауыңыздың себебі де осында. Таңдауыңыздың дұрыстығына кәміл сенемін.

Әуелі бірге мінәжат етейік. Сіз де мінәжатыма қосылады деген үмітпен дауыстап сыйындым:

Әлемнің жаратушысы, Мәңгіліктің Құдайы, Жаһанның Әміршісі, Ұлық Иса Мәсіхтің атымен алдыға келіп тұрмын. Қызметшің Джон Бивермен келісе отырып сұрайтыным көре алатын көз, ести алатын құлақ, осы жолдауыңды түсініп, қабылдай алатын жүрек бергейсің.

Өміріме деген Сенің еркінді, Сенің жолдарыңды білуім үшін Киелі Рухтың көмегіне мұқтаж екенімді мойындаймын. Екі дүниеде де Саған ұнамды өмір сүргім келеді. Жолдарыңды ғана емес, жан-дүниенді де танып-білгім келеді, өйткені мәңгілік өмір – Көктегі Әкем ретінде Сені жете тануда. Ғажап рақымың, уәдәңе беріктігің, мейірімділігің үшін Саған алғыс айтамын.

Киелі Рух сізге, өздігіңізден қолыңыз жетпес, керемет көрегендік пен түйсік беретініне нық сене отырып кірісейік. Қандай тамаша!



1 - ШІ БӨЛІМ

1-ТАРАУ

МӘҢГІ ҚҰДАЙ

*Үйрете гөр ғұмырды есептеуді...
Құдай Иеміз... қолға алған ісімізді оңғара көрсін.
Я, Құдай, ісімізді жарылқай гөр.*
— Забур жырлары 89:12, 17

Адамдардың көбісі өмірінің мәнді, мағыналы болғанын қалайды. Бұл – Құдайдан келетін жақсы ниет. Жоғарыда келтірілген мінәжатында Мұса да Құдайдан осыны сұраған. Өміріңізде жоғалтқан нәрселердің көбісін қалпына қайта келтіруге болады, ал зая кеткен уақытты қайтарып алу мүмкін емес. Күн көкжиектен асысысымен, тағы бір тәулігіміз мәңгілікке еніп, ғайып болады.

Мұса Құдайдан еңбегімізді жемісті етуін сұрап, мінәжат етеді. Мұсаның сөзі екі рет қайталанады. Неліктен? Мұса ұмытшақ, не сауатсыз емес еді. Қайта ол еврей тіліне тән нақты бір стильді ұстанған. Орыс немесе ағылшын тілінде әлденеге баса назар аударғымыз келсе, оны жуан әріп, курсив, бас әріп, леп белгісі, немесе астын сызумен көрсетіп қоямыз. Мұның бәрі оқырманның назарын аудару үшін істелінеді. Алайда еврей авторлары сөз немесе сөйлемді күшейтіп жазу үшін оны екі рет қайталайды, және асырып айтуды жақсы көрмейді – олардың жазғандары әрдайым ұстамды әрі нақты. Киелі Жазбада ісіміздің сәтті болуы туралы сөздің екі рет қайталануы оның тек Құдайдың еркі ғана емес, сонымен қатар Құдайдың жүрегінен шыққан ыстық қалауы екенін көрсетеді. Ол сөзді күшейтіп жаздырған – Құдайдың Өзі.

Адам баласы табысты болуға жаратылған. Құдай өміріміздің мәнді, мағыналы болғанын қалайды! Әуел баста бұл қалау – біздің қалауымыз емес, Құдайдың қалауы болатын. Құдай осы ниетін Киелі Жазбаларда көрсетеді. Осындай екі үзінді келтіруге рұқсат етіңіз: «...Құдай Ие қолға алған барлық іс-әрекеттеріңді молынан жарылқап, *ағыл-тегіл өнім* сыйлайды» (Заң қайталау 30:9). Назар аударыңыз, қолға алған іс-әрекеттеріңнің *кейбіреулерін* емес, *барлығын!* Иешуа Нұнұлы кітабында былай делінген: «Осы Таурат заңы кітабында жазылғандардың бәрін сақтап, орындай алуың үшін оларды аузыңнан тастамай, күні-түні оқып, солар туралы ойланатын бол! Сонда ғана өркендеп *табысты* боласың» (Иешуа 1:8).

Табысқа жету үшін Құдайдан келетін даналық қажет. Киелі Жазбада: «Парасатқа иемденуші өз жанын ұнатар, естілікке мән беруші игілік табар» – делінген (Нақыл сөздер 19:8). Даналық бізге білім және өміріміздің әр сәтінде дұрыс шешім қабылдауға қабілет береді. Даналық ерекше дарындыларға емес, Құдайды қастерлейтіндердің барлығына ашық. Құдайдың даналығына Мәсіхті танып білу арқылы қол жеткізуге болады. Мәңгілікте мән-мағынасы болатын өмір сүру үшін Құдайдың даналығы қажет. Осы кітабым сол жайлы.

Көңілді қанағаттандыратын, сый-марапатқа жеткізетін табыс даналықтан туындайды. «Дана болсаң, пайдасын өзің көрерсің. Мысқылшыл болсаң, зиянын өзің шегерсің» (Нақыл сөздер 9:12). Құдай сізді табысты етіп қана қоймай, сонымен қатар, сізге сый-марапат бергісі келеді. Киелі Кітап тағы да былай дейді: «Мінсіздерге Жаратқан күнде көз салады, мұралық меншіктері мәңгі сақталады» (Забур жырлары 36:18).

Кейінгі бірнеше жылда қауымдарда Құдайдың біздің табысты болуымызды қалайтыны көп айтылып келді. Бұл, әрине, рас. Алайда, табысты болу жайлы айтқанда, Құдайдың көзқарасындағы табыстылық емес, адам баласының ойындағы табыстылықты меңзеп жүрдік.

Табысты болу мәңгілік тұрғысынан қарастырылмай, жалған дүниелік өлшемдермен өлшенуде. Бұл жағдай бұрыс түсінік тудырып, бағыт-бағдардың бұрмалануына әкеп соқтырады. Әрқайсымыз Әлемнің Билеушісі Иса Мәсіхтің алдына барар күн туады. Өміріміз Құдайдың даналығына негізделген болса, мәңгі сыйымызды аламыз.

Ал егер ниетіміз дұрыс болмаса, дұрыс бағыттан тайып кеткен болсақ, онда жазаға ұшырап, немесе мәңгі зардап шегеміз. Сондықтан, бірнеше сағат уақытымызды бөліп, Құдайдың нені қалайтынын анықтап алғанымыз жөн.

Осы кітаптың мақсаты мен мағынасы – бүгін ғана емес, болашақта, мәңгілікте де мәнді болатындай өмір сүруге көмектесу. Киелі Кітапта өміріміз мәнді болу үшін не істеуіміз керек екені анық айтылған. Мәңгілікті мақсат қылсақ, оның не екенін түсінуге тырысайық.

Мәңгілік

Келесі екі үзіндіні ден қойып оқыңыз:

«Мәңгілікті ешкім ұғып біле алмас» (Әйүп 36:26, ағылшыннан аударма)

«Ол адамның жан дүниесіне мәңгілікті сезетін түйсікті дарытты» (Уағыздаушы 3:11)

Мәңгілік. Ол не? Оған қандай анықтама беруге болады? Оны қалай түсінуге болады? Бір сөздіктегі анықтама – «шексіз уақыт», енді басқасындағысы – «уақыттан тыс күй, уақытқа бағынбайтын қалып». Қалайша бір дереккөз мәңгілікті уақыттың ішінде өмір сүру деп түсіндірсе, екіншісі уақыттан тыс өмір сүру деп түсіндіреді? Осы анықтамалар неліктен сұрақ тудырмайды?

Екі ғылыми еңбек бір нәрсеге толықтай қарама-қарсы екі анықтама берсе, олардың бірі күмән тудармаушы ма еді? Бір

кітапта балық – суда тіршілік ететін ағза, ал екіншісінде құрлықта тіршілік ететін ағза деп жазылған делік. Бірден кітаптың бірі қателескенін айтып, оны қоқысқа тастайтын едік. Олай болса, мәңгіліктің анықтамасының біріне күмән келтіріп, одан неге бас тартпаймыз?

Ақиқат мынада: мәңгілікті санамен ұғынып түсіну мүмкін емес. Мәңгі тұжырымдамалар мен қағидаларды түсінуде біздің санамыз шектеулі.

Мынадай мысал келтірейін. Ғаламның шегін көз алдыңызға келтіріп көріңіз. Дүниенің шетіндегі шекараны елестетіп көріңіз. Елестете алсаңыз, ол қандай деп ойлайсыз? Ол шекара қандай? Неден жасалған? Қабырға ма? Қалыңдығы қандай? Сол қабырғаның сыртқы беті ғаламның да сырты болып табылады ма? Солай делік, онда қабырғаның сыртында не бар? Тағы да бір кеңістік пе? Оның соңы, ұшы-қиыры қайда? Ғаламның шексіздігі санамызға сияды ма? Осы туралы тереңірек ойланып көріңіз.

Ал, мысалы, түпсіз құдық ше? Шексіз, тоқтаусыз, бітпес құлдырау туралы ойлап көріңізші. Тереңнің түбіне ешқашан да жетпей, құлай бересіз, құлай бересіз. Санамызға сыймайтын, ұғып болмайтын екі нәрсе – біріншіден, түпсіз шыңыраудың шексіздігі, екіншіден, бітпес құлдырау. Мұны түсіну мүмкін емес, алайда, Киелі Жазбада осы туралы жеті рет айтылған.

Ал енді адамның Жаратушысы, Құдайдың Өзі ше? Бір сәт Құдай Тағаланың «өмірінің бастамасы» жайлы, дұрысын айтқанда, «бастамасының» жоғы туралы ойланып көріңізші. Киелі Жазбада айтылғандай, Ол – «мәңгі Сол». Ағылшын аудармасында «мәңгіліктен мәңгілікке дейін» деп жазылған. Егер Ол туылмаған да, жаратылмаған да болса, онда Ол қайдан және қалай пайда болды, қазіргі болмысына қалай жетті? Қалай дамып жетілді?

Ақиқат мынада: Ол жетіліп барып Құдай болған жоқ. Забур жыршысы былай дейді: «Жаратылмай-ақ жер мен бүкіл

әлем, Таулар жаратылмас бұрын бар боп келген, Мәңгі тірі болатын Құдайсың Сен!» (Забур 89:3).

Осы туралы ойланып көріңізші. Ойлана отырып байқайтыныңыз, бұл санаңызға сыймайды. «Мәңгілікті ешкім ұғып біле алмас» (Әйүп 36:26, ағылшыннан аударма).

Жүректегі мәңгілік

Санамызға сыймайтын ақиқатты Жаратушы жүрегімізге сыйғызды. Мәңгілік Жүрегімізге таныс. Мәңгілікті сезіну, оған ұмтылу әр адамның болмысына тән. Сол себепті «Ақылсыз адамдар «Құдай жоқ!» деп ойлайды» (Забур 13:1). Киелі Жазба «Ақылсыз адам ой санасында» – демейді. Құдайды жанталаса жоққа шығарып жүрген атеистердің көбі жүрек түкпірінде Оның бар екенін біледі. Себебі бұл білім әр адамның жүрегінде. Олардың жүрегі әлі де әбден тасбауырланып, мүлде тасмылқау күйге енген жоқ.

Көп жылдар бойы өзін қайтпас атеист санап келген бір досым бар. Ол Құдай туралы сөз қозғауға да мұрша бермейтін. Бірде ол әріптесінің қолындағы Киелі Кітапты жұлып алып, жерге тастады да, аяғымен таптап, сол кісіні де, Киелі кітапты да қарғап сіледі. Ол сенуші әріптесіне дәрменсіз, есі ауысқан деп кінә тақты.

Арада бірнеше жыл өткенде сол атеист ауруға шалдықты. Оның кеуде тұсы қатты ауыратын болды. Дәрігерлер оның себебін анықтау үшін кеуде қуысын ашып көрді де, бір тәуліктің ішінде о дүниеге аттанатынын айтты.

Сол түні, ауруханадағы төсегінде жатып, әлгі атеист мәңгілікке, барғысы келмейтін басқа дүниеге, кетіп бара жатқанын түсінді. Мұны ол қайдан білді? Оған ешкім ешқашан Киелі Жазбадағы сөздерді айта алған емес қой. Әлде мәңгілік оның жүрегінде әуел бастан-ақ болды ма екен? Киелі Жазбада адамзат туралы: «Құдай туралы білуге болатын шындық

адамдарға белгілі, мұны оларға Оның Өзі білдірген», – делінген ғой (Римдіктерге 1:19).

Сол түні досымның жүрегі тоқтап қалды. Ол денесінен шығып, қара түнекке бата бастады. Қараңғылықтың қалыңдығы сондай, түнек оны шырмап алғандай болды. Бір де бір жарық сәуле көрінбейді. Бірталай уақыт бойы қараңғы тұңғиыққа құлап бара жатып ол азап шеккен жандардың ащы айқайын естіді. Бір алапат күш оны тура тозақтың қақпасына қарай тартып әкетіп бара жатты. Сол сәтте кенеттен жаны тәніне қайта оралды.

Таң атысымен ол өзі танитын жалғыз сенушіге қоңырау шалды. Танысы келіп, Иса Мәсіх арқылы құтқарылу жолы туралы айтып берді. Әлгі атеист Иса Мәсіхті Ием әрі Құтқарушым деп мойындағаннан кейін сенуші досы оның шипа алуы үшін мінәжат етті. Үш аптадан кейін досым ауруханадан шықты. Қазір, осы кітапты жазып отырғанымда, ол аман-есен өмір кешуде. Осы оқиға – нағыз керемет.

Атеистік көзқарасты ұстанып жүрген кезінде ол «Құдай жоқ» деп жариялаумен болды. Алайда, мәңгілік оның жүрегінде еді. Ақылсыз адам Құдайды ой-санасында ғана жоққа шығарып қоймайды, жүрегінде, ар-ожданында Құдайға қарсы тұрады. Ондай адам жүрегінің есігін тарс жауып алған, сол қалпынан танбайды. Ой-санасында әлденеге әбден сенімді болып алған бір басқа да (бұл жағдайды өзгертуге болады), жүрегі меңіреу болған адам бір басқа. Киелі Кітап сөздерінің Юнгер құрастырған жаңа сөздігі мынадай анықтама береді: «Киелі Кітапта айтылған ақылсыз адам – ең алдымен Құдайды қастерлеуден бас тартқан адам, ол ой-санасында да, іс-әрекетінде де Құдайдың әділ қағидаларын аяқ асты етіп, сонысы үшін жаза тартпайтынына сенімді».

Шын мәнінде ақылсыз адам ойында немесе сөз жүзінде Құдайды мойындағанымен, жүрегінде Оны жоққа шығарады. Оның өмір салты осыны көрсетеді. Құдайды қастерлеу – жүре-

гімізді Киелі Рухқа сезімтал күйінде сақтайтын құдірет сол. Құдайды қастерлемейтін адамда еш үміт қалмайды.

«Уа, бауырластар, Ыбырайым атаның әулетінен тарағандар және Құдайды *қастерлеуші* басқа ұлттықтар, Құтқарылу туралы хабар бізге жіберілді!» – дейді Пауыл елші (Елшілердің істері 13:26). Құдайды қастерлейтіндер ғана мәңгі өмір сөзін естіп ұға алады.

Мәңгіліктің анықтамасы

Мәңгілікті ой-санамен ұғып білуге болмаса да, ол жүректерімізде бар. Мәңгілікке анықтама бергенімізде, жүрегіңізбен тыңдауыңызды сұраймын. Шынында, бұл осы кітаптан барынша пайда алып шығуыңыз үшін қажет. Оған қалай қол жеткізуге болады? Ең алдымен, Киелі Рухқа мұқтаж екеніңізді мойындап, Одан көмек сұраңыз. Ол сіздің ой-санаңызға емес, жан-дүниеніңізге сөйлейді. Екіншіден, жүрегіңізде ақиқат жарқ еткенде, тоқтап, тереңірек ойланыңыз. Кітапты асықпай оқыңыз. Асығыс оқитын болсаңыз, айтарлықтай пайда болмайды.

Құдайдың мәңгі сөзінің ықпалын сезіну үшін осы екі ережені ұстаныңыз, сонда өзіңіздің қаншалықты өзгергеніңізді көресіз. Дәуіт былай деп жазады: «Күнә жасамауым үшін Саған қарсы, жүрегіме сақтадым айтқандарыңды» (Забур 118:11). Ой-санаңызбен ғана оқысаңыз, оқығаныңыз тез арада ұмытылып, жоғалып кетеді. Қайта, Оның сөзіне мінәжат пен зерделеу арқылы жүрегіңізге енуіне рұқсат етіңіз.

Мәңгілік – шексіз. Мұнда сөз тек уақыт туралы ғана емес, себебі мәңгілік уақытқа бағынбайды. Мәңгілік уақыттан басым. Мәңгілікті тек шексіз уақыт ретінде қарастырсақ, оның толық мағынасына жете алмаймыз.

Мәңгілікті түсіну үшін, Құдайдың Өзіне қарауымыз керек. Оның құдіреті, білімі, даналығы, ой-санасы және салтана-

ты шексіз. Ол әрдайым бар және мәңгі Құдай болып келеді. Оның аты «Мәңгілік Әке» (Ишая 9:6). Юнгтың тура аудармасында «Мәңгіліктің Әкесі» деп жазылған.

Оның аты «Мәңгіліктің Патшасы» (Тімотеге арналған бірінші хат 1:17, орысшадан аударма). Мәңгінің бәрі Құдайда. Құдайдан тыс нәрсенің барлығы – өткінші, құбылмалы. Әлдене қаншалықты мызғымас, маңызды, мықты, тұрақты, берік болып көрінгенмен, ақыр соңында ол да ғайып болады. Тіпті, Жер де, бүкіл ғалам да өзгеріске ұшырайды. Құдай ғана мәңгі бақи сол:

«Ием, жердің негізін салғансың әуел баста, Құдіретіңмен жараттың аспанды да. Олар құриды, Сен боласың әр уақытта, Киімдей тозады олардың барлығы да, Сен соларды көйлектей ауыстырасың, Шапандай бүктеп алып та қоясың. Ал Өзің өзгермей қалатын боласың, Еш таусылмайды Сенің жасар жылдарың» (Еврейлерге 1:10-12)

Құдай ешқашан жоқ болып кетпейді, Ол тіпті еш өзгермейді де. Киелі Жазба:

«Күллі пенде атаулы көк шөп секілді! Бар салтанаты дала гүліндей өткінші: Шөп сарғайып құрап, гүл солады, Ал Жаратқанның сөзі мәңгі қалады!» – дейді (Петірдің бірінші хаты 1:24, 25).

Құдай мәңгі болғандықтан, Оның Сөзі де – мәңгі. Құдай жалған сөйлемейді, екі сөйлемейді де, Оның сөзі мызғымас. Олай болмаса, әлем түнекке батып күйрейтін еді. Себебі, Құдай – нұр, әлем Оның Сөзімен тұр. Құдайдың сөзі еш өзгермейді. Ол сөзінен айныса, мәңгі болмас еді. Құдайдың Сөзі – берік негіз, өмірімізді оған негіздесек мүлт кетпейміз.

Қиямет соты

Өмірін мәңгі негіз – Құдайдың Сөзіне негіздеудің орнына, әдет-ғұрыпқа, Құдай туралы өз пікіріне, сезімдеріне сүйеніп өмір сүретін адамдар көп.

Бұл Құдайды танымайтын адамдарға ғана емес, өкінішке орай, сенушілерге де қатысты. Өткінші нәрсеге риясыз сеніп, оны мәңгі ақиқат деп алдану – өте қайғылы жайт. Ондай адамның негізі – орнықсыз, соңы – күйреу. Адасқан адам өтірікке сенеді.

Өткінші нәрселерге сеніп жүрген адамның көптігі мені қайран қалдырады. Олардың кейбіреуі Құдайға, Иса Мәсіхке деген сенімі туралы айтады. Алайда, олардың сеніп жүргендері – мүлде Киелі Кітаптағы Құдай емес. Осы адасу өте терең. Адам өз ойындағы, қоғам қалыптастырған, Құдайдың болмысына кереғар ұғымдарға қалайша сенеді?

«Бірақ Мені елемей, хабарымды қабылдамағандардың соты дайын тұр: *Мен білдірген хабар оларды қиямет күні айыптайтын болады.* Себебі Мен өздігімнен айтқан жоқпын. Нені және қалай айтуға тиісті екенімді Мені жіберген Әкем Маған тапсырды» – дейді Иса (Жохан жазған ізгі хабар 12:48,49).

Қиямет күні дүние жаратылғаннан-ақ белгіленген. (Елшілердің істері 17:31 қараңыз). Қиямет күні жаңа бір ақиқат ашылмайды, керісінше, бұрын айтылған сөздер бәрін таразылайды. Қияметте бізді сынға салатын – Құдайдың Сөзі, сол Сөзін Құдай бізге алдын ала берген. Ол – мәңгі Сөз, бұлжымас Сөз, бұлтартпас, жаңылмас, мызғымас Сөз. Олай болса, Құдай не деді екен деп өзімізше долбарлағанша, Оның Сөзін біліп, оған сәйкес өмір сүргеніміз пайдалы емес пе?

Қиямет соты *мәңгілік үкімделу* (Еврейлерге арналған хат 6:2) деп аталады. Басқаша айтқанда, өміріміздегі Құдайдың Сөзіне сәйкес, не оған қайшы шешімдеріміз о дүниедегі мәңгі өміріміздің қандай болатынын белгілейді.

Сол шешімдерімізді қайтып өзгертуге еш мүмкіндігіміз болмайды, *мәңгілік үкімделу* деп аталуы да сондықтан.

Құдайды танымайтын адамдар секілді, көптеген сенушілер де алдағы сотқа селқос қарайды. Олар Киелі Жазбаға еш қатысы жоқ жалған концепцияларға үміт артады.

Зұлым істерінен қайырымды істері көбірек екенін көрсе, Құдайдың оларға мейірімі түсер деп үміттенетіндер де бар. Жоғарыдан туылған кейбір сенушілер қайран қалатын болады: олар Құтқарушы Исаға ғана сеніп, Үкім шығарушы Иса-ның алдына барамыз деп тіпті күтпеген еді. Үйтіп-бүйтіп әйтеуір бір жөні болар деп үміттенетіндер де бар. Бұлар Киелі Жазбадан тыс қайдағы бір рақымды күтеді.

Инжіл Шарифта жоғарыдағы концепциялардың бірі де жоқ. Адам ойынан туындаған осы және осыларға ұқсас басқа да теориялар мәңгілік емес, өткінші, сондықтан қиямет сынына төзе алмайды. Көптеген сенушілер, меніңше, олардың көбісі – өздерін мәсіхші деп санайтындар, Қиямет күнінде тіпті күтпеген жайтқа тап болады.

Сот алдындағы батылдық

Сотқа қорқынышпен емес, нық сеніммен баруымызға да болады.

«Мәсіхтің осы дүниеде қалай өмір сүргеніндей өмір сүрсек, онда Құдайдың сүйіспеншілігі бойымызда әбден толысып, мақсатына жетеді. Осылай қиямет сотында нық сенімді боламыз» (Жоханның бірінші хаты 4:17)

«Мәсіхтің осы дүниеде қалай өмір сүргеніндей өмір сүрсек, онда Құдайдың сүйіспеншілігі бойымызда әбден толысып, мақсатына жетеді» деген сөздерге көңіл аударыңыз. Қиямет сотында нық сенімді болудың сыры – бойымызда әбден толысып, мақсатына жеткен Құдайдың сүйіспеншілігінде.

Дәл осы тұста қателесетіндер көп. Олар Құдайдың сүйіспеншілігін мәңгілік тұрғысынан емес, өткінші құндылықтар тұрғысынан қарастырады. Қоғамда, кейде қауымда да жоғары бағаланатын мейірімділік пен сүйіспеншілік адами өлшемдермен өлшенеді, әрі Құдайдың сүйіспеншілігіне қайшы келеді. Кең тараған бірнеше мысал келтіруге рұқсат етіңіз.

«Біз бір-бірімізді сүйеміз, үйленгелі жүрміз». Некеден тыс жыныстық қатынасқа жол берген адамдардан осы сөзді жиі естуге болады. Олар кейінірек шынымен үйленгенімен де, қазіргі істеп жүргендері – күнә. Ақырында некесі қиылмай қалған осындай жұптардың талайын көргенім де бар. Олар айдан анық бұйрықты ұмытқан: «Некеге барлығың да құрметпен қарап, жар төсегін былғамаңдар! Азғындар және неке адалдығын бұзғандар Құдайдың сотына түспек» (Еврейлерге арналған хат 13:4). Пауыл елші мұнда Құдайды танымайтын зинақорлар мен азғындарды ғана емес, осылай өмір сүретіндердің барлығын айтады.

«Шындықты түгел ашып айтпағанымды білемін, бірақ мәмілеге келу үшін солай істегенім дұрыс». Тауарын сатқысы келген іскер адамдар осылай дейді. Алайда сатып алушыны қызықтыру үшін олар аздап бұрмаланған мәлімет береді. Бұл өтірік айту күнәсі ғана емес: осы жолмен жасалған сауда әдетте тек сатушыға ғана тиімді болатыны анық. Олар «... бүкіл өтірікшілердің (біле тұра жалған сөйлейтін немесе саналы түрде жалған іс істейтін адамдардың) алатын үлестері күкірт жанып тұрған отты көлде болмақ» деген ескертуді ұмытты ма? (Аян 21:8, Кеңейтілген аударма)

«Ол кісі туралы айтып тұрғаным – таза шындық», – дейді әріптесін, досын немесе көршісін жаманатты қылғысы келген біреу. Алайда, оның айтып тұрғаны түгелдей шындық бола тұра, мәңгілік тұрғысынан қарағанда тіпті әділ емес. Нұхтың кенже ұлы Хам есіңізде болар. Ол ағаларына өзі мас, өзі жалаңаш жатқан әкесі туралы айтқан еді. Және Хамның сөзі – бастан аяқ шындық еді.

Алайда, осы ісінің нәтижесінде Хамның өзі де, үрім-бұтағы да қарғысқа ұшырады. Өсекшілер мен шағымқұмарлар барлық сенушілерге берілген мына өсиетті ұмытты ма: «Сотталмауларың үшін, бауырластарым, бір-біріңнің үстеріңнен шағым айтпаңдар. Үкім шығаратын Иеміздің жуыр-

да қайта оралатынын білесіңдер ғой. Ол есік алдына келіп қалғандай жақын» (Жақыптың хаты 5:9)?

Осындай мысалды көптеп келтіруге болады, олардың ортақ қасиеті – барлығы да Құдайдың мәңгі еркіне кереғар. Бір қарағанда бейкүнә болып көрінетін осындай істерді істеп жүргендер – қауымға барып жүрген адамдар. Мені алаңдатыны – осы. Олар қарым-қатынаста сыпайы, сырт көзге үлгілі азаматтар. Ал бірақ, оларды мәңгілік қалай бағалайды екен? Жохан Құдайдың сүйіспеншілігін өсіріп-жетілдірудің жолын өзінің хатында түсіндіреді:

«Құдайды танымын дей тұра, Оның өсиеттерін орындамайтын кісі – өтірікші, соның жан дүниесінен шындық орын алған жоқ. Құдайға деген сүйіспеншілік Оның сөзін орындаған кісиде шын мәнінде толық болып, мақсатына жетті. Құдаймен тығыз байланыста екенімізді мынаған қарап білеміз» (Жоханның 1- хаты 2:4,5)

Кемеліне келген Құдай сүйіспеншілігі ғана Үкім Шығарушының алдында тұруға батылдық беретінін ұмытпаңыз. Құдайдың сүйіспеншілігі қоғамда құпталатын мінез-құлық арқылы емес, Оның сөзін орындау арқылы кемеліне келетінін Жохан анық айтады. Хауа ананы жақсылық пен жамандықты танытатын ағаштың *жаман* жағы емес *жақсы* жағы қызықтырған еді. Осыны естен шығармайық! «Әйел ағаштың жемісіне қарап, оның *жеуге жақсы* әрі көз тартарлық *әдемі* екенін... көрді» (Жаратылыстың басталуы 3:6). Адам өз сана-сына сүйеніп Құдайдың мәңгі еркіне қарама-қарсы келетін сұлулық пен жақсылықты жарата алады.

Киелі Жазбаның айтуынша, Құдай сөзін ішінара ғана орындап жүріп, Қиямет Сотының алдына бара аламыз деп өзімізді өзіміз сендіреміз. Құдайдың сөзін өте мұқият және толықтай, бұлжытпастан орындағанымызда ғана Оның сүйіспеншілігі өсіп-жетіледі. Сондықтан Құдай бізге рақымын береді, ал сол рақым Оның сөзіне Иеміздің қалауына сай,

толықтай бағынуға күш береді. «Сонымен, өзіміз шаңырағы ешқашан шайқалмайтын Патшалықтан үлес алғандықтан, біз сол үшін Құдайға шын жүректен шүкірлік айтайық! Оны риза қылатындай қызмет етіп, терең қастерлеп, Оған ұнамсызды істеуден шошынатын болайық!» (Еврейлерге арналған хат 12:28)

Өмірдің мәні адамға ұнамды немесе қоғамға жағымды істерде емес, Патшамыздың қалайтынында. Құдай бізге: «Бұл күнәкар дүниенің өмір сүру салтын үлгі етпеңдер, қайта, ой-тілектерің Құдайдың жаңартуымен түбегейлі өзгерсін! Осылай сендер Оның еркін – ненің игілікті, ұнамды және кемелді екенін ажырата білетін боласыңдар», – дейді (Римдіктерге арналған хат 12:2). Мәдени тұрғыдан қарағанда жақсы болып көрінетін нәрселер Құдайдың мәңгі еркіне сәйкес келмеуі мүмкін.

Мысал келтірейін. Дәл қазір мен Сингапурдағы мейманханада отырмын. Демалыс күндері жиырма мың адамның алдында уағыз айтамын. Осы тамаша елде мен бұрын да бірнеше рет болғанмын. Сонымен қатар Голландияда да бірнеше рет қызмет еттім. Онда қалтаға марихуана салып жүрудің еш сөкеттігі жоқ, заң тыйым салмайды. Жазадан қорықпай оны ашықтан-ашық сатып алуға болады. Ал Сингапурда есірткінің тіпті болмашы мөлшерімен ұсталған адам тұтқындалып, өте қатал жазаланады. Есірткінің белгілі бір түрі табылса, дарға асу арқылы өлім жазасына кесіледі! Бұл елге кірерде шекарада әр адамға «Сингапур заңына сәйкес есірткі таратушылар өлім жазасына кесіледі» деген жазуы бар қағаз беріледі.

Ал енді мынаны көз алдыңызға келтіріңізші: Голландияда тұратын нашақор жігіт Сингапурға келіп, жергілікті тұрғындарға есірткі дозасын сыйлайды дейік.

Жаңа достарына:

– Жігіттер, бұл бір тамаша нәрсе. Жаныңды жайландырады, рахатқа батырады, уайымды сейілтеді. Татып көргілерің келе ме? Сендермен қуана бөлісемін! – дейді.

Ол лезде қамауға алынады. Жігіт аң-таң.

Ең алдымен полиция қызметкерінен:

– Не үшін тұтқындалдым? – деп сұрайды.

Сот болатын күн де жетті. Голландиялық жігіт судьяның алдында тұр. Болған жайдың бәрі де – бір ағаттық екеніне нық сенімді. Алайда, сот оны айыпты деп танып, жазалауға шешім қабылдайды.

Қайран қалған жігіт:

– Мырза, менің елімде марихуана шегуге заң жүзінде рұқсат етілген, – дейді.

Судья:

– Сіз Голландияда емес, Сингапурдасыз, мұнда есірткіге тыйым салынған! – деп жауап береді.

Голландиялық жігіттің сенімі сейіліп кетті, сот алдында өзін ақтайтын ешбір дәлелі қалмады. Кесілген жазадан бас тартар дәрмен жоқ.

Бірнеше жыл бұрын, Сингапурда болғанымда, американдық бір жігіт біреудің автокөлігінің есігін бұзып, ішіне түскені үшін қамауға алынған екен. Ол сотталып, дүре соғуға кесілді. Дүре химикаттар сіңірілген таяқпен соғылатындықтан мұндай жаза жазаланушыға аса ауыр тиеді. Сол американдық жігіттің жазасын жеңілдетуге тіпті президент Клинтон да атсалысты. Алайда ешбір шара нәтиже бермеді. Жігіт Сингапурдың заңын бұзды, енді ол жазасын тартуға тиіс еді.

Бәріміз де ғаламның жоғары сотының алдына барамыз. Ол соттың үкімі мәңгі, біржола, бұлжымас. Көптеген адамдарды соттың үкімі төбесінен жай түскендей қайран қалдырады. Дегенмен, оның алдын алуға болады.

Сіз дайынсыз ба? Киелі Жазбаның айтуынша, біз бүкіл ғаламды Соттаушының алдына батылдықымен бара аламыз. Осы кітап сіздің сол кездесуге дайын болуыңызға көмектесу үшін жазылған. Әлгі голландиялық жігіт Сингапурға барарда уақыт бөліп, сапарға дайындалған болса, қылмыскер ата-

нып, жазаға кесілмес еді. Өзіміз үкімделетін сотқа дайындалуымыз қаншалықты маңызды десеңізші, Қиямет Сотында шығарылған үкім еш өзгеріссіз мәңгі қалады ғой!

Сый-марапат

Сот бірнешеу болады: біреуінде сенбеушілер үкімделеді, басқа сот сенушілерге арналған, тіпті періштелерге арналған сот та бар. Ондағы шығарылатын үкімдер де алуан түрлі болмақ. Жаза мен шығын да, сый-марапат, жұлде де болады. Бұл жайлы алдағы тарауларда сөз қозғаймыз, дегенмен, Қиямет Сотының үкімдері біржола кесіліп, мәңгіге өзгеріссіз қалатынын есіңізге сала кетейін. Осының маңыздылығы қаншалықты зор екенін шексіздікті көз алдыңызға елестетіп көрсеңіз-ақ түсінесіз. Осыны алдын ала біліп, жұлдеге ұмтылғанымызды Құдай да қалайды. Пауыл елші:

«Жарысқа түскен жүйріктердің бәрі жүгіріп, біреуі ғана жұлдеге ие болатынын білесіңдер. Сендер де «жұлдеге» ие болатындай Мәсіхтің жолымен «жүгіріңдер»! Әрбір жарыскер барлық жағынан қатаң ұстамдылық танытады. Оның алғысы келетіні – кейінірек солып қалатын гүлдестесі ғана, ал біздің алатынымыз – мәңгі солмайтын «жеңіс тәжі»! Сондықтан мен мақсатсыз жүгіріп жүрген жоқпын, жұлдемен ауаны босқа ұрған боксшы сияқты да емеспін. Қайта, басқаларды рухани күреске шақырған мен «жұлде» бөліскенде құр алақан қалмау үшін, тәнімді ауыртпалықтарға душар еткізіп, өзіме бағындырып жатырмын» (Қорынттықтарға арналған 1-хат 9:24-27), – дейді.

«Мен анық мақсат қоймай жүгірмеймін» дейді ол. Басқа аудармада: «әр қадамымды белгілі бір мақсатпен басып, тура жұлдеге қарай жүгіремін» (26-аят ағылшыннан аударма) делінген. Жарысқа түскен әрбір адам жұлде аламын деген мақсатпен жүгіруге тиіс. Біз бір-бірімізбен емес, тек өзімізбен-өзіміз жарысамыз.

Мәңгілікке ұмтылғандар

Қиямет Сотында мәселе өзінен-өзі шешіледі деп ойлау – ағаттық. Құдай Өз еркін бізге ашып берді, сондықтан бізді ақтайтын еш сылтау жоқ. Сот алдына басқалармен салыстырғанда істері дұрыс болғанына сенімді көптеген адам барады. Бірақ олар өз өмірін мәңгілікке бағындырмаған еді. Сол себепті осы кітап «Мәңгілікке ұмтылғандар» деп аталады.

Ұмтылғандар сөзінің мағынасы – әлденені іздегендер, сол ізденіс оларды бағыттайды, басқарады, қозғау салады. Ұмтылыс адамды қандай да бір әрекеттерге бастайды, түрткі болады. Сіздің өміріңізге бағыт-бағдар беріп отырған не? Ол өткінші нәрселер ме, әлде мәңгі құндылықтар ма? Өміріңіз Құдайдың даналығына негізделеді ме? Өзімізді басқалармен салыстырамыз ба, өзімізді мақтағанды ұнатамыз ба, кейбір ілімдерге сіңіп кеткен салт-дәстүрлерге, ертегілерге ереміз бе? Өмірімізге негіз болған іргетас Қиямет Сотына төзе алады ма, әлде барлық іс-әрекетіміз бос әурешілік боп қалады ма? Сотта қандай үлгі-өлшем қолданылатынын білеміз: «Мен білдірген хабар оларды қиямет күні айыптайтын болады» (Жохан жазған ізгі хабар 12:48).

Қиямет күні Исаның алдына келгенде мәсіхші атанып жүрген көптеген адамдар қайран қалып, аң-таң болады. Ол – ақиқаттың байыбына бармай, Інжіл Шариф ілімін тек ішінара ғана қабылдап, өздерін қауіпсіз сезінген адамдар. Сізге қояр сұрағым: шындықты тым кеш, ақтық үкім біржола айтылғанда білгіңіз келеді ме, әлде сол шындықты қазір, үкім шығарылуда қолданылатын стандарттармен таныса отырып білуді қалайсыз ба?

Келесі тарауда кейінгі бірнеше тарауды қамтитын аллегориялық хикая басталады. Зейін салып, егжей-тегжейін есіңізге сақтай отырып оқыңыз, себебі осы кітапта біз сол хикаяға жиі жүгінеміз. Хикаяның соңы сегізінші тарауда, ал қалған тарау-

ларда біз онда ашылған ақиқаттарды талдаймыз. Осы кітап түгелдей сол аллегорияға негізделген, сондықтан оны мұқият оқыңыз. Кітапты оқу барысында хикаяны қайта оқып, егжей-тегжейін нақтылап алғыңыз келетін болар.

Осы кітапта айтарымның көбісі – өз басымда болған, Құдайдың сұрыптауынан өткен нәрселер. Киелі Рух мұқият талдауға алып, Өз ақиқатының сынынан өткізген көптеген қателіктерім туралы айтамын. Бұл Қиямет күні Құдайдың алдына батыл бару үшін Киелі Жазбаны тереңірек зерттеуіңізге түрткі болар деген үміттемін. Қоғам санасына тамырын терең жайған, көптеген адамдарды адастырған жалған пікірлер оларға ергендерді Құтқарушыдан алшақтатады. Солар туралы айтпақпын. Кітапты оқу барысында, жаныңыз күйзелуі мүмкін, бірақ соңынан Құдайдың уәделері, үміт пен жұбаныш келеді.

Батыл адам болсаңыз, ақиқатқа құмар болсаңыз, жүрегіңіз Құдайды аңсайтын болса, онда кірісейік. Өкінбейсіз! Мына сөзді жан-жүрегіңізбен қабылдаңыз:

«Құдайдың сыйы Онымен қарым-қатынасымызды қалпына келтірді және қайтадан өмір берді. Болашақта бізді бұдан да керемет өмір – мәңгі өмір күтіп тұр! Осыған сенім артуымызға болады. Құдайға сенгендер әр адамға ізгілікті де пайдалы болатын нәрселерге терең мән бергенін қалаймын» (Титке арналған хат 3:7, 8 The Message аудармасы).

АФФАБЕЛЬ ПАТШАЛЫҒЫ: ЭНДЕЛЬДЕГІ ТІРШІЛІК


Иса оларға астарлы әңгімелермен (ақиқатты түсіндіру үшін қолданылған теңеулер мен мысалдар) көп тәлім берді...

— Марқа жазған ізгі хабар 4:2
(Орысшадан кеңейтілген аударма)

Біздің дүниеге өте ұқсас, дегенмен, біраз айырмашылығы да бар басқа бір дүние болыпты. Онда бөлек мемлекеттер жоқ, Аффабель атты патшалық біртұтас жалғыз ел еді. Бар әлемді билеген сол бір патшалық болғанымен, оның бүкіл жерді басқаратын жалғыз елордасы болды. Елорда Ұлы қала Аффабель деп аталды, оны біз әрі қарай жай ғана Аффабель деп атайтын боламыз.

Осы ғажайып әлемді Джейлин есімді айбынды патша басқаратын. Джейлин патшаның қол астындағы азаматтар оған үлкен қадір-құрметпен қарайды. Ал Джейлиннің оларға деген сүйіспеншілігі шексіз еді. Ол беделді, дана, мейірімді, әрі жайдары билеуші еді. Атақ-дәрежесіне, мәртебесіне қарамастан, Джейлин өз халқына жақын, әрі ашық еді. Патшаның алдына барған адам оның мейірімділігін терең сезінетін еді. Оның жанында болу өмірдің барлық саласын жаңа деңгейге көтеретін. Джейлин адамның іс-әрекеттерін ғана емес, жүрек түкпіріндегі ниеттерін де біледі.

Аффабельді тұрғызған Джейлиннің Әкесі негіз қалаушы патша ретінде белгілі еді. Тәртіп орнатқаннан кейін Ол



билікті ұлына тапсырды. Ұлы қаланың тұрғындары Джейлиннің билігін патшалықтың басқа аумақтарында да жүзеге асыруға көмектеседі. Билік иерархиялық сатылар арқылы астанадан елдің түкпір-түкпіріне тарайды.

Елорда орасан жерді алып жатыр (аумағы екі жүз шаршы шақырымдай), ол аса даналықпен жобаланып салынған, сондықтан халқының көптігіне қарамастан, қала тар емес. Қаланың жан-жағы – виллалар мен ауылдар. Бұл ауылдардағы үйлердің басым көпшілігі – еңбеккерлердің қарапайым баспанасы (осы қарапайым үйлер біздің елімізде салтанатты сарайдай болар еді). Тұрғындар қарқынды еңбектенеді, бірақ олар астана маңында тұратынына риза. Белестердің солтүстік және күнгей беттерінде – өнер қайраткерлерінің үйлері. Бұл үйлер ерекше сәнді, әрі қарапайым халықтың үйлеріне қарағанда қымбатырақ еді.

Шаһардың ең әсем бөлігі – салтанатты виллалар орналасқан аудан. Қаланың бұл ауданы Патша Орталығы деп аталады. Патша да, оның жақын кеңесшілері де көбінесе осы жерде. Әкімшілік те, әлеуметтік мекемелер де – осында. Ұлы теңіздің биік жартасты жағасында орналасқан осы орталық айналасына керемет сән беріп тұр. Теңіз жақтан әдемі салқын леп соғып тұрады. Теңіз суын жиектей орналасқан жағажайлардың әсемдігінен тек патша бақтарының сұлулығы ғана асып түседі. Қала орталығын түгелдей орасан зор бақ алып жатыр. Әлбетте, өмір сүруге ең қолайлы, ең тартымды жер осы болатын. Орталықтағы үйлердің сән-салтанатынан тек патша сарайының сәулеті асып түседі.

Аффабельдің қақ ортасында өмір беретін ағаш өсіп тұр. Оның ғажайып жемістерін жеу тек патша құзырын мойындағандарға ғана рұқсат. Бұл жемістердің хош иісі мен дәмі таңғажайып, сонымен қатар әр жемісте керемет құдірет бар.




Эндель қаласының тұрғындары

Аффабель астанасынан батысқа қарай, Ұлы өзен Эдонғаға дейін алпыс шақырымға созылған алқапты Сыртқы Шөл Дала алып жатыр. Эдонганың ар жағында Эндель аймағы орналасқан. Аффабельде туған нәрестелердің барлығы туа салысымен Эндельге әкелінетін. Балалардың күтімі патша тағайындаған күтушілерге тапсырылған. Жасы беске толған балалар Эндель мектебіне барып, сонда он жыл бойы тәрбие алады. Патшалықтың жас азаматтары – энделиттер мектепте Аффабельдің заңдарын үйреніп, Джейлин патша туралы мәлімет алады.

Тек күтушілер мен мектеп ұстаздары ғана Джейлин патшаның жүзін көре алады. Төрт-бес жылда бір рет Джейлин патша Эндельге құпия сапар шегіп, мектеп шәкірттерінің жағдайын біледі. Патшаның келгенін білетіндер, оны көргендер аз болса да, Эндель аймағына деген Патшаның қамқорлығы айқын көрінетін.

Шәкірттер мектеп қабырғасында өткізген он жылдың ішінде алдағы өмірге дайын болулары тиіс. Он бес жасқа толғанда оларға үйренгендерін іс жүзінде қолданып көруге мүмкіндік беріледі. Осы сынақ кезінде оларға бірқатар міндеттер жүктеледі, мүмкіндіктер беріліп, жауапкершілік тапсырылады. Жас өмірлерін қалай ұйымдастырып, берілген мүмкіндіктерді қалай пайдаланғанына қарай алдағы өмірін (олардың өмірінің ұзақтығы – елу жылдан жүз жылға дейін) қайда және қалай өткізетіні шешіледі. Сынақ мерзімі – бес жыл, алайда, шәкірттердің ешқайсысы да оны білмейді. Жалғыз-ақ, сынақ уақыты он жылдан аспайтынын біледі. Сынақ мерзімі аяқталған соң шәкірттердің әрқайсысы патшаның алдына барып есеп беруге міндетті.

Сынақ әрбір жастың неге бейім, неге берілген, неге құмар екенін анық көрсетеді. Джейлиннің нұсқауларын ұста-



натындар оның басшылығын сөз жүзінде де, іс жүзінде де мойындайды. Ондайлар Аффабель патшалығының азаматы атануға лайық. Өздері таңдаған жолы оларды осы дәрежеге жеткізеді. Сынақ мерзімін бүлік шығарумен, өзімшілдігін қанағаттандырумен өткізгендер Лоун аймағына қуылады. Лоун – түнек басқан, жалғыздық пен шарасыздық билеген жер. Лоунның тұрғындары бас бостандығынан айырылып, өмірінің соңына дейін азапқа кесілген.

Сол аймаққа ең алғаш аттанған Дагон болатын, ол Лоундағы түнектің әміршісіне айналды. Дагонның Джейлинге қарсы бүлік шығарғанынан бері көптеген жылдар өтсе де, Эндель аймағында оның ықпалы әлі күнге дейін сезіледі. Джейлин патшаның билігін мойындаған тұрғындар Дагонның зұлым құдіретінен арылған болатын. Ал Джейлинге қызмет етуден бас тартқандар әлі де күнәға батқан Дагонның ықпалында.

Патшалығын түнектің таралуынан сақтау мақсатында ұлы патша Джейлин Аффабельдің тұтастығы мен әлеуметтік құрылымын сақтау жөнінде заң шығарды. Джейлин патшаның билігін мойындаудан бас тартып, Дагонға ерген әркім Лоун аймағына біржола жер аударылады.

Міне, хикаямыз осыдан басталады. Эндельдегі мектептің бес шәкіртінің өмір жолын әңгіме етеміз. Олардың есімдері: Тәуелсіз, Алданған, Өзімшіл, Жасқаншақ, Қайырымдылық. Рұқсат етсеңіз, кейіпкерлерімді таныстыра кетейін.

Тәуелсіз

Тәуелсіз Аффабельдің расында да бар екендігіне күмән данады. Джейлин атты, бұрын-соңды жүздесіп көрмеген әлдебіреу өзіне толықтай бағынышты болуын, ережелерін қатаң ұстануын талап етететініне сене алмайды. Ұстаздардың шәкірттерді қадағалап отыру үшін ойлап тапқандары болар деп күдіктенеді. Сонымен қатар Тәуелсіз сабаққа барудан,



сол бір ойдан шығарылған елдің заңдарын біліп үйренуден бас тартады.

Тәуелсіз осы сандыраққа сенгендері үшін басқаларды келемеждейді. Ол Джейлин заңдарынан азат, өз еркінше өмір сүруге бел байлаған. Тек қана өз мақсаттарына қайшы келмейтін ережелерді мойындап, өзі дұрыс деп тапқанда ғана бағынады. Тәуелсіз өз өмірін біреудің еркіне бағындырмай-тынын барлық адамдарға көрсете біледі.


Алданған

Алданған Аффабельдің бар екеніне күмәнданбайды. Ол Джейлин патшаға сенеді. Оған патшаның берген уәделері ұнайды. Ойша және сөз жүзінде Алданған патшаның ілімімен де, қағидаларымен де келіседі. Алайда, оның іс-әрекеті осы ілімге көбінесе кереғар. Ол патшаның өзіне де, іліміне де шын берілгендігін мектептегі өзіне ұнамды іс-шараларға қатысуымен дәлелдейді. Бірақ, өзіне тиімді болмаса, қатысуға құлқыны болмай қалады. Алданғанның өмірі Джейлиннің жолын шындап қуушының өміріне ұқсамайды. Дегенмен, тартымды мінез-құлқымен баурап алғыш, сондықтан оған ерушілер көп. Алданған сынақ мерзімі мен алдағы сот туралы көңіл тоқтатып ойланып көрген емес.

Джейлинге қатысты көзқарастары едәуір алшақ жатса да, Алданған Тәуелсізбен жақсы қарым-қатынаста. Алданған – жайдары жігіт, Тәуелсіз екеуінің ойлары көбінесе бір жерден шығады, сондықтан уақытты бірге өткізгенді ұнатады.

Жасқаншақ

Жасқаншақ – жас қыз, шәкірттердің ішіндегі ең талаптысы. Ол сабақта жауап беріп, үнемі үздік баға алады. Сабақтан тыс көптеген іс-шараларды ұйымдастырып, белсенділік танытады, басқа шәкірттердің мектеп өміріне көбірек арала-



суына көмектеседі. Қай адам болсын, Джейлин патшаға барықыласымен берілген шәкірт – осы Жасқаншақ екенін біледі.

Өзімшіл

Өзімшіл де Джейлинге, оның іліміне сенеді. Ол Аффабельдің бар екеніне күмәнданбайды. Джейлин – тамаша патша, оны мойындаған адамға рақымы мол екеніне сенеді. Джейлиннің мінезі мен оның ілімін өзінше түсінетін Өзімшіл сол түсінікпен шектеліп қалған. Ол Джейлиннің әділ әрі қасиетті екенін, оның жүрегі сүйіспеншілік пен рақымға толы екенін ұмытқан. Сонымен, Өзімшілдің Джейлин жайлы ұғымы – жалған ұғым. Алданған, Жасқаншақ, Қайырымдылық болашақта өзінің билігіне сөзсіз бағынып, патшалығын қолдайды деп сенеді. Алайда, Тәуелсіз тарапынан қарсылық болады ма деп алаңдайды.

Өзімшілдің пікірінше, Джейлинді сөз жүзінде мойындап, оның негізгі заңдарын ұстанған әркім Аффабельге қоныстану мәртебесіне ие болады. Алайда, атына сай ол көбінесе қара басының қамынан аспайды.

Оның игі істерінің түп-тамыры – өз мүддесі. Кейде ол шынында да жанашырлық танытады, бірақ басына қиындық түссе, тек өзіне тиімді жолды таңдайды.

Қайырымдылық

Соңғы кейіпкеріміз – Қайырымдылық. Ол – Джейлин патшаның ілімін бар ынтасымен қабылдап, шын пейілімен орындап жүрген шәкірт қыз. Ол Джейлиннің ілімін танып білуге көп уақытын арнап, әр қағидасын ұғынып қана қоймай, патшаның ой-ниетін де терең түсінуге тырысады. Қайырымдылық Эндель аймағы мен мектептің игілігіне барынтасымен әрекет етеді. Он беске толғанда өзіне ұлы пат-



шаның еркін орындауға мүмкіндік берілетінін түсінеді. Бұл мерзімнің қысқа болатынын да біледі. Қайырымдылықтың мақсаты – Джейлинді бар өмірімен дәріптеу. Сондықтан ол ешбір нәрсеге еріп, осы басты бағыттан таймақ емес.

Қайырымдылық Джейлинді жан-жүрегімен сүйеді, онымен жүздесетін күнді асыға күтуде. Патшаның билігін мойындап, оның еркін орындау Қайырымдылықтың жанын рахатқа бөлейді. Ол патшаның мейірімділігі жайлы жиі сөз қозғайды, сол үшін оны келемеждейтіндер де көп. Соған бола жалғыздыққа ұшырайды. Осылай қиналғанына қарамастан, оның Джейлинге деген адалдығы – мызғымас.


Мектеп түлектері

Кейіпкерлеріміз ер жетіп, жасы он беске толды. Екі мыңдай құрдастарымен бірге олар да Эндель мектебін бітіріп шықты. Түлектердің әрқайсысына арнайы тапсырма берілді. Соған орай ақша бөлінді. Қаражаттың мөлшерін Джейлин патша белгілеп, мектеп басшысы түлектерге жеке-жеке тапсырды.

Біздің кейіпкерлеріміздің үлесіне тигені: Тәуелсізге елу мың талант сеніп тапсырылды, Алданған мен Жасқаншаққа қырық мыңнан тиді, Өзімшілге бәрінен көп – жетпіс мың, Қайырымдылыққа жиырма бес мың талант берілді. Ұстаздарының ақыл-кеңесін соңғы рет тыңдап болып, қалталары ақшаға толған түлектер мектеп табалдырығын аттап, өмірге аяқ басты.

Саудагер

Мектепте жүргенде Тәуелсіз сабақтан жиі қалатын еді. Сонда да оның үстінен сабақ төніп тұрғандай болды. Ұстаздарынан естігендерінің біразы оған кейде шындық болып




көрінетін. Олай болса, оның мектептегі тәртібі алатын ақшасының мөлшеріне әсерін тигізбей қоймайды. Солай бола қоймас деген үміт те бар еді.

Ақша салынған конвертті аларда Тәуелсіздің қолы қалтырап кетті. Конвертті ашып, ішіндегі ақшаны көргенде ол әрі таң қалып, әрі қуанып кетті. Алған ақшасы Жасқаншақтыкінен он бес мың талант, ал Қайырымдылықтыкінен екі есе артық екенін білгенде ол тіпті марқайып қалды. «Не деген бос әурешілік! Қайырымдылық пен Жасқаншақ сонша әуре болып, сабақты беріле оқығаннан түк пайда таппады», – деп ойлады ол. Сонымен, Джейлиннің бар екеніне Тәуелсіз бұрынғыдан бетер күмәндана түсті. Қаражатты осыдан көп жыл бұрын хабарсыз кеткен ата-аналары қалдырып кеткен болар деп түйді ол. Джейлин мен Аффабель туралы ертегіні мектеп басшылығы шәкірттердің тәртіпті болуы үшін ойлап тапқанына әбден көзі жетті.

Мектеп бітіргенін Тәуелсіз ұзақ тойлады. Екі апта өткен соң ол іске кірісу қажеттігін еске алды. Қаражатты ойлағанынан көбірек жұмсап қойған екен. Ол көлік сатумен айналыса бастады.

Осы істе Тәуелсіз өзінің сауда-саттыққа өте бейім екенін байқады. Оның ісі өрге басты. Мектеп түлектерінің көбісі Тәуелсіздің дүкеніне келіп, мінілген, немесе су жаңа көлік алып жатты. Қаражаты көбейген соң, Тәуелсіз ақшасын айналымға салып, басқа да бизнес ашты. Онда да айы оңынан туды. Қаржысы көбейген сайын өмірі де өзгере берді. Ақша – ықпалды болудың өте мықты құралы екенін, тіпті бақыт әперетінін тез ұқты. Жаңа мүмкіндіктер, байлық, сән-салтанат, молшылыққа әйел заты да үйір екен, сондықтан Тәуелсіздің өмірі қызыққа толы болды.

Тәуелсіз мектепте апта сайын өтетін жиналыстарға қатысқан емес. Дегенмен, қаладағы жобаларға деген қаржылық көмегінің арқасында қала тұрғындарының көбісі-



не ол сыйлы азамат еді. Эндельдегі осы бір іскер адамның өмірі – нағыз бақыттың көрінісі ме дерсің.

Құрылысшы мен жер сатушы


Алданған да мектеп бітіргенін Тәуелсізбен бірге бірнеше апта бойы тойлаған. Өзін бақытты сезінеді. Басқаларға қарағанда, оның үлесіне тиген ақша көп болмаса да, әйтеуір, Қайырымдылықтікінен артық. Соның өзі де жақсы. Қаражаттың осылай бөлінгені Джейлин патшаның шексіз рақымы туралы Тәуелсіздің пікірін растағандай. Мұндай рақым көп нәрсені елемей-ақ қоятын болар.

Мектеп қабырғасында жүргенде-ақ ол, мектеп заңын бұзғанын біле тұра, жыныс қатынасына түскен болатын. Тәуелсіздің өзі бұл ісіне өкіне қоймайтын, себебі, ол Джейлинге, оның патшалығына нық сенеді ғой. «Джейлинді патша ретінде мойындап, ешкімге жамандық жасамай жүрсем болды, патшаның көңілінен шығамын», – Тәуелсіздің өмірге деген көзқарасы осы.

Ол: «Мүлт кетпейтін адам болмайды, бәріміз пендеміз, Джейлин оны біледі. Үкім шығарарда Джейлин өзіне деген нық сеніміме бола барлық қателік пен ағаттығымды жуыпшаша салар», – деген сенімде.

Біреу аптадан соң Алданған да іске кірісті. Оның таңдаған кәсібі – құрылысшы. Алғашында оның жұмысына сұраныс болмады. Алданғанның жасаған жобалары өте жақсы болғанымен, сатып алушыларды табу едәуір қиынға соқты. Біреулер Алданған салған үйлерді қымбатсынса, енді біреулердің қалтасы соншалық сәнді үйді көтермейтін болып шықты.

Шарасыздықтан Алданған жобаларын арзанырақ бағамен сататын болды. Үйлердің сапасына сол баяғы кепілдіктерін берумен болды, ал шын мәнінде үйлерді сапасы төмен материалдан тұрғызатын болды. Кейбір материалдары тіпті сапа-



сыз, стандарттарға сай емес еді. Осы стандарттарды белгілеген адамдар шектен тыс талап қойған-ау деген тұжырымға келді. Алданған өзі қолданған құрылыс материалдарының түскен салмаққа да, ыстық-суыққа да төзетініне сенімді. Енді Эндель тұрғындарынан көптеп тапсырыс түсе бастады. Сұраныстың артқаны сонша, Алданған үй салуға үлгермей жүр. Міне, Алданғанның да ісі оңала бастады.

Біреу жылдан соң ол жер телімдерін сатуға кірісті. Үй сатып алған адамдардан тоқтаусыз түсіп жатқан шағым мен наразылықтан шаршаған ол жер телімдерін алып-сатумен айналысып, ендігәрі үй салмайтын болды. Кепілдік қызмет көрсетуден, наразы клиенттердің үйлерін жөндеуден солай құтылмақ.

Алданған бір сотығы мың талантқа сатылатын жер телімін тапты. Бұл баға адам сенгісіз арзан. Байыбына барса, су тасқыны бола қалған жағдайда дәл осы жерді су басады екен. Ал бірақ, бұл жердің осындай бәлесі бар екенін білетіндер – біреу адам ғана, олардың өзі – өз достары.

Алданған қала басшысы Тәуелсіздің досын сол жер телімін осындайда жүргізілетін геологиялық зерттеуді жүргізбестен сатуға көндірді. Осы күнге дейін бір де бір рет су тасқыны болғанын естіген емес, не қауіп бар дейсің. Сонымен, Алданған ойындағысын жүзеге асырды, сауда сәтті болды. Жас кәсіпкерге осыдан артық не керек?

Ұстаздың көмекшісі

Мектеп бітіру кешінің ертеңіне Жасқаншақ құрбыларымен бірге дүкен аралаған болатын. Ондағы мақсаты – біріншіден, сырлас құрбыларымен бірге жүріп, қуанышты уақытты бірге өткізу, екіншіден, жаңа киім, жаңа өміріне керектің бәрін сатып алу. Оның асыл арманы Эндель мектебінде Ұстаздың Көмекшісі болу, одан артық қалауы жоқ. Келесі жұмада үміткерлермен сұхбат жүргізіледі.



Дүкен аралап жүріп, Жасқаншақтың құрбысы Өсекші, бір әңгіме айтты. Екеуіне де жақсы таныс Жала атты қыз мектеп басшысына барып, Жасқаншақ туралы сөйлесіпті. Оның айтуы бойынша, Жасқаншақ шәкірт жігіттердің бірімен өте жақын қарым-қатынаста екен. Мұндай қауесет Жасқаншақтың арманына жетуіне бөгет болатыны сөзсіз. Және не деген өтірік! Жасқаншақ осы уақытқа дейін пәктігін сақтап келген еді. Ол Жаланың осы ісі қызғаныштан, мүмкін, тіпті өшпенділіктен туғанын түсінді.


Жасқаншақ ашуға булықты. Демалыс күндерінде ол құрбы атанып жүрген Жаланың арам сатқындығын ойлап, күйзелумен болды. Жаладан осы ісінің кегін алуға бел буды.

Сұхбат болатын күн де келді. Жасқаншақ армандаған жұмысына алынатын болды. Оған өзі де таң қалды. Мектеп басшысы Жасқаншақ жайлы шынында да теріс пікір естігенін айтты. Тексере келе, бұл пікірдің жалғандығына көзі жетіпті.

Жасқаншақ көптен армандаған жұмысына қол жеткізіп қана қоймай, өте сүйікті ұстаздарының бірі, Екіжүзді атты оқытушыға ассистент болып тағайындалды. Екіжүзді – ең дарынды оқытушылардың бірі. Ол бірнеше жылдан бері жас энделиттерге сабақ береді, жасы жиырма бесте. (Ұстаздар патша сотының алдына жиырма жасында емес, жиырма бесінде барады) Осындай беделді ұстазбен әріптес болу мәртебесіне ие болғанына Жасқаншақ өте қуанышты.

Жаңа оқу жылы басталды. Сырт көзге бәрі жақсы болғанымен, Жасқаншақтың ішіне түйген ызасы бар. Іс сәтті аяқталғанымен, ол құрбысының арамзалығын ұмыта алар емес.

Дегенмен, сырт қарағанда Жасқаншақтың өмірі тамаша. Жайсыздық бөтен көзден жасырын, тереңде жатыр. Ұстаздың Екіжүзді деген есімі оның мінезіне сай еді. Қызметте ол бір басқа да, жеке өмірінде тіпті басқа адам. Ұстаздар Джейлинмен жүздесіп тұратын, сондықтан Екіжүзді шәкірттеріне қатаң сыншы еді.



Кештердің бірінде, Екіжүзді мен Жасқаншақ оңаша қалғанда, жігіт қызға қолқа сала бастады. Намыстанған әрі қорланып қалған қыз тысқа шығып кетті. Алайда, Екіжүзді райынан қайта қойған жоқ. Ол бірнеше апта бойы Жасқаншақты өз дегеніне көндіруге әрекет етті. Жасқаншақ сүйікті ұстазының әрекетіне деген көзқарасын өзгертіп, айтқанына көңіл қоя бастады. Шынында да, ол – өте жақсы кісі ғой. Сондай адамның өзін ұнатып жүргені де оған бір бақыт көрінді. Осындай сыпайы да сабаз жігітке кім қызықпасын. Ақыры, қыз бен жігіт арасында құмарлыққа толы жаңа қарым-қатынас басталды.

Жасқаншақ бұрын-соңды ешкімді де дәл осылай құмарта сүйген емес.

Екіжүздіні көрген сайын ол қатты сезімге тұншығып қалардай болады. Серттескен күні сүйіктісімен оңаша кездесетінін ойлап, сол ойларға беріліп кететіні сонша, Жалаға деген әлі күнге дейін тереңде жатқан құпия қастығын да ұмытқандай болатын.

Төрт айдай өткенде, Екіжүздінің Жасқаншаққа деген көңілі кенет суып сала берді. Көңілі құлазыған қыз мұның себебін білгісі келді. Ол ыстық махаббаттарын еске алып, Екіжүздіден жауап күтті. Ақыры, жігіт Жасқаншақтың бұрынғы жүрістері туралы Жаладан естігенін айтты. Бұл, әрине, оның тапқан сылтауы еді. Шын мәнінде, оның Жасқаншаққа деген алғашқы құмарлығы басылған. Оның көңілі енді басқа бір жас қызда. Осы бір атышулы көрікті жігіттің арбауына қыздар қарсы тұра алмайды.

Жасқаншақтың тауы шағылды. Енді Екіжүздімен мектепте күн сайын кездесудің өзі азапқа айналды. Ол арыз жазып, жұмыстан шықты. Бірнеше күн мұңға берілгеннен кейін, ол іске кірісті. Қырық мың талант ақшасы бар еді. Сол қаражатын салып, сұлулық салонын ашты. Джейлиннің заңы жиналысқа бармай қалуды дағдыға айналдыруға тыйым сала-



тынына қарамастан, Жасқаншақ мектептегі апта сайынғы жиналыстарға баруды тоқтатты. Ол екіжүзді өтірікшілерден аулақ болғысы келеді, ал жиналысқа баратындардың көбісі – дәл сол өтірікшілер.

Күн өткен сайын Жасқаншақтың көңілін тікенек баса берді. Ол енді Джейлинді, мектепті есіне сирек алатын болды. Бұрынғы ыстық ықыласының орнын енді селқостық пен сүпсуық немкетті көзқарас басты. Біреу сұраса, ол әлі де Джейлинге адалмын дейді. Бірақ, сондай азғын адамның мектепте ұстаз болуына жол бергені үшін Джейлинді іштей кінәлайды.


Сынақ мерзімі аяқталуға жақындағанда Жасқаншақ жәбірленген, ызалы, ашушаң әйелге айналды және онысын өзі мойындамайды. Қалған уақытында ол көңіліндегі ызакек, ашу-ренішпен күресумен болды.

Эндель қаласының әкімі

Ал енді Өзімшілге қайта оралайық. Ол алған қаражатына таңданып та, қуанып та қалған. Мектеп бітіргенін ол Джейлиннің ілімі тыйым салатын мас сауыққа салынбай атап өтті. Бірнеше күн демалыстан кейін ол ақшасын айналымға салуға кірісті. Саудасы сәтті болып, бастапқы қаражаты жылдам өсті. Қаржы жағынан табысты болған соң, құрдастарының арасындағы беделі де артты.

Өзімшіл қаладағы ең сәулетті деген жерлердің бірінен үй сатып алды да, қаланың мықтыларын қонақ қылды. Қала кеңесінің мүшелері, кәсіби спортшылар, кәсіпкерлер, басқа да атақты адамдар оның мырзалық қонақжайлығын көрді. Осылайша Өзімшіл қоғамдағы беделді адамдардың бірі атанды.

Үш жыл өте ол Эндель әкімін сайлауда өз кандидатурасын ұсынды. Ақшасы мен таныс-тамырлығының арқасында ол жеңіске қиналмай-ақ қол жеткізді. Жаңа қызмет көптеген жауапты шешімдер қабылдауды талап етеді екен. Соның



ішінде мектепке қатысты мәселе де бар. Оқушылардың саны көбейгеніне байланысты, мектепті кеңейту керек. Яғни, жер сатып алу керек, құрылысшыларды іздеп табу, мектептің жаңа ғимаратын салу, оны жабдықтау тағы бар. Осы мәселені шешудегі алғашқы қадам – қала тұрғындарынан ақша жинау. Қаладағы апта сайынғы жиналыста мектепті кеңейтуге жиналған қаражаттың жетіспейтінін естіген Өзімшіл мың талантты өзінен қосты.

Сонымен, қиын шешім қабылдайтын күн келді. Жер сатып алуға қажет ақша жиналды, мектеп салуға ыңғайлы жер де табылды. Бөлінген қаражат соған тұп-тура жетеді. Алайда, дәл сол жер телімін ірі супермаркеттер желісінің иесі де сатып алмақ. Қала кеңесі мүшелерінің пікірі қақ жарылды. Мектеп – бизнес емес, қаланың қазынасына мектептен салық түспейді. Ал дүкен болса, қала бюджетіне едәуір қаражат түсіреді, әрі бірталай адамға жұмыс та сол дүкеннен табылады. Пікірталас тоқтамады. Енді әкім қалай десе, солай болмақ. Өзімшіл қайда бұрарын білмей дел-сал болды. Супермаркеттер желісінің иесі оның әкім болып сайлануына үлес қосқан, қаржылай көмек көрсеткен еді. Өзімшілдің үйіне жиі қонақ болатын.

Өзімшіл жер дүкенге сатылуы үшін дауыс берді. Эндельдің барлық тұрғындарына осы тиімді деп, шешімін халықтың алдында жуып-шайды. Жаңа супермаркет көп адамды жұмыспен қамтамасыз ететінін, қала қазынасына едәуір қаражат келтіретінін айтты. Ондай мүмкіндіктің жоқ екенін біле тұра, мектеп басшылығына қазіргі ғимаратты кеңейтуді қарастыруды тапсырды. Әкімнің шешіміне қала тұрғындарының көбісі риза болғанымен, бұл шешім Джейлин жолын қуушылардың көңілін қалдырды.

Әкім қызметіндегі екі жылдық мерзім аяқталуға жақын. Алда – кезекті сайлау. Ар-ожданы маза бермеген соң, Өзімшіл жеке қаражатынан Эндель мектебіне бес мың талант ақша бөлді. Жаңа мектеп салуға басқа жер табатынын да уәде етті.



Осы ісінің арқасында ол Джейлин жолын қуушылардың өзіне деген сенімін қайтарып алды. Осы жас әкім сайлауда тағы да жеңіске оңай жететін тәрізді.

Мейрамхана иесі


Мектеп бітірісімен Қайырымдылық өзіне аманатталған жиырма бес мың таланттың үш мыңын жаңа мектеп салуға қосқан үлесім деп берді.

Ұстаздарына деген ыстық алғысын осылай білдірді. Қолында қалған жиырма екі мың талантын мейрамхана ашуға жұмсады.

Оған аспаз өнеріне қатыстының барлығы да қызық. Сонымен бірге, бизнес жүргізуге де бейім болып шықты. Мейрамхана қалаған ісімен айналысып жүріп, қоғамға қызмет етудің жақсы құралы болып шықты. Қайырымдылық сол аймақтағы ең білікті аспаздарды жұмысқа шақырып алды. Солардың көмегімен жасалған ас мәзірі келушілердің көңілінен шықты. Мейрамхана қысқа мерзімнің ішінде қала тұрғындарының сүйікті мейрамханасына айналды.

Мейрамханасы жоғары баға, марапат алған сайын Қайырымдылық Джейлиннің даналығына сүйенетінін айтады. Берген әр сұхбатында ол ұстаздарына, жұмыскерлеріне алғыс айтумен болады. Ол табысын өзімнің жеке жетістігім деп мақтанбайды. Джейлиннің арқасында табысқа жеткенін біледі.

Қайырымдылық Эндель мектебіне, қоғамға қолынан келгенше көмек көрсетті. Мектептің асханасына әкеліп, жарлыларға тегін тамақ беретін болды. Қолы боста өзі барып тамақ таратады. Мүсәпірлерге ыстық тамақты өз қолымен беруді ұнатады. Тағы бір шешкені – кәсібінен түскен кірістің жиырма бес пайызын мектепке қаржылай көмек ретінде беріп отырады. Сынақ мерзімі – бес жылдың ішінде ол мектепке екі жүз мың талант жәрдем беріпті.



Көп еңбек етсе де, жоқшылықтан шыға алмай жүргендерге Қайырымдылық әрқашан көмектеседі. Қаржылай көмекпен қатар, ол ақыл-кеңес те беріп, білім-тәжірибесін бөліседі. Бар даналықты беретін – Джейлин екенін, Джейлин болмаса, ешбір табысқа жете алмайтынын үнемі айтады.

Табысты кәсіпкер болғанымен, Қайырымдылық Өзімшілдің қонақтарының арасында болған емес.

Қаладағы жоғары лауазымдарға да шақырылған жоқ. Ол Джейлинге шамадан тыс берілген әйел ретінде танымал. Қайырымдылық қаладағы беделді адамдардың санатына кірмейтінін ойлап қапаланған емес. Оның назары – мұқтаж адамдарда. Ол мектепте апта сайын өтетін жиналыстарға қатысқанды, басқаларға қаржылай, не басқа көмек беруді ұнатады. Қайырымдылық өзін бақытты сезінеді.

Сот болатын күн

Сынақ мерзімінің соңғы күні де келді. Сыналуда жүргендер мерзімнің алғашқы бес жылы өткенін, енді кез келген күні сот болуы мүмкін екенін біледі. Алайда, сол күннің соншалықты тез жетіп келетінін ешқайсысы да күткен жоқ. Аталмыш күн әдеттегідей басталды да, тіпті өзгеше аяқталды. Аффабельден келген патшаның екі мың нөкері мектеп түлектерін түн қараңғысында, Эндель тұрғындары тәтті ұйқыда жатқанда, алып кетті.

Екі мың жас, нөкерлермен бірге құпия жолмен қаладан шығып кетті. Эдонга өзенінің астынан өтетін жер асты жолы бар. Сол жолмен өтіп барып, тағы екі күн шөл даламен жүрді. Сапар бойы нөкерлердің басшысы оларға тамақ, сусындарын бергізіп отырды.

Нөкерлер сыпайы, бірақ ашыла сөйлемейді. Мақсаты – патша бұйрығын қалтқысыз орындау. Жастардың сұрақтарының кейбіреуіне ғана жауап береді де, қалғандарына беретін жауабы: «Оны уақыты жеткенде білесің». Осыдан бұл сұрақтарға



жауап беруге тыйым салынғаны белгілі болды. Жауапсыз қалған сұрақтар жолаушылардың мазасын ала берді.


Ұлы қалаға жетуге асыққан олар шөл даланың ыстығы мен жол тауқыметін аса байқаған жоқ. Үшінші күннің таңында жолаушылар жолдарын көлденең бөгеген биік жотаның үстіне шықты. Атып келе жатқан күннің нұрына бөленген ұлы қаланы алыстан көрді. Аффабель олардың ойлағандарынан әлдеқайда сәулетті де көркем екен. Қалаға жақындаған сайын оның сән-салтанаты көздің жауын ала берді. Бұл – теңдесі жоқ қала екені анық. Аффабельдің ішіне кіргенде байқағандары, мұндағы өмір ерекше гүлденген екен. Құстар құсша сайрап қана қоймай, ән айтады. Олардың тамаша сазды әндері ұлы қаланың сәні мен салтанатын жырлайды.

Энделиттер, дегенмен, бұған қатты таң қалған жоқ. Олар нөкерлердің аттарының сөйлегенін естіген болатын. Аттар тек өзара ғана емес, иелерімен де адамша сөйлеседі. Атпен иесінің арасындағы қарым-қатынастың өте жылы екені анық. Аффабельдегі жан-жануардың барлығы да адамша сөйлей алатынына, сүйеге, қуануға қабілетті екеніне жолаушылардың көзі жетті.

Жас энделиттердің көзі қайда түссе де, бір ғажапты көреді. Аффабельдің кереметі оларды баурап алды. Мұндағы ауаның өзі санасын сергітіп, шалдыққан денелеріне қуат берді. Қаланы кесіп өткен өзеннің суы да бір ғажап. Аққан судан өмір ұшқыны тарап жатқандай. Айналаны ғажайып сазды әуен толтырып, жандарын тыныштыққа бөлейді. Айналадағының бәрі, – шөптің әрбір талынан ауаның өзіне дейін, өмірдің өзіне толы, жансызға жан бітіре алатындай. Осы керемет қала өмірдің тасыған бұлағындай көрінді.

Мына көріністен бейтарап қала алмай, көргенінің бәріне қол тигізіп ұстап көргісі келді.

Энделиттер ғажайып қаланы аралап, бәрін көріп-білгісі келді. Алайда, оған әзір рұқсат жоқ. Нөкерлер оларды пат-



ша сарайындағы орасан зор қабылдау бөлмесіне алып келді. Мұнда жігіттер мен қыздарды екі жаққа бөліп әкетті.

Олар келген ғимараттың үлкендігі сонша, ұшы-қиыры жоқ сияқты. Мұндағы мәрмәр қабырғалы бөлмелердің бәрі қосылып, жүз мың адамды еркін сыйғызады.

Ғимаратқа кіріп орналасарда энделиттер хош иісті ванна немесе душ қабылдап, өздеріне арналып дайындалған киімдерді киді. Жолдың шаңынан арылып, осынша сәулетті қалада тіпті ебедейсіз болып көрінген киімдерінен құтылған жолаушылар масайрап қалды.

Әр эделиттің ендігі асыл арманы – осы ғажап қалада қалу. Бір қызығы, олар өздерін өз мекеніне қайтып оралған адамдай сезінеді. Жуынып-шайынып, киім ауыстырған соң таңғы асқа жиналды. Сәулетті ғимараттың ауласында оларды мол дастархан күтіп тұр екен. Астың алдында оларға бір-бірімен жолығысып, өзара еркін сөйлесуге рұқсат етілді. Астан кейін аттарын атап жастарды топ-топқа бөлді. Қайырымдылық, Өзімшіл, тағы бесжүздей адам оң жақтағы кең залға өтті. Жасқаншақ, Алданған, Тәуелсіздер қалған бір жарым мың жаспен бірге басқа жаққа кетті. Залға кіре бергенде олар табалдырыққа жазылған өз есімдерін көрді. Есімдер энделиттер білмейтін бөтен тілде жазылған екен. Залдың бірі «Өмір залы», екіншісі «Әділет залы» деп аталады.

Өмір залы мен Әділет залы

Сол жақта орналасқан залдың табалдырығынан аттағанда-ақ Тәуелсіз бір түрлі мазасызданып, бара-бара жойқын үрейді сезінді. Ол Джейлин туралы естігенін еске түсірмек боп мектептегі сабақтарға іштей оралуға тырысты.

Бірақ ойы бей-берекет боп шашырай берді. Сабақтан көп қалғанына өкініп, іші удай ашыды. Не деген адасушылық, қала да, патша да шынында да бар екен! Басып бара жатқан




қорқыныштан құтылам ба деп Джейлиннің сүйіспеншілігі мен рақымы туралы естігендерін еске түсірмек боп жанталасты. Патшаның әділдігі мен қасиеттілігі туралы ойлар да келе берді, бірақ оны дәл қазір ойлағысы келмеді. Өзінің адамгершілігін, қоғамдық істерге қатысқанын ойлап өзін-өзі жұбатқан болды.

Терең күрсініп қойып жан-жағына қарап еді, Эндельдің белгілі жексұрындарының арасында қалыпты. Олардың арасынан маскүнемдерді, алаяқтарды, өтірікшілерді таныды. Олардың арасында араптақтар да, пайдақұмарлар да көрінеді. Қорқынышы күшейе беріп, зор үрейге айналған сәтте ол Жасқаншақты көрді. Көзін жұмды да, демін басты. Жасқаншақ мектепте жүргенде Джейлинге шын берілген оқушылардың бірі еді. Ол, тіпті, мектепте жұмыс та істеген болатын. Жасқаншақ осында, Тәуелсізбен бір залда болса, күдер үзу ертерек болар.

Жасқаншақ тұрған жерге қарай жүре бергенде ол Алданғанға кез болды. Бұл да жақсылықтың нышаны! Алданғанның сенімі мықты болатын, Тәуелсіз оны жақсы біледі. Екеуі Джейлин жөнінде талай рет пікір таластырған. Ескі досын құшақтаған сәтте Тәуелсіздің көңіл-күйі өзгеріп сала берді. Мұны көргендегі қуанышын Алданған да жасырған жоқ. Қорқыныштары басылған соң достар әңгімеге кірісті. Джейлиннің рақымы бұлар күткеннен де зор болса керек. Тәуелсіз кешірілмес күнәкар деп жүргендерді ол оп-оңай кешіре салған сияқты. Солай емес пе? Ғұлама ұстаз Екіжүздінің өздеріне қойған талаптары тым жоғары болғаны ма? Енді Тәуелсіз тіпті марқайып қалды.

Алайда Қайырымдылық пен Өзімшілдің көрінбегені сейілген күдікті қайта тірілткендей. Бұрыш-бұрышта еңіреп жылаған адамдарды да есепке алмау мүмкін емес. Әлде олар Джейлиннің керемет рақымынан көңілдері босап жылап отыр ма екен?



Екінші залда да – тасқындаған көңіл-күй. Мектеп бітіргелі көріспеген достар шаттана қауышуда. Бәрінің де әңгімесі ақыры бір тақырыпқа келіп тіреледі: Джейлинді көретін сәт жақын!

Уәде етілген өмірге, мәңгі тағдырына қадам басатын уақыт келді. Ғажап қаланы айтып таңдай қағысты. Бұл жердің Эндельден әлдеқайда артық екенін бұрын да білетін. Дегенмен, мұндағы көргендері білгендерінен де, қиялдарынан да асып түсті, тіпті саналарына да сыймайды. Өмірін осындай ғажайып мекенде өткізетіндері рас па? Мұндай мәртебеге жету үшін қайсысы болса да тіпті еден жууға да дайын еді! Осы залдағылардың барлығы Джейлинмен бірге болатынын біледі, бірақ, оның әділ сотына қалайша төзе алады? Біраздан соң залда салтанатты тыныштық орнады. Джейлинге, оның іліміне адалмыз ба? Соны білетін уақыт жақын. Патшасымен жүздесуді жүректері лүпілдей күткен адал қызметкерлер.

Әуелі Өмір залында кезегін күтіп тұрғандарға үкім шығарылады. Бірақ, оларға кейінірек ораламыз. Ал ендігі әңгіmemіз – қалғандар жайында.

Сот залына шақыру

Шаңқай түс. Әділет залындағылар еш қауіп жоқ деген байламға келіп, сабасына түсті. Өздеріне күдікті немесе түсініксіз көрінгеннің бәрін Джейлиннің рақымы, не болмаса, қарапайым адам түсіне алмайтын жұмбақ ойлары болар деп түйді. Осы ойлар көңілдеріне медеу болды.

Бір жарым мың жас энделиттің ішінен Сот залына бірінші болып шақырылған Тәуелсіз болатын. Патшаның төрт нөкері келіп, оны ертіп алып кетті. Шығып бара жатқанда Тәуелсіздің көзі бір жігітпен түйісіп қалды. Беймәлім болашағын сарыла күтуден шаршаған адамдарға жігер берем



бе деп, әлгі адамға жымыып көзін қысты. Лайық жауап болмағаны Тәуелсізді таң қалдырды.

Артта қалған зал есігі жабылысымен, әлгіндегі мазасын алған көкейіндегі көп сұрақ қайта оралды. Жүрегі кеудесінен шығып кетердей тарсылдайды. Жүрегінің тарсылы өзіне ғана емес, жанындағыларға да естіліп тұрғандай көрінді. Шіркін, осы сәтте Алданған жанында болса ғой! Қазір Үкім шығарушының алдына барады, ал онымен бетпе-бет келуге дәті қалай шыдасын? Тәуелсіздің құты қашты.

Сот залына кіре берісте нөкерлердің бірі хаттаманы дауыстап оқып шықты. Тәуелсіз бәрін есіне сақтай алмай қалудан қорыққанымен, басын тоқтамай изей берді. Жүрегі алқымына тығылып, басы даңғырлап, мең-зең боп, есеңгіреп тұр. Нөкер Тәуелсіздің айтқанды түгел естіп, түсінгеніне көзі жеткен соң, залдың есігін айқара ашты. Тұла бойы қалтыраған күйінде Тәуелсіз бірнеше қадам жасап, ғаламат залға кірді. Жайшылықта сабырлы жүзінен енді тер тамшылары көрінді. Алдындағы қайталанбас әсер қалдыратын ғажап көрініске көзі түскенде ол тіпті абдырап қалды.

АФФАБЕЛЬ ПАТШАЛЫҒЫ: ҚИЯМЕТ СОТЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ КҮНІ

*Мұның бәрін Иса халыққа астарлы әңгімелермен айтты.
Оларға еш нәрсені де астарсыз уағыздамады.
Осылай Құдайдың пайғамбар арқылы айтқан мына тәрізді
сөздері жүзеге асты: «Астарлы әңгімелерді айтамын,
Әлем жаратылғаннан бері бар құпияларды ашамын».*
— Матай 13:34, 35

Аллегориялық әңгімемізді жалғастырмас бұрын, болашақтағы Қиямет Соты туралы Исаның айтқан сөзіне назарыңызды аударғым келеді. Жохан жазған Ізгі Хабарда: «Бірақ Мені елемей, хабарымды қабылдамағандардың соты дайын тұр: Мен білдірген хабар оларды қиямет күні айыптайтын болады», – деп жазылған (12:48). Қай заңға сәйкес сотталатынымызды қазірдің өзінде білеміз, ол заң – Құдайдың Сөзі.


Джейлин сөздерінің көбісі хикаямыздың кейіпкерлеріне тиісті келтірілген Киелі Кітап үзінділерінен тұрады.

Ал енді Аффабельге қайта оралайық.

Тәуелсіз сот алдында

Ұлы Сот залы адам қиялынан асып түседі екен. Қалған бір жарым мың адамға айтып беруге мүмкіндік берілсе, Тәуелсіз мына сән мен салтанатты айтып жеткізер сөз, түсіндірер теңеу таппас еді.

Эндельдің қай ғимараты болса да, мына залдың сәулетінің жанында әбден ескіріп, көнерген дүниедей көрінер еді. Ғала-



мат залдың сыйымдылығы, шамамен, – жүз мың адам. Бір залға жиналған осыншама адамды бұрын-соңды көрген емес.

Жақынырақ барғанда, трибуналарда отырған Аффабель тұрғындарының жүздерін ажыратты. Бірінші байқағаны – жүздері сәуле шашып тұрғандай. Олардың адам айтқысыз сұлулығы қайран қалдырады, басқа дүниені мекендеген жандар сияқты. Өмір беретін ағаштың жемісін жеу бұл адамдарға рұқсат, жүздерін нұрландырып тұрған сол еді.

«Осылар, расында да, Эндельдің бұрынғы тұрғындары ма?» – деп Тәуелсіз ішінен қайран қалды. Содан соң ол өзіне бұрыннан таныс Ізгілік есімді қызды байқады. Ол Тәуелсізден бірнеше жасы үлкен еді. Жұпыны ғана қарапайым түріне бола, құрдастары оны жиі келемеждейтін. Оның қазіргі түрі керемет келбетті екен. Бет-әлпеті сол, өзі білетін қыз болғанымен, бір түрлі көркем, сұлу болып кетіпті. Қазіргі түрі Эндель тұрғындарының қай-қайсысынан да әсем. Шын мәнінде, мына отырғандардың ең көріксізі Эндельдің қай сұлуынан да әдемі.

Алғашқы әсерден есін жиғанда Тәуелсіздің байқағаны, бар адамның көзі бір бағытта екен. Нөкерлерге еріп, өзі де солай қарай бара жатыр. Барлық адамның көз алмай қарап отырғандары – төрде тұрған тақ. Осы бір теңдесі жоқ тақты суреттеуге адам тілі жетпес, сірә. Тақта отырған адамды көргенде, қалаға салтанат беріп тұрған ұлылықтың осы адамнан бастау алатынын түсінді. Қаланың ұлылығы – патшасынан тараған ұлылық екен. «Джейлин осы болар», – деп түйді Тәуелсіз. Кенет ол өзі өмір бойы жоққа шығарумен болған Джейлинге бар көңілімен сенді.

Джейлиннің бет ажары өте келбетті, бірақ дәл қазір қатулы екен. Дәлірек айтқанда, сұлу да сұсты ажар.

Тақта отырған Джейлиннің көрінісі, кімге болса да, ұмытылмас, ғажап әсер қалдырар еді. Алайда, қадам басқан сайын Тәуелсіздің жанын үрей билей берді. Сабыр мен сенім



ұшты-күйлі жоқ болды. Болашағы қандай болмақ? Рақымы мол патшаның алдына келгенін іштей қайталап, өзіне-өзі басу айтқан болады. Ісі жақсылықпен аяқталатынына күмәні зор, сол күмән жанын азапқа салды.

Бір кезде, естілген бұйрыққа бағынып, бір тар тұғырға шығып тоқтады. Джейлиннің тағы үстінен төніп тұр.

– Менің әркімнің жүрегінің түкпір-түкпірін (ойларын, сезімдерін, мақсаттарын) тексеретін Біреу екеніме барлықтарыңның көздерің жететін болады. Мен әрқайсыңның істеріңе қарай еселеріңді қайтаратын боламын, – деп Джейлин жиналған жұртқа тіл қатты.

Тәуелсіз басқалармен бірге тыңдап тұрған еді, кенет Джейлин оның көзіне тура қарап тұрып:


– Жұмысың жайлы есеп бер! – деп талап етті.

Тәуелсіз аузын ашып үлгергенше, голограмма пайда болды да, оның мектеп қабырғасындағы алғашқы күнінен кешегі күн аралығындағы өмірі көрсетіле бастады. Әрбір ісі, әрбір сөзі, әрбір ниеті жиналғандардың көз алдына келді. Джейлин болмысының бір қырымен танысқан Тәуелсіздің жүрегі тебіреніп кетті.

«Құдайдан жасырын жатқан ешбір жан иесі жоқ, Оның көз алдында барлығы ашық та айқын көрініп тұр. Біз Құдайдың алдында есеп беруге тиіспіз».

Ол өзінің ақымақ, мейірімсіз, өзімшіл істерін көріп, жерге кіріп кете жаздап тұр. Осының барлығы баршаға аян болғаны есеңдіретер, күтпеген масқара жағдай еді. Эндельде жүргенде түкке тұрғысыз ұсақ-түйек саналған жайттар мына әділ соттаушы мен Аффабель азаматтарының алдында сондай жиренішті, лас болып көрінді. Тәуелсіз өз іс-әрекетінен өзі шошыды. Қалай ғана сонша тасбауыр, ақымақ, соқыр болған? Жамандығынан жақсылығы көбірек болар деген әлсіз үміт қана бар.

Ендігі қалғаны – қатаң жаза екенін білсе де, фильмнің біткеніне риза. Жаман істерінен жақсы істері басым болып,



осында қалса, осы көпшіліктің ішіндегі ең елеусізі болуға да қуана-қуана келісер еді.

Джейлин хатшыға қарап:

– Есімі Өмір Кітабынан табылды ма? – деп сұрады.

Хатшы кідіріссіз:

– Жоқ, ием, – деп жауап берді.

Сонда Джейлин:

– Тәуелсіз, сен зұлым болмысты таңдадың, кінәлісің. Лоун аймағына қоныс аударасың, өмірің сырттағы түнектің азабында, жалғыздық пен үмітсіздікте өтетін болады.

Жаны түршіккен Тәуелсіздің ащы даусы естілді:

– Неге олай, Ием?

– Сен маған сенген жоқсың, – деп жауап берді Джейлин. – Ұстаздарың «Менің Сол екеніме сенбесеңдер, күнәларыңды арқалап өлетін боласыңдар» және «Аспан астында бізді құтқаратын басқа ешкімнің есімі адамдарға бұйырылмаған!» деп үйретпеп пе еді?

– Джейлин мырза, менің игі істерім ше? Жақсылығым жамандығымнан көп емес пе?

Джейлин патша:


– Мәселе сенің заңды қаншалықты көп не аз бұзғаныңда емес, себебі «Тіпті бүкіл Таурат заңын орындай тұра, бір жерінде сүрінген адам оны түгел бұзғандай айыпты», – деп жауап берді.

Тәуелсіз бар батылдығын жинап:

– Сонда адам қалай құтқарылмақ? – деп сұрады.

Бұл сұраққа Джейлин өзі жауап берген жоқ. Ол Аффабельдің қадірлі тұрғындарының бірі, патшаның тағына ұқсас кішілеу тақта отырғанына қарағанда, патшаның көмекшісі, әйел адамға қарады. Ол:

– Джейлин сені өзінің ерекше рақымымен құтқарып алды, алайда, сенің міндетің – соған сену екенін ұстаздарың айтып еді ғой. Құтқарылу – Джейлиннің сыйы, сен өзіңнің



игі істеріңмен оған қол жеткізе алмайсың. Құтқарылу – игі істеріңнің ақысы емес. Сондықтан игі істеріңнің арқасында құтқарылдым деп ешкім мақтана алмайды.

Джейлин:

– Осыдан көп жыл бұрын мен заңды бұзған әр адамның жазасын тартып, ақысын төлегем, болашақта жасалатын барлық қылмыс-күнәнің де ақысы сонда өтелген болатын. Ешбір адам заңды толықтай орындай алмайды, күнәсіз пәк адам жоқ. Алайда, адамдарға деген сүйіспеншілігіме бола мен олардың кінәсін өз мойныма алып, жазасын өзім тарттым. Сондықтан құтқарылу – менің сыйым, игі істеріңнің нәтижесі емес. Жақсылықты қанша істесең де, істерің сені Аффабельдің азаматы болуға лайықты ете алмайды. Бұл елдің азаматтығы маған деген сеніммен бірге беріледі. Ал сен менің өзің үшін істегенімнен бас тарттың, – деп қосты.

Үн қатуға шамасы келмей біраз тұрды да, бір кезде:

– Түсінікті, – деді Тәуелсіз.


Күдері үзіліп, өзін тұңғыыққа батып бара жатқандай сезінген ол қарманғандай болып:

– Сонда, істегенімнің бәрі бекер болғаны ма? – деді.

– «... өлгендер ештеңе білмейді ... Олар енді қайтып еңбектерінің сыйын көрмейді, оларды ешкім есіне де алмас. Өлгендер кезінде сезінген сүйіспеншілік, жек көрушілік, қызғаныш баяғыда ғайып болған, олар бұ дүниеде болып жатқан істерге енді араласпайды» және «болашағы жоқ зұлым жанның, шырағы ерте өшер зымиянның», – деді Джейлин.

Джейлиннің мына сөзінен Тәуелсіз есеңгіреп, үн қата алмастан қалды. Мектепте сабақтан көп қалғанына өкінді. Ақиқатты дер кезінде естіп білгенде, тағдырына осыншама әсер еткен қателікке ұрынбас па еді ...

Бір кезде басқа ой келді. Күні бойы жұбаныш болған осы ой қазір оған үміт әкелді:



– Иә, айтқаныңның бәрі – ақиқат. Дегенмен, Джейлин, сен рақымды патшасың ғой! Олай болса, қалай ғана мені Лоунға жөнелтпексің?

Джейлин:

– Эндельде қалай өмір сүретініңді өзің таңдадың да, түнек билеушісі Дагонның болмысына ердің. Мен рақымды патшамын, сондықтан мен сені сыртқы түнекке жіберемін. Сенің имансыздығыңның мына ұлы қаланы ластауына жол берсем, қалайша мейірімді, рақымды патша болып қала бермекпін? Онда Аффабельдің нұрына нұқсан келтіремін ғой. Өзің таңдаған болмысың ерте ме, кеш пе басын көтеріп, көптеген адамның өміріне зиянын тигізбей қоймайды. Өз жолыңды өзің таңдадың. Дагонға ергенің үшін Дагонның алған жазасын аласың. Саған шығарған үкімім оған шығарған үкімімнен жұмсақ болса, әділдігім қайсы? Мен әділ патшамын!

Осыдан соң Джейлин жиналғандарға қарап, әкесінің ежелде айтқан сөзін келтірді: «Нақыл сөзді елемеген кесірін көрер, нұсқауды құрметтеген пайдасын көрер».

Сонда патша:

– «Мынаның аяқ-қолын байлап, сыртқа, қара түнекке лақтырыңдар! – деп бұйырды. – Сонда ол зар еңіреп жылап, қинала тістенетін болады. Себебі шақырылғандар көп, ал таңдап алынғандар аз».

Тәулсіз жан ұшыра айқай салды. Ол жанталаса арпалысқанмен, нөкерлердің басшысы қолын байлап, залдың бір бүйіріндегі есікке қарай алып кетті. Жиналғандар тым-тырыс. Олар сынақ уақытын бейбастықпен өткізіп, қалған өмірінде жазаға кесілген адамға қасіретпен қарап отыр.

Нөкерлер Тәулсізді күту залына алып келді. Мұнда сотталғандарға арналған мыңдаған шағын камералар бар. Залға кіреберісте:



«Оның өсиеттерін орындап, осылайша мәңгілік өмір ағашының жемісін жеп, қақпалары арқылы қалаға ену құқығына ие болғандар бақытты! Алайда «иттер» – сиқыршылар, азғындар және кісі өлтіргендер, жалған тәңірлерге құлшылық етіп, жалғандықты ұнатып, соларын жасай беретіндер қала сыртында (яғни тозақта) қалады», – деп жазылыпты.

Тәуелсіз осы жазуға тесіле қарады, оның тұла бойын ашу кернеді. Енді зұлым болмыс оны түгелдей билеп алды да, бойындағы бар жақсылықты тұншықтырып тастады. Оның мінез-құлқы лезде құтырған иттің мінезіне айналып барады. Патшаның ықпалынан тыс қалған ол арам ниеттің құлына айналды.


Алданған Джейлиннің алдында

Бірнеше сағат өтті. Әділет залына кеткендер көп. Дегенмен, Алданған, Жасқаншақ, Екіжүзді әлі де өз кезегін күтуде. Алданғанның көтеріңкі көңіл-күйі басқалардың жүрегіне үміт ұялатқандай.

Залдың есігі ашылды да, патшаның төрт нөкері көрінді. Бұл жолы Алданғанның есімі аталды. Жүрегі лүпілдеп, діріл қақты: оның да мерзімі жетті.

Алданған сыр бермей, қобалжуын жасыра білетін. Сол әдетіне салып, «ал, жігіттер, осы жолы ұтыс – менікі!» деді.

Алданған хаттамамен танысты да, Әділет залының айқара ашылған есігіне кірді. Мұндағы көрініс оны да тәнті етті. Тәуелсізді баураған сезімге бұл да бөленді. Ғаламат залдың сән-салтанаты, жиналған жұрттың кейпі Алданғанға да дәл сол әсерін тигізді. Залда отырғандардың арасынан ол бірнеше танысын байқады. Олардың барлығы Эндель мектебін өзінен бір-екі жыл бұрын бітірген еді. Және Алданғанның көрген таныстары Тәуелсіздікінен көбірек. Оның себебі, Алданғанның мектептегі жиындардан қалуы сирек еді.



Таныстарының бірі Безбүйрек еді. Ол ең зұлым адам ретінде танымал болатын. Қайран қалған Алданған Безбүйрек отырған жердің тұсына тоқтап:

– Бұл мұнда неғып жүр? – деді аңырып.

Нөкер бас изеп, сөйлесуге рұқсат бергендей ишарат білдірді.

Алданған жақындап барып:

– Безбүйрек, сенбісің? – деп сұрады.

Отырған адам:

– Бір кездері мен Безбүйрек болатынмын. Бірақ Джейлин мырза менің атымды Келісім деп өзгертті, – деп жауап.

Алданған таңданып:

– Сен бұл жерге қалай келдің? Арамыздағы ең қатыгез сен едің ғой. Сен Джейлинге басқалардан бетер қарсы едің, тіпті сабаққа да бармайтынсың.

– Оның рас. Бірақ мен өзімнен, мінезім мен істеген қылықтарымнан өзім жиренетінмін, – деп жауап берді Келісім. – Сабаққа бармаған соң, Джейлиннің өмірімді өзгерте алатын сөздерін естіген емес едім. Өзіме үкім шығарылатын күннен бір апта бұрын Қайырымдылықтың мейрамханасында түстеніп отырғанмын. Қайырымдылық өмірімнің тас-талқан екенін білетін. Қалай екенін білмеймін, әйтеуір, ол жүрегімді басқан ауыр қайғыны сезді. Астан кейін қалып сөйлесеміз деген шартпен ол менің түскі асымның ақысын өзі төледі. Екі сағат бойы Джейлиннің мейірімін, бізді құтқару үшін не істегенін, Аффабель деген ғажайып қаланы әңгіме етті.

Өмірімді ұлы патшаға арнау әлі де кеш емес екенін түсіндірді. Әлі де патшаның кешірімін алып, қол астына кіруіме болады екен. Джейлиннің сүйіспеншілігіне бөленіп, өзімді оған біржолата бағыштадым. Патшаға Эндельде бір-ақ апта қызмет еткеніммен, бар ынтамды салдым. Өзім жәбірлеген немесе тонаған адамдардың алдарынан өтіп, кешірім сұрадым. Ұрлағанымды еселеп қайтардым.



Алданған үндемеді. Нөкерге бұрылып еді, ол Келісімнің сөзін растап, басын изеді. Сөзін аяқтап, Келісім өз орнына отырды. Алданған болса, таққа қарай аяңдай берді.

Ол жаңағы естігенін ой елегінен өткізіп келеді. Джейлиннің асқан рақымы туралы талай рет естіген болатын. Мына әңгіме патша рақымының тіпті ерекше екенін көрсетті. Алданғанның білуінше, әлгі кісі – адам баласының ішіндегі жексұрыны еді. Ал мұнда ол басқалармен бірдей нұрлы жүзді, салтанатты күйге еніпті. Өзіне Джейлиннің рақымы түсетініне Алданған бұрынғыдан бетер сенімді. Өйткені ол Джейлинге қашан да сенетін.

Тақтың алдына келгенде Алданған Тәуелсіз естіген бұйрықты естіді:


– Жұмысың жайлы есеп бер!

Тәуелсіздің көргеніндей, Алданған да өз өмірін түгел көріп шықты. Сабақты ұқыпты оқығаны, барлық оқушылардың алдында Джейлинге деген сенімін ашық жариялағаны қазір көңіліне қандай медеу болды десеңші!

Алайда, біраздан соң Алданған жабырқай бастады. Өз істері өзін айыптағандай. Ис-әрекетін ақтайтын сылтау-желеуі қашанда дайын тұратын. Бірақ, сол істері айбынды патшаның әділдігінің алдына, мына отырған абзал жандардың кіршіксіз таза ар-ожданының алдына келгенде, қатты қысылды. Талғамсыз жыныстық қатынастары жұрт алдында әшкереленгенде масқара болып ұялғанынан қайда тығыларын білмеді.

Істері ғана емес, ой-ниеті де таразыланды. Джейлин мұның бәрін қайдан біледі? Ол Алданғанға ешбір жанға ешқашан мәлім болмаған ойлары үшін қалай ғана үкім шығармақ? Оның жүрек түкпіріндегі құпия сырлары да ашылды. Үй салып сатқанда да, жер телімдерін алып-сатқанда да оның бар діттегені өз пайдасы екенін жұрттың бәрі көрді.

Қалыптасқан әдетіне салып, өз пайдасы үшін басқаларға жала жапқаны, да өсек таратқаны да дүйім жұртқа мәлім



болды. Не істесе де, тізгінсіз пайдақұмарлықтың жетегінде жүріп істегенге ұқсайды. Не істесе де, өз дегенін және өз қалауынша істепті. Бәрі де – қара басының қамы. Осы шындыққа қарсы дау жоқ. Дегенмен, Алданған оның бәрі маңызды бола қоймас деген үмітті әлі де аялайды, себебі ол Джейлинге сеніп, сенімін әрқашан жариялап жүрді ғой.

Алданғанның өмірін түгел көріп болысымен Джейлин хатшыға қарап:

– Өмір Кітабында Алданғанның аты бар ма екен? – деп сұрады.

– Жоқ, ием, – деп жауап берді хатшы.

Джейлин үкімін жариялады:

– Алданған, сен менен бас тарттың, айыптысың, сондықтан Лоун аймағына жер аударыласың, өмірің сырттағы түнектің азабында, жалғыздық пен үмітсіздікте өтетін болады.

Төбесінен жай түскендей болды. Ойы сан-саққа жүгірді: «Жоқ, бұлай болуы мүмкін емес! Бұл бір қателік болар. Мен Джейлинге сенемін. «Менен бас тарттың» дегенде, нені айтты?»

Алданған:

– Мен сенен қашан бас тартып едім?! – деп дауыстады.

– Джейлинді білеміз десе де, мұнысын іс-әрекеттерімен жоққа шығаратындар туралы: олар – жек көрінішті, ешкімге бағынбайтын, ешқандай игі істер жасауға жарамсыз жандар деп ұстаздарың ескерткен жоқ па еді?

Алданған өзін ақтап алуға тырысты:

– Ұлы патша, мен сенің мектебіңде оқыдым. Сабақтан қалған емеспін. Мектеп істеріне белсене араластым. Мен сені ием деп мойындайтынмын!

Джейлин бұл сөзге:

– Егер сендер айтқандарымды орындамасаңдар, несіне Мені «Мырза, Ие!» дейсіңдер? – деп жауап қайтарды. – Діншіл болып көріну мен Джейлинге ұнамды өмір сүру екеуі бір емес деп ескерткен жоқпын ба?



Маған: «Мырза, Ие!» дейтін әркім емес, көктегі Әкемнің еркін орындайтындар ғана Аффабель патшалығына кіре алады деп едім ғой сендерге. Көптеген адамдар қиямет соты күні Маған: «Уа, Тақсыр Ие, Сенің атыңмен біз жұртқа ...хабарыңды жеткізбедік пе?» – деп жалынатын болады. Сонда Мен оларға: «Сендерді ешқашан (өз адамдарым ретінде) таныған емеспін. Әділетсіздік істегендер, Менен аулақ кетіңдер!» – деп ашық айтамын.

Алданған жанталаса дауыстады:

– Мен саған сендім ғой... Мен сенің сөзіңе сендім, енді сол сөзіңе сай құтқарылуға тиіспін!

Джейлин міз бақпады. Ол жиналған жұртқа, кішілеу тақта отырған мектептің бұрынғы ұстазына қарап:

– Сабақта үйреткендеріңді Алданғанға оқып бер, – деді.

Әлгі кісі киелі жазбадағы «Бауырластарым менің, біреу сенемін дей тұра, игі істер жасамаса, онысынан не пайда?! Сондай сенімі оны...құтқара ала ма? Ендеше, сенім игі іс-әрекет тудырмаса, ол – өлі сенім. Мүмкін кейбіреу: «Сенің сенімің бар, ал мен игі істер жасаймын» дер. Игі істер тудырмайтын сеніміңнің шынайылығына көзімді жеткізші, ал мен жасаған игі істерім арқылы сеніміңді дәлелдеймін. Сен «Джейлин бар» деп сенесің. Мұның дұрыс, алайда жындар да соған сеніп, Оның қаһарынан қорқып дірілдейді. Ей, пенде, игі іс-әрекетсіз сенімнің пайдасыз екенін ұқпайсың ба? Жансыз тәннің өлі екеніндей, әрекетсіз сенім де өлі», – деген сөзді дауыстап оқыды.

Джейлин тағы қайталады:

– Сендім дейсің. Алайда ісің – сеніміңе сәйкес игі іс болмаса, сенімің – сенім емес. Сенемін деп айту жеткіліксіз, құтқарылудан құр қалған жындардың өзі де сенеді. Шын сенгендер жаңа болмысының істерін істейді, олардың жемісі – ескі болмыстың жемістері емес. Сен зұлым иең Дагонға лайық жеміс әкелумен болдың. Осының өзі – маған шын жүрегіңмен ешқашан сенбегеніңнің дәлелі.



Алданған естігенін әрең түсініп барып:

– Ал мына зұлым Безбүйрек ше? Мен одан әлдеқайда жақсы емес пе едім! Қалай ғана оны қол астыңа алып, мені қуып тастайсың? Әділетсіз! – деп айқай салды.

Джейлин:

– ...сендер: «Жаратқан Иенің осылай шешкені дұрыс емес!» деп шағымданасыңдар. Тыңдаңдаршы, Менің осылай шешкенім дұрыс емес пе? Әлде сендердің өз шешімдерің дұрыс емес пе? ... егер зұлым адам істеп жүрген арам істерінен бас тартып, игі де әділ істерді істейтін болса, ол өз өмірін сақтап қалады. Өзінің бұрын істеген барлық зұлым қылықтарына өкініп, солардан бас тартқандықтан, ол өлімге кесілмей, сөзсіз өмір сүретін болады, – деп жауап берді.

Алданған түңіліп, ызаға булықты.

– Мен сен туралы көп айттым, сенің сөзіңді басқалармен бөлістім. Мен тіпті сенің мектебінде ерікті түрде қызмет еттім! – деп тағы айқайлады.

Джейлин бой бермеді.

– Қандай қақың бар жарлықтарымды айтуға
Және Келісімімді аузыңа алуға?

Алайда сен ескертуімді жек көресің,
Айтқан сөздерімді менсінбей жүресің.
Ұрыны көрсең оған қосыласың,
Нәпсіқұмарлармен де араласасың.
Сенің аузыңнан жамандық шығады,
Тілің өтірікті торлап тұрады.
Отырып алып бауырыңды ғайбаттайсың,
Өз анаңның ұлын нақақ жамандайсың.
Сен солай істегенде Мен үндемедім,
Сонда Мені өзіңдей есептедің.
Ал қазір Мен сені әшкерелеймін,
Күнәларыңды көз алдыңа қоямын.



Алданған үнсіз. Ойы аласапыран, бірақ ақталар дәрмен жоқ. Патшаның дауысы өктем шықты:

– Мынаның аяқ-қолын байлап, сыртқа, қара түнекке лақтырыңдар! – деп бұйырды ол. – Сонда ол зар еңіреп жылап, қинала тістенетін болады.

Нөкерлер қасына жеткенше Алданған Джейлинді балағаттаумен болды. Нөкерлерге де, Аффабель тұрғындарына да тіл тигізді. Ол жын тигендей аласұрды. Бойындағы бар жақсылықты зұлым болмысы жұтып қойды.

Нөкерлер аяқ-қолын байлап, залдан көтеріп әкеткенше, ғайбат сөзі тиылмады. Тәуелсіз сияқты, бұл да сот біткенше жеке камераға қамалды.

Алданған залдан кетісімен Джейлин жиналысқа қарап:


– Бір ұрпақ бар, олар әкелерін қарғайды, ... арамдығынан жуынып тазармайды, алайда өздерін пәк таза санайды, – деді.

Жасқаншақ Джейлиннің алдында

Әділет залының алдындағы қабылдау бөлмесінде қалған адамның ұзын саны жүзден аспайды. Олардың арасында Жасқаншақ пен Екіжүзді де бар. Жасқаншақ Екіжүздіден мейлінше аулақ болуға тырысады. Жүрегі шерден әлі де арылмаған. Жігіт те бойын аулақ ұстайды.

Төрт нөкер кіріп, Жасқаншақты алып кетті. Жасқаншақ қайда бара жатқанын білмей дегбірсізденсе де, Екіжүздінің артта қалғанына қуанды. Ол да хаттама дауыстап оқылған соң сот залының табалдырығын аттады. Отырғандардың жанынан өтіп бара жатып, мектепті бұрынырақ бітіргендерді танып келеді. Көбісі өзімен салыстырғанда елеусіз, сенімге де өзіндей берілмеген жандар еді. Жасқаншақтың пікірінше, мұндай жерде болуға тіпті де лайық емес бірнеше адам да осы жерден табылды.

Таққа жақындап келгенде, оны айнала қойылған кішілеу тақтарды көрді. Кейбіреулерінде осы елде лауазымға ие бо-



луға әбден лайық беделді ұстаздар отыр екен. Басқа тақтарда отырғандарды көріп, Жасқаншақ таң қалды. Бұлар – Эндельдің ең қарапайым, елеусіз тұрғындары. Тақта отырғандардың енді біреулері – Эндельдің байлары. Жасқаншақ ішінен: «Мына жуандар Аффабельдің тағына қалай қол жеткізді екен?» – деп ойлады.

Осы сұрағына жауап іздеп тұрғанында Джейлиннің даусын естіді:

– Жұмысың жайлы есеп бер!

Зор экранда Жасқаншақтың өмірі көрсетіліп жатыр. Мектеп қабырғасында жүрген күндерін сүйсініп тұрып көріп шықты. Достарына көрсеткен көмегі, қосымша сабақтарға қатысқаны, үздік оқушы атанғаны көңіліне медеу болды. Ол ұқыптылығы мен батылдығын көріп, өзіне-өзі іштей риза болды. Алайда Жаланың өтірігіне өзінің қаншалықты шамданып қалғанын көргенде, көңіл күйі өзгере бастады. Жасқаншақтың ызадан арыла алмағаны анық. Осы жерде ашылған жүрек сыры, тереңде жатқан ой-ниеті тіпті ұсқынсыз екен.

Содан кейін Екіжүздімен арадағы қарым-қатынас басталды. Жасқаншақ онысына осы күнге дейін шын өкініп, тәубе етпегті. Өзін Жала мен Екіжүздінің арамзалығының құрбаны санап, кінәні соларға аударып, өзі үшін жауапкершілік алудан қашыпты. Уақыт өткен сайын жүректегі ащы ыза мен кек арта берген. Ауыр сезімдерін басып тастағанмен, улы тамырды жұлып тастамапты. Оның жемісі – Жала мен Екіжүздіге деген шексіз ыза ғана емес, шынтуайтында ол бар кінәні Джейлиннен көрді. Екіжүздідей арамзаның мектепте ұстаз болуына жол берген Джейлиннің өзі емес пе? Жасқаншақтың тастай қатқан ызасы мен сол ызадан арылуға күш салмағаны қатаң түрде әшкереленді.

Экрандағы көрініс аяқталғанда оның ащы ыза кернеген, мейірімсіз, қатал әйел екені анық болды. Осының барлығы



да мәлім болғанына қарамастан, өзінің Джейлингге деген ертеректегі сенімі патшаның жүрегін жібітер деген үміті бар. Патша ашуланатын шығар. Алда қандай қаһар күтіп тұрғанын сезетін емес.

Джейлин хатшыға бұрылды:

– Жасқаншақтың аты Өмір Кітабында бар ма?

– Жоқ, ием, – деп жауап берді хатшы.

Джейлин үкімін жариялады:

– Жасқаншақ, сен менен бас тарттың, айыптысың, сондықтан Лоун аймағына жер аударыласың, өмірің сырттағы түнектің азабында, жалғыздық пен үмітсіздікте өтетін болады.

Жасқаншақты жойқын үрей билеп кетті. Мына сөз оны осы жерде тұрып, осындай үкім естігендердің қай-қайсысынан да қатты есеңгіретті. Бұлай болуы мүмкін емес! Бұл бір сұмдық түс болар. Қайтсе де ояну керек! Әлде Джейлиннің сөзін дұрыс түсінбеді ме?

Өз құлағына өзі сенбеді:

– Джейлин, «Лоунға жер аударыласың» дедің бе?


– Иә, Жасқаншақ, сөзімді дұрыс түсіндің, – деп жауап берді патша.

– Бұл қалай, Джейлин патша? Мен саған сенемін. Оны жаңа ғана экраннан анық көрдік. Өмірім – сенімімнің айқын дәлелі. Жүрегімдегі сүйіспеншілік сөніп, қатуланып кеткенім рас. Бірақ ол менің кінәм емес. Жала мен Екіжүзді кінәлі. Тасбауыр болып кеткенім солардың кесірінен.

– Ұстаздардың ескертуін ұмыттың ба? – деп сұрады Джейлин. – «Әділетсіздік тым көбейіп кеткендіктен көпшіліктің сүйіспеншілігі суып кетеді. Ал ақырына дейін табандылық танытқан әркім құтқарылады». Сен ақырына дейін табандылық танытқан жоқсың.

Жасқаншақ қарсылық білдірді:

– Джейлин мырза, мен саған деген сеніміммен ақталуға тиіспін. Мүмкін, мен сенің жалынды куәгерің болудан



қалған шығармын. Алайда құтқарылған адам құтқарылуды жоғалта алмайды деп сенемін. Кейбір ұстаздар да осыны айтады. Олардың айтуынша, мені сенің қолыңнан ешкім де жұлып ала алмайды.

Джейлин:

– Айтқаның – ақиқат. Ешкім сені менің қолымнан тартып ала алмайды. Алайда сен өзің менен ешқашан кете алмайсың деген жоқпын ғой. Ондай құдірет сенің өзіңде ғана бар. Киелі жазбадағы: «Осындайлар Иеміз әрі Құтқарушымыз *Джейлинді* танып білгендері арқылы осы дүниелік арамдықтардан арылып, құтылған болатын. Алайда кейін қайтадан олардың шырмауына түсіп, жеңіледі. Сонда олардың соңғы жағдайы бұрынғысынан да мүшкіл болмақ. Олар үшін әділет жолын танып біліп, ... кейін кері бұрылғаннан гөрі, сол жолды мүлдем білмегендері жақсы болар еді» деген сөзді оқымап па едің? Әділет жолын танып біліп, кейін кері бұрылған адам құтқарылғанға дейінгі күйінен де нашар күйге түседі деп айттым ғой. Ендеше құтқарылуды жоғалту мүмкін емес деп қалай ғана ойлағансың? Шынында да солай болса, онда әлгі адам бұрынғысынан нашар күйге түсуі мүмкін бе?

Менің сөзіме кереғар сөйлейтін ұстаздарды неге тыңдадың? Әділет жолын әрбір адам табу үшін барлығын тәптіштеп жазған жазбаларым бар. Неге өтірікке ердің? Менің сөзіме шын сенсең, ашу-ызаны жеңуің керек еді. Ал сен болсаң, жалған тәлімге еріп, жалған қауіпсіздікке үміт артып, сол улы тамырдың бүкіл өміріңді улауына жол бердің.

– Менің игі істерім ше? – деп жалына сөйледі Жасқаншақ.

Джейлин мырзаның жауабы:

– Тағы да қайталап сұраймын, менің пайғамбар арқылы айтқан сөзімді оқыдың ба: «Ал егер әділ адам өзінің ізгі іс-әрекетінен бас тартып, күнә жасайтын болса, әрі зұлым



адам сияқты жексұрын істер істеуге кіріссе, оның өмір сүре беруіне бола ма? Жоқ, оның бұрын істеген әділ істерінің ешқайсысы да енді ескерілмейді. Сол адам опасыз болып, күнә жасағаны үшін өлімге кесілуге тиіс. Ал сендер: «Жаратқан Иенің осылай шешкені дұрыс емес!» деп шағымданысыңдар. Тыңдандаршы... Менің осылай шешкенім дұрыс емес пе? Әлде сендердің өз шешімдерің дұрыс емес пе? Егер әділ адам өзінің ізгі іс-әрекетінен бас тартып, күнә жасайтын болса, ол сонысы үшін өлімге кесіледі. Жасаған күнәларының зардабын тартып ол өлімге душар болады?» Жазылғандай болмақ, бұрын істеген әділ істеріңнің ешқайсысы да енді ескерілмейді.

Жасқаншақ суға кеткен адамдай қарманып:

– Мырза, мен сені құтқарушым деп мойындасам, есімім Өмір Кітабына жазылады деп өзің айттың ғой. Өмір Кітабында менің атым неге жоқ? Қызметшің менің атымды Кітаптан неге таба алмады? Өшіп қалған ба, қалай? – деді.

Джейлин мырза сабырлы да салмақты сөйледі:

– Менің жаңағы айтқандарымды естіген жоқсың ба? «Ақырына дейін табандылық танытқан әркім құтқарылады». Ақырына дейін, қиямет күніне дейін адал болып қалғандар – жеңімпаз. «Жеңіп шыққан әркім ... аппақ киім киетін болады; Мен оның есімін Мәңгілік өмір кітабынан өшірмеймін» деп анық айттым ғой. Өмір кітабынан өшірмеймін десем, атың өшірілуі мүмкін болғаны. Олай болмаса «Мені мырза деп атасаңдар, есімдерің Өмір Кітабында мәңгілікке жазылады» дер едім.

– Тірі өліктердің баратын жері Лоунға мені қалай ғана қуып жібересің? – деп жалынды Жасқаншақ.

Джейлин аласалау тақтарда отырғандардың біріне қарап:

– Эндель тұрғындарына мәлім ежелгі жазбаны оқып шық, – деді.

Тақта отырған адам:



– Даналық жолынан адасқан – о дүниеге жақында аттанар жан, – деген сөзді дауыстап оқыды.

Жасқаншақ тіл қатпады. Патша нөкерлеріне:

– Мынаның аяқ-қолын байлап, сыртқа, қара түнекке лақтырыңдар! – деп бұйырды. – Сонда ол зар еңіреп жылап, қинала тістенетін болады. Себебі шақырылғандар көп, ал таңдап алынғандар аз.

Нөкерлер жақындай бергенде Жасқаншақ Джейлинге қарғыс жаудырды. Оның бойын орасан күйініш билеп кетті. Қайта оралған күнәар болмысы бой көтерді. Жеміс бермейтін, тамырымен жұлынған, біржола өлген ағаш дерсің. (Яһуда 12)

Нөкерлер Жасқаншақтың аяқ-қолын байлап, бүйірдегі есіктен алып шықты. Ол да, басқалар сияқты, жеке камераға қамалды. Жасқаншақ залдан кетісімен хатшы:

«Ал егер шынайы хабарды естіп-білгеннен кейін де әдейі күнә жасай берсек, онда бізді күнәмізден арылта алатын ешқандай құрбандық жоқ. Қайта, қиямет сотын және Иемізге қарсы шыққандарды жалмайтын тозақ отын үрейленіп күтуден басқа бізге түк те қалмайды. ... «Жазалау – Менің ісім, тиісті жазаларын тартқызамын Өзім!» дегеннің Кім екенін білеміз ғой. «Жаратқан Ие сотта тергейді өз халқын» деп те (Тауратта) жазылған. Мәңгі тірі Құдайдың қолына түсіп, сотталу қандай қорқынышты!» – деп жар салды.

Екіжүздіге үкім шығару

Екіжүзді сот залына соңғы болып кірді. Ол Джейлин заңдарымен жақсы таныс, сондықтан жазасы жеңіл болма-сын біледі. Иә, күнәлары үшін тартатын жазасын жуырда білетін болады.

Нөкерлерге еріп сот залына бара жатқан жолда Екіжүзді жабырқау еді. Өмірі көз алдынан өткен соң Өмір Кітабында есімі жазылмағанын естіді.



Джейлин қатаң дауыспен:

– Екіжүзді, сен сатқындық жасағаның үшін, әділдіктен айырылғаның үшін және «кедергі тас» болып, талайды сүріндіргенің үшін жазаға кесілдің. Лоунға қуыласың, онда сені ең ауыр жаза мен азап күтіп тұр.

Мына сұмдық үкімді құты қашып тыңдап шыққан Екіжүзді:

– Мырза, мен сенің мектебінде ұстаз едім ғой. Өмірімді сенің жолыңа арнадым, – деп жалбарына сөйледі.

Джейлин оған:

– Сен ұстаз бола тұра, оқулықты оқымағансың: «Бауырластарым менің, бәрің бірдей тәлім беруші болуға ұмтылмаңдар! Иеміздің бізге, тәлім беретіндерге, басқалардан гөрі қатаңырақ төрелік айтатынын білесіңдер», – деп жауап берді.


– Мен кімді сүріндіріп едім? – деп сұрады Екіжүзді.

Джейлин бұрынғысынан бетер қатуланды.

– Сен менің көп шәкіртімді аяғынан шалдың. Олар қайтып тұра алмастай сүрінді. Солардың бірі – Жасқаншақ. Ол сенің қамқорлығыңа тапсырылған еді. Оны ойыншық етуге емес, қорғауға билік беріп едім саған. Оған да, басқаларға да зорлық жасап, беделің мен билігіңді пайдаланып нәпсіңді қанағаттандырумен болдың. Жасқаншаққа өз құрбысы жара салып еді. Жарасына шипа берудің орнына сен оның өзін тәлкек қылдың. Сенімін тас-талқан еттің. Ол Лоунға қуылып жазасын тартатын болды. Ескертуім, әрине, есінде: «... кім Маған сенетін осы кішкенелердің біреуін азғырып теріс жолға түсірсе, сол адам үшін мойнына диірменнің тасы байланып, теңіздің тұңғиығына батырылғаны жақсырақ болар еді-ау!»

Екіжүзді жалбарына берді:

– Джейлин, сөзімді тыңдашы. Лоунға жөнелетінімді білемін. Бірақ, ең ауыр жазаға кесілуімнің себебі неде? Маған неге сонша қатігезсің? Мен қайдағы бір сенбеуші емес,



өзіңнің қызметкерің едім ғой. Сені тіпті білгісі де келмеген Тәуелсіздей емес едім. Неге бұлай болды?

Джейлин міз бақпады.

– Киелі жазбаны білесің. Осының бәрін менен неге сұрайсың? Ұмытсаң, есіңе салайын. Киелі жазбаның сөзі анық: «Ал егер әлгі қызметші іштей «қожайыным жуырда келе қоймас» деп, малайлар мен күндерді ұрып-соқса ... онда қожайыны күтпеген күні, ойламаған сәтте келіп, оны аяусыз жазалап, сенімсіздердің кебінін кигізеді. Қожайынының еркін біле тұра дайын болмаған, оның қалауы бойынша істемеген қызметші қатты соққы жейтін болады». Тәуелсіз күнәсін күнә деп сезінуден алыс еді. Ал сенде білім де, түсінік те бар.

Оның жазасы қатаң болғанымен, сенікінен жеңіл болмақ. Саған дайындалған орын түнектің түнегінде.

Содан соң патша нөкерлеріне:

– Мынаның аяқ-қолын байлап, сыртқа, қара түнекке лақтырыңдар! – деп бұйырды. – Сонда ол зар еңіреп жылап, қинала тістенетін болады. Себебі шақырылғандар көп, ал таңдап алынғандар аз.

Нөкерлер жанына жеткенше Екіжүзді Джейлинге, жиналған жұртқа, патшаның қызметкерлеріне қарғыс жаудырумен болды. Нөкерлерге қарсылық көрсетіп, қолдарынан босап шықты да, Джейлинге қарай жұдырығын түйіп, тұра ұмтылды. Күнәар болмысы осы жерде анық көрінді. Бойындағы бар жақсылықты екіжүзділігі жеңді.

Нөкерлер аяқ-қолын байлап бүйір есіктен алып шыққанша қарғыстан аузы босамаған Екіжүзді қалған бір жарым мың айыптымен бірге Лоун аймағына жөнелтілді.

Екіжүзді залдан кетісімен хатшы:

– Сенің үкімдерің әділ; олар тиісті жазасын алды, – деп дауыстады.

Түтету үстелі жағынан былай деген дауысты естілді:

– ... Сенің үкімдерің әділ де шынайы!



Лоун аймағы

Жазаға кесілген, темір торға қамалған бір жарым мың энделитті патша нөкерлері түнек басқан Лоун аймағына алып кетті. Бұл екі аптаға созылатын жол. Олардың жолы Ұлы Отты шөлді басып өтеді. Мұндағы қызып тұрған топырақтан шыдатпас ыстық тарайды. Кенет шөл даланың ортасында, жалындай ыстықтың дәл орта тұсында орасан зор ғимараттың сұлбасы мұнартып көрінді. Жақындай бере «Лоун аймағы» деген жазуды оқыды.

Байқап қараса, әлгінің терезелері жоқ, жалғыз ғана үлкен есігі бар. Есіктен кіргенде бәрінің естігендері – мыңдаған адамның жан түршіктірер азапты айқайына ұқсас дауыстар. Энделиттер ести сала нөкерлердің басшысына жалбарына бастады: «Бізге осы да жетер? Жазамыз тым ауыр, бізге рақым ете гөріңіз!»

Тәуелсіз нөкерден:

- Тұтқындар мұнда қанша уақыт болады? – деп сұрады.
- Бір жылдан жүз жиырма тоғыз жылға дейін.

Тәуелсіздің жүрегі шайлықты. Соңғы екі аптаның ішінде болған оқиғаның бәрі қорқынышты түс немесе қорқыту тактикасы болар деген үмітін әлі де аялап келген еді. Нөкерге қайта қарап:

- Қалған өмірімді осында өткізетінім рас па? – деді.
- Иә, дәл осы жайындағы ескертуді Эндельде талай рет естіген едің ғой.

Неғұрлым ауыр жазаға кесілгендер темір түрменің соғұрлым жоғары қабаттарына жіберіледі. Ондағы ыстықтың қызуы өте қатты болатын. Ақиқатты білмей қылмыс жасағандар орасан зор ғимараттың төменгі жағында. Алайда бұл қапасқа жүздеген жыл емес бір күн қамалудың өзі – адам төзгісіз азап!



Екіжүздінің көрген азабы адам айтқысыз, басқалардың азабынан әлдеқайда ауыр, жоғарғы қабаттағылардың тағдырынан да қорқынышты. Ол жер астындағы балқыған күкірттің дәл жанында орналасқан зынданға қамалды. Ондағы иістің өзі адам төзгісіз, ал жалынның қызуы қатты жері осы. Зындан жер қойнауында, тереңде орналасқан. Ең ауыр азаптың орны осы жер екені сөзсіз. Мұнда Екіжүзді жападан-жалғыз қалып, жазасын тартпақ. Зынданда осынау жазаға кесілгендерді түгел сыйғызатын орын бар.

Олар бір-бірінен бөлінген, әрқайсысы өз айқайынан басқа ешбір дыбысты ести алмайды. Құлыптар мықтап жабылысымен патша нөкерлері түрмеден шығып кетті. Ауыр темір есік гүрс етіп жабылды да, енді бір де бір жарық сәуле ішке ене алмайтын болды. Сорлы тұтқындар жүз жиырма жылдан астам уақытын қараңғы қапаста жападан-жалғыз өткізеді. Жарық сәулені жылына бір-ақ рет, сотталғандардың жаңа тобы келгенде ғана көреді. Оның өзін көру есікке жақын қамалғандарға ғана бұйырған. Басқа тұтқындар, оның ішінде Екіжүзді де, күн нұрын енді қайтып көрмек емес. Олаға кесілген жаза – қараңғы түнек.

Ой толғау

Қалған уақытында Эндельдің осы бір төрт тұрғыны ақиқатқа кезінде құлақ аспағандарына өкінумен болды. Эндельде жүргенде Джейлин патшаның ілімі көз алдарында еді. Соған көңіл бөлмеген ақымақтықтарын ойлай берді. Өткенге оралып, тағдырын өзгерту үшін бәріне де келісер еді. Сондай мүмкіндік берілсе ғой! Құрдастарының арасында кең тараған келеңсіз пікірлерге ермес еді, ақымақ нанымдардан бас тартар еді, ежелгі жазбалардың мызғымас ақиқатына шын көңілімен беріле ерер еді.



Ғажайып патшалық елестері де жандарын қинай түсті. Ұлы қаланы бірнеше сәт қана тамашаласа да, оның әсем көріністері осы таусылмас азаптың ортасында көз алдарына орала берді. Нұрлы елестер жалынның қызуы, мұңкіген иіс, қараңғы түнектің ішінде қалған жандарына қатты батты. Оларды тамаша тағдыр күтіп тұр еді, алайда түнек жолын өздері таңдады.

Т А Л Д А У Ғ А А Р Н А Л Ғ А Н С Ү Р А Қ Т А Р

1-ШІ БӨЛІМ: 1-3-ТАРАУЛАР

1. Осы кітапты оқымастан бұрын, табысты болу, жетістікке жету дегендерді қалай түсініп жүр едіңіз? Мақсаттарыңыз, ұстанымдарыңыз бен әдеттеріңіз осы түсінігіңізден қандай көрініс тапты? Осы кітаптан оқығаныңыз көзқарасыңызға әсер етіп, өзгертті ме?
2. Мәңгілік ұғымы туралы ойланғанда, әр адам сот алдына барады, онда мәңгілік тағдыры шешіледі деген ой тіпті ақылға қонбайтындай болып көрінеді. Дегенмен, Жоханның бірінші хатында осы туралы айтылады (4:17). Келесі тарауларда Құдайдың осы уәдесін тереңрек қарастырамыз, бірақ қазір өз білгеніңізге сүйеніп Жоханның хатында жазылған «нық сенімнің» не нәрсеге негізделетінін түсіндіріп көріңіз.
3. Осы бөлімнен сіз Аффабель патшалығы туралы білдіңіз. Аффабель патшалығы – жердегі тіршілігіміз бен өміріміздің мәңгілік мақсатының арасындағы қатынасты көрсететін суреттеме. Бұл патшалықта, оның басқарылуында сізді бәрінен де таң қалдыратын не? Сізді таңдандыратын, қуантатын нәрселер бар ма? Әңгімеміздің осындай жерлері туралы Киелі Кітапта не жазылған?
4. Эндельдің тұрғындары жайлы сөз қозғайық. Алғашқы төрт сот туралы оқығанда, ойыңызда не болды? Сот басқаша өтеді деп ойладыңыз ба? Олай болса, соттан не күттіңіз?
5. Осы тәлім курсың оқу барысында, сізді ең алдымен қай сұрақтар мен уайымдар мазалайды?

A rectangular frame with a double-line border. At each of the four corners, there is a decorative ornament consisting of a small semi-circle and several radiating lines, resembling a sunburst or a corner piece.

2 - ШІ БӨЛІМ

4-ТАРАУ

ӨЛІЛЕРДІҢ МӘҢГІ МЕКЕНІ

Сонда шәкірттері Исадан:

– Бұл астарлы әңгіменің мағынасы қандай? – деп сұрады.

Иса оларға жауап беріп былай деді:

– Құдай өз Патшалығы туралы сырларды білуді (ұғып тануды және айқынырақ, тереңірек түсінуді) сендерге бұйырған. Бірақ басқаларға олар астарлы әңгімелер арқылы айтылады. Осылайша олар көріп тұрса да, шынымен көрмесін, естіп тұрса да, бәрібір түсінбесін.

— Лұқа 8:9, 10 (Кеңейтілген аударма)

Әңгімемізді тоқтата тұрып, келесі төрт тарауда Тәуелсіз, Алданған, Жасқаншақ, Екіжүзді сот алдында тұрғанда ашылған ақиқаттарды тереңірек қарастырып барып, содан соң хикаяның соңына жетеміз. Қайырымдылық пен Өзімшілдің болашағы қандай болғанын қарастырамыз, қалған тарауларда олардың өмірі арқылы ашылған ақиқаттарға тереңірек үңілеміз. Кітаптың ең тартымды бөлімі Иса Мәсіхтің жолын қуушыларды күтіп тұрған мәңгі сыйлар туралы баяндайды.

Негізгі ақиқат

Осы кітапта баяндалған астарлы әңгімеде Джейлин Иса Мәсіхті бейнелейді, ал патшаның әкесі – Құдіретті Құдай Әке. Дагон – шайтанды бейнелейтін кейіпкер. Эндельдегі өмір – жер бетіндегі адам өмірі, Аффабель – Құдайдың көктегі қаласы. Түнек билеген Лоун аймағы – қайнаған күкірт көлінің

бейнесі, Иса Мәсіхтің құтқарар рақымынан кенде адамдардың мәңгі азап шегетін жері.

Жоғарыдағы тарауларда сөз болған кейіпкерлер мәңгі жазаға кесілетіндердің түрлі өмір жолдарын бейнелейді. Құдай бізге осыны анықтап ескертеді.

Иә, дәл солай, мәңгі жаза. Осы кітапты жазарда Киелі Жазбада «мәңгілік үкімделу» жайлы айтылғандарды оқырманға дұрыс жеткізу үшін көп еңбек сіңірдім. Мына сөзді мұқият оқып шығыңыз:

Сол себепті Мәсіхтің Ізгі хабарының ең бастапқы (қарапайым) тәлімін былай қойып, одан бетер жегілу үшін алға басайық. Тағы да ең негізгі тақырыптарға: бізді рухани өлімге бастап әкететін қылықтардан бас тартып, Құдайға сенім арту жайында, шомылдыру рәсімі мен қол тигізіп бата беру жөнінде немесе өлгендердің қайта тірілуі және мәңгілік үкімделуі (және жазалануы) туралы тәлімдерге тоқталғымыз келмейді. [Ол жайлы баяғыда-ақ білуге міндеттісіңдер.] (Еврейлерге арналған хат 6:1,2, Кеңейтілген аударма)

Көріп отырғаныңыздай, рухани өлімге бастап әкететін қылықтардан бас тарту мен Құдайға сенім арту сияқты қалған бес негізгі доктринаны сөз қылған жоқпын. Мәңгілік үкімделу мен мәңгілік жаза – Мәсіхтің ең бастапқы, қарапайым тәлімі екеніне баса көңіл аударғым келеді.

Сөздіктердің бірі «қарапайым» (элементарный) сөзіне мынадай анықтама береді: «негіз болып табылатын бөлік, маңызды немесе негізгі бөлік». Яғни бұл – басынан бастап салынуға тиіс іргетас. Дұрыс түсінуіңіз үшін білім беру саласынан мысал келтірейін. Бастауыш мектепте сауат, жазу, есеп сияқты білім негізі қаланады. Осыларды пайдаланып, білімімізді тереңдете аламыз. Негізі дұрыс қаланбаса, қажет білімге қол жеткізе алмаймыз. Сенушілер туралы да осыны айтуға болады. Мәңгілік үкімделу жайлы дұрыс та нақты түсінігіміз болмаса, Иса Мәсіхке ұнамды өмір сүре алмаймыз.

Екі әріптің басын қосып оқи алмайтын адамның білім деңгейін жетілдіргісі келгеніндей әурешілік болар еді.

Жиырма жылдың ішінде қызмет бабымен көп елде болдым. Байқағаным, осы ақиқаттардан бейхабар адам көп екен. Олардың ішінде Иса Мәсіхтің жолын қуушылар да бар. «Ол жайлы баяғыда-ақ білуге міндеттісіңдер» деген сөзге назар аударыңыз. Жай ғана *естіген боларсыңдар* емес, *білуге міндеттісіңдер* делінген. Яғни, толықтай, жете білуді айтады. Сауат пен жазудың білім негізі болғанындай, «баяғыда-ақ» деген сөз сенімнің негізін меңзейді.

Өміріміз нағыз мәсіхшілік өмір болуы үшін мәңгілік үкімделу неліктен бастапқы доктрина болып табылатынын қысқаша қарастырамыз. Қарастырылып отырған тақырыпты толық ұғыну үшін кітапты оқу барысында осыны есте ұстаңыз.

Тозақ – көркем теңеу ме, шындық па?

Осы кітапты жазарда мені бір ой қатты мазалады. «Бүгінгі шешімі ертеңгі мәңгі тағдырына ықпал ететінін, бүгінгі өміріміз Үкім шығарушының алдында таразыланып, болашағымыздың қандай боларын көрсететінін ертеңін ойламайтын мына замандастарыма қалай айтып жеткізе аламын?» Бірнеше күннен кейін, мінәжат етіп отырғанымда, жауап келді: Иса астарлы әңгімелер айтып отырып, тыңдаушыларының санасына рухани ақиқатты жеткізетін. Аффабель жайлы аллегориялық әңгіме осылай туындады.

Кітапты жазу барысында, соттың өтуін, кейіпкерлерімнің Лоун жерінде мәңгі жазалануын суреттеуге жеткенімде, жан-дүнием қатты толқыды. Үшінші тараудың аяқ жағын жексенбі күнінің кешінде, іссапардан қайтып келе жатып, ұшақта отырып жаздым. Сол күні мен үш жиналыста уағыз айтқан болатынмын. Серіктерім тәтті ұйқыда жатыр, мен болсам, тоқтай алар емеспін.

Үйіме түн ортасы ауа жеттім. Күндердің күнінде күкіртпен жанып тұрған отты көлден бір-ақ шығатындарды уайымдап көз ілмедім. Ондай адамдар көп болатынын Иса айтқан:

«Тар қақпадан кіріңдер! Тозаққа апаратын қақпа кең, жол да даңғыл. Онымен көп адамдар жүреді. Ал шынайы өмірге апаратын қақпа да, жол да тар. Соны біразы ғана табады» (Матай жазған ізгі хабар 7:13, 14).

Біреді жыл бұрын Ізгі Хабар айту үшін Оңтүстік Африкадағы қатаң тәртіп колониясына барғаным төсегімде жатқанымда есіме түсті. Сол сұмдық түрмеде көргендерім есіме түсті: мұңкіген сасық иіс, әрқайсысында жиырма-отыз шақты ер адам иық тіресе отырған тар камералар, қабырғада ілулі тұрған мүшеқаптар, – өзім куә болған масқаралардың бір бөлігі ғана. Бұрын Америкадағы түрмелерде бірнеше рет қызмет еткенім бар. Бірақ мынадай жан түршігер жағдайды бұрын-соңды көрген емеспін. Біздің түрмелер әлгі түрменің жанында ауылдағы клуб дерсің.

Сондай адам төзгісіз жағдайға қырық-елу жыл емес, тіпті бір апта қалай шыдауға болатынын түсінбеймін. Қамалғандардың көбісі – өмір бойғы жазаға кесілгендер. Иса Мәсіхке сенбейтіндердің жүзінен үмітсіздік нышаны көрінеді. Олардың «Бір күні мен о дүниеге аттаным да, осы жерден ақыры шығармын», – деген ойын естіп тұрғандай болдым. Ажалдың құпия сыры, ар жақтағы белгісіздік бір жағынан үрейлі. Осының бәрі шынында да өте қорқынышты. Олар үмітсіздік пен дәрменсіздікке шырмалған жандар еді. Бас бостандығынан айырылып, осындай жерге өмірінің соңына дейін қамалу деген нағыз азап.

Сол жерде тұрып: барып тұрған жексұрын жер болса да, бұл түрме тозақтан әлдеқайда артық деп ойладым. Қамаудағылардың айналасында басқа адамдар бар. Тар терезенің торынан түсіп тұрған күн сәулесін көреді. Тозақтағы адамда

ешбір серік жоқ, сөнбес жалыннан басқа ешбір жарықты да көрмейді. Ол қапасқа түскен адам ешқашан да босап шықпайды, азабы бітпейді! Тозаққа түскен адамдарда «осы жерден бір күні шығармын» деген үміт жоқ. Олардың жазасы – *мәңгі жаза!*

Исаның ілімінде тозақ туралы ұғым маңызды орын алды. Ол туралы Иса қауым мінбесінен қазіргі айтылып жүргенінен әлдеқайда жиі айтқан. Осынау таусылмас азап жайлы айтқандағы мақсаты – Өзін қатігез етіп көрсету емес, Мейірімді Бағушы ретінде бізді алдын ала ескертіп, тозаққа түсуден сақтап қалу. Исаның әрбір ісі, әрбір сөзі бізге деген сүйіспеншілік пен жанашырлыққа толы жүрегінен шыққан еді. Демек, тозақ туралы айтқанда да жанашырлықпен айтқан. Ал енді, ағайын, бүгінгі біздің сол мәселені айтпай, шындықты бүгіп қалғанымыз сүйіспеншілікке жатады ма? Адамдарға деген қамқорлығымыз осы ма?

Тозақтың Киелі Жазбада бірнеше аты бар. *Шеол* (бұл сөз Көне Өсиетте ғана кездеседі), *тозақ*, *көр* – өлілердің уақытша, жердегі тіршілік пен мәңгілік арасындағы қамауы. *Геенна*, *отты көл* – мәңгі тозақ. Уақытша, екі арадағы жаза мен мәңгі жазаның арасындағы айырмашылыққа қысқа ғана шолу жасайық.

Қазіргі қоғамда тозақ деген – нақты бар орын емес, жай ғана көркем теңеу, әсерлі бейне деген пікір кең тараған. Алайда Киелі Жазбаның айтуынша, тозақ дегеніміз – шындығында да бар, нақты орын. Руларды санау кітабында (16-тарау) жер қақ айырылып, үш отбасын дүйім жұрттың көз алдында барлық дүние-мүлкімен қоса жұтып қойды. Жаңа Өсиетте Мәсікке қарсы шығушы мен оның жалған пайғамбары туралы «екеуі де күкірт жанып жатқан, мәңгі сөнбейтін отты көлге (яғни тозақ отына) тірідей лақтырылды» делінген (Аян 19:20). Өлгеннен кейін олардың жаны ғана емес, тәндік денесі мен жаны отты көлге түсті.

Мейірімсіз бай мен мүсәпір Елазар

Лұқа жазған ізгі хабарда Иса бір бай адамның өмірінен орын алған оқиғаны әңгімелейді. Аталмыш бай – өзімшіл, қара басының қамын ойлаған адам. Үйінің жанында тізерлеп тұрып күнде қайыр сұрайтын мүсәпірді менсінбейді. Бұл – астарлы әңгіме емес. Себебі, Иса сөзін «бір кісі бай болып, ... салтанат құрып көңіл көтеретін» деп бастайды. Екіншіден, Ол бұл әңгімесінде Ыбырайым туралы айтады және қайыршының атын нақты атайды. Астарлы әңгімелерінде Иса адамдардың атын атап айтпайтын еді.

Ақыры мүсәпір қайтыс болып, періштелер оны Ыбырайым пайғамбардың қасына апарып салады. Ол жер – Көне Өсиет заманында өмір сүрген қасиеттілердің жұбаныш пен тыныштық табатын жері. Иса оларға көктегі Құдайдың құзырына жол ашып бергенше сонда болмақ. Бай да өліп, қабірге қойылады. Өлгеннен соң ол тозаққа түсті:

«Ол о дүниеде азап шегіп жүріп, басын көтеріп қарағанда алыстан Ыбырайым мен оның қасында жантайған Елазарды көреді. Содан ол қатты дауыспен:

– Ыбырайым ата, маған қайырым қылып, Елазарды жібере көріңіз! Ол бармағының ұшын суға малып алып, тілімді салқындатсын. Мына жалынды отта қатты қиналып жатырмын, – деп жалбарынады» (Лұқа жазған ізгі хабар 16:23, 24).

Байдың қатты азап шегіп қиналғанына назар аударыңыз. Байдың азабын суреттеу үшін басқа аудармаларда *жанталас*, *агония*, *тақсірет* деген сөздер қолданылған. Тозақ – тоқтаусыз, бітпес азаптың орны. Бай, Ыбырайым, Елазар үшеуі де бірін-бірі танығанына көңіл аударыңыз. О дүниедегілердің эмоциялары, ойлары, ниеттері, көңілдері, сырт пішіндері қазіргі кейпіне ұқсас күйінде қалады. Әлгі кісінің есту, көру, сезіну қабілеттері сол күйінде. «Тілімді салқындатсын» деген өтінішінен тәні бар екенін байқаймыз. Иса то-

заққа тәннің де, жанның да түсетінін айтқан (Матай жазған Ізгі хабар 10:28 қараңыз).

Басқа сөзбен айтқанда, тозақтағы адамның тәні от пен құрттан таусылмас азап шегетін болады.

Біздің хикаямыздағы Лоунда қамалғандардай, бай да рақым сұрап жалбарынды. Тозаққа кіретін есік бар да, шығатын есік жоқ! Ешкім де тозаққа барып, ондағыларды жеңілдікті қанша аңсаса да, жұбатпайды. Осы шындықты толықтай ұғынып, санаға сыйғызу мүмкін болмас, сірә. Ыбырайым байдың есіне салды: «... сендер мен біздің арамызға терең шыңырау орнатылған. Бұл жерден сендерге барғысы келгендер (*сендерді жұбату үшін*) өтіп бара алмайды, ар жақтан бізге де өтіп келе алмайды» (Лұқа жазған Ізгі хабар 16:26, автордың курсиві). Менің бір танысым тозақта болып, өз көзімен көрген. Ондағылардың әрқайсысы адам төзгісіз азабын айтып, жан ұшыра айқалайды екен.

Әрі қарай оқиық. Бай тағы да жалбарынады:

«Бірақ Ыбырайым былай деп жауап береді: – Ей, балам, есіңе түсірші: сен өмірінде әрдайым жақсылық көріп рақаттандың, ал Елазар ауыртпалық көріп, азап шегіп жүрді. Енді ол мұнда жұбанып тапса, сен онда қиналып жатырсың... Сонда ол: – Ата, олай болса, сізден сұраймын: Елазарды әкемнің үйіне жібере көріңіз! Себебі бес інім бар, соларға барып, олардың да осы азапты жерге түспеулері үшін мықтап ескертіп куәлік етсін, – деп өтінеді» (Лұқа жазған ізгі хабар 16:25,27,28).

Қайғы-қасірет тартқан адам дос-жараннан жұбанып іздейтінін білеміз. Олай болса, бай неге туыстарының өзімен бірге болуын қаламайды? Оның жауабы: тозақта қарым-қатынас, жолдастық деген атымен жоқ. Кейбір адамдар тозақта зор сауық-сайран болады деп, енді біреулер тозақта достарыммен бірге боламын ғой деп өзін-өзі алдаусыратады. Ол рас болса, әлгі бай жақындарын жанынан көруді қалайтын еді.

Алайда, оның бар тілегі – олардың мұнда келмеуі. Тозақ – барып тұрған, тұтастай жалғыздық пен үмітсіздік жайлаған

жер. Әрі ондағылар ештеңені ешқашан ұмытпайды. Азаптың ауыры сол ма деймін.

Ыбырайым байдың жалбарына сұрағанына не деп жауап бергенін оқып көрейік:

«Ыбырайым: Мұса мен өзге пайғамбарлардың жазбалары оларда бар ғой, соларға құлақ ассын! Жоқ, Ыбырайым ата! Егер өлгендердің біреуі барса, онда олар теріс жолдан қайтады, – деп жалынады ол. Сонда Ыбырайым оған: Олар Мұса мен өзге пайғамбарларға құлақ аспағанда, өлгендердің біреуі тіріліп, барса да, сенбейді» (Лұқа жазған ізгі хабар 16:29-31).

Осы сөзде көп мән жатыр. Бір кереметті (тылсым, табиғаттан тыс ғажайыпты) көрсем, Ізгі хабардың ақиқаттығына көзім жетер еді дейтіндер бар. Алайда, Иса Құдайдың сөзінен асқан құдірет жоқ екенін көрсетті. Ақырына дейін Құдайға адал болуға қажет сенім Құдайдың сөзінен ғана туындайды. Мені дұрыс түсініңіз. Кереметер (тылсым, табиғаттан тыс ғажайыптар) адамда қорқыныш сезімін туғызады, кереметті басынан кешірген адамның өміріндегі өзгерістер өткінші, қысқа ғана болады. Кереметтің куәсі болу тұрақты сенімге, түбегейлі өзгеріске жеткізбейді.

Жас шағымда әкеме еріп, Чарлтон Хестон деген актер түскен «Он өсиет» атты фильмді көруге бардым. Ол кезде мен Құдаймен ісі жоқ, сауық кештерінен жалықпайтын бозбаламын. Үлкен экраннан көз алмай қарап отырмын. Жер қақ айырылып, адамдардың тозаққа тірідей түскені әлі есімде. Сол фильм орасан зор әсер қалдырды. Бір апта бойы жаңаша өмір сүруге тырыстым. Содан соң баяғы сарыныма қайта түстім. Неге дейсіз ғой? Өйткені мен Құдайдың сөзін естіген жоқпын, тәубе етіп теріс жолдан қайтқан жоқпын, өмірімді Исаға арнаған жоқпын, олай болса, Иеміздің рақымы мені өзгерте алған жоқ.

Өзімнің де, достарымның да басынан өткен, ұмытылмас әсер қалдырған жағдайлар болды, бірақ сол керемет жайттар арқылы ешқайсымыз да құтқарылған жоқпыз.

Бөлмеме өзіммен бірге оқитын жігіт келіп, Құдайдың сөзі, Ізгі хабармен таныстырғанша өмірімде өзгеріс болған жоқ. Бізге: «Сонымен, сенім хабарды естуден келеді, ал естудің өзі Мәсіхтің сөзін жариялаудан болады» (Римдіктерге арналған хат 10:17) және «Рухани қайта туылып, жаңа өмірге иесіңдер ғой. Бұл шіріп кететін табиғи тұқым арқылы жүзеге асқан жоқ. Қайта, сендер ешқашан құрымайтын «рухани тұқым» – Құдайдың өмір беретін мәңгілік сөзін қабылдағанда, қайта туылып жаңа өмірге ие болдыңдар» (Петірдің бірінші хаты 1:23) деп айтылған. Сондықтан, басымыздан өткен жайттарды, алған әсерімізді емес, Құдайдың сөзін уағыздауымыз маңызды.

Жоғарыда айтылғанды нақтылап, негізгі ойымды тұжырымдайын: *Құдайдың сөзін сүйемелдеп, әсерін күшейте түсетін болса, ондай кереметтер өте орынды, тіпті, қажет.* Куәліктер Ізгі хабар таратуда зор септігін тигізеді, алайда, Құдайдың сөзін қабылдау мен оған сенудің арқасында ғана мәңгі өмір сүреміз.

«Мұнда неге келдім?»

Киелі жазбада оқығанымызды толықтыратын куәлікті сіздермен бөліспекпін. Бір досымыздың үйінде дастархан басында отырғанымызда ол жас кезінде басынан өткен бір оқиғаны айтып берді. Досымыздың жастық шағы Кариб аралдарында өтіпті. Жаңбыр маусымы болатын. Бір күні ол жаңбырдың суы жиналатын шұңқырға құлайды. Өзі жүзе алмайды екен. Ағасы шұңқырға секіріп інісін құтқармақ болады. Қолынан келмеген соң, судан шығып, көмекке біреуді шақырмақ боп жүгіріп кетеді. Көмек жеткенде әлгі жігіттің жан тапсырғанына жарты сағаттай болыпты.

Жаны денесінен шығып кеткенде, ол көру, есту, сезу қабілеттерінің бірінен де айырылмапты. Төмен қарай, қа-

раңғы түнекке құлдырап құлап бара жатқанын сезді. Қараңғылықтың қалыңдығы сонша, алға созған өз қолы да көрінбейді. Өзін түнек шырмап алғандай сезінді.

Қоқыққаны сонша, одан асқан қорқыныш болмайтындай еді. Дегенмен, тереңге құлаған сайын үрейі де зорая түсті. «Жер басып жүргенімде ондай қорқынышты сезіп көрген емеспін, айтып жеткізгісіз қорқыныш! Бір кезде жалындаған от көрдім де, тозаққа жақындап келе жатқанымды түсіндім. «Мұнда неге келдім? Мен мәсіхшімін ғой!» – деп жан ұшыра айқайладым». Әке-шешесі Құдайға бағышталған сенуші болатын, өзі қауымға амалсыздан баратын еді.

Содан кейін ол үрей мен азаптың ащы айқайын естіді. Оның сөзі есімнен кетпейді: «Джон, Лиза, айқайды бәріміз де естігенбіз. Алайда, менің естігенім – төбе шашыңды тік тұрғызып, тұла бойыңды мұздатып жіберер жан айқайы! Содан соң бір қабыршақты мақұлыққа кез болдым. Ол маған тап берді. Әлгі «бері жақында, сен менікісің» деп қайталай береді. Мақұлықпен алыстым. Алғашында қорыққанымнан тілім байланып қалды. Сосын «жібер, жібер» деп айқайлаумен болдым.

Кенет есімді жидым. Тәніме қайтып оралған екенмін. Тамағыма саусағын тығып жіберген дәрігермен алысып, айқайлап жатыр екенмін. Сол сәтте анам аурухана дәлізінде отырып, Құдайға: «Құдай Әке, ұлымды қайтарып берсең, мен оны саған мәңгіге бағыштаймын!» – деп жалбарыныпты. Кейінірек сол досымыз Кариб аралдарында қызмет бастағандардың бірі болды.

Осы әңгіменің рас-өтірігіне күмәндануыңыз мүмкін, дегенмен, осыған ұқсас жайттарды басынан кешкен адамдар көп. Клиникалық өлімге бәрімізден де жиі куә болатын – дәрігерлер. Сондықтан олардың арасында клиникалық өлімді зерттеген мамандар көп.

Солардың бірі – Мелвин Морс атты дәрігер. Ол клиникалық өлімді басынан өткізген балаларды зерттейді. Ол

3 жастан 16 жасқа дейінгі балалардың екі тобын зерттеді. Бірінші топта өлімалды халде болған, бірақ клиникалық өлім халінде болмаған 121 бала.

Бұлар реанимацияда жатқанда, жасанды тыныс аппаратының немесе өте күшті дәрі-дәрмектің көмегімен жаны сақталып қалды. Бұл науқастардың ешқайсысы да жаны денесінен шыққаны туралы айтқан жоқ.

Екінші топтағы балалардың жасы да 3 жастан 16 жасқа дейінгі аралықта. Бұлар – жүрегі тоқтап, клиникалық өлімді басынан кешкен балалар (суға тұншыққан, жол апатына душар болған және т. б.). Осылардың он екісі де жанының денесінен шыққанын айтады. Олардың кейбіреуі өз денесін сыртынан көрген, дәрігерлерге денесі өлі күйде жатқанда өздері қандай күйде болғанын айтып берген.

Біздің досымыздың айтқаны жай елес болар деп ойлаңыз. Алайда, екінші топта жүргізілген зерттеу ол ойыңызды жоққа шығарады. Оның үстіне, жарты сағат өлі жатқан адам елес көруші ме еді?

Тозақ пен отты көлді салыстыру

Өлім халінде болып қайтқандар тәрізді, біздің досымыз да, тозақ деп аталатын азап орнын көрген. Тозақ – құтқарылудан құр қалғандардың үлкен ақ тақтың алдындағы Сотты күтетін орны. Олар тозақта мәңгі қалмайды. Күнәарлар мен жындардың, жолдан тайған періштелердің соттан кейін барып, мәңгі қалатын *жері отты* көл деп аталады. Мұны Киелі жазбадан анық көруге болады:

«Бұдан кейін мен бір үлкен ақ түсті тақты және оның үстінде Отырғанды көрдім. ...Теңізде қаза тапқандар да, жалпы, ажалға ұшырап, о дүниеге аттанғандардың бәрі де қайта тірілді. Олар өздерінің іс-әрекеттері бойынша сотталды. Бұдан кейін ажал мен о дүние тозақ отына лақтырылды. Тозақ оты «екінші өлім» деп те аталады. Кімнің есімі «Мәңгілік өмір кіта-

бында» жазылмаған болса, сол да тозақ отына лақтырылды» (Аян 20:11,13 – 15).

Әуелі ескерте кетейін дегенім, уақытша азап орны – тозақтағылардың барлығы соттың алдына келеді. Сот өткеннен кейін кінәлілер мен Құдайдың заңына бағынбай өмір сүргендердің барлығы да, жолдан тайған періштелер де, тозақтың өзі де отты көлге лақтырылады.

Отты көлді көрген қыз

Лиза екеуіміз бір жақсы ерлі-зайыпты кісілермен көптен бері доспыз. Олардың ұлты – грек. Әйелдің аты Джой. Ол – әулетіндегі Құдайға қызмет еткен үшінші буын. Оның әжесі Грецияда туып өскен. Ол кісі жастайынан Құдайды іздей бастаған екен. Оның сұрақтары жұртқа әпенділеу көрінетін де, жауапсыз қалатын. Қауымға барғысы келгенде үлкендер оған «Құдай жоқ» немесе «Осы сандырағыңды қойшы» дейді екен.

Бір күні гректің ұлттық мерекесінде достарымен бірге халық биін билеп жүріп ол: «Ефросинья, мәңгіліктің биі туралы ойлан», – деген дауысты естиді.

Қыз шошып кетеді. «Бұл кімнің даусы болды екен?» – деп қатты таңырқайды. Ол шындықты білуге асығып би алаңынан жүгіріп үйіне кетеді. Жолай иығын жанши басқан белгісіз бір ауыртпалықты сезінеді.

Бөлмесіне жүгіре басып кірді де, еңіреп қоя берді. Осы дауыстың Иесімен сөйлесуді армандады. Бұл кімнің даусы? Не деген сөздер? Не айтқысы келді? Ойын мазалаған осы сұрақтар тізесі жерге тиісімен сап тыйылды. Сол сәт бөлмесін алып кеткен жалынға батқандай болды. Шалқасынан құлап жатып аян көрді.

Аппақ киім киген періште көрінді. Ол Ефросиньяны көтеріп, бұлыңғыр тұманды жерге алып келді де жерге түсірді.

Анықтап қарады да, Голгофаның алдында тұрғанын түсініп, қайран қалды. Иса айқышқа шегеленген, жарала-

рынан қан тамшылайды. Жүзінде – адам төзгісіз азаптың нышаны.

Сол сәтте Ефросиньяның құлағына алыстан естілген көп адамның шыңғыра айқайлаған дауысы жетті. Жалт бұрылып, екі жағы құз, терең сайды көрді. Ар жағы – жалындаған дүлей от. Ұшы-қиыры жоқ отты теңіз дерсің. Әлгі дауыстар – Құдайға қарғыс жаудыра айқайлаған адамдардың дауысы екен. Сәлден соң өзін сол құзға қарай итерген күшті сезді. Сол дауыс: «Сенің орның – сол», – деді.

Үрейлене қорқып, рақым сұрап, жалбарына жылады. Иығын басқан ауыр жүгін көтерген күйі айқыштың түбіне сұлап түсті. Қанша уақыт өткені белгісіз, бір кезде сүйіспеншілік пен жанашырлыққа толы дауыс тағы естілді: «Ол осыны сен үшін істеді! Ол сен үшін жанын қиды! Кешірім сұрап, Оның құрбандығына сенсең, отты көлге бармайсың!»

Осы сөзден кейін Ефросинья одан сайын егіле жылады. Естіген сөзіне сол сәт жауап берді. Ол кешірім сұрады. Сонда иығын басқан ауыр жүк жерге құлап, айқыштың түбінде қалды. Басын көтерсе, алдында салтанатты киінген Иса тұр екен.

Ол Ефросиньяны көтеріп ғажайып табиғат аясына алып кетті. Енді ол Исамен ойша сөйлесті. Ефросинья сұрақ қояды, Иса оған жауап береді. Бұл бір ғанибет еді! Қайда бара жатқандарын сұрап еді, Иса: «Көктегі Әкемен кездесуге!» – деп жауап берді.

Қырдың басына шығып еді, керемет қаланың жарқыраған қақпасы көрінді. Жан-жақтан ғажайып әуен мен ән естілді. Ән салып тұрған – ағаштар мен гүлдер екен. Қаланың қақпасына бірге кірді. Шаһардың сәулеті сөзбен айтып жеткізгісіз!

Олар тікелей тақтың алдына барды. Ефросинья шұғыла жамылған Құдайдың жүзін көре алмады, алайда ол үлкен кітапты және Құдайдың жүзін жасырып тұрған жарық нұрдың ішінен көрінген қолды көрді. Қол жаза бастады. Жазылған сөзді анықтап көру үшін сәл еңкейіп еді, Өмір Кітабы-

на жазылған өз атын оқыды! (Ол кітап жайында сол уақытта тіпті бейхабар болса да).

Көктегі Әке оның есімін Өмір Кітабына жазды да, «Отбасына хош келдің!» – деді. Әке маңдайынан сүйген сәтте ол періштелердің айнала тұрып, шаттана әндетіп, билей жөнелгендерін көрді. Періштелер Ефросиньяның атын әнге қосты, оны анық естіді. Ефросинья қосылып биледі. Құдайдың мәңгілік би туралы айтқаны сонда есіне түсті. Періштелердің шаттана тойлағандары – өзінің құтқарылуы екенін Ефросинья кейінірек түсінді.

Біраздан соң Құдай оған маңызды тапсырмасы барын, сол себепті жердегі тіршілікке қайта оралуы қажет екенін айтты. Ол Құдайдың атына бола қудалау көреді, алайда, Құдай оны жалғыз қалдырмайды, тапсырма орындалғаннан кейін ол қайта оралып, Әкесінің жанында мәңгі болмақ.

Келесі сәтте ол өз бөлмесінде есін жиды. Соншалықты ғажап саяхаттан кейін жерге оралып, көңілі құлазыды, бірақ амал қайсы.

Ефросинья тұратын қалашықта осы оғаш оқиға туралы қауесет тарағанда қудалау да басталды. Ең алдымен өз әкесі көрген аяныңнан бас тартпасаң, басыңды балтамен шабамын деп қорқытты. Ефросинья болған оқиғаны ешқашан да жоққа шығара алмайтынын айтты.

Қудалау күшейе берді. Бірде, түн ішінде әпкесі мынадай хабар әкелді: ауыл адамдары таң атысымен Ефросиньяны ұстап, орталық алаңға сүйремек.

Ондағы грек православиелік шіркеуінен Құдайана иконасын алып шығып, Ефросиньяны соның алдында тізе бүктірмек. Иконаға бас ұрып, табынып сүймесе, Ефросиньяның үстіне бензин төгіп өртеп жібермек.

Осы пиғылдарын шынымен де жүзеге асыратындарына Ефросинья сене қойған жоқ. Алайда, көршілері сол іске шынымен бел буса керек, түнде періште келіп, қызды иығынан түртіп ұйқысынан оятты. Ефросиньяның оянғанына көзі

жеткен соң киініп есіктен шық деді. Қыз періштенің айтқанын екі етпеді. Үйдің табалдырығын аттасымен, біреу оны көтеріп алып кетті. Өз үйінен бірнеше шақырым жердегі деревнядан, қауіпсіз жерден бір-ақ шықты.

Ақылға симайтын азап

Джойдың әжесі тозақты емес, «екінші өлім» деп аталатын отты көлді көрді. Оның өмірінің өзгерген себебі – ол Исаға шын ниетімен еруді таңдады. Киелі жазба:

«Алайда қорқақтар, сенімсіздер, зұлымдар, кісі өлтіргендер, азғындар, сиқыршылар, жалған тәңірге құлшылық етушілер және бүкіл өтірікшілердің алатын үлестері күкірт жанып тұрған отты көлде болмақ. Бұл – ‘екінші өлім’» (Аян 21:8), – дейді.

Назар аударыңыз, бұл көл – күкірт жанып тұрған отты көл. Күкірт – жанғанда өте қатты қызу бөліп шығаратын, сасық иісті зат. Тозақ туралы айтқандардың көбісі сол мүңкіген сасықты «адам төзгісіз» деп суреттейді. Шынында да, тозаққа барып қайтқан адамдар ондағы үрей мен азапты суреттеуге тіл жетпейді дейді.

Екінші өлім деген сөзге де көңіл аударыңыз. «(Еститін) Құлағы барлар Киелі Рухтың қауымдарға (яғни, Оның сенбеуші адамдарға емес, қауымдарға айтпағын) айтқандарын жақсылап тыңдап алсын! Жеңіп шыққан әркім «екінші өлімнен» зиян көрмейді» (Аян 2:11).

Осы сөзді Оның қауымдарға айтып тұрғаны оғаш көрінетін сияқты. Мынаны есте сақтаңыз: отты көлде адамдардың үш түрі болады: біріншіден, Құдайдан бас тартқан сенушілер, екіншіден, Оған адал болмағандар, үшіншіден, Құдайды танымайтындар. Алдыңғы екі топқа кіретіндер кезінде қауым мүшесі болған.

Хикаямыздың алғашқы үш кейіпкерін еске алайық: Жасқаншақ, Алданған, Тәуелсіз. Олардың екеуі Эндель мек-

тебінде өте белсенді болған. Мектеп – қауымның баламасы. Сәлден кейін осыны егжей-тегжейлі талдаймыз.

Екінші өлім – отты көлдегі мәңгілікке созылатын ащы азап. Бірінші тарауда айтқанымыз есіңізде болар, мәңгілікке созылады дегеніміз – ғасырлардан ғасырларға, ешқашан бітпейтін, соңы жоқ, таусылмас, одан азат болу мүмкін емес деген сөз! Кейбіреулердің ойынша, барлық нәрсенің әйтуір бір соңы болады. Алайда, бұл қате пікір, Құдайдың сөзіне кереғар: «...Олар сонда күні-түні мәңгілік азап шегетін болады» (Аян 20:10).

Азаптың ешқашан бітпейтінін көрсету үшін Иса Оның Сөзіне бағынбайтындар туралы былай дейді: «Сонымен бұлар *мәңгілік азап шегуге* кетеді. Ал әділдер мәңгілік өмірге ие болады» (Матай жазған ізгі хабар 25:46).

Мәңгілік азап деген сөзге назар аударыңыз. Басқа сөзбен айтқанда, жаза ешқашан бітпейді, ол мәңгі тоқтамайды! Иса бізге былай дейді:

«Егер де сені көзің (секілді өте құнды нәрсең) күнәға азғырса, ол сен үшін ойып тасталған сияқты жоқ болсын. «Екі көзіңмен» тозаққа лақтырылғаннан гөрі «сыңар көзбен» Құдайдың Патшалығына кіргенің артық болар еді» (Марқа жазған ізгі хабар 9:47).

Осы үзіндіден көріп тұрғанымыздай, Ол мұнда отты көл, геенна туралы айтады. Басқа аудармада осы аяттар қалай жазылғанын қарастырайық:

«Егер де көзің (секілді өте құнды нәрсең) сеніміңнен айырылуыңа себеп болса, ол сен үшін ойып тасталған сияқты жоқ болсын. «Екі көзіңмен» тозаққа лақтырылғаннан гөрі «сыңар көзбен» Құдайдың Патшалығына кіргенің артық болар еді. Тоzaқта ‘тәндерін кеміретін құрттар өлмейді, жалындаған от та сөнбейді’» (Марқа жазған ізгі хабар 9:47, 48).

Мынаған назар аударыңыз: тәнді кеміретін құрттар өлмейді, демек, олардың кеміретін қорегі бар. Табиғатта болатын жайтпен салыстырайық. Адам қайтыс болып, денесі жер

қойнына тапсырылғаннан кейін, тәнін құрттар жейді де, құр сүйегі қалады, сонда құрттар да өледі. Гееннаның құрттары ешқашан өлмейді, себебі, олардың кеміретіні ешқашан таусылмайды. Тозақты көрген бір әйелдің айтуынша, тозақта өте үлкен құрттар бар, олар оттың ішінде шиыршық атып қиналып жатқан адамдардың тәнін кемірумен болады. Қанша уақыт өтсе де, солай жалғаса береді.

Иә, рас, тозақ – адам айтқысыз, ақылға қонбайтындай сұмдық жер! Алайда, бастапқыда Құдай отты көлді адамдар үшін жаратқан жоқ, сол есімізде болсын. Сол қорқынышты жерге баратындарға Иса былай дейді:

«Бұдан кейін Патша Өзінің сол жағындағыларға да былай деп үкім шығарады:

– Менен аулақ кетіндер, қарғыс атқандар! Шайтанға және оның хабаршыларына дайындалған мәңгілік тозақ отына түсіңдер!» (Матай жазған ізгі хабар 25:41).

Ол адамға емес, шайтан мен жолдан тайған періштелерге арналып дайындалған. Алайда шайтан адамдарды торына түсіріп, өзімен бірге ала кетпек. Аллегориялық әңгімемізден де соны көреміз. Ондағы кейіпкерлер Дагонның ықпалына түсіп, алданды. Сонда Дагонға ергендер Джейлиннің Дагонға деген қаһарына ұшырады.

Олай болмаса, Джейлин әділ патша болмас еді.

Мәңгі бақыт

Алдыңғы тарауларда Джейлиннің қаһары қандай болғанын көрдік. Киелі жазба: «Айуанға және оның мүсініне құлшылық етіп, өздерінің маңдайына не қолына оның таңбасын қабылдаған бәрі де Құдайдың ашу-ызасының «шарабынан ішуге» тиісті болады! Осы «шарап» Құдайдың қаһарының «тостағанына» еш сумен араластырылмай таза күйінде құйылды. Сол адамдар Құдайдың қасиетті періштелері мен

Тоқтының алдында сотталып, күкіртпен жанып тұрған отта азапталмақ. Олардың азабының түтіні мәңгі шығып жатпақ. Айуанға және оның мүсініне табынып және айуанның есімінің таңбасын қабылдағандарға күні-түні тыным болмайды» дейді (Аян 14:10-11).

Мұндағы мәңгі дегеніміз не? Мәңгілік жайлы бірінші тарауда айтқанымыз, шексіздікті түсінуге тырысып көргеніміз есіңізде ме? Шексіздікті санаға сыйғызып, түйсікпен түсіну қиын, жүрекпен ұғынуға ғана болады. Сондықтан Құдай Өзін тыңдаудан бас тартқан бүтіндей бір ұрпақты жоқтаған еді:

«Олардың Мені терең қастерлеп, өсиеттерімді түгел орындауға ниеттенген жүректері берік болса екен! Сонда олардың өздері де, ұрпақтары да *әрқашан* игілікті өмір сүретін болады» (Заңды қайталау 5:29).

«Әрқашан» деген сөзге көңіл аударыңыз. Шіркін, олар мәңгілікке ұмтылған болса ғой! Олардың іс-әрекеттеріне қозғау салатын – басқа нәрселер емес, жалғыз ғана мәңгілік болғанда, қалай болар еді! Құдай «Менің өсиеттерімді әрқашан орындаңдар» деді, «біраз уақыт» деген жоқ. Және де «Менің өсиеттерімнің кейбіреулерін әрқашан орындаңдар» деген жоқ. Жоқ, *әрқашан* және *барлығын* сақтауымыз қажет! Бізге Оның еркін толықтай, әрі әрқашан орындап жүру тапсырылған.

Бәлкім, сіз «мен Құдайдың өсиеттерін түгел орындап жүрген жоқпын. Құдайдың кәріне ұшырайтын болдым!» дерсіз. Иә, дұрыс айтасыз. Ешбір адам Құдайдың әділдік стандарттарына сай бола алмайды, сондықтан ешкім де Оның алдында ақтала алмайды. Құдайдың заңы осыны көрсетіп, дәлелдейді.

Қиямет сотының алдында тұрып: «Мен Сенің Патшалығыңа кіруге лайықты болардай өмір сүрдім, мәңгі жазаға лайық емеспін» деп ешкім де айта алмайды.

Әуел баста, Эдем бағында адам біліп тұрып, Құдайға бағынбай, тілазарлық танытты, сонда адам кемелдігінен айырылды, адамның бар болмысына күнә енді, содан бері адам

– күнәһар болмыстың құлы. Адам Құдайға опасыздық жасады да, шайтанның құлына айналды. Құл – дәрменсіз, шайтанның билігіне бағынышты, өзін-өзі құтқара да, азат ете де алмайды. Бала әке-шешесіне тартады, сондықтан күнәһар болмыс Адам атаның әрбір ұрпағына тарады.

Күнәға батқанына адам өзі кінәлі. Соған қарамастан, Құдай адамға деген кіршіксіз сүйіспеншілігіне бола, Құтқарушының келуін уәде етті. Сол Құтқарушы – Иса Мәсіх. Оның пәк Қыздан туатыны жүздеген жылдар бұрын айтылған болатын (Ишая 7:14). Оның Әкесі – Құдай, ал анасы – Дәуіттің ұрпағынан тараған Мәриям атты қыз. Дәл осылай болуы керек еді. Себебі, Исаның әкесі де, шешесі де адамдар болса, Ол да күнәһар болмысты мұра еткен күнәнің құлдығындағы Адамның ұрпағы болар еді. Кіршіксіз таза өмір сүре алмас еді де, сол себепті біздің күнәларымызды өтей алмас еді. Алайда, ол адам баласынан, әйел затынан адам боп тууға тиіс еді, себебі адам күнәсінің құнын адам өтеуге тиіс. Иса жүз пайыз адам да, жүз пайыз Құдай болатын. Айқышқа шегеленгенде Иса барлық күнәмызды Өзіне алды, біз үшін қанын төкті, күнәның құнын төлеп жанын қиды. Алайда, Ол пәк таза өмір сүргендіктен, Әке Оны өлімнен тірілтті де, Өзінің оң жағына отырғызды. Өзі пайғамбар, өзі Исаның арғы атасы, Дәуіт патша осының бәрі жүзеге аспастан мың жыл бұрын Иса айқышқа керілгеннен кейін не болатынын алдын-ала біліп, жазып қалдырған. Сол кісінің пайғамбарлық сөзін Петір елші Алғашқы өнім мейрамында келтірген болатын:

«Ал Дәуіт пайғамбар еді және оның тағына бір Ұрпағын отырғызуға Құдайдың өзіне ант еткенін білді. Сондықтан Дәуіт келешекке көз жіберіп, (өз Ұрпағы) Мәсіхтің қайта тірілуі туралы алдын ала айтқан болатын: Мәсіхтің жаны о дүниеге қиылмады, тозақта қалған жоқ, әрі Оның тәні шіріп кетпеді! Осы Исаны Құдай қайта тірілтіп алды, біз бәріміз соған куәміз!» (Елшілердің істері 2:30-32, орыспадан аударма).

Бізді азат ету үшін Иса қайта тірілді. Ол тозақта қалған жоқ делінген (Ағылшынша, орысша, т.б. тілдердегі Киелі Кітапта). Яғни, Исаның тозақта болғаны анық. Тозаққа Ол қашан барды? Айқышқа шегелену мен қайта тірілудің арасындағы әлдебір кезде. Біздің мәңгі жазаға кесілмеуіміз үшін Иса әрбіріміз үшін өлім мен тозаққа барды. Енді біз өзімізді өмірден бас тартып, өзімізді Оның билігіне толық бағындырсақ, қанын төгіп, жанын біз үшін қиғанына кәміл сенсек, сол арқылы күнәмыз кешіріліп, Құдайдың алдында ақталамыз. Міне, енді Құдайдың әділдігіне сай болдық, енді Оның алдына бара аламыз. Құдайдың аты мәңгі мадақталсын!

Сондықтан: «Себебі Құдайдың рақымымен, Мәсіхке деген сенімдерің арқылы құтқарылдыңдар. Бұл – өздеріңнің жетістіктерің емес, Құдайдан келген сый. Сондықтан игі істерімнің арқасында құтқарылдым деп ешкім мақтанбасын» (Ефестіктерге 2:8, 9) деп анық айтылған.

Егер сіз бұрын ешқашан күнәдан бас тартпаған болсаңыз, Құдайға бағынбай өмір сүргеніңізге өкініп, тәубе етпеген болсаңыз, өміріңізді Исаның билігіне толықтай бағындырмаған болсаңыз, онда осы кітаптың соңындағы Қосымшаны ашып оқыңыз. Онда Құдайдың адамды құтқару жөніндегі жоспары мен құтқарылу мінәжаты туралы түсіндірмелер бар. Сонда айтылғандай мінәжат етсеңіз, Иса Мәсіхті Иеңіз әрі Құтқарушыңыз ретінде қабылдай аласыз.

Кейінгі бірнеше бетте жазылғандармен сенушілер жақсы таныс. Алайда, келесі тарауларда айтылатын ақиқаттарды көптеген сенушілер егжей-тегжейлі түсіне бермейді екен. Шынтуайтына келгенде, өзін мәсіхші деп санайтындардың көбісі Киелі жазбадағы қарапайым ақиқаттармен танысып, қайран қалады. Әр мәсіхшінің рухани өсіп-жетілуі үшін мәңгі жазалану жайлы түбегейлі түсінік неге өте маңызды екенін келесі тарауларда көретін боламыз.

5-ТАРАУ

ӨТІРІККЕ ҮКІМ ШЫҒАРУ

*Ал сондай істермен айналысатындарды
Құдай әділдікпен соттайтынын білеміз.
— Римдіктерге арналған хат 2:2*

Иса бізді күнәмыздың мәңгі жазасынан құтқару үшін келді. Ол жаза бастапқыда шайтан мен оған ерушілерге арналған еді. Біз үшін қиылған Исаның өмірі Құдайдың ғажап сүйіспеншілігін көрсетеді.

Ойланып көріңізші: Құдай адамды, құрылық пен судағы жан-жануарды, ұшқан құсты, қыбырлаған жәндікті, жер беті мен әуені түгел жаратты. «Құдай Өзінің жаратқандарының бәріне қарап, өте жақсы екенін көрді» (Жаратылыстың басталуы 1:31). Содан соң Ол өзінің керемет жаратылысын сақтап, қорға деп адамның қолына тапсырды. «Заңғар көк – Жаратқанның иелігі, ал жер бетін Ол адамзатқа берді» (Забур 113:24) дейді жыршы. Құдайдың дұшпаны Люциферден өзін ғана емес, жаратылысты да қорғау – Адам атаның міндеті болатын.

Құдайдың қалауы – адамның робот тәрізді, ерікті таңдаудан кенде болуы емес. Құдайды сүю не сүймеуді, Оған бағынуды не бағынбауды ерікті түрде таңдай алатын болуы үшін бақтағы мыңдаған ағаштың арасында бір ерекше ағаш бар еді. «Құдай Ие адамға бұйрық беріп: «Саған бақтағы күллі ағаштардың жемістерін жеуге болады. Бірақ жақсылық пен жамандықты танытатын ағаштың жемісін жемейсің! Себебі одан жесең, сол күні өлесің», – деді» (Жаратылыстың басталуы 2:16, 17).

Құдайдың мұндағы айтқаны тәни өлім емес еді, адам ата осыдан кейін де көп жыл өмір сүрді, тілазарлығының жемісін сол сәтінде емес, уақыт өте көрді.

Құдайдың өмірінен ажырап, Люцифердің болмысы – өлімді қабылдайтынын айтқан еді.

Біраздан соң Люцифер Хауаға Құдайдың мінезін бұрмалап көрсетіп, Хауа ананы алдады. Ол амалын тауып, Хауаның назарын бақта молынан өсіп тұрған ағаштардан тыйым салынған жалғыз ағашқа аударып, соны көксетіп қойды. Хауа ана сол ағаштың жемісі көз тартарлық әдемі, жақсы екенін көрді де, дәмін татты. Енді ол Құдайды «беруші» Құдай емес, «тартып алушы» Құдай деп таныды. Алайда әлі де адамзат болмысына күнә енген жоқ-ты. Хауаның ісіне жұбайы қосылғаннан кейін ғана жаратылыс өлім болмысын қабылдады. Сондықтан, Адам атаның күнәсі ауыр. Хауа ана алданған болатын, ал Адам ата осы іске саналы түрде барды. (Тімөтеге арналған бірінші хат 2:14 қараңыз).

Осының нәтижесінде Адам атаның ғана емес, бүкіл жаратылыстың да болмысы сол сәт өлім болмысына айналды. Адам атаның күнә жасауына дейін аңдардың ешқайсысы да жыртқыш болған жоқ, басқа жануарларды қорек еткен жоқ, өлмейтін де. Жерсілкіну, аштық, апат, ауру-сырқау дегендер болған емес. Адам Құдай тапсырғанды сақтап қала алмағандықтан, осылар пайда болды. Енді адамзат қана емес, бүкіл жаратылыс та ажалды болды.

«Өйткені жаратылыс өз еркімен емес, Құдайдың үкімімен өткіншілікке бағынды. Солай бола тұра, Құдай бзге болашақта жаратылыс та өткіншіліктің құлдығынан босатылып, Құдайдың рухани балаларының салтанатты ұлылығы мен бостандығына жетеді деген үміт берді. Қазірге дейін бүкіл жаратылыстың толғақ азабы секілді бейнет шегіп, ыңқылдай күрсініп жатқанын білеміз» (Римдіктерге хат 8:20-22).

Табиғат өлім қарғысына өз еркімен емес, адамның Құдайға қарсы шығуының нәтижесінде ұшырады. Адам ата

қамқорлығына тапсырылғанды сақтап қалмады. Құдайдан ажырау мен өлім Люциферге тиісті жаза еді. Адам ата сол қарғысқа табиғатты да, өзін де, жұбайын да, үрім-бұтағы – адамзатты да ұшыратты.

Не деген сатқындық, не деген опасыздық десеңші! Құдай: «Сүйіп жаратқан, батамды берген адамым менен бас тартып, Люцифердің жолына түсті; еңдеше отты көлге кетсін. Ал Біз (Құдай Әке, Иса, Киелі рух) басынан бастаймыз – басқа әлемді жаратамыз, оған Өзімізге адал болатын, сүйіспеншілігімізге сүйіспеншілікпен жауап беретін жандарды қоныстандырамыз», – десе де болар еді.

Құдай солай етсе, шешімі әділ шешім болар еді. Алайда, ғажап сүйіспеншілігінің арқасында Ол басқаша әрекет етті. Күнәнің өзі барып түскен құлдығынан адамды азат ете алатын Құтқарушыны жіберетінін уәде етті. Құтқарушы – аспан мен жерді бірге жаратқан Өзінің Ұлы болмақ. Жазаға лайық бір де бір іс істемесе де, бізді шексіз сүйгендіктен Ол күнәнің сұмдық құнын өзі өтеп шықпақ. Бұл не деген ғажап сүйіспеншілік!

Голгофаның мақсаты осы еді. Сенбеушілердің «жүрегі сүйіспеншілікке толы Құдай Ізгі хабарды естімеген адамдарды қалай ғана тозаққа жібереді?» деген сұрағына мүдіріп қалатын сенушілерге таң қаламын. Менің жауабым мынау: «ол Құдайдың кесірі емес, өзіміздің жазығымыз». Адамзаттың азаттығы үшін адам айтқысыз қымбат құн төлеген Иса біздерге – Ізгі хабарды естіп қабылдағандарға сол хабарды жер жүзіне таратып, басқаларға да жеткізуді тапсырды. Құдай өзіне тиістісін түгелдей орындады, біз өз міндетімізді қалай орындағанымыз үшін есеп береміз!

Құдайдың болмысын қабылдаймыз

Исаның күнәміздің құнын өтегенінің арқасында біз айыптан азат болдық, сонымен қатар, Құдайдың болмысына ұқ-

сас, күнәдан азат болмысқа ие болдық. Адам өз өмірін Исаға бағыштаған сәттен бастап, тіпті жаңа адамға айналады.

«Мәсіхші болған адам – жаңадан жаратылған адам. Ол енді ескі адам болып қалмайды. Жаңа өмір басталды!» (Қорынттықтарға арналған екінші хат 5:17, ағылшыннан аударма)

Иса Мәсіхті Ием деп қабылдағанда ескі болмысымыз жойылады. Құдайдың көзқарасында ескі болмыс Исамен бірге айқышқа шегеленіп қаза болған. Ендігі жаңарған адамның болмысы – Құдайға тән болмыс. Осылай біз жоғарыдан туылып, қайта жаратыламыз. Бізге кезінде өмірін жүргізген күнәһар болмыстан азатпыз. Киелі жазба: «Демек, Мәсіхпен тығыз байланысқанда біздер Онымен бірге рухани «өліп, жерлендік». Сонымен, Құдай Әке Өзінің ұлы құдіретінің арқасында Мәсіхті өлімнен қайта тірілтіп, жаңа өмір бергендей, біз де енді жаңаша өмір сүруіміз керек! Себебі біз осылай рухани тұрғыдан Мәсіхпен бірге «өліп», күнәлі өмір салтымыздан біржола бас тартқан болсақ, енді өлімнен қайта тірілген Мәсіхпен тығыз байланыста тұрып жаңаша өмір сүрейік! Мынаны білеміз ғой: бұрын өзіміз кім болсақ, сол күнәкар болмысымыз Мәсіхпен бірге айқышта өлді. Осылай біздің күнә билеген болмысымыз күшінен айырылды, сондықтан енді күнәнің құлы емеспіз! Өйткені адам өлгенде күнәнің билігінен босатылады. Ендеше, біз Мәсіхпен бірге рухани өлгендіктен, Онымен байланыста өмір сүретінімізге де кәміл сенеміз» (Римдіктерге арналған хат 6:4, 6-8). Бұдан былай Адам атаның опаздығы арқылы бізді билеп алған күнәһар болмысқа емес, Мәсіхтің болмысына сай өмір сүре аламыз. Мәсіхшілер Исаны Ием деп қабылдамайтын адамды жек көрсе, мұны білімсіздіктің белгісі дер едім. Себебі, ондай адамды күнәһар болмысы билейді. Алайда, үнемі күнә жасап жүрген «сенуші» – оғаш, ақылға қонбайтын, сорақы көрініс. *Сенуші* деген сөзді тырнақшаға алып жазғанымда, Исаны Ием және Құтқарушым деп атайтын, шын мәнінде

Исаға өз өмірінен осы мәртебеге сай орын бермейтін адамды айтамын. Иса шынымен де оның Иесі болса, ондай адамның өмірінен Құдайдың болмысы көрінер еді. Иса сол турасында анық айтқан:

«Сол секілді, әрбір жақсы ағаш жақсы жеміс, ал жаман ағаш жаман жеміс береді. Жақсы ағаш нашар жеміс, нашар ағаш жақсы жеміс бере алмайды ғой. Ал жақсы жеміс бермейтін әр ағашты кесіп тастап, отқа жағады. Сол сияқты, адамдарды да «жемістерінен» танып білесіңдер» (Матай жазған Ізгі хабар 7:17-20).

Исаның сөзі – айнымас, анық сөз. Мәселе жемістің өзінде емес, ағаштың жеміс арқылы көрінетін болмысында. Мысалы, әлдебір бұтадан жақсы жидек тапсақ, осы өсімдіктің жемісі жеуге жарамды, жақсы бұта деп білеміз. Ал жидегі улы болып шықса, жаман бұта болғаны. Ағаштың беретін жемісі – сол ағаштың жақсы не жаман ағаш екенінің айқын дәлелі. Иса әлдебір адамның қаншалықты шынайы мәсіхші екенін сөзіне не тақуалығына, қауымға қаншалықты жиі барғанына қарап емес, ісіне қарап біліңдер дейді. Оның жемісі қандай, назары – осы дүниеде, ойлайтыны – қара басының қамы ма, әлде Құдай Патшалығы ма? Жохан елші өз хатында осы жайлы былай дейді:

«Осы күнәлі дүниені және ондағы еш нәрсені сүйеңдер! Осы дүниені сүйгендердің көктегі Әкеге сүйіспеншілігі жоқ. Себебі осы дүниеге тән нәрселердің бәрі: күнәкар адамның құмарлықтары, көзінің қомағайлығы әрі тұрмысына мастануы көктегі Әкеден емес, осы дүниеден бастау алған. Осы дүние мен оның ләззаты өткінші, ал Құдайдың еркін орындаушылар мәңгі өмір сүреді» (Жоханның бірінші хаты 2:15-17).

Баларымызды осыған сендіру үшін Лиза екеуіміз бірталай күш жұмсадық. Менің балаларым мәсіхшілік мектепте оқиды. Олардың қауымға қалмай баратын, өздерін мәсіхші деп санайтын сыныптастарының кейбірі Исаға ұқсай түсудің ор-

нына жоғарыда келтірілген үзіндідегідей өмір сүреді. Сыныптағы сол балалар Құдайдың еркін іздеуден, оны құлшына орындаудан гөрі өз қалауын орындауға бейім.

Осындай мысалдарды көптеп келтіре аламын. Бұл мәселе отбасында, кәсіпкерлер арасында, тіпті қауымдар мен қызметтерде де кездеседі. Өздерін мәсіхші деп санайтындардың арасында жемісі басқаны дәлелдейтін адамдар көп.

Әдеттегі «тәубе ету»

Исаны тәубе ету дұғасында бір рет «Ием» деп атасаң болды, мәңгіге құтқарылдың деп уағыздап, Ізгі хабарды бұрмалап жүрміз. Бұл Исаның іліміне кереғар. Иса былай дейді: «Маған: «Мырза, Ие!» дейтін әркім емес, көктегі Әкемнің еркін орындайтындар ғана Оның Патшалығына кіре алады» (Матай жазған Ізгі хабар 7:21).

Сыңаржақты уағыздардан, Құдайдың рақымы туралы өлеңдер мен кітаптардан басымызды алып, Киелі кітапқа ден қойсақ, осы күні уағыздалып жүрген Ізгі хабарға Исаның сөзі тіпті сай келмейтінін көрер едік. Тәубе ету дұғасын айтып, Исаны «Ием» деп атағанның барлығы Аспан Патшалығына кіреді деп сену – тіпті орынсыз. Құдайдың сөзі осыны анық айтады. Ал Аспан Патшалығына кірмегендердің барар жолы біреу-ақ, оны жоғарыдағы тараулардан көрдік.

Ізгі хабардың әдетте қалай уағыздалатынын қарастырайық. Уағыздаушы «Исаға кел де, батасын ал» деген тақырыпқа уағыз айтады. Ол Исаның бізге қуаныш, тыныштық, амандық, бақыт, құтқарылу, молшылық, т.б. беретінін айтады. Мені дұрыс түсініңіз. Құдайдың бізді жақсылыққа кенелткісі келетіні рас. Алайда, Иса ешқашан да беретін игіліктерін адамдарды қызықтырып, Өзіне еліктіру мақсатында пайдаланған емес.

Қырық бес минуттық жарнамадан кейін уағыздаушы тыңдармандарынан басын иіп отыруды сұрайды да, бү-

гін түнде жан тапсыратын болса, жаны қайда болатынын сұрайды. Жаңадан келген адамдарға көмектесу үшін «Жан-жағыңызға қарап, осы сұрақты басқаларға да қойыңыз» дейді. Сосын «Жаныңыздағы адам «жаным жәннатта болады» деп айта алмаса, қолынан жетектеп, алға шығарыңыз», – деген сөзді айтады.

Үміткерлер сахнаға қарай бара жатқанда «Құдайдың алдына бар болмысыңмен кел» дегендей өлең айтылады. Немесе үміткерлердің шығуы ду қол шапалақпен және салтанатты марш орындалуымен қарсы алынады. Алға шыққандарды уағыздаушы бастарын иіп мінәжат етуге шақырады. Ол шамамен мынадай мінәжат: «Әке, күнәһар екенімді мойындаймын, күнәларымды кешіре гөр. Иса, менің өміріме Ием әрі Құтқарушым болып келуіңді сұраймын. Мені Өз перзентің қылғаның үшін алғысымды айтамын. Исаның атымен, әумин».

Ду қол шапалақ, музыка, «жаңадан тәубе еткендер» өз орындарына «сол баяғы болмысымен» келіп отырады. Жалғыз өзгеріс, олар енді өтірікке сенеді. Тілазар өміріне өкініп, тәубеге келу, өзіншіл қалаулардан бас тарту, Құдайдың еркіне мойынсұну, Исаға толықтай бағышталу жайлы бір де бір сөз айтылған жоқ. Әлгі адамдар Исаны «Ием» деп аузымен айтқанымен, жүректерінде еш өзгеріс болған жоқ. Иса олардың Иесі емес, өмірінің бір бөлігі ғана болып қалды.

Сізге айтарым, Патшалардың Патшасы, Билеушілердің Билеушісі адам өміріне көптің бірі болып, екінші орынды иелену үшін, тіпті көп бақталастың ішіндегі озғаны болу үшін де келмейді. Ол келсе, біздің жүрегіміздегі орын үшін ешбір адаммен, ешбір затпен, ешбір іспен таласпай, жалғыз Патша болып келеді. Ол Ие, Мырза, яғни Құзырлы Иеміз әрі Қожайынымыз болуға тиіс, демек, енді біз өз өмірімізге өзіміз еге емеспіз.

Мәселен, үйленген жарыңыз басқа сүйіктілерін тастамайды, бірақ сіз бірінші орында боласыз дейік. Үйленерде солай келіскенсіздер. Осылай болуы мүмкін бе? Оған сіздің келі-

суіңіз, әрине, мүмкін емес. Сіз келіспесеңіз, Ғаламның Патшасы келіседі деп ойлайсыз ба? Ол «Сүйіктілерімнің ішіндегі ең сүйіктім – Сенсің» дейтін қалыңдықты алады ма? Бұл жағдайда неке келісімшарты болуы мүмкін емес, екеудің біреуі боп қосылуы қалай жүзеге аспақ? Бұл деген сорақы адасу!

Әлгі «жаңа сенушілер» өзімшіл өміріне айқыш ағаштың енуіне, сол арқылы жан-дүниесіне Исаның болмысының келіп орнауына жол бермеді. Олардың үміті – осы өмірінде игіліктерге қол жеткізу, кейін көкке бару. Уағыздаушы соны айтты ғой. Қызық болғанда, мәсіхшілерді қудалайтын елдерде Исаға келген адам енді өз өміріне еге болмайтынын түсініп келеді. Ал батыс елдеріндегі біздер Исаға игіліктерді иелену үшін және Аспан Патшалығына кіру үшін келеміз. Алайда, біз де дәл солай өмірімізден айырылуымыз керек.

Ізгі хабардың әлгіндегідей уағыздалуының салдарынан қазіргі таңда арамыздағы сенушілердің көбі адасып жүр. Жаңа «сенімінен» шабыт алған «жаңа сенушілер» қауымға келіп, іс-шараларға белсене араласады, Ізгі хабар таратуға қатысады, себебі, осының бәрі олар үшін жаңа да әсерлі. Жаңа клубқа кіру, спорттың басқа бір түрімен айналысу, жаңа жұмысқа орналасу, басқа мектепке ауысу сияқты жаңа істің бастамасы әрқашан да қызық та тартымды болады. Алайда, олар Исаның Өзіне шын берілген ізбасарларына бұйырғанын орындаған жоқ. Яғни, Исаға ергендегі кететін шығынды есептеп, өз мүддесінен бас тартып, өмірін толықтай Исаға қызмет етуге біржола арнауға шешім қабылдаған жоқ (Лұқа жазған ізгі хабар 14:27-33 қараңыз).

Жоғалтып барып, қайта иелену

Бұл айырбас, Оған өмірімізді бүтіндей беріп, есесіне Исаның өмірін (болмысын) қабылдауымыз керек. Иса бізге мынаны бірнеше қайталап айтады:

«Бұдан кейін Иса халықты және Өзінің шәкірттерін қасына шақырып алып, оларға мынаны айтты: ‘Маған еріп шәкіртім болғысы келген әркім өз еркі бойынша өмір сүруін қойсын (өз мүддесінен бас тартсын, өз қамын ғана ойлауды қойсын), әрі айқышын арқалаған кісідей азапты өлімге дайын болып Менің (шәкіртім әрі ізбасарым болып) жолыммен жүрсін (Менен мықтап ұстап)!» (Марқа жазған ізгі хабар 8:34, Кеңейтілген аударма)

Үнемі Исадан мықтап ұстап жүруге міндеттіміз. Құтқарылу дегеніміз – бір рет мінәжат етіп, Аспан Патшалығына кіруден үміті бар «жоғарыдан туылғандар» клубына кіргеннен басқа еш өзгеріссіз баяғы өмірге қайта оралу емес. Иса сөзін жалғастырып: «Себебі кім өмірімді сақтаймын десе, одан айырылады, ал өмірін Мен үшін және Ізгі хабар үшін қиған әркім оны (мәңгі) аман сақтап қалады» (Марқа жазған ізгі хабар 8:35) дейді. Кеңетілген аудармада осы аят былай жазылған: «...(жерде ғана кешетін) өмірін Мен үшін және Ізгі хабар үшін қиған әркім оны (Құдайдың мәңгі Патшалығындағы асқақ рухани өмірін) (мәңгі) аман сақтап қалады».

Бұл еш шартсыз айырбас. Біз өмірімізді иелену құқығын Оған беріп, өзімізді Оның еркіне толықтай бағындырамыз да, есесіне Құдайдың мәңгі өміріне ие боламыз. Осы күні айттылып жүрген Ізгі хабар Исаға ерудің осынау бір аса маңызды жағына үңіле қоймайды, өзімізге тиімді артықшылықтарына басым көңіл аударамыз. Шынтуайтына келгенде, *айқыштың тигізетін ықпалын* уағыздамай, о дүниедегі *қайта тірілуді* уағыздаймыз.

Осы жағдайды түсіндіру үшін бір мысал келтірейін. Әлдебір жас жігіт теледидардан әскерге ерікті түрде баруға шақыратын жарнаманы көрді делік. Ол экраннан керемет кеменің бортында тұрған өзі қатар жігіттің күлімдеген жүзін, үстіне қонымды әскери теңіз формасын көреді. Кеме көкпеңбек ашық аспан астында теңіз бетімен сырғи жүзіп

келеді. Жарнамада ел-елдегі порттар жылт етіп көрінеді. Осы ғажайыптың бәрі оп-оңай қолжетімді тәрізді.

Жігіт көп ойланбастан келісімшартқа қол қойып, әскер қатарына кіретін болады. Оның бар назары әскерге барудың артықшылықтарында болғандықтан, тіпті келісімшартты оқып әуре болмайды. Әлемді шарлап саяхаттауға, айбынды әскер қатарына кіруге, көптеген жаңа жолдас табуға мүмкіндік туғанына мәз.

Алайда, әдеттегі сағат тоғызға дейінгі ұйқысынан айырылған екен. Өзіне ұнайтын ұзын шашын қиып тастауға мәжбүр. Айына бір рет берілетін бірер күн демалыстан басқа уақытта әскери базадан табылуы керек, сондықтан ешқайда шыға алмайды. Бәрінен де қиыны – бос уақыттан жұрдай қалдыратын мына бір күн тәртібі. Бар уақыты дәретхана тазарту, жатақхананың іші-сыртын ретке келтіру, одан қалды ауыр жаттығулар жасау сияқты таусылмас шаруаларға кетеді. Бос уақыттың молдығынан айырылған ол жатарда төсегіне сұлап түседі.

Жігітіміздің жүрегі үмітке толы, аз уақыттан кейін кемеге баратынын біледі. Дайындық мерзімі өткен соң кемеге де келді. Бірақ оның қызметі сол қарқынды қалпында қала береді, жалғыз-ақ, ендігі еңбегі кемеді. Әскери қақтығыс басталады да, енді ол күтпеген жерден соғысқа араласып кетеді. Келісімшартқа қолын қойғанда соғысқа қатысамын деп қойған жоқ еді.

Өзі армандаған, бірақ өз бетінше қолы жетпес, оның үстіне тегін берілгелі тұрған тамаша өмірге жетем деп қол қойып еді. Иә, тегін екені рас, алайда келісімшартты егжей-тегжейлі оқып шықпай, сол игіліктердің құны – бас бостандығы боларын білмеп еді. Өзін өтіріктің арбауына түскендей сезініп, ызаланады. Пайдасын көрсетіп, құнын айтпай, қызықтырып алдап түсіргендей.

Тегін құтқарылу туралы ізгі хабарды уағыздап (ол өте дұрыс) жүріп, оны қабылдағандар төлейтін құн – бас бо-

стандығы болатынын жасырып қалдық. Бостандық дегенде шынайы азаттықты емес, Мәсіхтен тыс, күнәға шырмалып өмір сүретіндердің айтатын «бостандығын» меңзеймін. Олар құл бола тұра, азат екеніне кәміл сенеді. Бұл жағдай «Матрица» фильміне өте ұқсас. Бірде үлкен ұлым сол фильмді үйге алып келді де, бәріміз отырып көрдік. Фильмнен біздің өмірімізбен айтарлықтай ұқсастықтарды көрдім.

«Матрицада» ойландырар сұрақ қойылады: «Ұйқыдан оянбасаң, өң мен түсті қалай ажыратпақсың?»

Фильмде жиырмасыншы ғасырдағы өмір қалыпты өтіп жатқан сияқты. Оқиға жиырма бірінші ғасырдың соңында басталады. Адамзат жасанды интеллект жасайды, оның аты – жай ғана Машина. Сол Машиналар адамдардан билікті тартып алады. Адамзат билікті қайтарып алмақ болады. Соғыстың нәтижесінде жер бетіндегі тіршілік жойылады. Машиналар жеңіске жетті. Адам денесінің энергиясын пайдаланбақ болған Машиналар сұмдық әдіс табады. Олар адамдардың денесін орасан «фермадағы» камераларға жеке-жеке орналастырады да санасын компьютерлерге қосады. Денелері қимылсыз жатып, қуат көзі ретінде пайдаланылып жатқанда, санасы Матрица деп аталатын, виртуалды компьютерлік бағдарлама болып табылатын қиял әлемінде өмір сүреді. Оларға әлем сол күйінде, жиырмасыншы ғасырдағыдай қалпында қалғандай көрінеді. Олар өздерін сол әлемде өмір кешіп жатқандай сезінеді. Болып жатқанның барлығы шын мәнінде олардың миына қосылған компьютерде ғана болып жатыр. Олар, шындығында, – машиналардың құлы, өмірі мен бостандығы – қиял ғана.

Өздерінің кім екенін түсініп, Матрицадан құтылып шыққан бірнеше адам бар екен. Соғыс апатынан кейінгі тіршіліксіз қалған шынайы дүниеде олар Сион деп аталатын қоныс құрады. Сол адамдардың бірнешеуі Матрицаға қайта оралып, басқаларды азат ету үшін Машиналармен шайқасады. Шайқас ауыр, өмір қасіретке толы болса да, Матрицаның

шырмауындағы жалған азаттықтан бас тартып, шынайы азаттықты таңдайды. Олардың көздегені – жалған жайлылық емес, қиын болса да, шынайы азаттық.

Осындағы біздің өмірімізбен ұқсастық мынада: Сенбеушілердің көбісі мәсіхшілерді бас бостандығынан айырылған құл деп көреді де, өздерін азат санайды. Алайда ақиқаты сол, Мәсіхтен тыс қалғандар – шырмауда, олар Машиналардың қиял әлемінде өмір сүретін құлдары тәрізді. Күнәнің құлы.

Мәсіхші болу оңай емес

Ізгі хабарға сенгісі келмегендер ғана емес, осы күнгі «жаңадан тәубе еткендердің» көбісі де құлдықта. Исаға ерудің толық мағынасын адамдарға түсіндіру міндетімізді елемей, осы жағдайға өзіміз тап болдық. Өзін азатпын деп санап, шын мәнінде шырмауда қалған адамдар көп. Олардың өмірі соған дәлел. Иса былай дейді:

«Сендерге өте маңызды шындықты айтамын: кім күнә жасаса, сол – күнәнің құлы. Ал құлы емес, ұлы ғана қожайынның үйінде мәңгі қалады, себебі ұлы ретінде оның еркі бар. Сонымен егер Құдайдың рухани Ұлы сендерді азаттыққа жеткізсе, шынымен азат боласыздар!» (Жохан жазған ізгі хабар 8:34-36).

Осы сөз ағаштың жемісі жайлы жоғарыда айтылған ақиқатты тағы да қайталайды. Егер әлдекім үнемі күнә жасай берсе, күнәнің құлы болғаны. Болмысы өзгермегендіктен ол ұл емес, құл. Тәубе ету дұғасын уағыздаушының соңынан қайталадым, сондықтан азатпын дер, алайда Исаға билікті түгел берген жоқ. Ол өзінің жалған азаттығын сақтап қалғысы да, құтқарылудың пайдасын көргісі де келеді. Екеуін де бірдей иелену мүмкін емес!

Бұрынырақ айтқанымыздай, «жаңадан тәубе еткендер» қатты қуанып, шабыттанады, себебі, жаңа, тың нәрселер адам-

ның қайсысына да тамаша әсер қалдырады. Алайда, ерте ме, кеш пе діндарлық пен мәсіхшілерге тән сөздерінің ар жағында тығылып жатқан шынай болмысы көріне бастайды. Енді сол ескі болмыс мәсіхшілердің арасында бас көтереді. Осы адасуды дөп тану қиынға соғатынының себебі де сол. Дегенмен, Жаңа Әсиет осылай алданудан сақтандырады.

Пуыл елші: «Есінде болсын, соңғы дәуірде мәсіхшілер үшін қиын-қыстау күндер туады» дейді (Тімөтеге арналған екінші хат 3:1, ағылшыннан аударма). Қазіргі заман – ақыр-заман. Оған күмән жоқ. Пайғамбарлық жазбалардың барлығы Исаның келуі жақын дейді. Мәсіхші болудың ауыртпалығы молая түсетін шақ – қазіргі біздің заманымыз боларын Пауыл елші алдын-ала білген.

Басқа аудармаларда біздің заманымызды суреттеу үшін *қатерлі* және *сұмдық* деген сөздер қолданылған. Неге дейсіз ғой. Пауылдың өмірі туралы оқысақ, елшінің жойқын қарсылыққа тап болғанын көреміз. Бес рет дүреге жығылған, таяқпен отыз тоғыз соққы алған, үш рет шыбықпен сабалған, бір рет тас атуға ұшыраған, ұзақ жылдар түрмеге қамалған. Қайда барса да, қуғын-сүргін көрген. Сөйте тұра, Пауыл елші біздің заманымыз мәсіхшілер үшін ең қиын заман болады дейді.

«Адамдар өзімшіл, ақшақұмар, мақтаншақ, тәкаппар, өсекшіл болып, ата-аналарына бағынбайды. Олар алғысты білмей, қасиеттіні танымай, ешкімді сүймей, ымыраға келмейді. Адамдар, сондай-ақ, жалақор, ұстамсыз, қатыгез болып, жақсылықты жек көреді. Опасыз сатқын, ақылсыз қызба, кеуде көтерген олар Құдайдан гөрі ләззат-ермекті артық көреді» (Тімөтеге арналған екінші хат 3:2-4).

Осы сөзге мұқият ден қойсаңыз, «Пауылдың айтқысы келгені не?» – деген сұрақ туады. Пауылдың замандастарының да мінезі сондай емес пе еді? Олар да дәл сондай адамдар еді ғой. Олар да алғысты білмейтін, ымырасыз, жалақор, ұстамсыз, қатыгез, т.б. жандар еді. Алғашқы өнім мерекесін-

де Петірдің өзі: «Мына азғын ұрпақтың арасынан шығып, (Құдайдың қаһарынан) құтқарылыңдар!» демеп пе еді? (Елшілердің істері 2:40). Олай болса, неліктен Пауыл елші біздің заманымыздың адамдарын ерекшелеп, осы мінездер мәсіхшілер үшін ең қиын заман тууына себепші болатынын айтады? Әрі қарай оқысақ, түсінеміз: «Олар сырт көзге Құдайға ұнайтындай болып көрінгенмен, Оның күшінен бас тартады» (Тімөтеге арналған екінші хат 3:5).

Сонымен, қазіргі заманда мәсіхші болудың не себепті қиын екенін көріп отырмыз. Өздерін мәсіхші, жоғарыдан туылған, құтқарылған деп атайтын, бірақ өзімшілдіктен арылғысы келмейтін адамдар көбейе түседі (Жаңа Өсиеттің басқа жерлерінде айтылғандай). Олар өздерінің құқықтарын Исаға еру жолына құрбан еткісі келмейді. Ондайлар Исаны өздерінің Құтқарушысы деп біледі. Алайда, Исаның Кім болып табылатынына бола емес, беретін игіліктеріне бола Оған ереді. Ақшаға бола тұрмысқа шыққан әйелден несі бөлек? Мүмкін, ол жұбайын шын сүйетін болар, дегенмен, түпкі ниеті дұрыс емес. Исаға құтқарылу үшін, не табысты болу үшін, не болмаса, о дүниеде жұмақта болу мақсатымен еретіндердің де ниеті сондай. Иса олардың Құтқарушысы екеніне шын сеніп жүріп, Оған билікті шындап бермеген күйінде дүниеден өтеді.

Бұлдыр шекара

Тағы да бір қиындық – бұлдыр шекара. Өз дегенімен жүретін, алайда, бөтен тілдерде сөйлейтін, мәсіхшілердің жиналыстарын қатты ұнататын, шын сенуші достары бар, нағыз сенушіге ұқсап сөйлейтін, бірақ ескі болмысымен қалған адамды қарастырайық. Шынтуайтына келгенде, бұл адам – әдейі істемесе де, алаяқ. Оның алдануы басқаларға кеселдей тарайды, қиындық сонда. Адам Құдай Патшалығының ереже-

леріне емес, мәсіхшілік мәдениеттің ережелеріне сай болам деген адам Құдайға ұнамды өмір сүре алмайды. Пауыл елшінің заманында сенуші болған адам өмірін күнбе-күн қатерге тігетін. Ол өзін Исаға толықтай бағыштады ма, жоқ па деген күмән тумады. Ондай адам анық шекара жүргізіп, жүрер жолын біржола таңдады. Пауыл сөзін жалғастырады:

«Ал сен маған еріп, менің ілімімді, жүріс-тұрысым мен өмірлік мақсатымды үлгі тұтып келесің. Сенімім, төзімділігім және сүйспеншілігімді, әрі қуғындалып, азап шеккен кездерімде көрсеткен табандылығымды өз көзіңмен көрдің. Антақия, Қония және Лустрада маған қандай жағдайлардың болғанының бәрін, сол қалаларда қандай қудалауды басымнан кешкенімді білесің. Ал Иеміз мені солардың бәрінен де құтқарды. Мәсіх Исамен жүріп, Құдайға ұнамды өмір сүргісі келетіндердің бәрі де қуғындалатын болады. Қараниеттілер мен алаяқтар бұрынғыдан бетер жамандық жасап, өздері де алданып, өзгерлерді де алдай бермек» (Тімөтеге арналған екінші хат 3:10-13).

Пауыл елші егжей-тегжейлі түсіндіріп отыр. Тәлімінің де, өмірінің де жалғыз мақсатына (мәңгілікке ұмтылғандығы, сол туралы әрі қарай сөз болады) бола Тімөте Пауылға нық сене алады. Осындай шүбәсіз сенімнің себебі – Пауылдың сұрағанын Құдайдың беруі де, кереметтер жасайтын рухани дарындары да, тәлімгерлік қабілеті де емес.

Жоқ, Пауыл оны айтып отырған жоқ. Ол жүріс-тұрысын, іс-әрекетін, жалпы өмір салтын айтады. Осылар – шешуші фактор, және солай болып қалмақ. Сөзін жалғастырып, «*қараниеттілер мен алаяқтар*» табысты болатынын айтады. Қараниетті адамнан аулақ жүру керектігін бәріміз де түсінеміз. Алайда, сырт пішіні алдамшы келетін алаяқтар шынымен де қауіпті. Олар өздерін мәсіхші санайды, сырт көзге – мәсіхші, бірақ өмірлерінде рақымның өзгертуші құдіреті әрекет етпейді. Пауыл олардың өзгелерді алдаумен қатар, өздері де алданып жүргенін айтады.

Осындай жағдай хикаямыздағы Алданған атты кейіпкердің өмірінен көрініс тапты. Ол Эндель мектебінде жүргенде озат оқушылардың бірі еді, өзін Джейлиннің адал ізбасары санайтын және өзіне патшаның рақымы түсетініне сенімді еді. Ол адалдығын бар өмірімен көрсетудің орнына бағышталуын дәлелдеумен әуре. Өзі ғана адасып қоймай, өзгелерді де алдаумен болды. Алданғанның өмір салты ашына болған қыздарының да, оның *уағызының* ықпалына түскен басқа көптеген жастардың да күнәға батуына себепші болды.

Қайдағы *уағыз* дейсіз ғой? *Алданған ұстаз емес, тәлімгер емес.* Оныңыз рас. Алайда, *уағыз* дегенде, айтқан сөзімізден гөрі басымырақ түсетін жүріс-тұрыс, мінез-құлық, іс-әрекетімізді айтамын. Алданған беделді жігіт еді. Джейлинге бағышталған жастарға оның мінезі мен өмірінің ықпалына түспеу қиынға соғатын. Джейлин іліміне терең тамыр жаймағандарға Алданғанның әсері күшті болды.

Осындай рухани шайқастардың болатынын Пауыл елші де, Жаңа Өсиеттің басқа авторлары да алдын-ала айтып, ескерткен.

«Сүйікті бауырластарым, мен бар ынтаммен бәрімізге ортақ құтқарылу туралы хат жазбақшы едім. Алайда Құдайдың Өзіне бағыштаған халқына біржола аманаттаған, бәріміз сенетін шынайы ілімін жан сала қорғауды ескертіп жазуымды қажет деп есептедім» (Яһуданың хаты 3).

Яһуданың сөзіндегі табандылыққа назар аударыңыз. Құтқарылу арқылы қолымыз жететін тамаша игіліктерді айтқысы келгенімен, басқа бір мәселені қозғауына тура келді. Бізді сенім үшін шайқасуға жігерлендірді. Бұл қандай шайқас? Яһуда түсіндіреді:

«Себебі араларыңа бірқатар адамдар білдіртпей ұрланып еніп алыпты. Осы арсыздар сотталуға баяғыда-ақ белгіленген болатын. Олар азғындықтарына сылтау ету үшін Құдайымыз-

дың рақымы туралы Ізгі хабарды бұрмалайды. Сонымен қатар олар Иса Мәсіхті бірден-бір Әміршіміз әрі Иеміз деп мойындамайды» (Яһуданың хаты 4).

Бұл шайқастың мәні – күнәһар өміріне сылтау таппақ боп Құдайдың рақымын бұрмалап жүрген адамдардың ықпалына қарсы тұру. Сенбеушілер тарапынан келетін құдаладан гөрі осындай шабуылдар қауіпті. Абортқа рұқсат беретін немесе мектеп оқушыларын Дарвинның ілімін оқып меңгеруге міндеттейтін, Құдайдың қағидаларына қарсы тағы басқа заңдардан да қауіпті. Әлгі адамдардың ықпалы әлдебір нанымның, жалған діннің ықпалынан да зор. Осындай ықпалға түскен адам түнекте мәңгі қалып қоюы мүмкін!

Бәлкім, Яһуданың сөзі Иса Мәсіхтен бас тартқандар туралы ғой, қауым мүшелеріне осы айтылғандардың қандай қатысы бар деп сұрарсыз? Қазіргі заманда Исадан көпе-көрнеу бас тартқан адамды қауым мәсіхші деп санамасы анық. Яһуданың да заманында солай. Киелі жазбадан жоғарыда келтірілген үзіндіні тағы қайталап оқып шығыңыз. Ондай адамдар арамызға *білдіртпей ұрланып еніп алыпты*. Сол кезде де, қазіргі заманда да, Исадан ашық түрде бас тартқан адам болса, ол қауымның назарынан тыс қалмас еді. Яһуда айтқан адамдар Исадан қалай бас тартты? Бұл сұрақтың жауабын Жаңа өсиеттің басқа кітабынан табамыз: «Құдайды білеміз десе де, мұнысын іс-әрекеттерімен жоққа шығарады» (Титке арналған хат 1:16). Басқа аудармаларда «Құдайды білеміз десе де, іс-әрекеттерімен бас тартады», – деп жазылған. Олар Құдайдан сөзімен емес, іс-әрекеттерімен бас тартады.

Исаны Ием деп аузына алады, Құдайды білеміз дейді, ал іс-әрекеттері тіпті басқаны көрсетеді. Есіңізде болсын, олар өзгелерді ғана емес, өздерін де алдайды. Басқаша айтқанда, олар мәсіхші екендеріне өздері шынымен де сенеді.

Құдайдың шынайы рақымы

Ондайлар Құдайымыздың рақымы туралы Ізгі хабарды бұрмалайды дейді Яһуда. Құдайдың рақымын бұрмалау қазіргі кезде кең етек жайған, оған себепші болған – таратқан тәліміміз. Құдайдың рақымы тілазарлығымызды бүркеу үшін керек деп өзіміз үйреттік. Сенушілерден мынадай сөзді жиі естуге болады: «Өмірім Құдайдың талабына сай емес екенін білемін, әйтеуір, Құдайдың рақымына шүкіршілік». Бұлай адасуға болмайды. Киелі жазбаға жүгінсек, Құдайдың рақымы дегеніміз – бізді *ақиқаттың талабын орындауға қабілетті ету үшін берілген Құдайдың құдіреті*.

Рақымды Құдайдың бізге деген оң көзқарасы (біз оған лайық болмасақ та) деп қана қарастыру жиі кездеседі. Расында да, солай, Құдайдың ықыласын сатып алу мүмкін емес, ол біздің ұнамды қылықтарымыздан тумамайды. Алайда, ол бізге Құдайдың еркіне сай өмір сүруге қабілет береді. Құдайға ұнамды өмір сүруіміз ғана Өмірімізде Құдайдың рақымы барына дәлел бола алады. Сол себепті Жақып:

«Ендеше, сенім (оны дәлелдейтін, Құдайдың тілін алып жасалған) игі іс-әрекет тудырмаса, ол – өлі сенім. Мүмкін кейбіреу: «Сенің сенімің бар (екенін айтасың), ал мен игі істер жасаймын» – дер. Игі істер тудырмайтын сеніміңнің шынайылығына (қолыңнан келсе) көзімді жеткізші, ал мен (Құдайдың тілін алып) жасаған игі істерім арқылы сенімімді дәлелдеймін. Сен «жалғыз Құдай бар» деп сенесің. Мұның дұрыс, алайда жынды да соған сеніп, Оның қабарынан қорқып дірілдейді» дейді (Жақыптың хаты 2:17-19, Кеңейтілген аударма).

Жақып қазіргі заманғы мәсіхшілік ілімнің іргелі ақиқаты назарынан шығарып алғанын айтады. Киелі жазбадан «Иеміз Иса Мәсіхке сен, сонда өзің де, үй ішің де құтқарыласыңдар!» деген сөзді, соған ұқсас басқа үзінділерді жұлып аламыз. Құтқарылу үшін Құдайдың бар екеніне, Исаның

Құдайдың Ұлы екеніне сену жеткілікті болса, жындар да солай сенетіндіктен құтқарылатын болғаны (Жақыптың хатын қараңыз). Бұлай деудің жөні жоқ, әрине! Ойын анығырақ жеткізу үшін Жақып жындардың қорқып дірілдейтінін айтады. Басқаша айтқанда, сенімім бар деп айта тұра, онысын игі істерімен дәлелдемейтіндерден гөрі, Құдайдан жындар қаттырақ қорқады екен.

Иса Мәсіхтің рақымымен шын құтқарылғанымыздың жалғыз айғағы – өзгерген өміріміз. Сондықтан Жохан елші былай дейді:

«Егер Құдайдың өсиеттерін орындасақ, Құдайды жақыннан таниғынымызды білеміз. Құдайды танимын дей тұра, Оның өсиеттерін орындамайтын кісі – өтірікші, соның жан дүниесінен шындық орын алған жоқ. Құдайға деген сүйіспеншілік Оның сөзін орындаған кісінде шын мәнінде толық болып, мақсатына жетті. Құдаймен тығыз байланыста екенімізді мынаған қарап білеміз: Онымен қатынаста тұрмын дейтін кісі Иса Мәсіх қалай өмір сүрген болса, солай өмір сүруге тиіс» (Жоханның бірінші хаты 2:3-6).

Құдайды жақыннан танудың дәлелі – Оның өсиеттерін орындау деп Жохан кесіп айтады. Құдайды танимын дей тұра, Оның өсиеттерін орындамайтын кісі – өтірікші, Құдайдың сөзін жақсы білгенімен, жан дүниесінен шындық орын алмаған. Сондықтан Жохан елші: «Балаларым менің, сендер күнә жасамасын деп осыны жазып отырмын. Алайда егер біреуің күнә жасап қойсаң, Әкенің алдында әділ Қорғаушымыз бар. Сол Қорғаушымыз – Иса Мәсіх. Ол өз жанын құрбан етіп, күнәларымыздың құнын өтеді. Өзіміздің ғана емес, сондай-ақ бүкіл адамзаттың да күнәларының құнын өтеді», – дейді (Жоханның бірінші хаты 2:3-6).

Назар аударыңыз, «... сендер күнә жасағанда Қорғаушыларың болсын деп жазып отырмын» деген жоқ. Жоқ. Мақ-

сат – күнә жасамауда. Құдайдың рақымының күшін қабылдап, Мәсіхке ұқсас болып өмір сүруге ұмтыламыз, себебі, енді Құдайға бағынбайтын тілазар болмысымыздан арылды. Алайда, күнә жасап қойсақ, Қорғаушымыз бар.

Енді Құдайымызға Оның еркіне сай қызмет ете аламыз, сенушіні қуантатыны – осы.

«Сонымен, өзіміз шаңырағы ешқашан шайқалмайтын Патшалықтан үлес алғандықтан, біз сол үшін Құдайға шын жүректен шүкірлік айтайық! *Оны риза қылатындай қызмет етіп, терең қастерлеп, Оған ұнамсызды істеуден шошынатын болайық!*» (Еврейлерге арналған хат 12:28).

Гәп мынада: Құдайдың рақымы Оны риза қылатындай қызмет етуімізге күш-қабілет береді.

Ізгі хабарды толық емес, жарым-жартылай айтып жүргеніміздің себебі неде? Құтқарылудың тегін берілетін, сатып алуға, не басқалай қол жеткізуге болмайтын сый екені рас. Ол шынында да солай. Алайда, сол сыйды иеленудің жалғыз жолы – бәрінен бас тартып, Исаны Ием деп мойындап, өмірімізді Оған бағыштау, сол арқылы Оның болмысына сай өмір сүруге қабілетті болу. Ол жайлы Петір жазған:

«Лайым сендер Құдай мен Иеміз Исаны бұрынғыдан да жақынырақ танып білгендерің арқылы сендерге рақым, амандық және тыныштық молынан жауа берсін! Құдай бізді құдіретті күшімен және Оны жақыннан танып білуіміз арқылы Өзіне ұнамды жаңа өмір сүруімізге қажеттінің бәрімен қамтамасыз етті. Ол бізді Өзінің ұлы да ізгілікті болмысы арқылы меншікті халқы болуға шақырады. Өзінің болмысы сондай ұлы әрі ізгілікті болғандықтан, Құдай бізге аса құнды да тамаша уәделерін берді. Бұл уәделерінің арқасында сендер Құдайдың әділ болмысын бөлісіп, арам құмарлықтарға салынбай, осы күнәкар дүниелік адамдардың азғындығынан аулақ жүріп құтыла аласыңдар» (Петірдің екінші хаты 1:2-4).

Мынаған көңіл бөліңіз: Исаны жақын танып білгеніміз арқылы бізге *рақым* берілді. Сол рақым – Құдайға ұқсас жаңа болмысымызға сай, Оған ұнамды өмір сүруіміз үшін қажеттің барлығын беретін *Құдайдың күш-құдіреті*.

Адам атаның күнәсі арқылы кіріп, жаратылысты билеген, адам бойындағы Құдайға қарсы тұратын тән құмарлықтарының арқасында күшейе түскен ажалдан осылай құтқарылдық. Сізді Құдайға ұқсас жаңа болмысымызға сай өмір сүруді елеусіз қалдыруға жетелейтін әлдекімдердің іс-әрекеттеріне де, сөздеріне де еруші болмаңыз. Пауыл анық айтады:

«Өйткені Құдайдың бүкіл адамзатқа құтқарылуды ұсына-тын рақымы анық білінді. Ол бізді Оған ұнамсыз қылықтар мен күнәкар дүниелік құмарлықтардан бас тартып, қазіргі заманда байыпты, әділ және Құдайға ұнамды өмір сүруге бағыттайды. Себебі біз керемет үмітіміздің іске асуын күтудеміз: ұлы Құдайымыз әрі Құтқарушымыз Иса Мәсіх зор салтанатпен көрінетін болады. Ол бізді бүкіл жамандық атаулыдан азат етіп, тазартып, Өзінің меншікті, игі істерге ынталы халқы ету үшін жанын қиып, құрбан болды. Бұларды қауымдарға барлық беделіңмен айтып беріп, насихаттап, еле-мейтіндерді әшкереле. Ешқайсысы сені менсінбей жүрмесін» (Титке арналған хат 2:11-15).

Құдайдың рақымы бізді осыдүниелік, күнәар қалаулардан бас тартып, ұстамды әрі әділ өмір сүруге үйретеді. Иеміздің рақымы өмір жолымызда қажет нұсқау беріп, оны орындауға күш беретін ұстаз тәрізді.

Біз осыны басқаларға да үйретуге міндеттіміз. Пауыл елші сөзін жалғастырып: «Бұл айтқандарым нағыз шындық. Құдайға сенгендердің өздерін жақсылық жасауға арнаулары үшін бұларды баса айтуыңды қалаймын. Олар адамдарға ізгілікті де пайдалы» дейді (Титке арналған хат 3:8).

Игі істерді Құдай рақымының күшімен жасауымыз керек. Құтқарылғанға дейін Көне Өсиеттің әділдері секілді, бізде де

ондай күш болған жоқ, рақым – Иса Мәсіх арқылы берілетін Құдайдың сыйы. Сол себепті Иса мынаны айтады: Көне Өсиет заманында адам өлтірген кісінің жазасы – тозақ деп саналатын, алайда, рақым келгелі, бауырыңа жаман сөз айтсаң да, кешірім беруден бас тартсаң да, жүрегіңе өшпенділік ұялатсаң да тозақ отына түсуің ықтимал (Матай жазған ізгі хабар 5:21,22). Неліктен? Өйткені, енді ой-санамызда да, іс-әрекетімізде де Құдайға ұқсас жаңа болмысымызға сай өмір сүруге қабілеттіміз.

Үнемі дәлелдеу

Жоғарыдағы Титке арналған хаттан (3:8) келтірілген үзіндіде осыны үнемі растап, басқаларға да үйретіп отыруға міндеттіміз делінген. Естіп тұрсыз ба? Меніңше, қауым мінбесінен немесе мәсіхшілер арасында бұл туралы үнемі емес, өте сирек айтылады. Құдайдың рақымымен атқарылған игі істер қаншалықты маңызды екенін түсінуден қалыппыз. Сенім мен білімнің жетіспеушілігіне бола, Құдайдың бізге берілген күшінің іске аспай қалуына жол бердік. Неге сенетінімізді табандылықпен мойындау арқылы рақымға жол ашатын сеніміміз мықты болып қала бермек. Пауыл елші айтады: «Мәсіхке деген сенімің және Құдайдың бәрімізге берген күллі игіліктерін түсінуің арқылы басқа сенушілермен байланысың Мәсіхтің даңқын асыруға әсерлі болсын деп мінажат етемін» (Филимонға хат 6).

Сеніміміз Мәсіхтің даңқын асыруға әсерлі екенін үнемі растап отырмасақ, ақиқаттан бірте-бірте алыстай береміз. Еврейлерге арналған хатта осы туралы ұғымды етіп айтылған:

«Сол себепті біз беттеген бағытымыздан ауытқып кетпеуіміз үшін Мәсіх туралы естігендерімізге мықтап ден қоюымыз керек. Құдайдың періштелер арқылы (Мұсаға) жеткізген Тау-

рат заңын халықтың бәрі берік ұстануға міндетті болды. Кім оның ережелерін бұзып, бағынбаса, сол әділ жазасын тартты. Бұл осылай болған күнде, егер біз сондай керемет құтқарылуды елемесек, онда жазадан қалайша құтылмақпыз? Осы құтқарылуды алғашқыда Иеміздің Өзі паш еткен еді. Оны өз құлақтарымен естіген куәгерлер кейін соған біздің де көзімізді жеткізді» (Еврейлерге арналған хат 2:1-3).

Сол туралы басқаларға тәлім беріп, үнемі дәлелдеп жүрсек, мәңгіліктің маңызды аспектілерін көреміз, бұл бізді күнә жасаудан сақтайды.

Бала кезімде балық аулауға әуес едім. Қармаққа қадала қарап отырып, қайықты судың ағысы алып бара жатқанын байқамай қалатынбыз. Қырық бес минут өткенде жан-жағымызға қарап, жағаны танымай аңырамыз. Бұлай болудың себебі – назарымыз түгелдей басқа нәрседе, балық аулауда.

Қауіпті сарқырамасы бар өзенде балық аулаған балықшылардың арасында қайғылы жағдай орын алғаны бар. Балық аулай бастаған жерінен тым ұзап кеткенін байқамай қалғандықтан ажал құшқан балықшылар қаншама!

Мәңгілікке қатысты айтқанда да, осылар маңызды. Құдай бізге осыны басқаларға да үйретуге міндеттісіңдер десе, өте мұқият болуымыз керек деген сөз. Олай болса, Құдайға ұқсас жаңа болмысымызға сай, Оған ұнамды өмір сүруімізге күш беретін рақым туралы неліктен баса айтпаймыз?

Алғашқы қауым осыны елеусіз қалдырмаған. Алғашқы қауым жетекшілерінің еңбектерін оқып шыққанда түсінгенім – олар біздің қазіргі тәлімімізге жат, алайда, Құдайдың сөзіне сай ілімді ұстанған. Игі істер – құтқарылудың айғағы деп сенген. Бірнеше мысал қарастырайық.

Алдымен Жохан елшінің досы, Смирнадағы қауымның басшысы, Поликарптың (69 – 156) сөзін келтірейін. Қартайған шағында Исаның осынау адал қызметшісі тірідей өртеу жазасына кесілді. Ол: «Ісімізбен емес Құдайдың рақымымен құтқа-

рылғанымызды білгендіктен, құтқарылу қуанышына ортақ болғысы келетіндер көп» деп жазады. Қазіргі сенушілер арасында бұл сөз сұрақ туғызбайды, құтқарылуға игі істерімізбен қол жеткізген жоқпыз, оны баса айтып жүрміз.

Поликарп тағы былай дейді: «Егер Оның еркін орындасақ, өсиеттерін бұлжытпай орындап жүрсек, Оның сүйетінін біз де сүйсек, күнәдан бойымызды аулақ ұстасақ, онда Исаны өлімнен Тірілткен бізді де қайта тірілтпек». Бүгінде қауым мінбелерінен сирек айтылатын сөздер.

«Егер» деген сөзге көңіл аударыңыз. Өлімнен қайта тірілуіміз үшін Құдайдың еркі мен өсиеттерін орындауымыз шарт. Осыны Иса да айтқан. Енді Римдік Климент (30 – 100) атты адамның сөзін келтірейін. Бұл кісі – Пауыл елші мен Петір елшінің қызметтесі, Римдегі қауымды басқарған адам. Ол былай деп жазады: «Біз өздігімізден, өз әділдігімізбен, не өз ісімізбен ақталған жоқпыз. Сенім арқылы ақталдық. Сол сенім арқылы Құдіретті Құдай барлық адамды ақтайды». Бұл сөз де қазіргі сенушілерге оғаш көрінбейді. Алайда, Клименттің тағы бір жазғанын айта кетейік: «Игі істер жасауға бейім болуымыз керек. Құдай әркімге істеген ісіне қарап қарымтасын қайтаратынын ескертеді (Римдіктерге арналған хат 2:6 – 10)».

Қысталаң уақытта Пауыл былай деген еді: «Міне, осы себептен мен, Агриппа ағзам, маған көктен аян беріп, Бұйырғанға бағынбай тұра алмадым. Керісінше, алдымен Дамаск пен Иерусалимнің, одан кейін бүкіл Яһудея аймағының тұрғындары мен басқа ұлт адамдарына да: «Теріс жолдан қайтып, Құдайға бет бұрыңдар, әрі *соған лайықты іс істеңдер!*» деп уағыз айтып жүрдім» (Елшілердің істері 26:19, 20). Пуыл игі істердің маңыздылығын айтқанда, әріптесі Клименттің сөзі де соған сай.

Александриялық Климент есімді адамның (150 – 200) сөзін қарастырайық. Бұл адам Александриядағы қауымды басқарып, Мысырда жаңадан тәубе еткендерге тәлім беретін. Сенбе-

ушілер жайлы ол кісі былай дейді: «Олар игі істер істегенмен, сенімі болмаса, о дүниеде игі істерінің еш сауабы болмайды».

Қазіргі сенушілер бұл сөзді, әрине, құптайды. Жоғарыдағы тарауларда айтқанымыздай, сенбеуші адамның қанша жақсылық жасағаны маңызды емес, игі істері Құдай Патшалығына кіруге жол ашып бере алмайды, Құдайдың рақымымен ғана құтқарыламыз. Клименттің сенушілерге тағы не жазғанын оқып көріңіз:

«Ақиқатқа жеткен, игі істер жасап жүрген әркімнің сыбағасы – мәңгі өмір. Кейбіреулер Құдайдың (құтқарылу үшін) күш-қабілет беретінін дұрыс түсінеді, дегенмен, құтқарылуға жеткізетін игі істерге мән бере қоймайды, сол себепті дәмелі нәрсесіне жете алмайды».

«Мыналар Жаңа Өсиетті оқымаған сияқты» деп ойларсыз. Оқыған. «Мойындауды қажет ететін дәлел» кітабында Джош Мақдауэлл Александриялық Клименттің өз жазбаларында Жаңа Өсиетке 2400 рет жүгінетінін айтады. Басқа авторлар да солай. Айта кететін жайт, бүгінгі таңда қауымдардың кітапханасындағы кітаптардың көбісінде Киелі Жазбаның сөздері өте аз. Нағыз маңызды ақиқатқа көңіл бөлмеуіміздің салдарынан қайығын су алып кеткен балықшы тәрізді біз де бағыттан ауытқып кеткен жоқпыз ба?

Жарым-жарты Ізгі хабар

Өкінішке орай, Ізгі хабар айтқанда Киелі жазбаның мына тәрізді үзінділерін ғана келтіреміз: «Өз аузыңмен Исаны Жаратқан Ием деп мойындасаң, жүрегіңде Құдайдың Оны өлімнен қайта тірілкеніне сенсең, онда құтқарыласың» (Римдіктерге арналған хат 10:9). Сиқырлы мінажатты аузыңа алып дұға етсең болғаны, құтқарыласың деп айтамыз.

Исаның: «Егер сендер айтқандарымды орындамасаңдар, несіне Мені «Мырза, Ие!» дейсіңдер?» (Лұқа 6: 46) деген сөзін

неге айтпаймыз? «Мырза, Ие» деген сөздер мәртебесі бәрінен биік Әмірші, Қожайын дегенді білдіреді.

Сонымен, Иса «Өздеріңе өздерің қожайын болып қала бермек болсаңдар, Мені Қожайын демей-ақ қойыңдар. Одан да Ұстаз, ұлы Пайғамбар деңдер, сонда өздеріңді өздерің алдамайсың», – дейді.

Исаның жоғарыда келтірілген сөзін тағы бір қайталап оқыңыз: «Маған: «Мырза, Ие!» дейтін әркім емес...», – дейді (Матай жазған Ізгі хабар 7:21).

Исаны «Мырза, Ие!» дейтіндердің әрқайсысы Аспан Патшалығына кіре қоймайтынын бұрынырақ айтқан болатынбыз. Жалғыз ғана «Тәубе ету дұғасын» айтып шығу аспанның есігін ашпайды. «Аспан Патшалығына кім кіре алады?» деген сұрақ туады. Осы сұраққа Исаның жауабы мынадай: «...көктегі Әкемнің еркін орындайтындар ғана Оның Патшалығына кіре алады» (Матай жазған Ізгі хабар 7:21).

Поликарп та осыны сөзбе-сөз дерлік айтқан жоқ па еді. Исаны Ием деп мойындау ғана емес, мойындау мен еркін орындау – екеуі бізді көкке жеткізеді. Оның еркін орындаудың бірден-бір жолы – өз қалауымызша өмір сүруден бас тартып, Оны Қожайынымыз деп мойындаған сәтте берілетін Құдайдың рақымы арқылы әрекет ету. Ауызбен айту оңай, қиыны – Исаның билігіне іс жүзінде, шынымен де мойынсұну.

Осыны неге тәптіштеп айтып отырғанымды түсініңіз:

«Көптеген адамдар қиямет соты күні Маған: «Уа, Тақсыр Ие, Сенің атыңмен біз жұртқа Құдайдың хабарын жеткізбедік пе? Сенің атыңмен жындыларды қуып шығарып, көптеген кереметтер жасамап па едік?» – деп жалынатын болады. Сонда Мен оларға: «Сендерді ешқашан (өз адамдарым ретінде) таныған емеспін. Әділетсіздік істегендер, Менен аулақ кетіңдер!» – деп ашық айтамын» (Матай жазған Ізгі хабар 7:22, 23).

Сексенінші жылдардың соңында Құдай маған аян көрсетті. Ұшы-қиыры жоқ, сендей соғысқан қаптаған адамды көрдім. Теңіз дерсің.

Сол көпшіліктің ішінде атеистер, күнәһарлар, басқа дінге сенушілер болған жоқ. Керісінше, бәрі де христиан дінін ұстанушылар. Сол адамдар Исаның аузынан «... қуанышты тойыма, Құдай Патшалығына келіндер» деген сөзді еститіндеріне кәміл сеніп, қиямет сотына келген еді. Оның орнына: «Сендерді ешқашан (өз адамдарым ретінде) таныған емеспін. Әділетсіздік істегендер, Менен аулақ кетіндер!» (Матай 7:23) дегенді естіді.

Жүздерінен үрейдің нышанын көрдім. Құтқарылғаныңызға кәміл сенімдісіз, бірақ құтқарылмағансыз – осындай жағдайды елестетіп көріңізші. Аспан Патшалығының азаматымын деп жүріп, мәңгіге тозақ отына кесілгеніңізді ше? Сізге уағыз айтқандар мәңгілік мәселесіне жеңіл-желпі қараған болар дегенді ойлап, мәңгілік бойы қиналу қалай?

Қызметкер Исаның ескерткендерін айтып, тыңдармандарын сақтандырмаса, ондай қызметінің пайдасы бар ма?

Жігер беретін немесе пайдасын көрсететін жерлерін ғана емес, Құдайдың жолдауын түгел жеткізуге міндетті екенімізді түсінесіз бе? Рас, Құдайдың жарылқауларын ұнатамыз, оларды айтуымыз керек, жарылқанып, қуанғанмыз да дұрыс. Алайда, жарылқаулар тақырыбының Киелі жазбаның ескертулері мен Құдайдың өсиеттерін ығыстырып шығаруына жол берілмесін!

Конференциялардың бірінде осы ақиқаттар жайлы көп уағыздауымның себебін түсіндіру үшін былай дедім: «Қиямет сотында ақиқатты жасырғаным үшін мені ешкім жазғырмасын, олай етсем, талай адамның қаны менің мойнымда болар еді».

Уағызым бітісімен жанымға ренжулі, тіпті ашулы бағушы келді. «Мына бізге, қызметкерлерге, Көне Өсиеттің қағидаларын мойындатқың келе ме? Ізгі хабарды толық уағыздамағаным үшін менің мойныма адамдардың қаны мінбейді», – деді ол. Ол кісі Киелі кітаптағы жігер беретін сөздерді ғана ұнататын

болса керек, Құдай сөзінің басқа бөлігін уағыздамайды, сірә.

Сонда мен: «Бауырым, Пауылдың Ефестегі қауымның жетекшілеріне не айтқанын қарашы», – дедім. Киелі кітапты аштым да, «Сондықтан бүгін сендерге салтанатты түрде ешкімнің қанын мойныма жүктемеймін деп мәлімдеймін. Себебі мен уағыз айтқанда ештеңені жасырмай, Құдайдың еркін түгел жарияладым» (Елшілердің істері 20:26, 27) деген аяттарды оқуын сұрадым.

Көзі бақырайып, аузы ашылып, маған аңтарыла қарады. «Жаңа Өсиетті неше рет оқысам да, бұл сөздерді көрген емеспін», – деді. Әрі қарайғы әңгіmemіз жарасып кетті. «Мәсіх туралы хабарды біз барлық адамдарға жеткізіп, бәріне де ескертіп, барынша даналықпен тәлім беріп келеміз» (Колостықтарға арналған хат 1:28) деген сөзді есіне салдым. Нені ескертеміз? Ақиқаттан ауытқымауды, өздерін ғана емес, көптеген өзге жанды да Құдайға ұнамды жолдан тайдырып жүрген өтірікшілердің насихатына ермеуді.

Елшілердің істері кітабында, жиырмасыншы тарауда жазылғандай, Пауыл елші Ефес қаласында ұзақ аялдаған болатын. Ол ефестіктерді шын жүрегімен жақсы көрген, оларды осы өмірінде енді қайтып көрмейтінін де Құдайдың Рухы білдірген болатын. Туған балаңыздай ыстық, сүйікті адамдарыңызға жолдайтын ақтық жолдауыңыз болса, сөзіңізді қаншалықты мұқият құрап айтар едіңіз? Міне, Пауыл елшінің ефестіктерге жазған соңғы хатындағы сөздері:

«Енді өздеріңе де, Киелі Рух басқарушы етіп қойған барлық қауымға да қараңдар! Шопан қойын қалай бақса, сендер де Құдай Иеміздің өз қанын төгіп, иемденген қауымына солай қамқор болыңдар! Мен кеткен соң, жауыз қасқырлар келіп, қойларды аямайтынын білемін. Тіпті өз *араларыңнан* да жалған ілімдерді уағыздап, Иеміздің шәкірттерін теріс жолға азғырушылар шықпақ. Сондықтан сақ болыңдар! Күн-түн демей, үш жыл бойы үзбестен әрқайсыңа нұсқау беріп, көз жасымды төккенім естеріңде болсын» (Елшілердің істері 20:28 –

31, автордың курсиві).

Олар ақиқатты қалай бұрмалайды? Бәлкім, сөзбен, меніңше, істерімен. Пауыл осыны алдын ала біліп, үш жыл бойы күні-түні оларды ескертумен болған. Тағы да көріп отырмыз, үзбей ескертіп, үнемі тәлім беріп отыруға міндеттіміз.

Сүйіспеншілік пен әділдіктің Құдайы

Хикаяны оқып отырып, Алданғанның кешкен күйін өз басыңыздан өткергендей, Лоун қапасының ыстығы мен қараңғылығын сезінгендей болған шығарсыз. 130 жыл бойы адам төзгісіз ыстық, сасық әрі қараңғы қапаста қамалу жайлы ойласақ, төбе шашымыз тік тұрады. Алайда, біз Құдайдың ақыл-кеңестерін түгел айтып үйретпесек, сансыз көп адамды одан да зоры күтіп тұр.

Есіңізде болар, Джейлин мейірімді де әділ патша болатын. Ол болмысы Дагон болмысындай ешбір адамның Аффабель қаласына кіруіне жол бермейді. Жол берсе, шаһарға да, тұрғындарға нұқсан келтіретін еді. Джейлиннің үкімдерінен сүйіспеншілік осылай көрініс табады. Сүйіспеншілік жазықсыздарды қорғайды.

Сонымен қатар, бойын Дагон болмысы билеген адамның жазасы Дагонның жазасынан кем болмауы шарт. Джейлиннің әділдігі осыны талап етеді. Сондықтан Джейлинге ермеген әркім Лоунға қуылуға тиіс. Дәл солай Құдайдың сүйіспеншілігі бойын шайтанның болмысы билеген адамның Мәңгі қалаға кіруіне жол бермейді. Шайтан мен жындарды отты көлде жазалап, оның билігіне мойынсұнғандарды аяса, қалайша әділ Патша болмақ? Бойын шайтанның болмысы билеген әркім шайтанмен бірге мәңгі жазаға кесіледі. Құдай әрі мейірімді, әрі әділ және сондай боп мәңгі қала береді, Оның ұлылығы жер жүзіне паш етіледі!

Талдауға арналған сұрақтар

2-ші бөлім: 4, 5-тараулар

1. Осы бөлімді оқуға кіріскенде мәңгі үкімделуді мәсіхшілік ілімнің іргетастарының бірі деп санайтын ба едіңіз?
2. Мәсіхшілердің көбісі басқаларға тозақ туралы айтпайды. Оның себебі, міншіл, сыншыл адам болып көрінгісі келмейді. Шын мәнінде, мәңгі үкімделу жайлы айтып, адамдарды сақтандыру – жанашырлықтың көрінісі. Сенушілер (жеке немесе қауым болып) осы жолдауды көпшілікке сүйіспеншілікпен қалай жеткізе алады?
3. Сенім мен жемістің (игі істердің) арасындағы байланысты қалай түсіндіре аласыз? Құтқарылу тегін берілетін сый болса, игі істеріміз неліктен сеніміміздің көрінісі болып табылады?
4. Бесінші тарауда Ізгі хабарды айтқанда, Исаға еру-ермеу жайлы шешімі адамның өміріне қандай әсер тигізетінін айтпай, бұғып қалатынымыз туралы сөз болды. Түбегейлі өзгерістерге бел бумай, жай ғана рухани көмек алып, өмір сүргеннен Мәсіхке бағышталған өмір әлдеқайда кемел деп ойлайсыз ба? Неліктен?
5. Құтқарылу, қиямет соты, осы жалғандағы өміріміздің мәңгі өмірімізге ететін ықпалы жайлы ойланып көріңіз. Осылар туралы түсінігіңіз рақымның табиғаты жайында айтылған бесінші тарауды оқып шыққаннан кейін қалай өзгерді?

A rectangular frame with a thin black border. At each of the four corners, there is a decorative ornament consisting of a small black semi-circle and several short, radiating lines, resembling a stylized sun or starburst.

3-ШІ БӨЛІМ

6-ТАРАУ

ҚҰДАЙДАН БЕЗУ

*Ал ақырына дейін табандылық танытқан
әркім құтқарылады.
— Матай 24:13*

Жасқаншақ пен Екіжүздінің хикаясында ашылатын ақиқатқа да жеттік. Бір кезде олар Джейлинге шын пейілімен ерген еді. Алайда, Жасқаншақтың адал ниеті бұрмаланып, өзгеріске ұшырады. Екіжүзді болса, ақыр аяғында Джейлиннің жолынан тайып кетті. Олардың өмірінің соңы қайғылы болды.

«Өзіміз неге сенсек, соны оқимыз» ба, «Оқығанымызға сенеміз» бе

Осы тарауда сөз болатын ақиқаттар кейбір сенушілердің арасында талас тудыратынын байқадым. Алайда, Киелі жазбаға мұқият үңілгеннен кейін пікірталастар тоқтайды. Сонымен, Киелі жазба Жасқаншақ пен Екіжүзді сияқты адамдар жайлы не дейтінін егей-тегжейлі қарастырмас бұрын сұрайтыным, санаңыз бен жүрегіңізді ашып оқыңыз.

Құдайдың еркін танып білудегі ең үлен кедергі – адамдардың көбісі Киелі кітаптан *оқығанына сенудің* орнына, *өздері неге сенсе, Киелі кітаптан соны көреді.*

Киелі кітапты оқығанда өзіміз сенетін нәрселерді ғана көру ақиқатқа бұлдыр әйнек арқылы қараумен бірдей. Ақиқаттың көмескіленуі басқалардан естіп білген бұрмаланған білімнен, деноминацияларымыздың тәлімінен, Құдайдың Кім екені

және қандай екені жайлы адами түсініктен туындайды, ал бұл өте қауіпті, себебі, адасуға апарып соқтырады. Әйүп кітабынан сондай адасушылықтың бір мысалын көреміз.

Жақында, Киелі кітапты оқымақ болып қолыма алғанымда, Киелі Рух маған: «Әйүп кітабын отыз екінші тараудан бастап оқы», – деді. Айтылған жерді аштым да, сол тұста Еліху сөзі басталатынын көрдім.

Әйүп кітабының мазмұнын естеріңізге сала кетейін. Басынан өткен қайғылы жағдайдан кейін, жанын ауыртқан қасірет пен денесін сыздатқан науқастан Әйүп Құдайды түсінуден қала бастады. Енді ол Құдайдан ақыл-парасат сұраудың орнына, Оны жазғыратын болды (Жақыптың хаты 1:2 – 8 қараңыз). Уақыт өте өзін-өзі ақтауға кірісті. Әйүптің алдыңғы тарауларда сөйлеген үш досы өздігінен білім алған дін мамандары болатын. Өздері адасып жүргендеріне қарамай, Әйүптің басына түскен ауыртпалықтарды түсіндірмек болды. Соның салдарынан жағдай тіпті қиындай түсті. Әйүптің баянсыз ой-пікірін теріске шығара алмаған олар ақыры Әйүпке кінә тақты.

Бәрінен жасы кіші Еліху Әйүп пен оның жолдастарының кезектесе сөйлеген сөздерін ұзақ тыңдап отырды да, айтар сөздері таусылды-ау дегенде: «Сіздер айтатын сөз іздеп жатқандарыңызда, мен ой-толғаныстарыңызға құлақ түріп, сөздеріңізді тыңдап күтіп отырдым. Мен өздеріңізге мұқият ден қойдым. Ал ешқайсыңыз не Әйүп ағаны әшкерелеген, не оның айтқандарына бәтуалы жауап қайтарған жоқсыздар. «Біз даналықты тауып, шындықты түсінеміз: осы кісіні адам емес, Құдайдың Өзі жеңіп шықпақ!» деп жүрмеңіздер», – деп әңгімеге араласты (Әйүп 32:11-13).

Еліху үшеуін де сынауға кірісті: «Уа, Әйүп аға, Құдай Өзінің талаптарын сіздің ойыңыз бойынша өзгертуге тиіс пе?! Шешімді мен емес, өзіңіз қабылдаңыз! Сондықтан нені білсеңіз, соны айта беріңіз» (Әйүп 34:33). Бүгінгі таңда көп

сенушілердің жіберетін қателігі жайлы дәл айтылған сөз. Қауымдардың теология жағынан ағат кетуінің басты себептерінің бірі осы: *Төрелікті Құдайдың сөзіне берудің орнына, өзіміздің сезімдеріміз, көзқарасымыз, тәжірибемізге сүйенеміз!*

Еліху өз сөзінде адами көзқарасқа, немесе түрлі жағдайлардың әсерінен қалыптасқан Құдайдың Кім екені жайлы тысқары ұғымға негізделген теологияға сүйенген жоқ. Ақиқатты бұрмаламай, Құдайдың сөзіне өз сөзін қоспай уағыздады. Еліху сөзі аяқталған соң:

«Содан соң Жаратқан Ие Әйүпке құйынның ішінен жауап беріп былай деді:

– Байыбына бармай сөйлеп, Менің данышпан шешімдеріме күмән келтіретін кім бұл өзі?! Беліңді нағыз ердей буып, дайын тұр! Мен саған сұрақтар қояйын, ал сен түсіндіріп берші!» (Әйүп 38:1-3) дегенді оқимыз.

Кеңейтілген аудармада: «Менің даналығыма білімсіз сөздерімен шәк келтіретін кім бұл өзі?!» – деп жазылған. Құдайдың сөзін өз ойымыздың, тәжірибеміздің, адами пікірдің елегінен өткізгенімізде осылай болады. Құдайдың даналығын көмескілендіріп, ақиқаттың бізге ерген адамдарға жетуіне тосқауыл қоямыз. Сөйтіп, ақиқатты оған ұмтылғандардан жасырамыз. Құдайдың Әйүп пен оның жолдастарына ашуланғанының да, қазіргі заманда Оның сөзі бұрмаланғанда ашуланатынының да себебі осы. Адамдардың ақиқатты білуіне кедергі келтіреміз! Келесі төрт тарауда Құдай Әйүпке Өзінің сөзін түсіндіреді. Құдай сөзін аяқтағанда Әйүп аһ ұрып:

« – Сенің барлық нәрсені де істей алатыныңды енді білдім. Ешбір ниетіңді тоқтату мүмкін емес. «Байыбына бармай сөйлеп, Менің данышпан шешімдеріме күмән келтіретін кім бұл өзі?!» – деп едің. Шынында да өзім түсінбейтін, білуіме тым керемет нәрселерді сөз қылыпшың. Сен тыңда, Мен сөйлейін. Саған сұрақтар қояйын, ал сен түсіндіріп берші!» деген де

едің. Сен туралы бұрын өзгелерден естігенмін, ал енді Сені өз көкірек көзіммен көріп тұрмын. Сондықтан бұрынғы айтқандарыма өкініп, қатты қайғырып күл-топырақта отырмын», – дейді (Әйүп 42:2-6).

Әйүптің мына сөзіне назар аударыңыз: «Сен туралы бұрын өзгелерден естігенмін, ал енді Сені өз көкірек көзіммен көріп тұрмын». Осы сөзде терең мағына жатыр. Киелі жазба былай дейді: «Ал енді, бәріміз бетімізді бүркемей, ашық түрде Иеміздің салтанатты ұлылығына айнадан көргендей *мұқият көз жібереміз*. Осылайша Ол бізді Өзіне ұқсатып, өзгертіп келеді. Сол арқылы Оның салтанатты ұлылығы барған сайын бізден көбірек көрініс табады. Бұл Иемізден – Киелі Рухтан келеді» (Қорынттықтарға арналған екінші хат 3:18). Иса туралы естігенде емес, Оның ұлылығына көз жіберіп қарағанда ғана Оған ұқсас болып өзгереміз. Иса – Құдайдың тірі сөзі, Оған қарау дегеніміз – Исаны және Оның жолдарын танып білу.

Адамға ашылған ақиқат осыны көруге мүмкіндік береді. Құдайдың сөзін естиміз, алайда, рухани көзіміз ашылмай, ол бізді өзгерте алмайды. Құдайдың сөзін жүрекпен ұғынғанымызда, қуанғанымыздан: «Иә, көріп тұрмын! Көріп тұрмын!» деп дауыстаймыз. Сондай сәттерде іштей нұрланып, Оған ұқсас болып өзгереміз.

Осы жағдай Пауыл елшінің былай деп мінәжат етуіне түрткі болды: «Мінажат еткен сайын сендер үшін ұдайы шүкірлік етемін. Иеміз Иса Мәсіхтің Құдайы – салтанатты ұлылыққа ие Әке сендерге Өзін жақынырақ танып білулерің үшін Өзінің Киелі Рухы арқылы даналық пен терең түсінік берсе екен деп Одан тілеймін. Ол *көкірек көздеріңді оятып, рухани нұрға кенелтіп*, өздеріңді қандай үмітке шақырғанын, яғни өз халқына қандай керемет игіліктер сыйлайтынын білсеңдер екен деп сиынамын» (Ефестіктерге арналған хат 1:16-18). Міне, басына зұлмат түскенге дейін де адал өмір

сүрген Әйүп, енді көкірек көзі оянып, рухани нұрға кенелді. Бұдан былай ол Құдайды бұрынғысынан әлдеқайда жоғары деңгейде таниды.

Жаратқан Ие Әйүпке арнаған сөздерін айтып болған соң, оның достарының бірі Елипазға тіл қатып былай деді: «Мен өзіңе және осы екі досыңа қаһарланып отырмын, себебі сендер Өзім туралы қызметшім Әйүп сияқты дұрыс сөйлеген жоқсыңдар» (Әйүп 42:7).

Құдайымыз Оның Өзін бұрыс көрсетуге немесе айтқанын бұрмалауға немқұрайды қараған емес. Өйткені, ондай жағдайда Құдайдың әділдігі бұрмаланып, даналығына күмән келеді.

Сол себепті Киелі жазбаға толықтай негізделмеген доктриналарды уағыздайтын адамдарға қайран қаламын. Не деген сұмдық! Ақиқаттың түзетуі мен үйретуіне көңіміз келмесе, оны қалай танып білмекпіз?

Әйүп кітабын оқып болғанымда Құдай маған тағы біраз нәрсе ашты, бірталай сұрағыма жауап берді. «Балам, Әйүп пен оның достары Мен туралы қате сөйлеп отырғанда олардың сөздеріне араласпағанымды байқадың ба? Ақиқат айтыла бастағанда ғана Менің құзырым келді!»

Құдайдың дәл жүрегіме айтқан осы сөзіне қайран қалып, ойға шомдым. Біраздан кейін Құдай тағы да: «Осы себептен көптеген сенушілер, қауымдар, деноминациялар Менің құзырым мен өзгертуші құдіретімнен құр алақан қалуда. Олар менің саф сөзімді емес, Әйүптің достары секілді өздерінің ойлары мен ұғымдарын жариялайды. Олар менің даналығыма білімсіз сөздерімен шәк келтіреді».

Құдайдың құзыры мен құдіретін шынымен де көргіміз келсе, шындықты бұрмаламай, ақиқатты мойындай білуге тиіспіз. Сондықтан, адами көзқарасқа, немесе түрлі жағдайлардың әсерінен қалыптасқан Құдайдың Кім екені жайлы тысқары ұғымға негізделген бұрыс теологияның Құдайдың Өз сөзінде ашып бергенін бұрмалауына жол бермеңіз. Қайта,

Құдайды Оның сөзінен іздеңіз, сонда, көкірек көзіңіз оянып, рухани нұрға кенелесіз.

Жарылқау қуған сенуші

Екіжүздінің өміріне қайта оралайық та, Исаның өткен тарауда келтірілген сөзінен бастайық:

«Көптеген адамдар қиямет соты күні Маған: «Уа, Тақсыр Ие, Сенің атыңмен біз жұртқа Құдайдың хабарын жеткізбедік пе? Сенің атыңмен жындарды қуып шығарып, көптеген кереметтер жасамап па едік?» – деп жалынатын болады. Сонда Мен оларға: «Сендерді ешқашан (өз адамдарым ретінде) таныған емеспін. Әділетсіздік істегендер, Менен аулақ кетіңдер!» – деп ашық айтамын» (Матай жазған ізгі хабар 7:22, 23).

Мұнда «әділетсіздік» деп аударылған – гректің «аномия», яғни, *Құдайдың заңына (немесе еркіне) кереғар әрекет*. Басқаша айтқанда, Құдайдың билігіне бағынбау деген сөз.

Иса «әділетсіздік» деген сөзді «істегендер» сөзімен бірге айтады. Яғни, «әділетсіздікті үнемі істегендер». Анда-санда бір сүрінген адам емес, күнәдан азат болу үшін күресіп жүрген, сол күнәсінен өзі жиренетін, жақында тәубе еткен адам емес. Керісінше, іс-әрекеті Құдайдың қалауына кереғар, Құдайдың еркін елеусіз қалдырып жүрген, онысына сылтауы дайын адам. Бұлар – Алданған сияқты адасып жүргендер немесе Екіжүзді сияқты опасыздар. Солар тәріздес көптеген адамдарға Иса Өз үкімін шығарғаннан соң, сол үкім олардың басына мәңгі бақи қарғыс болып түседі. Қожайынның әміріне жеңіл-желпі қарамау, оны елеусіз қалдырмау аса маңызды.

Киелі кітаптың осы үзіндісінде Иса сөзін кімге арнайтынын мұқият қарастырайық. Құдай Патшалығына кірмей қалатындардың біразы *Исаның атымен жындарды қуып шыққандар* болмақ. Олар кім? Исаның атын жындарды қуып шығу үшін ғана пайдаланған, Иса Иемізбен басқа ешқандай

қарым-қатынасы жоқ адамдар ма екен? Осы сұрақтың жауабын табу үшін Елшілердің істері кітабына зер салайық.

«Ал ел аралап, адамдардан жындарын қуып шығарушы кейбір яһудилер жын бұғандар үшін дұға оқып, Иеміз Исаның атын қолдана бастады:

– Саған Пауыл уағыздап жүрген Иса арқылы бұйырамын, – деді. Яһуди бас діни қызметкер әулетінен шыққан Скеуаның жеті ұлы осылай істеп жүрді. Алайда бірде жын бұларға жауап беріп:

– Исаны білемін, Пауыл да маған таныс, ал сендер кім-сіндер? – деді. Содан жыны бар кісі оларға бас салып, жерге жығып, бәрін де жеңіп шықты. Ағайындылар сол үйден жалаңаш, ұрылған-соғылған күйі қашып шықты» (Елшілердің істері 19:13-16).

Жындарды Исаның атымен қуып шығу бұл экзорцистердің қолынан келмеді! Ақиқаты сол, жындарды қуып шығу үшін есімді қолдана білудің бір өзі аздық етеді. Сол есімнің Иесімен қарым-қатынас болуы шарт. Исаның жолын қуушы әрі қызметшісі болу керек.

Осы жерде сіз: «Оларға Иса сендерді ешқашан таныған емеспін деп айтты ғой, ендеше Исаның атымен жындарды қуып, кереметтер жасау олардың қолынан қалай келді? Бұл қалай?» – деп ойлаған боларсыз.

Исаға құтқарылу үшін ерген көптеген адам бар, олар өз пайдасын ғана көздейді. Олар Құдайдың жүрегін танып білген жоқ, тек Оның құдіреті мен жарылқауларын іздейді. Пауыл елші сондай адамдар туралы: «Расында да Құдайға ұнамды өмір сүріп, барға қанағат ету зор рухани байлыққа жеткізеді», – деп ескертеді (Тімотеге арналған бірінші хат 6:5).

Олар Исаны қара басының қамына бола ғана керек қылады. Сондықтан қызмет еткендегі ниеті – сүйіспеншілік емес, өз пайдасы. «Ал Құдай Өзін сүйгенді жақсы біледі» (Қорынттықтарға арналған бірінші хат 8:3) дегендей, Иса оларды танымайды.

Құдай біледі. Мұндағы *біледі* деген сөз біреуді жай ғана білуді айтпайды. Құдай бәрін біледі ғой, Ол барлық адам туралы барлық мәліметті біледі, Ол – бәрін білуші Құдай! Келтірілген аяттағы *біледі* деген сөз жақын білу, тану мағынасында айтылған. Киелі кітаптың кеңейтілген аудармасында былай делінген: «Ал Құдай Өзін (аса қастерлеп, биязы қадірлеп, екі етпей тілін алып, Оның жарылқауларын кішіпейіл ризашылықпен қабылдап) шын сүйгенді жақсы біледі (сол адамды сүйіспеншілігіне лайық деп тауып, жақын таниды, Өзінің меншігі санайды)» (Қорынттықтарға арналған бірінші хат 8:3).

Қиямет күні Иса көптеген адамдарға: «Сендерді ешқашан (өз адамдарым ретінде) таныған емеспін», – деп айтады. Сонымен, Құдайды сүймегендерді (яғни, аса қастерлеп-қадірлемейтін, тілін ала қоймайтын, Оның жарылқауларына кішіпейіл ризашылықсыз қарайтын адамдарды) Құдай Әке жақын танымайды. Ондайлар Исадан құтқарылу күткенімен, Онымен жақын қарым-қатынасы жоқ. Исаны шын сую дегеніміз – Оған өмірімізді толықтай бағыштау. Өзің үшін емес, Ол үшін өмір сүресің деген сөз.

Яһуданы мысалға келтірейін. Ол өмірін Исаға арнады. Құдайды шын сүйетін сияқты. Исаға еріп жүруінің өзі – осының айғағы, себебі, Исаға еру – зор құрбандық. Яһуда басқа қызметкерлермен бірігіп, Исаға серік болды. Қудалау кезінде де, басқалар Исадан бас тартқанда да Яһуда Исаның жанында қала берді (Жохан жазған ізгі хабар 6:66 қараңыз). Ол жындарды қуып шығарды, науқас адамдарды сауықтырды, Ізгі хабар таратты (Лұқа жазған ізгі хабар 9:1 қараңыз).

Алайда, Яһуданың ниеті әуелден-ақ дұрыс ниет емес еді. Ол өз мүддесін көздеп жүргенін мойындап, шындап тәубе етпеді. Оның болмысы «Исаны қолдарыңызға түсірсем, маған не бересіздер?» – деген сияқты сөздерінен анық көрінеді (Матай жазған ізгі хабар 26:15). Ол өзінің жеке пайдасына бола өтірік айтып, жәдігөйленуден де жиренбейтін (Матай жазған

ізгі хабар 26:25 қараңыз), Исаның қазынасынан ақша ұрлап, өз керегіне жұмсайтын (Жохан жазған ізгі хабар 12:4 – 6 қараңыз). Яһуданың осы тәрізді істерінің тізімін әлі де жалғастыра беруге болар еді. Яһуда үш жарым жыл бойы Исамен бірге жүргеніне қарамастан, Иемізді ешқашан да жақын танып білмеген. Сондықтан Иса ол туралы былай деген еді: «Осы он екінді Мен таңдап алған едім. Сонда да іштеріңдегі біреуің әзәзіл шайтанның жетегінде, – деді. Иса Шимон Исқариоттың ұлы Яһуда туралы айтқан еді. Ол сол он екіннің біреуі болғанмен, кейін Исаны ұстап берді» (Жохан жазған ізгі хабар 6:70, 71).

Яһуда тәрізді адамдар өте көп, олар қызмет ету жолына бәрін қияды, адамдарды жындардың билігінен азат етеді, Ізгі хабар таратады, ауруларды сауықтырады, Исаның құтқаратынына сенеді. Алайда, Исаны жақын танымайды, себебі, оларды осы істерге итермелейтін – Құдайға деген сүйіспеншілік емес, жеке пайдасы.

Осындай сипаттама хикаямыздағы Екіжүзді атты кейіпкерге әбден лайық. Ол Джейлин берген абырой-беделді ұнатқандықтан оған ерді. Әуелден-ақ оның ниеті – Джейлинге деген сүйіспеншілік емес-ті.

Ондай адамдарды үкім мен жаза күтіп тұр. Яһуда туралы Иса: «Сол кісі үшін ешқашан дүниеге келмегені жақсы болар еді!» – деді (Матай жазған ізгі хабар 26:24). Құдайға өз мүддесі үшін және Құдай атымен басқаларға беделді болуды ұнатқандықтан қызмет етіп жүрген діни қызметкерлерге: «Дін мұғалімдері мен парызшылдар, екі жүзділер, сендер қасіретке қаласыңдар! Жесір әйелдердің үй-жайын ішіп-жеп тауысып, әдейі көзге түсу үшін ұзақ мінажат етіп жүрсіңдер. Сол үшін де бәрінен бетер қатаң жазаланатын боласыңдар-ау!» – дейді (Матай жазған ізгі хабар 23:14). Екіжүзді тәрізді, мұндай адамдар тозақтың ең азапты, ең қараңғы жеріне қамалатын болады.

Құтқарылу сыйынан айырылып қалу

Жоғарыда айтылғанның барлығы Екіжүздінің бейнесіне тура келеді. Ал Жасқаншақ ше? Оның Джейлинмен қарым-қатынасы бар еді ғой, олай болса, неліктен ақырына дейін адал болмады? Киелі жазбада осындай жағдай туралы не айтылған? Езекиел пайғамбардың жазбасынан бастайық:

«Ал егер *әділ адам* өзінің ізгі іс-әрекетінен бас тартып, күнә жасайтын болса, әрі зұлым адам сияқты жексұрын істер істеге кіріссе, оның өмір сүре беруіне бола ма? Жоқ, оның бұрын істеген *әділ істерінің ешқайсысы да енді ескерілмейді*. Сол адам опасыз болып, күнә жасағаны үшін *өлімге кесілуге тиіс*» (Езекиел 18:24).

Мұндағы ең маңызды нәрсе: Құдай *әділ* адам туралы айтады. Әділ болмаса да, өзін әділмін деп *санап* жүрген адам туралы емес. Ол – жоғарыда айтылған адасқан адам немесе өтірікші емес, әрине. «Оның бұрын істеген *әділ істерінің ешқайсысы да енді ескерілмейді*», – дейді Құдай. Құдай ол істерді тіпті болмағандай ұмытады. Құдайдың күнәларымызды ұмытқанын айтқанда, «шығыс батыстан тым қашық болғаны сияқты, Ол заңсыз істерімізді бізден зор қашықтаты» (Забур 102:12) және «күнәмізді арқасынан асыра лақтырды» (Ишая 38:17) дейміз. Құдай: «Себебі Мен олардың *әділетсіз істерін рақымшылықпен кешіріп, жасаған күнәларын бұдан былай есіме алмаймын*», – деп Өзі айтады (Еврейлерге арналған хат 8:12). Исаны Ием деп қабылдағанымызда, Құдай күнәмізді ұмытты. Шайтан бізді жазғырады, алайда Құдай, Өзі айтқандай, күнәмізді қайтып есіне алмайды.

Ол бізді ешқашан күнә жасамағандай көреді. Олай болса, кері жағдай да әбден мүмкін. Адамның әділдігін ескермеймін дегенде, оны бір кезде танығанын ұмытатынын айтады, себебі, күнә Құдаймен арадағы қарым-қатынасты жоққа шығарды.

Құтқарылу жолынан үнемі алыстаудағы сенуші туралы Киелі жазба не дейді екен, соны мұқият қарастырайық. Жақып елші жазады:

«Бауырластарым, қайсыбіреуің ақиқат жолынан *тайса*, басқа біреуің оны кері қайтарсын! Естеріңде болсын: кім күнәкарды теріс жолдан қайтарса, сол оның жанын рухани өлімнен құтқарып, көптеген күнәларының кешірілуіне себепші болады» (Жақып 5:19,20).

Ең алдымен «*Бауырластарым*, қайсыбіреуің ...» деген сөздерге көңіл бөлейік. Жақып мұнда өзін мәсіхші деп санайтындар жайлы айтып тұрған жоқ. Ақиқат жолынан тайған *сенуші* туралы айтады. Киелі жазбаның осы үзіндісі ондай бауырласымызды *күнәкар* дейді. Ол енді құтқарылудан құр қалды деген сөз емес, ол үнемі күнә жасап жүр, тәубе етіп, Құдайға мойынсұнған қалпына қайта оралуға тиіс деген сөз.

Жақып ескертеді: ол Құдайға бет бұрып, теріс жолынан қайтпаса (тәубе ету), онда мәңгі рухани өлімге ұшырайды (жоғалған жан). Нақыл сөздер кітабынан осыған дәлел табамыз: «Даналық жолынан адасқан – о дүниеге жақында аттанар жан» (Нақыл сөздер 21:16).

Ақиқат жолынан тайып, тәубе еткісі келмей жүрген адамның соңы – өлілердің мәңгі мекенінде, яғни, тозақта, одан кейін отты көлде екенін Жақып айтады да, Нақыл сөздер оны құптайды.

Өмір Кітабы

Жаңа Өсиетте Өмір Кітабы жайлы сегіз рет айтылады. Мәңгілікті Исамен бірге өткізетіндердің аттары сол кітапқа жазылатынын Паул елші мен Жохан елші айтады. Біз жоғарыдан туылған сәтте есімдеріміз сонда жазылады.

Төртінші тарауда келтірілген Ефросинья атты қыздың куәлігі есіңізде болар. Ол өмірін Исаға бағыштаған кезде

Құдай Әке оның есімін Өмір Кітабына жазды да, «Отбасына хош келдің!» деді. Пауыл елші бауырларының біріне: «Иә, адал серігім, сенен де сұраймын: осы екі әйелге көмек көрсетші. Олар Ізгі хабарды таратудағы күресіме ортақтасып, Кілемент пен өзге қызметтестеріммен де бірге істесті. Солардың есімдері көктегі Мәңгілік өмір кітабына жазылып қойылған», – деп жазады (Філіпіліктерге арналған хат 4:3).

Оған кері жайт та – ақиқат: аттары Өмір Кітабына жазылмағандар мәңгіге жоғалады. Аян кітабы мынаны айтады: «Кімнің есімі «Мәңгілік өмір кітабында» жазылмаған болса, сол да тозақ отына лақтырылды» (Аян 20:15).

Жохан елші Құдайдың мәңгі қаласына «тек Тоқтының «Мәңгілік өмір кітабында» есімдері жазылғандар» (Аян 21:27) ғана кіретінін айтады; қалғандар өлілердің арасынан өз орнын алады.

Исаның Аян кітабының үшінші тарауындағы сөздері – құтқарылмағандарға немесе пұтқа табынушыларға арналған сөз емес. Жоқ, Ол Өз адамдарына айтады: «Жеңіп шыққан әркім солар сияқты апшақ киім киетін болады; Мен оның есімін Мәңгілік өмір кітабынан өшірмей, Әкемнің және Оның періштелерінің алдында ашық мойындаймын» (Аян 3:5). Кеңейтілген аудармада: «Мен оның есімін Мәңгілік өмір кітабынан өшірмеймін де, сызып тастамаймын» делінген.

Өшіру деген сөзге назар аудардыңыз ба? Өмір Кітабынан есімді өшіріп тастау үшін алдымен оны жазу керек. Онда жоғарыдан туылғандар ғана Иса Мәсіхке деген шынайы сенімдері арқылы жазылады. Сенбеушілердің де, Исаны ешқашан шын жүрегімен Ием деп қабылдамаған, алданып жүрген адамдардың да есімдері кітапқа жазылмаған, сондықтан өшірілуі де мүмкін емес. Мұндағы сөз – «отбасы мүшелері» жайлы.

Ес жиғызатын аян

Жиырманшы ғасырда бір қызметші өмір сүрген екен, ол Құдайға жетпіс жылдай адал қызмет етіпті. Ол кісінің Мәсіхтің Денесіне еткен ықпалы орасан зор, кітаптары 65 миллион дана мөлшерінде басылып шықты, мектебінен 20 000 шәкірт тәлім алып шықты.

Сол кісі кітаптарының бірінде мынадай әңгіме баяндайды. 1952 жылы оған аян ішінде Иса келіп, Киелі жазбаны түсіндіреді. Сол аянда өзіне таныс бағушының әйелін де көреді. Әлгі әйел өзінің сұлулығы мен қабілеттерін Құдайға қызмет етуге жұмсағаны – бос әурешілік деген өтірікке сеніп жүр екен. Уақыт өте ол осыдүниелік атақ-даңқ пен байлық-мансапты армандап, құмарта бастады. Ақырында ол шайтанның азғыруына көнеді де, жұбайын тастап, армандаған бақытын іздеп кетеді.

Әлгі қызметкерге Иса: «Сол әйел менің перзентім еді», – деді де, бұдан былай ол үшін мінәжат етпеуін бұйырды. Келесі үзіндіні кітаптың өзінен тікелей келтіремін.

«Ием, оның тағдыры не болмақ?» – деп сұрадым.

«Ол зар еңреп жылап, қинала тістенетін жерде мәңгі болады», – деп жауап берді Иса. Ол әйелдің тозақтың түнегіне түсіп бара жатқаны көз алдыма келді. Шыңғырған айқайы құлағымды тұндырды.

«Ием, ол әйел Сенің перзентің еді. Ол Сенің Рухыңа кенелген болатын, Саған қызмет етті. Соған қарамастан ол үшін мінәжет етуге тыйым салдың. Осыны түсіне алар емеспін!»

Иса Киелі жазбадағы мына сөзді есіме салды: «Бауырының өлімге апармайтын күнә жасап жатқанын көрген кісі ол үшін Құдайға сиынсын. Сонда күнә жасағанның өмірі сақталады. Алайда өлімге апаратын күнә да бар. Құдайға сиынсын дегенде сондай күнә туралы айтып отырған жоқпын» (Жоханның бірінші хаты 5:16).

«Ием, мұнда тәндік өлім туралы айтылған, күнә жасаған адам құтқарылуды жоғалтпайды деп сенуші едім», – дедім.

«Мұнда тәндік өлім туралы айтылмаған, оны өзің қостың, – деді Ием. – Бесінші тарауды түгелімен мұқият оқып шықсаң, көресің, онда өмір мен өлім – рухани өмір мен рухани өлім туралы айтылған. Өлімге апаратын күнә жасаған сенушінің рухани өлімі туралы. Сол себепті ол үшін мінәжат етпе дедім. Менің саған ол үшін мінәжат етпе деуімнің себебі – ол өлімге апаратын күнә жасады».

«Бұл менің теологиямның негізін шайқалтты, Ием. Тағы да түсіндірсең?» – дедім. (Теологияңыз Құдайдың Сөзіне қайшы келсе, одан бас тартқаныңыз дұрыс).

Иса мына жазбаны есіме салды:

«Себебі кейбір адамдарды істегендеріне өкіндіріп, қайтадан Құдай жолына түсіру мүмкін емес: бір кезде жан дүниелері Тәңір Иенің нұрынан ағарған еді. Олар Оның көктен жіберген сыйының дәмін татып, Киелі Рухтан үлестерін алды. Сондай-ақ, Құдай сөзінің игілігінің де, болашақ заманның құдіретінің де дәмін татып көрген болатын. Алайда кейінірек олар тура жолдан безіп кетті! Мұндай адамдар өз еріктерімен Құдайдың рухани Ұлын тағы да айқышқа шегелеп тастағандай, жұрттың мазағына айналдырып жүр. Мұндай жағдайда оларды Құдай жолына қайтару мүмкін емес» (Еврейлерге арналған хат 6:4-6).

Келтірілген үзіндіде аталған сипаттамаларға назар аударуға тиіспіз. Мұнда айтылған адам біріншіден, көктен келген сыйдың дәмін татты. Исаны қабылдағандар жайлы осылай дегуе болады, өйткені, Иса – көктен жіберілген сый. Екіншіден, ол Киелі Рухқа кенелген. Үшіншіден, Құдай сөзінің игілігінің де, болашақ заманның құдіретінің де дәмін татып көрген. Яғни, Киелі Рухтың сыйлары мен майлану, т.б. оған тиесілі. Бұл үзіндіде, өзіміз көріп отырғандай, сөз – жаңадан тәубе еткен адам емес, тәжірибелі сенуші жайында.

Құдайға бұдан былай Оған қызмет еткісі келмейтінін айтқан, кейін онысына қатты өкініп жылаған адамдармен бірнеше рет сөйлескенім бар. Киелі жазбадағы осы және осыған ұқсас аяттарды оқығанда олар қатты сескенеді. Алайда, рухани сәбилер кейде білместіктен мүлт кетеді. Оны Иеміз біледі.

Еврейлерге арналған хаттың авторы сәбилер емес, тәжірибелі сенушілер туралы айтады.

Сол бір абыржыған жандарды жұбатқанда айтатыным мынау: егерде олар өлімге апаратын күнә жасаған болса (Киелі кітаптан көргеніміздей), Исамен жақын қарым-қатынасын қайта жаңғыртуға құлшынысы болмас еді. Олардың Исаны аңсауы, шын жүректен тәубе етіп, жақсы жеміс әкелуінің өзі Киелі Рухтың оларды қарым-қатынасқа шақырып жүргенін көрсетеді. Хейгин бауырымыз көрген аяндағы әйел тәрізді олар да Құдайдан бір жола теріс айналған болса, Исаға жақын болуға, Құдайға ұнамды өмір сүруге олардың зауқы соқпас еді.

Сол аянда Иса әлгі әйелдің кезінде шынында да Құдайдың перзенті болғанын айтты. Кітаптың авторы, Кеннет Хейгиннің жас шағы өткен деноминациядағы сенушілердің көбісі құтқарылудан айырылып қалу мүмкін емес деп, мәңгі құтарылу кепілдігіне сенеді. Дәл осы себептен Исаның сөзіне ол «бұл менің теологиямның негізін шайқалтты, Ием» деп жауап берген еді. Әлгі әйел жоғарыдан туылғанда, есімі Өмір кітабына жазылған болатын. Бірақ ақырына дейін адал болмай, күнәар дүниеге қайта оралды, сол себепті аты кітаптан өшірілді. Ол өз еркімен кеткен еді. Ондай адамның рухани жағынан қалпына келуі мүмкін емес дейді Еврейлерге арналған хаттың авторы. Ол – екі рет өлген адам. Бұрын ол әйел күнәға батқан, өлі күйде еді, кейін сыйға берілген мәңгі өмірден бас тартып, рухани өлі қалпына қайта оралды. Біржола кетті. (Яһуданың хаты 12 қараңыз).

Осындай күйге жеткен адамдар қайта туыла алмайды. Еврейлерге арналған хаттың авторының «...оларды Құдай жолына қайтару мүмкін емес» дейтіні сондықтан. Кейбір жағдайда адам бірнеше қайталап жоғарыдан туылуы мүмкін деп санау – қателік.

Қайталап кетейін, өлімге апаратын күнә жасаған адамның жүрегінде тәубе етіп, теріс жолдан қайтуға, Исаға өмірін

қайта арнауға деген аздаған да қалау болмайды. Киелі Рухтан басқа ешкім бізді Исаға келтіре алмайды. Аяндағы әйел сияқты, бір кезде шын сенуші болған адамның Құдайдан безуінің нәтижесінде Киелі Рух оны тастап кетсе, Ол қайта оралмайды. Сол себептен Киелі Рух табандылықпен шыдайды, Ол бізден оңайлықпен бас тартпайды.

Тозақтың қара түнегі

Пауыл елші нақтылай түседі:

«Осындайлар Иеміз әрі Құтқарушымыз Иса Мәсіхті танып білгендері арқылы осы дүниелік арамдықтардан арылып, құтылған болатын...» (Петірдің екінші хаты 2:20).

Ең алдымен Петірдің кімді айтып тұрғанын түсінейік. Егерде әлдекім Иеміз әрі Құтқарушымыз Иса Мәсіхті танып білгені арқылы осы дүниелік арамдықтардан арылып, құтылған болса, ол адамның мәсіхші болғаны айдан анық. Бұл сипаттама бұрынырақ қарастырылған адасқандар мен өтірікшілерге келмейді. Олар Құдайды танимыз дегенімен, шындап танымайды. Керісінше, Иеміз Иса Мәсіхтің құтқарушы рақымымен күнәһар дүниенің азғындығынан азат болғандар туралы айтады. Жоғарыдан туылған адамдар туралы айтылған сөз екеніне күмән жоқ.

Әрі қарай оқиық:

«Алайда кейін қайтадан олардың шырмауына түсіп, жеңіледі. Сонда олардың соңғы жағдайы бұрынғысынан да мүшкіл болмақ. Олар үшін әділет жолын танып біліп, Мәсіхтің тапсырған қасиетті өсиеттерін қабылдап, кейін кері бұрылғаннан гөрі, сол жолды мүлдем білмегендері жақсы болар еді. Бастарынан кешкендерінде мына тауып айтылған мақал-мәтел жүзеге асыды: «Төбет қайта оралар өзінің құсығына», «Жуылған шошқа қайтар аунайтын батпағына»» (Петірдің екінші хаты 2:20-22).

Петір күнәнің құлдығына қайта оралатын мәсіхшілер туралы айта келіп, олардың Иса Мәсіх арқылы құтқарылмай-ақ қойғаны жақсы болатын еді дейді. Құдайға бағынып қасиетті өмір сүрудің орнына олар алуа-лаәззатқа, тән құмарлықтарына, осы дүниелік тәкаппарлыққа беріледі.

Олардың әділдік жолын білмегендері өздеріне жақсы болар еді деп неліктен айтылған? Жауапты Яһуданың хатынан табамыз. Петір сияқты, ол да құтқарылудан айырылып қалғандар жайлы айтады: «Бұлар қасіретке қалмақ! Олар Қабыл таңдаған жолмен жүреді және Балағам іспетті өздері алатын сыйына қызығып, алдамшылыққа беріледі. Ақырында олар Қорах сияқты қиқарлықпен (қауым жетекшілеріне қарсы) бас көтергендері үшін құртылмақ» (Яһуда 11).

Қабыл, Балағам, Қорах – бұлардың әрқайсысы кезінде Құдаймен жақын қарым-қатынаста болған адамдар, Балағам мен Қорах тіпті Құдайдың қызметкерлері де еді.

Қабыл Құдайға бағынбағандықтан, Балағам ақшақұмарлығынан, Қорах Құдай тағайындаған билікке қарсы шыққандықтан жолдан тайды.

Яһуда сөзін жалғастырады:

«Осындайлар достық дастарқандарыңа еш қаймықпастан келіп, тойынып алып, сендерді лас дақтар сияқты ұятқа қалдырады. Мұндай адамдар жаман шопандай тек өз қамдарын ғана ойлайды. Олар жел айдаған жаңбырсыз ақша бұлт іспетті, әрі күзде жеміс бермейтін, тамырымен жұлынған, біржола өлген ағаш секілді ешбір пайда келтірмейді. Қайта, олар ұятсыз істерін паш етіп, көбік шашып, қоқыр-соқыр әкеліп жатқан теңіздің буырқанған толқындарына ұқсайды. Осы азғырушылар кезбе жүлдыздай тура бағытты сілтей алмайды; оларға тозақтың мәңгілік қара түнегі дайын тұр» (Яһуда 12, 13)

Достық дастарқан деп отырғаны – алғашқы қауым мүшелерінің бір-біріне деген және Құдайға деген сүйіспеншілігін білдіру үшін бас қосып, кешкі ас үстінде дастарқандас болуы. Әдетте достық дастарқанның соңында нан үзу рәсімі жасала-

тын. Ал енді ес жиғызатын мәлімет: Құдайдан безгендер аяндағы әйел тәрізді қауымнан түгел кетіп, арамыздан ғайып болмайды. Осының салдарынан олар әлсіз әрі айықпас жаратқа ұшырағыш келетін жаңадан тәубе еткен сенушілер үшін өте қауіпті.

Қорах – сондай адамдардың бірі. Ол Харонның қызметтегі көмекшісі болатын. Дегенмен, Мұса мен Харонға: «...жетер енді сендерге! Өздерің ғана емес, бүкіл қауым киелі! Жаратқан Ие біздің де арамызда ғой. Сендер неге өздеріңді Жаратқан Иенің халқынан жоғары қоясыңдар?!» – деп (Руларды санау 16:3), қарсы шықты. Соның ықпалында кетіп жазаға ұшырағандар – 250 жетекші мен Исраил халқынан тағы да 14 700 кісі!

Яһуда осындай Құдайдан безгендерді лас дақтармен салыстырады. Олар арамызда қала береді. Бір кезде оларда Құдайдың рақымы бар еді, оны бұрмалап, өзімшілдікке батты, Құдайды қастерлеуден қалды. Алайда, сол, өздері қадірлемей, жоғалтып алған рақымға әлі де үміт артады, негізсіз үміт. Қорах: «Жаратқан Ие біздің де арамызда ғой», – деді. Ол да жалған қауіпсіздік күйінде жүрген адам еді, ертеңіне-ақ жер қақ айырылып, оны тірідей жұтып қойды да, Қорах тозақтан бір-ақ шықты. Қорах тәрізді адамдар сенушілерден көзге көрінер еш айырмашылығы жоқ, арамызда жүреді, алайда, Иса қайтып келгенде Онымен бірге болатын жеңімпаздардың ішінде олар болмай шығады. Иса ешбір дақсыз, ақаусыз, басқа да кемшіліксіз, қасиетті де *пәк таза* қауымына келеді (Ефестіктерге арналған хат 5:27 қараңыз).

Басқа тілдердегі Киелі кітапта Яһуда 12,13 аяттарында ондай адамды *екі рет өлген* дейді. Адам қалайша екі рет өлуі мүмкін? Рухани өлі, күнәһар адам жоғарыдан туылып, мәңгі өмірге ие болады да, кейін күнә жасап, тәубе етпей, рухани өлі күйіне қайта оралады. Осындай жағдай болуы мүмкін бе? Есіңізде болар, Жақып ескертеді: ақиқат жолынан тайған сенуші Құдайға бет бұрып, теріс жолынан қайтпаса, онда мәңгі рухани *өлімге* ұшырайды. Жохан өлімге апаратын күнәнің

болатынын айтады. Екеуі де *екі рет өлген* адамға қатысты айтылған сөз.

Яһуданың «оларға тозақтың *мәңгілік қара түнегі* дайын тұр» деген сөзіне назар аударыңыз. *Тозақтың қара түнегі* деген сөз мәңгілік жазаның ең қорқыныштысын білдіреді. Исаның Өзінің келуі мен қиямет соты туралы айтқан сөзінен де осыны көреміз:

«Қожайыны келгенде олардың күзетіп ояу отырғанын көрсе, қызметшілері бақытты! Сендерге шындығын айтайын: ол беліне алжапқышын байлап алып, оларды дастарқанға шақырады. Өзі қастарына келіп, оларға күтіп қызмет көрсетеді. Ал егер әлгі қызметші іштей «қожайыным жуырда келе қоймас» деп, малайлар мен күндерді ұрып-соқса әрі ішіп-жеп, маскүнемдікке салынса, онда қожайыны күтпеген күні, ойламаған сәтте келіп, оны аяусыз жазалап, сенімсіздердің кебінін кигізеді. Қожайынының еркін біле тұра дайын болмаған, оның қалауы бойынша істемеген қызметші қатты соққы жейтін болады. Ал оның қалауын білмей, жазалауға тұратынды істеген қызметші азырақ соққы жейтін болады. Себебі Құдай кімге көп берсе, одан көп талап етеді, кімге көп сеніп тапсырса, одан есепті де көбірек сұрайды» (Лұқа 12:37, 45-48).

Осы аяттардың айтары көп. Осындағы өте терең бірнеше ойға назарыңызды аудармақпын. Ең алдымен, кейіпкердің күнәһар немесе сенбеуші емес, қожайынның өз *қызметшісі* екенін байқаңыз. Ол *қожайынның еркін* біле тұра, орындамады.

Тәуелсіз олай емес, ол қожайынның қалауын білмей, жазалауға тұратынды істеген, сондықтан *соққыны азырақ жейтіндердің* санатына жатады. Алданған өзін қожайынның қызметшісі санағанмен, Джейлиннің нағыз қызметшісі емес еді, сондықтан ең ауыр жаза туралы сөз оған да қатысты емес. Иса айтқан адамды қожайынның өзі еркімді білетін қызметшім деп санаған. Бұл адам құтқарылудан өзі бас тартқан еді.

Тағы да назар аударар жайт, әлгі қызметші малайлар мен күндерді ұрып-соқты. Мұнда біреудің есебінен пайда таба

тын адамның өмір салты бейнеленген. Ол болашағын ойламайды. Тойынып жейді, мастанып ішеді, жеке басының ғана қамын ойлайды. Ондайлар туралы Яһуданың айтқаны есіңізде болар: «...достық дастарқандарыңа еш қаймықпастан келіп, тойынып алып... тек өз қамдарын ғана ойлайды». Олар Құдайды қастерлемейді. Сырт пішіні Құдайға ұнамды өмір сүретін адамның пішініндей болғанымен, шын мәнінде өз пайдасын ғана ойлайды.

Енді ондай қызметшінің қалай жазаланатынына келейік. Көңіл аударыңыз, ол сенімсіздердің (құтқарылмағандардың) кебінін киді. Қожайынының еркін біле тұра дайын болмаған, оның қалауы бойынша істемеген қызметші аяусыз жазаланып, *бәрінен қатты соққы* жейтін болады. Яғни, ол ең сұмдық жаза – отты көлге немесе тозақтың қара түнегіне мәңгі кесіледі!

Кешірмеушіліктің улы тамыры

Бұл сөз, әрине, Жасқаншаққа лайық. Кешірім – Джейлиннің еркі екенін біле тұра, ол кешірім беруден бас тартты. Жалаға деген ашу-ызасын ішінде сақтап қалды. Күйінші жанын арамдады. Мынаны оқыңыз: «Абай болыңдар, ешқайсың Құдайдың рақымынан құр қалып жүрмеңдер! Әйтпесе улы жеміс беретін тамырды қазып алып тастамаса, оның қайтадан көктеп, қаулап өсіп кететіні сияқты, мұндай адамдарың өздерінің жаман көзқарастарына көптеген басқаларды да еліктіріп, арамдап, зор зиян тигізетін болады» (Еврейлерге 12:15).

Жаңа Өсиетті зерттеу мен көп жылдық қызметтегі жинаған тәжірибемнен көргенім, сенушілер Құдаймен жақын қарым-қатынасын суытып алса, ең қауіпті тұзақ – кешірмеушілік тұзағына түседі. Жасқаншақтың өмірінен көргеніміздей, кешірмеушілік қате нанымға, оғаш іс-әрекетке бастайды.

Матай жазған ізгі хабарда Иса қызметкерлерінен есеп алмақшы болған патша туралы астарлы әңгіме айтады. Есеп

ала бастағанда оның алдына он мың ат басындай күміске борышты қызметкерін алып келеді. Басқа аудармаларда «ат басындай күміс» деген сөздің орнына «талант» деген сөз қолданылған. Сол заманда талант – салмақтың өлшем бірлігі болатын. Талантпен алтын (Патшалықтар туралы екінші жазба 12:30), күміс (Патшалықтар туралы үшінші жазба 20:39), басқа да металдар мен тауарлар өлшенетін. Исаның әңгімесінде сөз қарыз туралы болады, сондықтан, мұнда алтын немесе күмістің мөлшері жайлы айтылғаны сөзсіз. Алтын деп ұйғардық делік.

Бір талант алтынның салмағы шамамен отыз жеті жарым килограмм. Бұл – адам көтеріп әкете алатын алтынның мөлшері (Патшалықтар туралы төртінші жазба 5:23). Он мың талант дегеніміз 375 тонна. Сонымен, қызметшінің патша алдындағы қарызы – 375 тонна алтын. Осы кітапты жазып отырғанымда алтынның бір унциясының (28,3 грамм) бағасы шамамен 1200 доллар. Ал енді санайық. Он мың талант алтынның бүгінгі нарықтық бағасы он төрт миллиард доллар болар еді! Әлгі адам патшаға дәл осынша ақша қарыз болатын! Борыш мөлшерінің үлкендігі сонша, борышкердің оны төлеп шығар шамасы жоқ, Иса соны баса айтады.

Қарызды өтеп шығу мақсатында патша борышкерді бала-шағасымен бірге құлдыққа сатып жіберуді бұйырды. Сонда қызметкер патшаның аяғына жығылып: «Тақсыр, маған сәл мұрсат бере көріңіз, мен бәрін де төлеймін!» деп рақым етуін сұрап жалынады. Қызметкеріне жаны ашыған патша оған рақым етіп, бүкіл қарызын кешіреді.

Осы астарлы әңгімеде патша Құдай Әкені бейнелейді. Қарызы кешірілген борышкер – Иса Мәсіх құрбандығы арқылы кешірім алған адам. Біреуге зиян келтірілсе, қарыз пайда болады. «Құн төлеу», «қарымта қайтару» деген ежелгі рәсімдер туралы естіген боларсыз.

Кешірім дегеніміз – қарызды жою. Кешірілген адам қарыздан босатылды. Осы астарлы әңгімедегі патша – Құдай Әке,

қызметкер – Иса Мәсіх құрбандығы арқылы кешірім алған адам екенін көріп тұрсыз.

Әрі қарай оқимыз: «Қызметкер далаға шыққан соң, бір қызметтес жолдасын кездестіреді. Бұл адам оған тек бір жүз күміс теңгеге ғана борышты еді. Алайда қызметкер оны алқымынан алып, қылғындыра бастап: «Дәл қазір маған берешегіңді қайтар!» деп талап етеді» (Матай жазған ізгі хабар 18:28). Басқа аудармаларда «жүз күміс теңге» емес, «бір динарий» деп жазылған. Мәселен, бір динарий дегеніміз – жүз доллар мөлшеріндегі ақша болсын делік. Сонда қарыздың мөлшері – он мың доллар. Көріп тұрғаныңыздай, аз ақша емес.

Тағы оқимыз: «Қарыздар жолдасы аяғына жығылып: «Маған сәл мұрсат бере көр, мен бәрін де төлеймін!» деп жалынады. Бірақ ол күткісі келмей, әлгіні қарызын төлегенше түрмеге жапқызады» (Матай жазған ізгі хабар 18:29, 30). Он төрт миллиард қарызы кешірілген адамға жолдасы он мың доллар қарыздар екен. Әлгі кісі қарызды кешіруден бас тартып, борышкерге бүкіл қарызды төлетпек болды. Бауырымызға деген ішімізге бұққан өкпе-ренішіміз Құдайдың алдындағы қарызымызбен салыстырғанда он мың мен он төрт миллиард доллардай! Сізге қандай қатігездік жасалса да, біздің Құдай алдындағы қылмыстарымызбен салыстырғанда ол түкке тұрмайды. Бәлкім, дәл сіздей қиналған адам жоқ деп ойлайтын шығарсыз. Онда Исаның қаншалықты қасірет тартқанын ойлап көріңіз. Құдайдың бейкүнә, пәк Тоқтысы біздің он төрт миллиард қарызымызды өтеу үшін құрбандыққа шалынған болатын!

Кешірімді болудан бас тартқан адам өзінің қаншалықты зор қарызы кешірілгенін ұмытқан! Иса сізді өлім мен мәңгі жазадан құтқарғанын терең ұғынсаңыз, басқаларды да оңай кешіретін боласыз.

Отты көлде мәңгі қалудан асқан қасірет жоқ. Одан құтылу жоқ, ондағы құрттар өлмейді, жалын сөнбейді.

Құдай бізді Ұлы Иса Мәсіхтің Өлімі арқылы кешірмегенде бәріміздің үлесіміз – сол еді! Басқаларды кешіре алмайтын адам – тозақтың шынымен де бар екенін түсінбейтін, Құдайдың сүйіспеншілігі мен кешірімін терең ұғынбайтын адам.

Астарлы әңгімені оқуды әрі қарай жалғастырайық:

«Мұны көрген өзге жолдастары қатты наразыланып, патшаға барып, болған оқиғаны айтып береді. Сонда патша сол қызметкерін шақырып алып: «Әй, зұлым қызметші! Сен өтінгендіктен, мен қарызыңды түгелдей кешірдім ғой! Ендеше сен де дәл солай жолдасыңды кешіруге тиіс емес пе едің?!» дейді» (Матай жазған ізгі хабар 18:31-33).

Баса назар аударғым келетіні, бұл әңгімесінде Иса сенбешілер туралы айтпайды. Ол патшаның қызметкерлері, яғни, жоғарыдан туылған сенушілер жайлы айтады. Әлгі адамның қыруар қарызы кешірілген (құтқарылған), ол патшаның қызметкері атанды.

Мен бір қайран қалдырар жайтты көріп тұрмын. Исаның басқа астарлы әңгімелерін тыңдаушылары түсіндіріп беруін сұрайтын. Ал осы әңгімені Иса сұратпай-ақ түсіндіріп береді. Меніңше, мәселе әңгіменің мағынасын Иса тыңдармандарына жеткізгісі келгенінде. Әңгіменің мағынасы аса маңызды, сондықтан, бәрі түсінгеніне көзін жеткізгісі келді. Иса былай деп түсіндірді:

«Патша қаһарланып, оны қарызын толық өтегенше жазалаушыларға тапсырады. Міне, егер сендер бауырластарыңның күнәларын шын жүректен кешірмесеңдер, көктегі Әкем әрқайсыларыңа да солай істемек!» (Матай жазған ізгі хабар 18:34, 35).

Осы екі аяттағы маңызды үш ойға назарыңызды аударғым келеді. Біріншіден, басқаны кешіре алмаған қызметкер жазалаушылардың қолына түсті. Екіншіден, ол енді бастапқыдағы қарызы, 375 тонна алтынды қайтаруға тиіс. Үшіншіден, бауырласын кешіре алмаған әр «сенушіге» Құдайдың істейтіні – сол.

Осылардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталайық. Бірінші: басқа аудармаларда «жазалаушыларға тапсырады» деген сөздің орнына «азаптауға бұйырады» деп жазылған. Азаптау (истязание) дегеніміз – адамды қалыпты күйінен айыратын, жан мен тәнді қинауға бағытталған, адам айтқысыз зардап шектіретін әрекет. Азаптаушы – соны жүзеге асырушы.

Кешірім беруден бас тартқан сенушіні жындар қинайтын болады. Азаптаушыларға жазаға кесілген адамды жанына батыра қинау, жан мен тәнді агонияға жеткізе азаптау рұқсат етілген. Шын жүрегімен кешіре алмағандықтан, жүрегіндегі шерден арыла алмағандықтан шипа, жұбаныш, азаттық ала алмай жүрген адамдар үшін талай рет мінәжат еткенім бар. Сол бір ащы шер, әдетте, Құдайға деген ыза мен ренішке әкеп соқтырады. Осындай адамдардың сенімі уланады да, тәубеге келу мен кешіру болмаса, олардың ақыр соңы қайғылы болады.

Екінші: әлгі қызметкер бастапқыдағы қарызын қайтаруға тиіс. Енді ол шамасынан тыс іс атқаруға міндетті! Ол қарызды Иса Голгофада өтеп шыққан болатын. Бәлкім, бұл сөз сізге ауыр тиер, дегенмен, Исаның басқа жерде айтқанын оқып шығыңыз: «Ал *сиынып тұрған* кездерінде біреуге өкпелерің болса, оны кешіріңдер! Сонда *көктегі Әкелерің* сендердің де күнәларыңды кешіреді» (Марқа жазған ізгі хабар 11:25).

Иса кім туралы айтады? «*Көктегі Әкелерің*» деген сөзге көңіл аударыңыз. Құдай – күнәарлардың әкесі емес, күнәарлар үшін Ол – Құдай, ал сенушілерге – Әке. Сенбеушілер мінәжат етпейді. Сонымен, мұнда Құдайдың перзенттері туралы айтылғаны анық.

Сөзімізді жалғастырайық. «Егер өздерің кешірмесендер, көктегі Әкелерің сендердің де күнәларыңды кешірмейді» (Марқа жазған ізгі хабар 11:26). Ал-анық айтылған.

Үшінші қорытындымыз: басқаларды кешіргісі келмеген адам өтелмес қарызды төлеуге мәжбүр болады. Ол қарызды төлеп шығу мүмкін емес. Өйткені, Забур жырларында

айтылғандай, адам жанын пенде ажалдан босатпас, оның төлемін Құдайға бере алмас (Забур 48:8 қараңыз). Адам өмірінің құнын ешкім де Құдай алдында төлеп шыға алмайды. Көктегі Әкелерің сендердің де күнеларыңды кешірмейді, жандарыңды жазалаушыларға тапсырады деп Иса ескертіп еді ғой. Ендеше, біреуге кек сақтағаныңның жазасы сондай болса, тезірек кешіргенің дұрыс емес пе?

Сөзіміз ыза-кектен арылуға, өкпе-ренішті кешіруге ұмтылып, мінәжат етіп жүргендер емес, Жасқаншақ тәрізді, кешірім беруден бас тартқан, ызасын ішіне сақтаған адамдар жайлы. Есіңізде болар, Жасқаншақтың кешірмеушілігі шайтанның басқа да әрекеттеріне жол ашты, сөйтіп ол Джейлинге деген адалдығынан біртіндеп тайып кетті. Оның құны – мәңгі жаза болды! Еврейлерге арналған хаттың авторы бізді содан сақтандырып, тағы да ескертеді: «Абай болыңдар, ешқайсың Құдайдың рақымынан құр қалып жүрмеңдер! Әйтпесе улы жеміс беретін тамырды қазып алып тастамаса, оның қайтадан көктеп, қаулап өсіп кететіні сияқты, мұндай адамдарың өздерінің жаман көзқарастарына *көптеген* басқаларды да еліктіріп, арамдап, зор зиян тигізетін болады» (Еврейлерге 12:15).

Қауымның ең ақырғы замандағы күйі туралы Исаның айтқандары енді түсінікті: «Сонда көбі сенімдерінен танып, өзара опасыздық жасап, бір-бірін жек көреді. *Әділетсіздік тым көбейіп кеткендіктен көпшіліктің сүйіспеншілігі* суып кетеді. Ал ақырына дейін табандылық танытқан әркім құтқарылады» (Матай жазған ізгі хабар 24:10, 12, 13).

Назар аударыңыз, «бірнеше» адам емес, «кейбіреулер» емес, адамдардың *көпшілігі* жүректерінде ыза-кек сақтайды. *Көпшілік* деген сөз қисапсыз көп дегенді білдіреді. Ыза-кек пен кешірімсіздік әділетсіздіктің тым көбейіп кетуіне әкеледі де, көпшіліктің сүйіспеншілігі суып кетеді.

Гректің «агапе», сүйіспеншілік деген сөзі жоғарыдан туылған сәтте мәсіхшінің жүрегін толтыратын Құдайдың

сүйіспеншілігін білдіреді. Иса мұнда адасып жүргендер жайлы айтқан жоқ, өйткені олар Құдайдың сүйіспеншілігіне ешқашан кенелген емес. Жоқ, Ол шын сенушілер жайлы айтады: «ақырына дейін табандылық танытқан әркім құтқарылады». Күнәһарға немесе өтірікшіге «ақырына дейін шыда, сонда жеңіп шығасың» деген сөз қатысты емес, себебі олар бәйгеге қосылған да жоқ!

Сенімнен бас тарту

Біздің заманымызда сенімнен бас тартудың көбейетіні жайлы Киелі жазба ескертеді. Пауыл елші: «Ешкім сендерді амалын тауып алдап кетпесін. Себебі Иеміз келер алдында адамдар Құдайдан бас тартып, опасыздық жасайды...», – дейді (Салоникалықтарға арналған екінші хат 2:3). Тағы бір хатында: «Құдай Рухы: «Соңғы дәуірде кейбіреулер сенімдерінен бас тартып, жалған рухтарға құлақ салып, жындар үйреткен ілімдерге еретін болады», – деп анық айтады» деп ескертеді (Тімотеге арналған бірінші хат 4:1).

Неліктен олай болмақ? «Себебі адамдар дұрыс тәлімді еш қабылдамайтын уақыт та туады. Олар жеке құмарлықтарының жетегінде кетіп, құлақтарына жағатындарды ғана айтатын тәлім берушілерді көптеп шақырып, соларды тыңдайтын болады. Осылай олар шындыққа құлақ салмай, бос аңыздарға назар аудармақ» (Тімотеге арналған екінші хат 4:3, 4). Алдыңғы аятта Пауыл «сенімдерінен бас тартады» дейді. Елшінің айтып отырғаны – Исаға деген нағыз, шынайы сенім. Кезінде шынымен де сенген адам ғана сенімнен бас тарта алады. Сенімі жоқ адам одан қалай бас тартпақ?

Сенушінің сенімнен бас тартуы мүмкін деген ақиқатты Жаңа Өсиет авторларының барлығы дерлік айтады. Енді қауымның негізін қалаушылардың сөздерін келтірмекпін. Олардың кейбіреулері Жаңа Өсиетті жазған елшілермен қыз-

меттес болған. Олардың қолжазбалары Киелі жазбада жазылғанмен тікелей үйлеседі екен.

«Ақырында құтқарылуға жету үшін әділдікті ұстанайық».

— Римдік Климент

«Ең ұлы игі істер істеген адамның өзі де, сапарының соңына қарай зұлымдыққа қарай бет бұрса, бұрынғы еңбектерінің жемісін көрмейді, өйткені ол көзі тірісінде үлесінен айырылды».

— Александриялық Климент

«Кейбіреулер Құдай уәде еткен сыйын сол сыйға лайық болмаған адамға да беруге тиіс деп ойлайды. Сөйтіп, Құдайдың жомарттығын құлдыққа айналдырады... Кейін көп сенуші рақымнан бас тартатыны белгілі емес пе? Сол сый олардан тартып алынбайды ма?»

— Тертуллиан

«Адам әділдікке ие бола алады, кейін сол әділдігінен бас тартуы мүмкін».

— Ориген

«Құдайға бағынбағандар мұрагерліктен айырылып, Оның ұлдары болудан қалады».

— Лиондық Иринея

Менің Киелі жазбадағы осы ақиқаттарды айтқанымды естіген кейбір адамдар маған: «Джон, сен осы арминиандық-сың-ау», – дейді. Сөздікте бұл терминге мынадай түсіндірме берілген: «Якоб Арминий мен оған ерушілердің теологиясы бойынша адамның өз еркі Құдайдың еркімен үйлесе алады. Олар кальвинистердің алдын-ала белгілену мен пешенеге жазылу жайлы теориясымен келіспейді».

Ондай пікірге жауабым дайын: «Жоқ, мен кальвинист те, арминиандық та емеспін, Киелі кітап – Құдайдың ақиқат сөзі екеніне сенетін мәсіхшімін».

Якоб Арминий Жаңа Өсиетті жазған елшілерден, тіпті, олардың өзін сөздерін жоғарыда келтірген қызметтестерінен көп жыл кейін өмір сүрген. Сол авторларды арминияндық деуге бола ма? Әрине, болмайды, олар Арминий дүниеге келмей тұрғанда өмір сүрді ғой. Менің жазып отырғандарым – өз ойларым немесе жеке сенімім емес, ақиқат. Әр сенушіні Құдай анық та ұғымды түрде алдын-ала ескертті.

Ойшылдардың іліміне көп тереңдей бермей, Құдай Рухының жетелеуімен жазылған Киелі жазбаның мазмұнына жүрегіміз ашық болуын қадағалауға тиіспіз:

«Киелі жазбалардың бәрі Құдай Рухының жетелеуімен жазылған. Олар тәлім беру, әшкерелеу, түзету әрі әділдікке тәрбиелеу үшін тиімді. Осылай Құдайдың адамы барша игі іске дайындалып, толықтай даяр болмақ»
(Тімотеге арналған екінші хат 3:16,17).

Иса қатаң әшкерелеген жалған ұстаздар белгілі бір ілімді ұстанып, соның төңірегінде уағыз айтатын. Алайда, Жақия пайғамбар, Иса және ақиқаттың басқа да хабаршыларына ортақ бір ерекшелік бар: «Себебі Иса оларға өздерінің дін мұғалімдері сияқты емес, Құдайдан ерекше билігі бар Біреу ретінде тағылым берді» (Матай жазған ізгі хабар 7:29). Сол себепті Пауыл Титке мынадай нұсқау береді: «Бұларды қауымдарға барлық беделіңмен айтып беріп, насихаттап, елемейтіндерді әшкереле. Ешқайсысы сені менсінбей жүрмесін» (Титке арналған хат 2:15). Титке де: «Македонияға барарда өтініп сұрағанымдай, сен Ефес қаласында қалып, кейбіреулердің басқа ілімдерді үйретулеріне және аңыздармен, ұлан-ғайыр шежірелермен шұғылдануларына тыйым сал» (Тімотеге арналған бірінші хат 1:3, 4). Тағы бір хатында Тімотеге былай деп нұсқау береді:

«Құдайдың сөзін уағызда! Мұны адамдарға ұнауы, ұнамауына карамастан әрдайым орындауға табандылықпен ұмтыл. Олар-

дың қателерін (орынды болу-болмауына, адамдарға ұнау-ұнамауына қарамастан, олардың өмірі дұрыс емес екенін айтып) әшкерелеп, тыйым сал (Құдай сөзінің уағыздаушысы ретіндегі сенің міндетің сол), әрі жақсылыққа жігерлендіре тұрып, зор сабырлылықпен тәлім бер!» (Тимотеге арналған екінші хат 4:2, Кеңейтілген аударма).

Өзі туралы Пауыл былай деп жазады: «Бұл хабарды жеткізуге жіберілген елші ретінде осы жерде бұғаудамын. Сондықтан оны тиісті түрде батыл жариялай алуымды Құдайдан тілеңдер» (Ефестіктерге 6:20). Батылдық – Құдайдың жаршыларына тән қасиет. Олардың батылдығы Құдайдың сөзіне негізделген.

Оларға ортақ нәрсе – жеке тәжірибесі емес, көпшіліктің пікірі емес, белгілі бір бағытты ұстануы емес. Көпшілік те кейде қателеседі. Мынаны білуіміз шарт: Құдай нені айтса, соны меңзейді, нені меңзесе, соны айтады! Құдайдың сөзі екіұшты болмайды.

Сүрінуден сақтайды

Киелі жазбада ап-анық жазылған рақымнан айырылып қалу жөніндегі жолдауды естігенде адамдар қайран қалады. Қатты үрейленіп: «Мәңгі кепілдігіміз бар деп ойлаушы едім!» дейтіндер бар.

Оларға: «Дұрыс айтасыз! Мәңгі кепілдігіміз бар! Иса «Сен Маған бергендердің бірде-біреуін жоғалтқан жоқпын», – деп айтқан (Жохан жазған ізгі хабар 18:9), себебі, Ол бізді ешуақытта тастап та кетпейді, жалғыз да қалдырмайды. Алайда, біздің Оны тастап кете алмайтынымыз жайында сөз болған жоқ», – деп жауап беремін. Осы сөзді естіген сұхбаттасым абырап қалады. Сондықтан мен: «Егер де Иса Мәсіхті шын жүрегіңізбен жақсы көрсеңіз, Одан безіп кетпейсіз. Исаны шынайы сүйетін адам Одан бас тартпайды!» – деймін.

Құдайыңызды шын сүйсеңіз, өсиеттерін орындау қиынға соқпайды! Егер Құдайға қызмет міндетке айналса, – заңшылдық жолына түсіп кеткеніңіз, ондайда өсиеттерді орындау өте қиын. Қызмет еткенде Құдайға қайтсем жағамын деген ниетпен емес, Жаратушымызға ғашық болғандықтан қызмет еткеніміз дұрыс!

Қауымда парызшылдық қауласа да, сол сүйіспеншілікті қалай ыстық күйінде сақтай алатынымызды Яһуда елші айтады: «Әрдайым Құдайдың *сүйіспеншілігіне бөленіп*, жамандық атаулыдан сақтаныңдар. Иеміз Иса Мәсіхтің қайта оралғанда өздеріңе шапағатын тигізіп, мәңгілік өмірге жеткізуін аңсап күтіңдер!» (Яһуда 21, автордың курсиві). Иеміздің оралуын сәт сайын күтуіміз керек (қожайынның келуіне дайын болмаған айыпты қызметкер есіңізде шығар). Құдайды үнемі аңсап, үнемі іздеуіміз керек. Құдайдың бізге бұрынғысынан да тереңрек ашылуын қалап күтуіміз керек, өйткені,

«Оған осындай үміт (Иса бізге жүрегін тереңірек ашады деген үміт) артқан әркім Мәсіхтің кіршіксіз таза болғанындай, өзі де күнәдан арылып, *тазарады*» (Жоханның бірінші хаты 3:3).

Сіз Құдайды аңсап, ізденсеңіз, Киелі Рухпен қарым-қатынаста болсаңыз, Одан кеткіңіз келмейді. Сонымен, қобалжудың қажеті жоқ. Яһуданың хатының соңында Құдайдың маған өте ұнайтын уәделерінің бірі жазылған. Өздерін Құдайдың сүйіспеншілігінде сақтап, Исаның келуін күтіп жүргендерге Иса айтады:

«Сендерді адасып кетуден сақтап, Өзінің нұрлы салтанаты көрінген күні қуанышпен, мүлтіксіз таза күйлеріңде өз алдына тұрғызуға бірден-бір Құдайымыздың құдіреті жетеді. Ол бізді Иеміз Иса Мәсіх арқылы құтқарған еді ғой. Даңқ пен ұлылық, құдірет пен билік күллі өткен дәуірлерде болғандай, қазір де, мәңгілік те Оныкі! Аумин» (Яһуда 24, 25).

Сіздер үшін мінәжатым да, сіздерге тілейтінім де – осы!

7-ТАРАУ

НЕГІЗ

Әділдің негізі мәңгі берік болар.

— Нақыл сөздер 10:25

Аффабель жайындағы аллегориямызды қайта жалғастырып, Өзімшіл мен Қайырымдылықтың үкімі қандай болғанын білерден бұрын соңғы үш тарауда айтылғанын қорытындысын шығарайық. Төртінші тарауда келтірілген аятты есіңізге түсірейін:

«Сол себепті Мәсіхтің Ізгі хабарының ең бастапқы (қарапайым) тәлімін былай қойып, одан бетер жетілу үшін алға басайық. Тағы да ең негізгі тақырыптарға: бізді рухани өлімге бастап әкететін қылықтардан бас тартып, Құдайға сенім арту жайында, шомылдыру рәсімі мен қол тигізіп бата беру жөнінде немесе өлгендердің қайта тірілуі және мәңгілік үкімделуі (және жазалануы) туралы тәлімдерге тоқталғымыз келмейді. [Ол жайлы баяғыда-ақ білуге міндеттісіңдер]» (Еврейлерге арналған хат 6:1,2, Кеңейтілген аударма).

Берік негіз болып табылатын мәңгілік үкімделу мен жаза туралы ақиқаттан бейхабар болсақ, Иса Мәсіхте салауатты өмір сүруіміз мүмкін бопмас. Бұл – бастауыш мектепте сауатын ашпаған адамның жоғары білім алмақ болғанындай.

Неліктен бұлай? Ізгі хабарды мұқият оқып шықсаңыз, байқайтыныңыз – Иса Аспан Патшалығынан гөрі, тозақ туралы көбірек айтқан екен. Ондағы мақсаты – біздің өмірімізде берік негіз қалау, яғни, Құдайды қастерлеуді үйрету. Мысал келтірейік:

«Сондықтан қараңғыда айтқандарың жарықта естіледі, үй ішінде құлаққа сыбырлағандарың жұртқа жария болады. Достарым, сендерге айтамын: тәнді өлтірсе де, кейін басқа ештеңе істей алмайтындардан қорықпаңдар! Сендерге кімнен қорқу керек екенін айтайын: өлтіргеннен кейін тозаққа түсіре алатын Құдайдан қорқыңдар! Сендерге тағы айтамын: Одан қорқып, Оны терең қастерлеңдер! Бес торғай екі теңгеге сатылмай ма? Дегенмен олардың біреуін де Құдай ұмытпайды» (Лұқа 12:3-5).

Исаның сөзі өте әсерлі де өткір. Мәңгілік үкімделу мен жазаны анық ұғындыру арқылы жүрегімізге Құдайды қастерлеуді терең тамырландырады.

Айтқанымды нақтырақ түсіндірейін. Тозақтағы мәңгі жазаға адамды Құдай ғана кесе алмақ. Біздің құпия сырларымыз қиямет сотында Оның нұрында ашылмақ. Сыбырлап айтқан сөздеріміз ғана емес, ой-ниетіміз де, көзқарасымыз да, істеген істеріміз де жария болады. Құдайды қастерлесек, ешбір сырдың, ешбір құпияның Құдайдан жасырын қалмайтыны есімізде болады. Құдайдың нұрында жария болмай құпия күйінде қалатын, Оның төрелігінен қашып құтылатын ешбір нәрсе болмайды. Және оның төрелігі – әділ! Берік негіз, анық түсінік, дұрыс ұғымымыз болмаса, Құдай күнәмізді көрмейді немесе байқамайды деп адасамыз, немесе Құдайдан негізсіз рақым күтіп, бос үмітке алданамыз (Алданған, Жасқаншақ, Екіжүзді солай болып еді ғой). Қазіргі заманда қайтпас бағышталудан әділетсіздікке қарай тайып бара жатқан көптеген сенушілердің қатарына қосылып кетпейік.

Берік негізі жоқтар Құдайдан емес, адамнан қорқатын болады да, қорыққан адамына толықтай тәуелді болады. Құдайдан қорықсақ, қысымшылық келсе де, Оған бағынамыз. Адамдардан қорықсақ, қара басымыздың қамы үшін немесе тән құмарлықтарына бола олармен келісе береміз (әсіресе, қысымшылық кезінде). Ал тән құмарлығының жетегіне ере берудің соңы апатқа ұшыратады. Сонымен, мәңгілік

үкімделу мен жазаны саналы түрде ұғынбай, Құдайды қастерлеуді толық ұғына алмаймыз.

Өйткені, Мәсіхтің соты – Құдайды қастерлеудің бір аспектісі. Пауыл елші ол жайында былай дейді:

«Барлығымыз Мәсіхтің төрелік тағының алдында тұрып, әшкереленуге тиіспіз ғой. Сонда әрқайсымыз тәндік өміріміздегі іс-әрекетіміздің жақсы- жамандығына қарай лайықты бағамызды алатын боламыз. Сонымен Иемізді терең қастерлеп, Оған ұнамсызды істеуден шошынуды ұдайы есімізде ұстаймыз. Сондай-ақ басқа адамдарды да осы шындыққа сендіруге ұмтыламыз. Біз Құдай алдында әйгіліміз. Сендердің ар-ұждандарыңа да әйгіліміз деп үміттенеміз» (Қорынттықтарға арналған екінші хат 5:10, 11).

Пауыл Соттың ұлы ақ тағы жайлы емес, сенушілер үкімделетін сот туралы айтады. Осы аяттың алдындағы аятта Иса ұлы ақ тақ туралы айтқан еді, ол тақтың алдында жиналғандар тозаққа кесілетін болады. Келесі тарауда сенушілердің мәңгі тағдыры шешілетін сот туралы сөз болады. Назар аударыңыз, Пауыл Мәсіхтің төрелік сотын Иемізді терең қастерлеуге теңейді (Ұлы ақ тақты да). Пауыл осы хатының қолжазбасында Мәсіхтің төрелік сотын «Құдайды қастерлеу» деп тікелей айтады. Шын мәнінде, Құдайды қастерлеуді Мәсіхтің төрелік сотынан бөле қарастыра алмаймыз. Ал Құдайды қастерлеу рухани салауатты өмір сүрудің сыры болып табылады.

Ишая пайғамбардың сөзіне көңіл бөлейік: «Сол заманда Ол сендерге тұрақтылық, молынан аманшылық пен даналық және білім сыйлайды. Жаратқан Иені терең қастерлеу ұлы қазыналарың іспетті болмақ» (Ишая 33:6).

Жаратқан Иені терең қастерлеу мызғымас берік негіз болып табылады. Жоғарыдағы тарауда оқығаныңызды еске алыңыз: сөз Исаның атымен кереметтер жасаған, алайда, мәңгі жазаға кесілген көптеген адамдар жайлы болған еді. Матай жазған Ізгі хабардың жетінші тарауында Иса сол адамдардың күйреуінің

себепін түсіндіреді. Олардың негізі мықты болмады. Өмірін адами ой-пікірлерге, жүректің сеніміне негіздеген еді, онысы өмірдің дауылдарына қарсы тұра алмады.

«Осы айтқандарымды тыңдап, оларды орындаған әркім үйін берік тастың үстіне қалап салған көреген адамға ұқсас болады. Жаңбыр жауып, өзендер тасып, дауыл тұрып үйді соққылағанда, ол құламайды. Себебі оның іргетасы берік тасқа қаланған. Алайда осы айтқандарымды естісе де, орындамаған әркім үйін құм үстіне салған ақымаққа ұқсайды. Жаңбыр жауып, өзендер тасып, дауыл тұрып үйді соққылағанда, ол опырылып құлап қалады» (Матай жазған Ізгі хабар 7:24-27).

Ал ақырына дейін табандылық танытқандар, негізі берік болғандықтан, дауылға төтеп берді. Қысылтаяң шақта табан тіреуге жарарлық сол берік негізіміз – Құдайды қастерлеу. Құдайды қастерлеу Құдайдың игіліктерін, Құдай берген даналық пен білімді, құтқарылуымызды сақтайды.

Құдайды қастерлеу

Құдайды қастерлеу деген не? Құдайдан қорыққан дұрыс па? Жоқ, Одан қорқатын болсақ, Иемізбен жақын, сырлас қарым-қатынаста қалай болмақпыз? Ал бізбен жақын болу – Құдай жүрегінің қалауы. Жаратқан Ие Исраил халқымен қарым-қатынасы Мұсамен арадағыдай өте жақын болуын қалады, сол қалауымен, жүрегін ашпақ болып халқына келді. Алайда, олар үрейленіп, Құдайға жақындаудан бас тартты. Сонда «Мұса халыққа: «Қорықпаңдар! Құдай сендерді (Өзінің араларыңда болуына) үйрету үшін осында келді. Бұдан былай Оны әрдайым шын жүректен қастерлейтін болыңдар! Бұларың сендерді күнә жасаудан сақтайтын болады», – деді» (Мысырдан шығу 20:20).

Мұсаның осы сөзінде үйлеспеушілік бар сияқты. Шын мәнінде Мұса қорқыныш пен Құдайды қастерлеудің ара-

сын алшақ бөліп тұр. Құдайдан бұққан сыры бар адам Одан қорқатын болар. Адам ата Едем бағында тыйым салынған ағаштың жемісін жегеннен кейін не істегені есіңізде болар: Жаратқан Иенің құзырынан жасырынуға тырысып еді. Құдайды қастерлейтін адам Одан ажырап қалудан қорқады. Сол себепті Құдайдан емес, тілазарлықтан қашады.

Құдайды қастерлеудің маңызын зерттеуді әрі қарай жалғастырайық. Құдайымызды қастерлеу дегеніміз – Оны бәрінен артық көру, жоғары қою, бәрінен артық қадірлеу, құрметтеу, сүю. Құдай нені жақсы көрсе, соны жақсы көру, неден жиренсе, содан жирену. Жаратқан Ие нені бағаласа, соны бағалау, нені елемесе, соны елемеу. Құдайды қастерлесек, сөзін де қастерлейміз, яғни, бұлжытпай орындаймыз. Тіпті, жанымызға батса да, мақсатын түсінбесек те, өз мүддемізден бас тартуға тура келсе де екі етпейміз. Сонымен, Құдайды іс жүзінде қастерлеу дегеніміз – Оның сөзіне, өсиеттеріне бағынып, Оның жолдарымен жүру.

Даналықтың бастауы – Жаратқан Иені терең қастерлеп, Оған мойынсұну, дейді Киелі жазба. Басқа сөзбен айтқанда, Құдайды қастерлеу – даналықтың негізі. Даналық дегеніміз – дұрыс уақытта дұрыс таңдау жасай білу. Келесі тарауларда даналық тақырыбына тереңірек үңілетін боламыз. Қысымшылық жағдайында дұрыс шешім қабылдауға адамның даналығы жетпейді. Ал даналықтың көзі Жаратқан Иені қастерлеуде.

Киелі жазба адам өмірін үй салумен салыстырады: әуелі іргетас қаланады, содан соң ғана қабырға көтеріледі. «Даналықпен үй салынар, парасатпен берік болар» (Нақыл сөздер 24:3). Өмірімізді қалау барысында дұрыс уақытта дұрыс таңдау жасай білсек, онда қалаған үйіміз (өміріміз) мықты (салауатты) болады. Сонда Қиямет сотына, Үкім шығарушының алдына нық сеніммен бара аламыз. Сол даналықтың бастауы, негізі – Құдайды қастерлеу.

Сенімнен таюдан сақтайды

Мәсіхшілердің барлығы Жаратқан Иені жүректерінде терең қастерлейтін болса, Одан теріс айналып кеткен адам болмас еді. Онда ешқайсымыз да Исаға толық бағышталудан бір де таймас едік, Исадан бір де алыстамайтын едік.

Оның сөзіне жеңіл-желпі қарау деген болмас еді. Ешқайсымыз жүрегімізді қасарыстырмас едік, Құдайдан безіп кетуге жеткізетін күнәға алданбас едік (Еврейлерге арналған хат 3:12, 13 қараңыз). Құпия сырдың барлығы Сот үстінде жария болатынын үнемі жадымызда ұстар едік. Еремия пайғамбарға Жаратқан Иенің не дегенін оқып көріңіз:

«Сонда олар Менің халқым, ал Мен олардың Құдайы боламын. Олар Мені әрдайым қастерлей алулары үшін оларға шын жүректен бірігіп, бір жолмен жүруді сыйлаймын. Бұл олардың өздері мен кейінгі балалары үшін игілікті болады. Халқыммен мәңгілік Келісім жасап, оларға жақсылық жасауымды тоқтатпаймын. Ешқашан Менен кері бұрылып кетпеулері үшін Өзімді терең қастерлеуді олардың жүрегіне құятын боламын» (Еремия 32:38-40).

Ешқашан Менен кері бұрылып кетпеулері үшін Өзімді терең қастерлеуді олардың жүрегіне құятын боламын дейді Құдай. Малайзиядағы бір жолы қызмет еткенім есімде. Сол қызметте Құдайды қастерлеу Рухының әсері естен кетпестей болды. Мен уағыз айтқан жерде Шығыс елдерінен келген көптеген бағушылар, шәкірттер тағы басқа сенушілер жиналған болатын. Жиналыстың соңына қарай солардың көбісі сахнаның алдында, еденде өксіп жылап жатты.

Залдың ішін Құдайды қастерлеу Рухы толтырып тұрды. Сонда ойлағаным: «Джон Бивер, бір сөзің, не бір қимылың мүлт кетсе, осы жерде жан тапсырасың!» Дәл солай болар-болмасын білмеймін, алайда, осындай жағдайда қате басып, тіл тартпай кеткен ерлі-зайыптылар туралы Жаңа Өсиет баяндайды. Олардың қас қағым сәтте үкімделуінің нәтижесі мынау

болды: «Бүкіл сенушілер қауымын және мұны естіген басқалардың бәрін де қатты үрей биледі» (Елшілердің істері 5:11).

Жиналыстан кейін Үндістаннан келген ерлі-зайыптылар жаныма келіп: «Джон, өзімізді пәк таза сезініп тұрмыз» деді.

«Мен де», – деп жауап бердім.

Келесі күні таңерең қонақүйдегі бөлмемде отырып, Киелі жазбадағы мына сөзді таптым: «Мойынсұна қастерлеу Жаратқанды: осы таза ниет мәңгі қалады» (Забур жырлары 18:10).

Киелі Рух сол сәт жүрегіме сөйледі: «Люцифер мадақтаушы періште болатын, ол майланған, жарылқанған әрі керемет көрікті еді. Бірақ ол Мені қастерлеген жоқ, сол себепті Менің жанымда *мәңгі қала алмады*».

Ойланып отырғанымда тағы да: «Салтанатымды көрген, тағымның айналасындағы періштелердің үштен бірі Мені қастерлеген жоқ, олар да Менің жанымда *мәңгі қала алмады*», – деді. Қайран қалдым. Сонда «Адам мен Хауа менің салтанатыма бөленген болатын, Менімен қарым-қатынаста болды, алайда Мені қастерлеген жоқ. Олар Менің құзырымда *мәңгі қала алмады*», – деп қосты.

Құдайды қастерлеу Құдайдың құзырында қала беруге қуат береді. Ол бізді Құдайдың сөзіне бағынуда сақтайды. Киелі жазба сенушілерді сақтандырады: «Құдайдың шынайы тыныштық сыйлайтын елге кіргізу жайлы уәдесі әлі де күшінде. Сол себепті бірде-біреуіңнің осы мүмкіндікті жіберіп алмауларың үшін сақ болайық!» (Еврейлерге 4:1). Пауыл елші «осы мүмкіндікті жіберіп алмауларың үшін Құдайды сүйейік» демейді, «осы мүмкіндікті жіберіп алмауларың үшін сақ болайық!» дейді. Күнәға қайта батудан бізді сүйіспеншілік емес, Құдайды қастерлеу сақтайды.

Әйгілі Ізгі хабар таратушы

Кезінде теледидардан уағыз айтатын, кейін түрмеге қамалған бір танымал тәлімгерге жолыққаным есімнен кет-

пейді. Ол түрмеде бес жыл отырып шықты. Сол іс көпшілікке кеңінен мәлім болғаннан кейін Қауымға деген көп наразылық туғызды. Алайда, қамалғаннан кейін ол бүкіл өмірін өзгертіп жіберген Құдайдың құзырына кенелді. Мен ол кісіге қамалу мерзімінің төрт жылы өткенде жолықтым. Әңгіме барысында ол былай деді: «Джон, түрмеге мен Құдайдың қаһарына бола емес, Оның рақымының арқасында түстім. Мен баяғыдай өмір сүргенді жалғастырсам, мәңгі-бақи тозақта болар едім».

Сенер-сенбесімді білмей, оның ақпейілді туралығы мен мойынсұнушылығына қатты таңырқап, сөзін әрі қарай тыңдап отырдым.

Жиырма минуттан кейін көкейімді тескен бір сұрағымды қойдым. Ол өз қызметінің басында Исаны шын сүйген, жалынды сенуші болғанын білетінмін. Сол жалынын қалай жоғалтқанын білгім келді.

Ақыры, одан: «Исаға деген құмарлығыңды қашан жоғалттың? Қай сәтте?», - - деп сұрадым. Қызметкер ретінде мен Исаға деген сүйіспеншіліктің суып, жоғалуының белгілерін білгім келді.

«Мен оны жоғалтқан емеспін», - деп нық жауап берді ол.

Мен қатты таң қалып, оның жауабын сәл түсінбей, абдырап қалдым. Оның қалайша осылай деуге дәті барды?

Көп ойланбай: «Не дегің келіп тұр? Сен неке адалдығын бұздың, алаяқтық жасадың, түрмеге қамалдың. Қалайша сен Исаны сүюді ешқашан тоқтатқан жоқпын дей аласың?» - деп айтып салдым.

Ол менің көзіме тура қарап, еш күмәнсіз: «Джон, Исаға деген сүйіспеншілігім ешқашан суыған емес», - деп жауап берді.

Мен үн-түнсіз қалдым. Абдырап, абыржыған кейпімді көріп, ол: «Джон, мен Исаны сүйдім, бірақ Оны терең қастерлеген емеспін», - деп қосты.

Бір сәтке үнсіздік орнады. Ол сөздерін тұрақтандыру үшін біраз кідірді. Менің сезімдерім жүрегіме сыймады. Содан соң

ол: «Джон, миллиондаған американдықтар тура мен сияқты өмір сүреді. Олар Исаны жақсы көреді, Құтқарушы ретінде мойындайды, бірақ Құдайды терең қастерлемейді», – деді мұңайып.

Сол сәтте маған ақиқат ашылды. Жүрегіміз Құдайға деген сүйіспеншілікке толы болса да, сол сүйіспеншілігіміз бізді рухани күйреуден сақтай алмайды екен. Құдайды қастерлеуге тиіспіз. Мұсаның сөзін еске алайық: «Құдай сендерді (Өзінің араларыңда болуына) үйрету үшін осында келді. Бұдан былай Оны әрдайым шын жүректен қастерлейтін болыңдар! Бұларың сендерді күнә жасаудан сақтайтын болады» (Мысырдан шығу 20:20). Люцифер, жолдан тайған періштелер, Адам ата және Құдайдан безген көптеген сенушілер сияқты біздің де жолдан таймай, табанды болуымызға төзімділікті Құдайды қастерлеу ғана береді.

Құтқарылуға сай іс-әрекет жасау

Сол себепті Пауыл айтады: «...құтқарылуларыңа сай (өздеріңе өздерің үміт артпай, аса сақтықпен, азғырылуға жол бермей, Құдайды кейітетіннің, Мәсіхтің атына кір келтіретіннің барлығынан теріс айналып) іс-әрекет жасап, соны толығымен (*мақсатына жеткізе, кемеліне келтіре*) жүзеге асыруға ұмтылыңдар, әрі Құдайды терең қастерлеп, Оған ұнамайтын нәрселерден қатты жиіркеніңдер!» (Філіпіліктерге арналған хат 2:12, Кеңейтілген аударма).

Құдайды терең қастерлеп, құтқарылуымызға сай іс-әрекет жасаймыз, Қиямет сотында істеген әрбір ісіміз, әрбір ниетіміз, аузымыздан шыққан әр сөзіміз, жүрек түкпіріндегі әр сырымыз түп-түгел мәлім болатынын есімізде сақтайық. Осы жайт бізді кішіпейілдікте, тазалықта, ар-ожданымызды сезімтал күйінде, шайтанның елктіруіне ермей, Құдайға ұнамсыздың бәрін жеңе алатын қалпымызда сақтайды.

Пауыл елші құтқарылуға сай іс-әрекетті сүйіспеншілікпен және мейірімділікпен жасаймыз деген жоқ. Құдайдың рақымынан безіп, әділетсіздікке аяқ басудан Құдайды қастерлеу ғана сақтайды. Екінші жағынан, Құдайдың сүйіспеншілігі бізді заңшылдықтан сақтайды. Құдаймен қарым-қатынасымызды жою Заңшылдықтың да қолынан келеді. Құдайға деген сүйіспеншілігіміз мақсатымыз бен ниетімізді жандандырады. Қарым-қатынасымыз салауатты болу үшін сүйіспеншіліктің ұлы күші де, Құдайды қастерлеу де болу керек. Сол себепті Пауыл елші Құдайды «көктегі Әкеміз, Авва» (Әкетай деген сөз) деп атайды. Сонымен бірге, Жаратқан Ие «жалмап қоятын от іспетті» дейді (Еврейлерге арналған хат 12:29). Құдай – сүйіспеншілік, сонымен қатар, Ол – Әділ де Қасиетті Төреші. Құдайды қастерлемей дегеніміз – жығылмай тік тұру қабілетінен айырылу. Иса бірнеше қайталап айтады: «ақырына дейін табандылық танытқан әркім құтқарылады» (Матай 10:22).

Біздің ықпалымыз

Мәңгі үкімделу мен жазалану доктринасын анық түсіну керектігінің тағы бір салмақты себебі – біздің басқаларға ететін ықпалымыз. Құдайды терең қастерлемесек, сөзіміз бен ісіміз бұрмаланған Ізгі хабарды айналамыздағыларға таратады. Соның салдарынан ықпалымыздағы адамдардың Құдайдан теріс айналуына немесе рухани күйреуіне түрткі боламыз.

Берік негізі жоқ тәлімгерлер, бағушылар, Ізгі хабар таратушылардың Киелі кітаптан айтатындары тек бақыт, байлық, жарылқауға жетудің жолдары болмақ. Осы жолдар шындығында да денсаулық, қаражат, тыныштық пен берекеге жеткізеді. Алайда, мәңгілік үкімделуге негізделмесек, айқыш туралы уағыздауға ұялатын боламыз, Исаға еру жолына қиылатын құрбандық жайлы айта алмаймыз. Өз өміріңді Исаның жолына қию туралы ақиқатты іркіп қалып, құлаққа жағым-

ды жолдауларды айтып, достарымыздың санын көбейтумен боламыз.

Егер мәңгілікке ұмтылмасақ, өмірге мәңгілік тұрғысынан қараудың орнына, жердегі тіршілігіміздің қамын жеп өтеміз. Қауымның негізін қалаушылар іспетті «...сәулетшісі де, құрылысшысы да Құдайдың Өзі болған, негізі берік қаланған мәңгілік қаланың пайда болуын күтіп» өмір кешудің орнына, адамдарды бүгінгі күннің қарекетіне алданып жүре беруге үйрететін боламыз (Еврейлерге 11:10).

Рас, Құдайдың қағидаларын ұстанған адам осы өмірде онысының жемісін жейді. Біз ол қағидаларды жақсы білеміз, дегенмен, дүниенің өткінші де жалған екенін ұмытпайық. Өмірде табысты болуымыз керек, табысымыз мәдениетіміздің емес, Аспан Патшалығының стандарттарына сай табыс болғаны жөн. Біздің мекеніміз мұнда емес. Құдайға еру үшін осы дүниеден алар үлесінен бас тартқан әулиелердің ниеті қандай болғанын оқып көріңіз:

«Ыбырайым, Ысқақ, Жақып үшеуі де сенімдерін ұстанған күйі дүние салды. Тәңір Ие өздеріне уәде еткен игіліктерді иемденбестен соларды тек алыстан ғана көріп, қуанды. Олар өздерінің жер бетінде тек *жат жұрттық келімсек* ретінде тұрғандарын мойындады. Осылай айтқандар өздерінің шынайы отандарын көздеп жүргендерін білдіреді. Өздері тастап кеткен елдерін естеріне түсіріп отырса, соған қайта оралудың орайы да болар еді. Ал олар одан гөрі жақсы елді, яғни көктегі отандарын, аңсап күтті. Сол себептен де Құдай олардың Құдайы деп аталудан бас тартпайды, соларға арнап Ол көкте мәңгілік қаланы дайындап та қойды» (Еврейлерге арналған хат 11:13-16).

Құдайдың қаласын іздеген, сенімнің үлгісіне айналған осынау адамдардың мекені Жаңа Иерусалим еді. Ол туралы алда сөз болады. Сол қаланың тұрғындары – *жеңімпаз* атанғандар. Олардың сыйы жердегі сыйдың қайсысынан да әлдеқайда артық.

Талдауға арналған сұрақтар

3-ші бөлім: 6, 7-тараулар

1. Қалай ойлайсыз, Мәсіхке ерудің қай пайдасы сізді Исаның Өзімен жақын қарым-қатынастан гөрі көбірек еліктірер еді? Жүрегіңізді сақтауға не көмектесе алады?
2. Сенуші сенімінен тайып кетуі мүмкін деген ой жағымсыз ба? Осы ой сіздің көңіліңізде қарсылық тудырады ма? Сұраққа сенушілер қорқып емес, Құдайды қастерлеп, өмір сүретіндерін есте ұстай отырып, жауап беріңіз.
3. Матай жазған ізгі хабардағы (18:23 – 25) зұлым қызметші жайындағы астарлы әңгіме туралы ойланып көріңіз. Кешірім мәселесіне Құдайымыз неге соншалықты мән береді деп ойлайсыз?
4. Құдайдың рақымына деген бұрмаланған көзқарас (Құдайды қастерлеу шет қалғанда) сенушіні қалай адастыратынын өз сөзіңізбен түсіндіріңіз.
5. Мәңгілік туралы ұғымымыз өз өмірімізге ғана емес, басқаларға да әсерін тигізеді. Қалай ойлайсыз, Исаға ерудің жердегі пайдасы (денсаулық, береке-бақыт, т.б.) туралы, ең маңызды нәрелерден ауытқымай, айтып беруге болады ма?

A rectangular frame with a double-line border. At each of the four corners, there is a decorative ornament consisting of a small semi-circle and several radiating lines, resembling a sunburst or a corner piece.

4 - ШІ БӨЛІМ

АФФАБЕЛЬ ПАТШАЛЫҒЫ: ҚИЯМЕТ СОТЫНЫҢ ЕКІНШІ КҮНІ

... Сонда Менің әркімнің жүрегінің түкпір-түкпірін (ойларын, сезімдерін, ниеттерін) тексеретін Біреу екеніме... көздері жететін болады. Мен әрқайсыңның істеріңе қарай еселеріңді қайтаратын боламын.


— Аян 2:23 (Кеңейтілген аударма)

Аффабель Патшалығы туралы аллегориямызға қайта оралып, Өзімшіл мен Қайырымдылықтың тағдыры не болғанын білейік. Сенушілердің үкімделуінің маңызды аспектілеріне көңіл бөліп, бәріміздің алатын сыйымыз бірдей болмайтынын көреміз.

Сенушілер сот алдында

Энделиттер таңертең Ұлы залға келді, көп ұзамай, сот басталды. Өмір залында Джейлин патшамен алғаш кездесуді асыға күткен бес жүзге жуық адам жиналды. Өзімшіл де, Қайырымдылық та солардың арасынан ескілі-жаңа дос тауып, мәре-сәре боп жатқанда, залға патшаның нөкерлері кірді. Нөкерлердің басшысы сөзін бастағанда, жастар тына қалды.

– Аз уақыттан кейін патшаның жүзін көресіңдер. Патшамыз сендермен бірге болуды сүйіспеншілікпен күтті. Бұрын жүздеспеген болсаңдар да, сендер үнемі патшаның көз алдында болдыңдар. Ол жүректеріңдегіні көрді, жемістеріңді сынға салды. Жүректеріңді, ниеттеріңді, ойларыңды, сырларыңды, істеріңді түгел біледі, одан жасырын қалған нәрсе



жоқ. Патшаның соты әділ екенін ұмытпаңдар. Ешбіреуің елеусіз не ескерусіз қалмайсың.

Содан кейін Ұлы залға қалай баратыны, онда не болатыны жайлы қысқаша нұсқау берді. Сөзінің соңында:

– Джейлин патшаның алдына бірінші болып Өзімшіл барады. Ортаға шық, бізге еріп жүр, – деді.

Өзімшіл сот алдында

Эндель қаласының әкімі болғандықтан сот залына бірінші болып аттанатынын Өзімшіл сезген болатын. Патшаның Аффабельден тыс иелігінде сондай лауазымға ие болғанына орай молынан марапатталатынына нық сенімді. Эндельде жүріп, сенімділік көрсеткендерге тиесілі сый-марапат пен оларды Аффабельде күтіп тұрған құрмет-дәреже туралы ежелгі Киелі жазбада айтылғандар есіне түсті. Екі жыл әкім болғанда Эндельдің әлеуметтік жағдайын едәуір жақсартқан еді. Патша тағының алдына нық басып бара жатыр.

Ұлы залдың есігі ашылды. Өзімшіл ішке кірді. Орасан зор залды көргенде, қайран қалды. Зал толған адам, барлығы түрегеп тұр екен. Неліктен бос орындар қалып қойды екен деген ой жылт етті. Аффабель тұрғындары орынды солай таңдағаннан болар деп өз ойына өзі жауап бере қойды.

Алда, бірталай жерде, Джейлин патшаның тағы биіктен көрінді. Өзімшіл ойлағаннан әлдеқайда еңселі екен, патшаның ұлылығын паш еткендей. Одан аласалау бірнеше тақты да көрді, патшаның көмекшілерінің тақтары болар деп жорамалдады. Жүрегі лүпілдеп кетті – бірнеше тақ бос екен. Бос тақтардың бірі өзіне арналған болса керек.

Ескі дос

Өзімшіл Патша тағына қарай жүріп келе жатып, бұрынғы Эндель тұрғындары, ендігі Аффабель азаматтарының сы-



ртқы пішініндегі өзгерістерді байқады. Тағы да бірер қадам басқан соң залдың түкпірінде отырған ескі досын таныды. Аты – Көпшіл. Эндельде Өзімшіл жиі соғатын бір мейрамхана бар еді. Соның иесі осы Көпшіл болатын. Нөкерлердің басышына қарап, сөйлесуге рұқсат сұрағандай ишара жасап еді, басын изеп рұқсат етті.

Өзімшіл досына жақын барды, екеуі құшақтасып көрісті.

– Халың қалай, Көпшіл? – деп сұрады Өзімшіл.


– Тамаша, – деді досы, – бірақ менің есімім енді Көпшіл емес. Жаңа атым – Риза. Джейлин мырза мені осылай атады. Ол алдына келген әрбір жаңа қызметкеріне жаңадан ат қояды ғой. Аффабель біздің асқақ арманымыздың бәрінен де асып түседі екен. Мына Ұлы зал – сұлулық патшалығының, жарқыраған ұлы қаланың кіреберісі ғана. Патшамыз – дүниедегі ең мейірімді, кеңпейіл әрі айбынды патша. Қазіргі білетінімді Эндельде жүргенімде білген болсам, ондағы қысқа өмірімді тіпті басқаша өткізер едім. Патшаға ұнамды істерге көбірек көңіл бөлер едім. Патшаның еркіне сай болуға ұмтылар едім де, қазір оған әлдеқайда жақынырақ болар едім.

– Нені айтасың? – деп сұрады Өзімшіл, – Сен Эндельдің тамаша азаматы едің ғой!

Мейрамханаң ең үздік мейрамханалардың бірі болатын, көптеген әлеуметтік жобаларға қаржы бөлдің. Құрбандықты аямай беретін едің ғой!

Көпшіл басын шайқады:

– Оның бәрін абыройымды арттыру үшін істеген болатынмын. Сол арқылы мейрамханама келушілердің саны көбейетінін білдім. Көздегенім – басқаларға жақсылық жасау емес, өз табысымды арттыру болатын. Джейлиннің сөзін тыңдауым керек еді. Ол бізге: «Қонақасы бергенде дос, бауыр, туысқандарыңды, я болмаса бай көршілеріңді шақырма. Себебі олай етсең, олар да сені қонаққа шақырып, есесін қайтармақ. Керісінше, той жасағанда дастарқаныңа жар-



лы-жақыбайларды, кемтар, ақсақ, соқырларды шақыр! Олар саған есесін қайтара алмайтындықтан бақытты боласың. Әділдер қайта тірілетін қиямет күні саған соның есесі қайтарылатын болады», – деп үйрететін. Ал мен қонақасы бергенде басқалардың қамын емес, өз пайдамды ойлап беретінмін. Эндельдің мықтыларының санатында болғым келетін.

Өзімшіл тағы қазбалады:

– Эндельдің мектебіне көптеп қаржылай көмек көрсетуші едің ғой. Джейлиннің рақымын саған ол да түсірмеді ме?

– Эндель мектебіне құрбандық арнағаным рас, бірақ құрбандығым табысыма сәйкес емес еді. Шынтуайтына келсек, түскен пайдамның болмашы ғана бөлігін қиятынмын. Банкрот болудан қорыққанымнан қаражатымның көбісін жинап сақтайтынмын. Оған «шалқыған өмір» деген арман қосылды. Менің шынайы ниетім – өзімнің қамым еді. Құрбандық деп берген болар-болмас қаражатымды ар-ожданымның үнін өшіру үшін беретінмін. Ұстаздарымыз патшалықтың қажетіне және жоқ-жітікке қаражат бөлудің маңыздылығын жиі айтқандықтан, соған мәжбүр болдым. Несін айтасың, құрбандықтың бәрін сүйіспеншілік пен жанашырлықтан емес, өзімді кінәлі не борышты сезінбеу үшін беретінмін, – Көпшіл сөзін жалғастырды: – Аффабель патшалығын шын сүйген жесір әйел туралы Джейлиннің әңгімесін ұмытқан болатынмын. Есінде ме, ол: «Сендерге шындығын айтамын: ақша салғандардың барлығынан да мына бейшара жесір көп салды! Себебі басқалардың бәрі өздерінен артылғанын ғана садақа етсе, бұл әйел өзі бейшара бола тұра, күнелтетін нәрсесінің бәрін аямастан берді», – деп еді ғой.

Өзімшілдің өзі берген қонақасылары есіне түсті. Кедей-кепшік түгілі, өзінен бір саты төмен адамды да шақырмайтын. Сосын жерді супермеркетке беруге қарсы болғандарға моральдық өтемақы ретінде бөлген бес мың доллары есіне түсті. Берген ақшасы кезінде әжептәуір көрінген еді, енді ойлап қараса, тіпті аз екен. Джейлиннің алдында енді не деп ақталмақ?



Ойын Көпшілдің сөзі бөлді.

– Джейлин мен оның халқына шын берілген адам болсам, мектепте көбірек қызмет етер едім. Жұмысты өзара бөлісіп, әрқайсымыз өз міндетімізді жұмыла орындап жүрсек, жүк жеңіл болар еді. Алайда, ауыртпалықтың барлығы бірнеше адамға түсті. Джейлиннің жоспары түгелімен орындалса, ешкімге де шамадан тыс міндет жүктелмес еді. Ауыр міндеттен қашпағандар мұнда сый-марапатқа кенелді. Сөзімнің түйіні міне: құрбандыққа берген азын-аулақ қаражатымды Джейлин патшалығына шын жүрегіммен берілмегендігімнен, өз намысым үшін беретінмін.


Өмірімді үлкен экраннан көргендердің көзі жетті: көздегенім – Джейлиннің даңқы емес, қуғаным – жайлылық пен қауіпсіздік, абырой-бедел болған екен. Міне, енді осы қаланың елеусіз ғана, қарапайым тұрғындарының бірімін. Дегенмен, патшаның өзіме деген мейірімі мен сүйіспеншілігі үшін алғысым шексіз. Шындап келсек, мен оның бір де бір сыйына лайық емеспін. Джейлиннің ақылға сыймайтын сүйіспеншілігі мен кеңпейілділігін өзің де көресің. Шексіз мейірімі үшін оған борышты болып өтемін.

– Қарапайым тұрғындардың бірі! – Өзімшіл қайран қалды. – Мұндағы халықтың бәрі бірдей тең емес пе?

Көпшіл жымыып:

– Иә, сол шамалас. Эндель мектебінде сол туралы айтылатын, бірақ біз оған мән бермеуші едік қой. Бірақ ішімізден оның рас екенін білетінбіз. Сен сол жайлы осы залға кіргенде де ойламап па едің? Тақтың бірінен орын алармын деп үміттенгеніңді білемін, сенің ойыңды естідім. Мектепте өзіміз оқыған ежелгі жазбалардан соны білесің. Алайда, Эндельде жүргенімде оған сенбейтінмін деп танасың, білем.

Эндельдегі қысқа өмірімізде Джейлинге адал болғандар мұнда жетекші, басқа да көрнекті лауазымға ие болып отыр. Олар қаланың ең әсем ауданында тұрады, патшамен жиі жүз-



деседі. Эндельдегі өмірін өз қамымен өткізгендердің мекені – қаладан шеткері. Осында отырғанда да сол тәртіппен орнала-сып отырмыз. Артқы қатарларды алып отырғандар – жазықта тұратындар. Біз – тұрғындардың ең қарапайымымыз, ең қарқынды жұмыс бізге бұйырған. Орта қатардағылар – таулы алқап тұрғындары, олар шығармашылық қызметте. Алдыңғы қатарда отырғандар мен тақтағылар қаланың орталығында, патша сарайының маңында тұрады. Олар айрықша мәртебе-ге – патшаның жанында болу мәртебесіне ие. Патшалықтағы ең қадірлі азаматтар сол. Өзімшіл, достым, Джейлин – әділ де мейірімді билеуші, оған күмән келтірме. Оның саған бере-рі нағыз сый-марапат болмақ. Джейлиннің рақымы болмаса, ешқайсымыз патшалықтың ең бір түкпірінен де орын алуға лайық емеспіз, – деп бітірді сөзін Көпшіл.

Осыны айтып болды да, ол өз орнына қайтты. Нөкер Өзімшілге жүре бер деп белгі берді.

Ғұлама ұстаз

Өзімшіл ілгері бірнеше қадам жасады да, тағы бір таны-сын көрді. Бұл Жігер деген аса құрметтейтін кісісі еді.

Жігер мектеп ұстазы болатын, Өзімшіл оны біртуар тұлға санайтын. Ұстаз сөзге шешен, білімін шәкірттерімен бөлісіп, ойын жеткізе білетін. Өзімшіл осы ұстазының сабақтарынан үнемі жігер алып қайтатын. Жігер шәкірттеріне дем беріп, рухтандырып отыратын. Басқа ұстаздар да шәкірттердің сенімін жандандырады, бірақ кейде тым қатал көрінетін, сөздері де әшкерелеп, ұялтатындай еді. Жігер сабағында олай болған емес-ті. Бұл кісі Өзімшілдің ең сүйікті ұстазы еді.

Өзімшіл нөкерге тағы да қарады. Ол тағы да басын изеп, тілдесуге рұқсат етті. Өзімшіл Жігердің жанына барды да, жылы амандасты.

Өзімшіл көкейін тескен сұрақты қойды:



– Неге ең артқы қатарлардың бірінде отырсың?


– Менің дәрежем мен орным – осы. Аффабельдегі ең қарапайым тұрғындардың бірімін. Менің үйім жазықта, қызметім – су құбырларын жөндеу.

– Не дейсің? – деп таңырқады Өзімшіл. – Мектептегі ең үздік ұстаздардың бірі едің ғой! Неліктен елеусіз азаматтардың біріне айналдың? Сенің орның анау тақтардың бірінде.

– Джейлиннің көмекшілері мен осы отырған көпшіліктің ішінде биік дәрежеге ие бола алмауымның бірнеше себебі бар. Сөзімді көпке созбай, қалай ағат кеткенім жайындағы әңгімемді қысқа ғана айтып шығайын. Есінде ме, Джейлинге өмірін арнағандарды құрылысшыларға теңейтін едік қой. Осыны мектепте өткен болатынбыз. Эндельдегі ұстаздардың ең басты міндеттерінің бірі шәкірттердің өмірін қалау болатын. Осы міндетімізді айтқан сөзіміздің, істеген ісіміздің көмегімен, өз өмірімізді үлгі етумен орындайтын едік. Мен шәкірттерге Джейлиннің қағидаларын үйрететін ұстаз болатынмын. Алайда, мені жақсы ұстаз деуге болмас.

Менің тәлімім сыңаржақ болатын. Джейлинге қызмет етудің жағымды жақтарына баса назар аударушы едім. Шәкірттерімді табысты болуға жігерлендіре отырып, алдағы болашағын ойлауға үйретпейтін едім ғой. Өмірдің шынайы мақсаты – Джейлиннің еркін орындау екенін айтып, шәкірттерді солай өмір сүруге бастаған жоқпын. Патшалықтың қағидаларын тек өз мұратына жету үшін пайдалануды үйрететінмін. Демек, шәкірттерді қоғамымыздың тұзақтары мен торларынан сақтандыруға мән бермейтінмін.

Джейлиннің заңын шәкірттеріме түгел үйрету міндетім болатын, ежелгі киелі жазбалар солай дейді. «*Джейлин* туралы хабарды біз барлық адамдарға жеткізіп, бәріне де ескертіп, барынша даналықпен тәлім беріп келеміз. Осылай әрбір жанды *Джейлинде* тығыз байланыста, толық кемелденген түрде Құдай алдына әкелуге талаптанудамыз» (Колостықтарға 1:28).



Тәлім беретінмін, алайда ескерту мен сақтандыруға күш салмайтынмын. Құлаққа жағымды ұстаз едім, шәкірттерімнің өмірін ескерту-сақтандырусыз, тек жігерлендірумен қалап, Джейлиннің еркін түгелдей орындамадым, – Жігер жерге қарады, – Шәкірттерімнің көбі жазаға кесілді.

Өзімшілдің күйзеліп кеткенін байқады да, ұстаз тағы қайталады:

– Иә, олар жазаға кесілді. Маған шәкірт болғандардың көбісі сыңаржақ тәлімімнің арқасында Лоун аймағына қуылды. Мен шәкірттеріме оларға шын керек ақиқаттарды емес, естігісі келген, көңілдеріне жағатын тәлімімді бердім. Шәкірттерімнің сүйікті ұстазы болып қала бергім келетін. Міне, шынайы ниетім осы еді. Мен шәкірттерімнің осал жерлерін, қателіктерін, кемшіліктерін түзетудің орнына өзімшіл қалауларын қоздыра түсетін білім берумен шектелдім.

Ежелгі жазбадағы ұстаздарға жасалған қатаң ескерту есінде ме: «Себебі сол жалған пайғамбарлар тыныштық жоқ кезде халқымды «Тыныштық бола береді!» деп адастырды. Бұл, әлсіз қабырға тұрғызып, оны әкпен сылап әсемдеумен бірдей. Солай әктейтіндерге былай де: Қабырға құлайды! Жаңбыр қатты құйып, дәу бұршақ жауып, жойқын дауыл көтеріледі, сонда қабырға құлап түседі» (Езекиел 13:10-11).

Шәкірттерімнің көбісі орнықсыз іргетас салып, әлсіз қабырға тұрғызып жүргенін көре тұра, ескерту жасамайтынмын. Нашар болса да, «бәрі жақсы», бұрыс болса да, «дұрыс» дейтінмін. Олардың таңдаған жолдарын мақұлдап, адасқан беттерінен қайтармайтынмын.

Лоунға қуылған шәкірттерімді жоқтаймын. Шәкірттерімнің азғантайы ғана Аффабельде қалды, – Артына бұрылып қарады да, сыбырлап, – Олардың өзі де соңғы қатарларда отыр, – деді. – Олардың Энделдегі өмірі зая кетті, жетістіктерінің көбісі дәл мына тақтың алдында өртеніп кетті.

– Тақтың алдында өртеніп кетті дедің бе? – деп Өзімшіл қайта сұрады.



– Иә, – деді ұстаз – Ежелгі жазбаларда айтылған ғой: «Ал осы «негіздің» үстіне қауымды әрі қарай дамыту үшін адамдар алуан түрлі әдістер қолдануда: бұлар алтын, күміс, асыл тастар секілді төзімді немесе ағаш, шөп, сабан сияқты осал болулары мүмкін. Әр құрылысшының істеген жұмысының сапасы Мәсіх үкім шығаратын күні айқындалады. Сол күні әркімнің еңбегін от сынап, шынайы сапасын әшкере-лейді. Кімнің салғаны отқа өртенбей аман қалса, сол сыйын алады. Ал кімдікі өртеніп кетсе, сол сыйынан құр қалады. Өзі құтқарылса да, жаны оттан өткендей эзер дегенде құтылады» (1-Қорынттықтарға 3:12-15).

Осы жазбаның авторы айтып тұрған негіз – Джейлиннің билігіне бағыну. Сол арқылы ғана патшалыққа кіре аламыз, оны екеуіміз де білеміз. Джейлинге шын берілген адам болсақ, өмірімізді осы іргетасқа қалаймыз.

Өмірімді ежелгі жазбалардың стандарттарымен өлшесем, Джейлиннің әділдігіне сай емес екенмін. Өйткені, қарамағымдағыларға еткен ықпалым дұрыс емес. Беделімді шәкірттерді Аффабель азаматтығына лайық болуға дайындау үшін қолданған жоқпын. Сол себепті сый-марапаттан құр қалдым. Ұлы ұстаз Пауылдаң сөзі есінде болар: «Өйткені Иеміз Иса Мәсіх қайтып келген кезде біздің үмітіміз, қуанышымыз, басымызға киер «мақтау тәжіміз» сендер болмағанда, кім болмақ? Расында да біздің мақтанышымыз бен қуанышымыз сендерсіңдер» (Салоникалықтарға арналған бірінші хат 2:19-20).

Джейлиннің заңын жақсы білсем де, тәлім беруді енді бастаған кезімде жалпыға бірдей жақсы болғым келгендіктен, осы қалауымның және тәкаппарлығымның өзіме билік етуіне жол бердім. Біраз уақыт өткеннен соң бағыттан ауытқи бастадым. Басында сөзіме ісім сай еді. Ауытқыған сайын Джейлиннің өз өміріме қатысты нұсқауларына мән беруді де азайттым. Әбден адастым. Аффабельде абырой-атаққа деген көзқарас Эндельдегіден тіпті өзгеше. Онда өзіме дәреже санағанымның көбісі мұнда түкке тұрмайды.



Өзімшіл:

– Жігер, Джейлин әр адамның есімін өзгертеді деп естідім. Сенің жаңа атың кім? – деп сұрады.

Ұстаз күлімсіреп жауап берді:

– Менің атым Кішіпейіл.

Ол басын төмен салып, өз орнына барып отырды. Өзімшіл нөкердің бетіне қарап еді, ұстаздың сөзін растап, басын изегенін көрді.

Өзімшіл таққа қарай ілгерілей берді. Енді ол алғашқыдағыдай сенімді емес. Эндельдегі өмірін ойлай берді. Әр ісінің ар жағындағы ниеті қандай еді? Әкім болып, қала басқарғанда Джейлиннің даңқын арттырды ма, өз абыройын асырды ма? Күш-қайратын неге салды? Өмірі Джейлиннің еркіне сай болды ма, әлде адасумен өтті ме? Басқаларға үлгі-өнеге болды ма, әлде адамдардан пайда көруге тырысты ма?

Патша

Өзімшіл Ұлы залдың орта тұсына жеткенде байқағаны, мұнда отырғандардың түр-түсі шетінен бейне бір ханзада тәріздес.

Бәрінің жүздерінен жылылық пен меймандостық білінеді. Сол жылылықтан аздап жұбаныш тапқандай. Болашағы күңгірт, қобалжып келе жатқан жігітке бұл әжептәуір демеу болды.

Патша тағына жеткенше қанша уақыт өткенін білмейді. Қадам басқан сайын Эндельдегі өмірінің жаңа бір қыр-сырлары ашылғандай болды. Әкім қызметіндегі жетістіктері ескеріліп, жақсы лауазымға тағайындалам ба деген үміті де бар.

Бастарында тәждері бар, салтанатты киінген билеушілердің ортасына келіп тоқтады. Әрқайсысының қолында патшалық биліктің белгісі бар. Ұлы шаһардың аса қадірлі азаматтары – осылар еді. Бұл кісілерді салтанатқа бөлеп тұрған бір ерекше ұлылық бар екен.



Қалалық әкімшіліктің бір мүшесінің хатшысы да сонда. «Бұл неге тақта отыр?» – деп таңырқады Өзімшіл. Көзге көрінер ешбір ісін білмейді. Бұл қыз мектепті Өзімшілден бір жыл бұрын бітірген болатын. Мінезі тұйықтау қызды Өзімшіл жақсы біле қоймайтын.

Сол қыз қазір орнынан тұрып, Өзімшілге қарай қадам басты. Нөкерлердің басшысы оған сол сәт тағзым етті. Қыз Өзімшілді құшақтап, жылы сәлемдесті.

– Хош келдің, Өзімшіл. Менің атым Сабыр. Джейлин маған патшаның алдына баруыңның алдында сенімен сөйлесуді тапсырды. Мен – Аффабельдегі патшаның көмекшілерінің бірімін.

– Патшаның көмекшісі? Мына сен? Сен қалайша патшаның көмекшісі бола аласың? Сен Эндельде түк бітірген жоқсың ғой! – Соншалықты орынсыз сөзінің дәрекі шыққанынан өзі ұялып қалды.


Сабыр оның жағдайын түсініп, басын изеді.

– Қысылма. Осы ұлы залда өтірікке орын жоқ. Шынықты айттың. Эндельде абырой-атақтың маңыздылығы сонша, адамдар өздері байқамай өтірік айтатын еді. Айтқан сөзіміздің маңызы мұнда да зор, дегенмен, ниет-пиғылымыз одан да маңызды, өйткені көпшілікке мәлім. Оған өзіңнің де көзің жетеді, аузыңнан шыққан әрбір сөзің үшін есеп бересің.

– Әр сөзім үшін дейсің бе? – Өзімшілдің даусы саңқ ете қалды. – Әр әңгімедегі әрбір нақты сөзім үшін бе?

– Иә, – деді Сабыр, – әрбір сөзің үшін. Джейлин мырзаның ежелгі жазбадағы сөзі есінде ме: «Сендерге шын айтамын: адамдар өздері айтқан әрбір жағымсыз сөздері үшін қиямет сотында жауап береді. Сол кезде сендер айтқан сөздеріңе сай не ақталатын, не айыпталатын боласыңдар» (Матай 12:36)? Жағымсыз сөздер мәнсіз, түкке тұрғысыз әрі орынсыз, демек, Джейлиннің болмысына кереғар.

– Ұсақ-түйек емес, зор өтірігіміз, не болмаса, ақиқатты айтқанымыз үшін, маңызды істеріміз бен ірі жетістіктеріміз



үшін есеп береміз деп ойлайтын едім, – Бір сәт үнсіз қалғаннан кейін, – Енді не болмақпын? – деп қосты.

Сабыр:

– Ежелгі жазба: «Аузынан шыққан жақсы сөзі адамды тоқ қылар, еңбек еткен қолы да ақысын алар», – деп анық айтады (Нақыл сөздер 12:14). Сонымен, істеген істерің ғана емес, аузыңнан шыққан әрбір сөзің де таразыланатын болады. Жағымсыз сөздерің де, парасатпен айтқаның да. Және сөздерің ғана емес, сол сөзді айтқандағы ниетің де зерттеледі. Санаңдағы әрбір ойың да сот алдына келеді. Джейлиннің соты әділ екенін ұмытпа. Ол «адамның жан дүниесі мен ой-санасында не барын тексеріп анықтайды» (Еремия 11:20). Ол өзі «Мен, *Джейлин*, адамның жүрегіндегісін зерттеймін, оның *жан дүниесін анық тексеремін*. Содан әркімге жасаған қылығына, істеген істеріне қарай есесін қайтарамын» (Еремия 17:10) деп анық айтады. Әрбір ісің мен сөзің ғана емес, қай ниетпен айтып, қай ниетпен істегенің де тексеріледі. – деп жауап берді. – Менің тақта отырғанымды көріп қайран қалғаның да осыдан. Сен менің Эндельдегі жетістіктерімді сондағы стандарттарға сай бағаладың.

Ал Джейлиннің төрелігі өзгеше, оны өзің де көре бастадың, жақында оған біржола көзің жететін болады. Қымбатты бауырым, Эндельдегі өміріңнің әділ бағасын аласың.

Өзімшіл дәл осындай қатаң ақиқатты естіген емес, дегенмен, оны айтқандағы Сабырдың даусындағы сүйіспеншілік оның жүрегін тебіrentті. Джейлин шынында да мейірімді де рақымды патша болса керек. Жаңа ғана патша көмекшісінен сол мейірімнің жылы лебін сезінді. Ол сүйіспеншілікпен жасалған түзету еді. Сүйіспеншілік деген жағымдылық емес, сүйіспеншілік деген – ақиқат екенін кенет анық түсінді.

Сабыр: «Патшаның алдына баруыңа болады», – деді. Осыны айтты да, өз тағына барып отырды. Нөкерлердің басшысы Өзімшілге жүре бер деп белгі берді де, өзі Патша тағынан сәл алшақтау жерде қалды.



Өзімшіл Джейлиннің алдында

Өзімшіл аяғын абайлап басып, бірнеше баспалдақпен еңселі тақтың алдына келді. Басын көтерді де, патшаның өзін көрді. Джейлиннің ұлылығы, көріктілігі, салтанаты осы залдағылардың қай-қайсысынан да асып түседі. Патшаның нұрлы жүзі баурап әкетеді. Джейлинге тең келер жан жоқ. Өзімшіл мұндай құдірет пен даналық иесін бұрын-соңды кездестірген емес.

Джейлиннің көзіне көзі түсісімен түсінгені – патша өзі ойлағаннан әлдеқайда мейірімді әрі әлдеқайда құдіретті. Патшаның көзі Өзімшілді тесіп өткендей болды, одан жасырын сыр қалмасы анық. Соттан ақталып шығарына Өзімшілдің еш үміті қалмады. Алайда, мазасын алып тұрған ол емес еді. Бәрінен де аңсағаны – ақиқат.

– Патшалығыма хош келдің, Өзімшіл, – деді Джейлин, – Осы сәтті асыға күттім. Эндельде халқымды басқардың, Аффабельде де басшылардың бірі болып, тақтардың бірінен орын алуға лайықсың ба?

Әдетте міз бақпайтын, ештеңеден саспайтын Өзімшіл ләм-мим дей алмады. Ел басқарудың ауыр жүгін қиналмай көтере алатынына кеше ғана күмәні жоқ-ты. Ендігі жерде, әлгі әңгімелерден кейін, бұл сенімі де алдамшы болар деп ойлады.

Джейлин жақын отырған көмекшілерінің біріне қарап:

– Өзімшіл қанша адамға ықпал етіп, патшалыққа пайда келтірді? – деп сұрады.

Бірнеше адамның ғана аттары аталды. Мынадай мәліметтен Өзімшіл есін жия алмай тұр.


Патша әлгі көмешісіне тағы сұрақ қойды:

– Сабырдың ықпалы неше адамға тарады?

– Бес мыңнан астам адамға, Ием, – деген жауап естілді.

– Бұл қалай? – деп күбірледі Өзімшіл. – Ол бар болғаны хатшы, ал мен әкім едім ғой. Мына есеп қате болар?

– Сенің қанша адамға ыпал еткеніңді емес, сенің неше кісіге еткен ықпалың патшалыққа пайда келтіргенін сұрадым! – Пат-



шаның үні жұмсарғанымен, райынан қайтпады. – Бұрын Жігер атанған ұстазың Кішіпейілдің өзі сенен гөрі көбірек адамға ықпалын тигізді. Алайда, олардың азғантайы ғана мақсатқа жетті. Сондықтан ол мына тақтардың бірінен орын ала алмады. Мен айтып отырған ықпал қағидаларыма сай болса ғана, есепке алынады, – Сәл кідіріп барып сөзін қайта жалғады. – Сабырдың бес мың адамның өміріне қалайша ықпал еткенін біл: Ол мектепке қаржылай және басқа да көп көмек көрсетті, құрбандық жасады. Мектептен көмек алғандар Сабырдың есебіне алынды.

– Мектеп үшін мен де құрбандық жасадым ғой.

– Сенің құрбандығың өз жаныңның тыныштығы үшін, өз абыройың мен жақсы атың үшін еді. Құрбандығыңның сауабы Эндельде жүргеніңде-ақ еселеп қайтты. Ал Сабырдың игі істеріне түрткі болған – патшалыққа және адамдарға деген сүйіспеншілігі. Сабыр Қатыгез есімді адамды маған құлшылық етуге шақырды. Сабырдаң арқасында ол маған қызметкер болды. Қазір ол Өмір залында өз кезегін күтуде. Оған Ізгі хабар таратушы деген жаңа ат қойылмақ, өйткені ол менің жарқын жаршыларымның біріне айналды. Оның бір өзі мыңдаған адамның өмірін өзгертті. Сол адамдар да Сабырдың есебіне алынды, себебі Қатыгезді мектеп қабырғасында-ақ қолдап, жөн сілтеген өзі болатын.

Қатыгезді Эндельде бір кездестіріп сөйлескені Өзімшілдің есінде. Оны сенімі тым отты, сенімге шамадан тыс берілген адам деп санайтын. Қатыгез қалалық басылымдарға жиі мақала жазып, тұрғындарды өз өмірін патшалыққа толықтай бағыштауға шақыратын. Ол энделиттерге телефон шалып, қала әкімшілігінің мүшелеріне хат жазып, мектепті кеңейтуді қолдауға үндеу тастайтын. Өзімшіл жерді мектеп салуға емес, супермаркет салуға бергізгенде Қатыгез наразылығын қайтты айтқан болатын. Сол себепті Қатыгезді аса жақтыра қоймайтын еді. Қатыгездің Джейлин заңына сәй-



кес әрекет еткенін, патшалықтың мүддесін көздегенін енді түсініп, Өзімшіл қатты ұялды. Неге сонша көр соқыр болған?

Джейлин Сабырдың Эдельдегі адамдарға патшалық үшін қалай ықпал еткенін әңгімелеуді әрі қарай жалғастырды. Қыздың елеусіз ғана істері жинала келіп, зор нәтижеге жеткізген екен. Сабырдың барлық адамға деген көңілі таза, пейілі ақ еді. Кедейлерге алақанын жомарттықпен ашатын. Ақиқат үшін жан беруге дайын еді.

Сабыр жайлы әңгімесін аяқтап, Джейлин Өзімшілдің өмірін егжей-тегжейлі қарастыруға кірісті. Сабыр ескерткендей, әр ісі, әр сөзі төрелік таразысына салынды.

Өзімшіл патшалық мүддесін көздеп істеген бірсыпыра игі істерін көріп қуанса, өзімшілдік ниетпен, атақ-абыройдың, өз қауіпсіздігінің қамымен істелген көптеген істерін көріп, қапаланды. Үлкен экранда өмірі көрсетіліп болғанда, іс насырға шауып бара жатқанын сезді.


– Өмірімнің соңына дейінгі жазаға лайықпын, – деді, – Лоунға қуылуға лайықпын. Өзіме берілген билікті патшалық мүддесіне қолданбапшын, маған көп мүмкіндік берілсе де, аз жеміс берген екенмін!

Көзінен жас парлап, өзегін өкініш өртеді. Залға кіргендегі нық сенімі тас-талқан болды. Ендігісі суға кеткен адамның тал қармағанындай. Күткені – Джейлиннің рақымына деген үміт қана. Лоун аймағына қуылуы жөніндегі патшаның үкімін мойынсұна естуге дайын.

Бір сәтке орнаған тыныштық сондай ауыр көрінді. Патша:

– Өзімшіл, сен – менің қызметкерімсің, көптеген мүмкіндікті бос жіберіп алғаныңмен де, сен маған сендің. Мен сені сүйемін, патшалығымда мәңгі қалуға шақырамын.

Өзімшіл мелшиді де қалды. Бір кезде басын көтерді де, тағы да жылап қоя берді. Бұл жолғысы – өкініштің ащы жасы емес, адам айтқысыз қуаныштың жасы. Ұлы патшаның рақымы мен мейірімі үшін алғысы кеудесін кернеп барады.



Джейлиннің асқан мырзалығы туралы естігенінің барлығын осы сәтте дөп түсінгендей болды.

Осыдан бір сәт бұрын ұяттан жерге кіріп кете жаздап, өкініштен өзегі өртеніп тұрған. Жазаға кесілуге тиіс еді – өмірі соның айғағы, үкімі – түнекке қуылу ғана, лайық жазасы сол еді. Ал естіп тұрғаны – осыншалық мейірімді де рақымды сөз, патшаның өзі ұлы қалаға кіруге шақырып отыр! Неткен рақым! Не деген ақылға симас сүйіспеншілік!

Эндельдегі жеткен жетістіктерінің өртеніп, жоқ болғанына қарап тұр. Патшаның «Мен сені сүйемін, патшалығымда мәңгі қалуға шақырамын» деген даусы құлағынан кетпестей. Досы Ризаның айтқаны – түгелдей шындық екеніне көзі жетті. Патшаның қай шешімі де сот алдында тұрған адамның күткенінен әлдеқайда асып түсетіні рас екен.

Патша тағы үн қатты:

– Өзімшіл, енді атыңды өзгертемін. Менің патшалығымдағы жаңа атың Қарапайым болады. Саған жазық жерде баспана дайын. Сонда қоныстанасың, кәсібің бақ пен гүлзар өсіру болады. Осы қаланың басшылығына қатыспағаныңмен, тысқары аймақтарды басқаруда маған көмектесетін боласың.

– Ием, өзіңмен бірге тысқары аймақтарды басқарамын ба? – деп қайталап сұрады Өзімшіл.

– Осы қалада тұратындардың барлығы – жетекшілер. Менің иелігім жердің шетіне дейін созылып жатыр, патшалығымда көптеген басқа да қалалар бар. Сол қалалардың тұрғындары Аффабельдің азаматтары тәрізді Эндельде дайындықтан өткен жоқ. Сондықтан оларда осы қаланың тұрғындарының қабілеттеріндей қабілет жоқ. Аффабельде жоғары лауазымға ие болмайтының рас, дегенмен, маған ғаламды басқаруға көмектесетін боласың. Нақты қызметің – Бенджилла еліндегі жиырма қаладағы әрлендіруші-бағбандарды үйрету мен басқару.



Қарапайым өксігін баса алмады. Патшаның мейіріміне қайран қалды.

Патша үстелге жақындап барды да, дастарқаннан әденені алып, кері қайтты. Қарапайым тұрған жерге баспалдақпен түсіп, қолындағысын ұсынды:

– Мынаны жей ғой.


Қарапайым жемісті патшаның қолынан алды да, аузына салды. Мұндай ғажап дәмді бұрын-соңды татып көрген емес. Жан-дүниесі шайдай ашылғандай болды. Жүрегіндегі сүйіспеншілігі тасып, қызмет етуге деген құлшыныс баурап алды. Жемісті жеп тауысқанша жанына батқан өкініш пен ұяттың барлығы ғайып болды. Енді өзін іштей жаңарғандай сезінді, сенім мен үмітке толып, бақытқа кенелді. Жаңағы жегені – ұстаздары айтқан сол бір ғажайып ағаштың жемісі екенін түсінді. Қарапайымның жүзі бал-бұл жайнады, Джейлин оған сүйсіне қарап тұр.

Содан кейін Джейлин:

– Артыңда тұрған жанұяңа қарашы, – деді.

Қарапайым баяу ғана бұрылды. Өмірінің егжей-тегжейі дүйім жұртқа мәлім болғанына әлі де қысылыңқырап тұрған. Бетін көпшілікке бұрғанда, залдың ішін ду қол шапалақ, қуанышты дауыстар, музыка алып кетті. Патшалықтың азаматтары билеп ала жөнелді. Қарапайым осы думанның барлығы өзіне арналғанына сенер-сенбесін білмей тұр. Мына қадірменді кісілер оған осынша меймандостық пен сүйіспеншілік танытқанына таңырқайды. Осыған қарап тұрып, Эндельдегі өмірінде жасаған ағаттығынан көңілінде қалған кірбіңнен құлан-таза айыққандай болды. Енді ол пәк таза!

Джейлиннің жүзіне қарап еді, нұрлы күлкісін көрді. Көзіне қарады. Сол бір көзден дүниені шарласа да таппайтын жылылық пен сүйіспеншілікті көрді. Сабыр мен басқалар сәл ертерек өзінің ойын естігендей, енді өзі де Джейлиннің ойын ести алатын болды.



Бұл – өзі сүйетін адамдардың тамаша болашағына қуанышпен қараған адамның рахаты, мерейі тасыған ойлар. Қарапайым патшаның алдына жығылып, құлшылық етті. Патша қолынан демеп тұрғызды да, қапсыра құшақтады.

– Хош келдің, достым, – деді жымыиып.

Осыдан кейін нөкерлер Қарапайымды артқы қатарлардың біріндегі орнына отырғызды. Осы жерден ол өзіне таныс энделиттердің сот алдынан өтуін бақылап отырады. Енді көздің жасы түгел сүртілді. Ешбір қайғы, қасірет, мұң қалған жоқ, өткеннің бәрі зым-зия жоқ болды.

Қайырымдылық сот алдында

Қайырымдылықтан басқасының барлығы сот залына кезек-кезек шақырылып кетіп жатты. Міне, Өмір залында жалғыз қалды. Алайда, сарыла күтіп, жалыққан жоқ. Өйткені, залдағы сөрелерден ұлы қалада жазылған көптеген кітаптар табылды. «Аффабель тарихының екінші кітабын» оқып отырғанында нөкерлердің басшысы кірді.

– Қайырымдылық, патшаның алдына баратын уақыт келді.

Жүрегі қуана лүпілдеп кетті. Аңсаған, көруге асыққан патшасымен аздан кейін жүздеспек. Осы сәтті көп жыл күткен еді. Міне, сол сәт туды. Нөкер Қайырымдылыққа күлімсірей қарады, екеуі сот залына бірге кірді.

Залдың есігі ашылғанда, оның әсемдігінен көзі тұнды. Алда, алысырақта көрінген Джейлиннің еңселі тағы көздің жауын алды. Қайырымдылық залдың ішін көзімен шолып өтті де, «Неткен шырайлы адамдар! – деп ойлады – Мен де осылардың бірі болар ма екенмін?»

Қатарларды бойлай таққа қарай жүріп бара жатып байқағаны, жиналған жұрт басын иіп тағзым еткендей. Осынау қадірменді жұртшылық мұның алдында бас игені несі? Таққа жақындаған сайын, адамдардың пішіні салтанатты



бола түскен сияқты. Таңғажайып асыл нәсілді адамдар дерсің. Адамның асылы – осылар неге тағзым етіп тұр?

Араларында Эндельдегі таныстары да бар. Күлімсіреген жүздерінен сүйсіну мен сүйіспеншілік байқалады. Жақындап барып әрқайсысын құшақтағысы келді, бірақ онысын кейінге қалдырды. Безбүйректі көргенде қуанышын іркіп қала алмады, жүгіріп барып, құшақтап алды. Ол да құшақ жайып көрісті.

Безбүйрек тағзым етіп:


– Жаңа үйіңе хош келдің, – деді.

– Маған неге тағзым етесің? – деп сұрады Қайырымдылық. – Табынатын мен Құдай емеспін ғой.

– Табыну мен ізет бір емес, – деді Келісім атты азамат. – Иемізге ғана табынамыз, алайда, Эндельде жүргенімізде бізге қызмет еткендерге құрмет көрсетеміз. Арамызда басшылық ететіндерді де құрметтейміз. Эндельде қадір-құрметтің маңыздылығына мән бере қоймайтын едік. Қайырымдылық, Эндельде сен маған қызмет еттің. Сенің патша еркіне деген мойынсұнушылығың болмаса, мен мұнда емес, Лоунның түнегінде болар едім. Ең алдымен патшаның рақымы, сосын сенің қызметің мені құтқарды. Өмірімнің соңына дейін сені құрметтеп, саған қуана қызмет етемін. Қайырымдылық, енді менің атым Безбүйрек емес. Джейлин мырза атымды өзгертті. Атым – Келісім. Патшаның рақымы бәрінен де маған мольнан түсті. – Келісім, не деген жақсы есім! – деді Қайырымдылық, – Қымбатты достым, менің саған Эндельде жасаған жақсылығым сенің маған қызмет етуіңе тұрмайды.

Сенің қамыңды әрі болашағыңды ойлап істегенім ғой.

– Осы ниетің үшін сені құрметтеп, саған қуана қызмет етемін. Патшаның ризашылығы саған мольнан жауады. Мақтау мен сый-марапат алуды көздеген емессің, ниетің – Джейлинге деген сүйіспеншілігің еді. Басқаларға Джейлиннің сүйіспеншілігімен қызмет еткендер патшаның ерекше ықыла-



сына бөленеді. Эндельде жүргенімізде патшаның жоспар-мақсатын ғана емес, жүрегін түсінуге тиіс едік. Қымбатты қарындасым, осы екі міндетті де мүлтіксіз орындадың да, ақ ниетіңді менің де жүрегіме ұялаттың. Эндельде өткен өмірімнің соңғы бір аптасында шын жүрегіммен патшаға қызмет еткенім де сондықтан. Еңбегім соншалық қысқа болғанына қарамастан, патша мені жомарттықпен марапаттады.

Қайырымдылық күлімсіреді.

– Келісім, сен үшін өте қуаныштымын. Өмірімнің соңына дейін саған қызмет етемін.

– Қайырымдылық, сен ұзақ жылдар бойы Аффабельде тұрған адамша сөйлейсің, – деді Келісім. – Осы ұлы қала тұрғындарының мақсаты – бір-біріне қызмет ету. Шын мәнінде, бәрінен көп қызмет ететіндер – біздің басшыларымыз. Ал ең ауыр міндет – біздікі, сол еңбегімізден қуаныш табамыз. Мұндағы өмір Эндельдегіден тіпті өзгеше. Мұнда жетекшілер басқалардан құрмет күтпейді, қайта қызмет етуге қуанады. Әрбір азамат үшін ең үлкен қуаныш – біріншіден, патшаға, екіншіден, отандастарына, әсіресе, Эндельде жүргенімізде өмірімізге әсерін тигізгендерге, одан қалды, шеткері аймақтардың тұрғындарына қызмет ету, – деді Келісім сөзінің соңында. – Қымбатты қарындасым, сені мақтан тұтамын. Ал енді патшаның алдына бара ғой. Ол сені өзіне деген қызметің үшін сый-марапатына бөлемек.

Жүректері елжіреп тағы құшақтасты да, Қайырымдылық нөкерге ілесіп таққа қарай жүре берді.

Қайырымдылық Джейлиннің алдында

Таққа жақындағанда Қайырымдылық Джейлиннің бетжүзін анық көрді. Жандарынан өткенде, патшаның көмекшілері бастарын иіп, өзіне ізет көрсеткенін Қайырымдылық байқаған жоқ. Екі көзі патшада. Патшаның нұрлы жүзі оны өзіне баурап алды.



Баспалдақпен тақтың алдына көтерілді де, патшаның алдына жығылып, құлшылық етті. Джейлин тағынан түсіп барып, қолынан демеп тұрғызды. Сүйіпеншілікпен үн қатып:

– Қайырымдылық, сүйікті балам, патшалыққа хош келдің. Сенімен кездесуді асыға күттім, – деді.

– Мырзам, осы күнді аңсай күткен мен едім, – деді Қайырымдылық. – Сен менің патшамсың. Сенің жаныңда болып, өмірімнің соңына дейін саған қызмет етсем, арманым жоқ.


– Әлем жаратылғаннан-ақ саған арнап дайындалған патшалыққа кіріп, иелен, – деді патша. – Себебі сен мен ашыққанда тамақ, шөлдегенімде сусын бердің. Бейтаныс болып баспана іздегенімде мені үйіңе кіргіздің, Киімсіз жүргенімде киіндірдің, ауырғанымда маған қамқорлық жасадың, түрмеде отырғанымда артымнан келіп тұрдың.

Қайырымдылық қайран қалып:

– Ием, қашан ашыққаныңды көріп, тамақтандырған едім? Немесе шөлдегеніңде сусын берген едім? Қашан бейтаныс болып баспана іздеп жүргеніңді көріп, үйіме кіргізіп едім? Немесе киімсіз жүргеніңде киіндірдім? Қай кезде ауырып не түрмеде жатқаныңда артыңнан келіп тұрдым? – деп сұрады.

– Сендерге шыңдығын айтамын, – деп жауап берді патша, – менің мына бауырларымның тіпті ең маңызсыз болып көрінген біреуіне жасаған жақсылықтарың – шын мәнінде маған жасаған жақсылықтарың!

Джейлин Қайырымдылықтың адал қызметі жайлы баяндап берді. Патшаның заңдарына бағынып, халқына қызмет еткенде, Джейлинге қызмет еткен екен. Өмірі түгелдей көрсетілді: әр сөзі, әрбір ісі, ойы, ниеті көрермендердің көз алдынан өтті. Қызметі, мектепке берген қаржылай көмегі, Эндель тұрғындарына жасаған жақсылығы, мәнсіз, жағымсыз істерге қатысудан бас тартқан сәттері – барлығы жария болды. Джейлинге деген сүйіспеншілігі үшін көрген жәбір, мейрамханасын қоғамға қызмет ету құралы ретінде пайдаланғаны, адасқан жандарға ақиқат



жолын көрсеткені, құтқарылмаған адамдар үшін жүрегі қарс айырылып мінәжат еткені, Джейлин заңын бұлжытай орындаудағы бекемдігі, Джейлинге тым берілгендігінен Эндельдің беделді азаматтарының арасынан аластатылуы, өсек-жаладан бас тартуы...Тағысын тағылар, айта берсе өте көп.

Қайырымдылық өз өмірі басқаларға қаншама ықпал еткенін көріп, қайран қалды. Джейлиннің аты мадақталу үшін істеген істерінің көбісі алдын-ала жоспарланған нәрселер емес-ті. Бар болғаны, ежелгі жазбалардан үйренген қағидаларды берік ұстанып жүрген.

Бірнеше ісі өртеніп кеткені де бар. Қайырымдылық зая кеткен мүмкіндіктер мен жіберген қателіктеріне өкінді. Алайда, еңбектерінің болмашы ғана бөлігі жеміссіз қалған екен.

Қайырымдылықтың сыйы

Эндельдегі өмірінің соңғы сәттерін көріп болған соң патша жанында отырған көмекшісінен:

– Қайырымдылық қанша адамның өміріне ықпалын тигізіп, патшалыққа пайда әкелді? – деп сұрады.

Көмекшісі:

– Бес мың бір жүз сексен үш адам, халқымыздың алтыдан бір бөлігінен сәл көбірек, Ием, – деп жауап берді.

Қайырымдылық таңдана:

– Шынымен де, сондай көп пе?

Джейлин:

– Ежелгі жазбадағы «игіліктің тұқымын ағыл-тегіл мол сыйлап, әділ істеріңнің өнімін молайта түсемін» деген уәдем есінде болар. Қайырымдылық, менің патшалығымда өсіп-өну, молаю заңы жүреді, – деді.

Осы сөзден кейін Қайырымдылықтың Джейлин заңына бағынып істеген істері молайып, көпшілікке ықпал еткенін егжей-тегжейлі көрсетті. Қайырымдылық қоғам қайраткері



болмаса да, оның патшаға деген адалдығы осындай жеміс берген еді. Суға түскен тастан тараған толқындар іспетті игі істерінің жемісі де көпке тарапты.

Джейлин сөзін жалғады:

– Мұқтажға қайырымдылық жасаған адамның әділдігі, рақымы, мейірбандығы, мәңгі есте қалады! Маған бағышталған өмірдің ықпалы суға түскен тастан тараған толқындай көпшілікке тарайды. Оны сот алдына келгенге дейін ешқайсың да білмейсің. Ұсақ-түйекте сөзімді дәл ұстанбайтындар көп, бірақ көбінесе сол маңызсыз көрінген нәрселер патшалықта көп жеміс береді. Гәп – жағдай қандай болса да, менің сөзімді ұстануыңда.

Джейлин тағы да:

– Қайырымдылық, сол жағыңа қарашы. Менің тағыма жақын тұрған бос тақты көріп тұрсың ба?

– Көріп тұрмын, Ием.

– Сен осы тақта отырып, өміріңнің соңына дейін менімен бірге патшалық құрасың.

Қайырымдылық қайран қалды:

– Ием, патшалық құруға лайық емеспін. Мен бар болғаны мейрамхана иесімін. Менен ақылды да дарынды адамдар бар. Қалайша сенімен бірге мына ұлы патшалықты басқармақпын? Өзімшіл жақсы басшы еді. Соны алсаң қалай болар еді? Өтінемін, маған өзіңе және халқыңа қызмет етуді тапсыр.

– Өзімшіл Ұлы залдың артқы қатарларының бірінде отыр. Ол қаланың жазық жер деп аталатын ауданында бақпен әрлеушінің қызметін атқаратын болады. Сонымен қатар, шеткері аймақтарда бағбандарға қызмет етеді, – деп жауап берді Джейлин, – Ал сен менің өзіме және халқыма деген сүйіспеншілігің үшін көмекшілерімнің арасында боласың. Осы лауазымға төзімің, адалдығың мен кішіпейілділігіңнің арқасында жеттің. Ежелгі жазбалардағы мына сөзді өзің де білесің: «Өйткені өзін-өзі жоғарылатқан әркім төмендетіледі (құрметке ие



болғандардан, марапатталғандардан төмен орын алады), ал өзін төмен ұстаған (өзі туралы қарапайым пікірін сақтаған, өзін кішіпейіл ұстаған) жоғарылатылады (мәртебесі жоғарылайды)». Сен менімен бірге ел басқарып қана қоймайсың, саған Ұлы теңіздің жағасынан, сарайымның жанынан баспана дайындап қойдым. Теңіздің салқын лебін, толқындардың дыбысын жақсы көретініңді біліп, қалауыңды орындадым. Адал қызметшілерімнің жүрек қалауларын орындаймын.

Қайырымдылықта үн жоқ.

Патша сөзін жалғастырды:

– Қаланың он ауданын басқарасың. Аффабель қаласында жүз жиырма аудан бар. Соның жүз онын басқа он бір көмекшім басқарады. Сен менімен және тақтарда отырған жетпіс жеті ел басқарушымен бірге тізе қосып жұмыс істейтін боласың. Оларға білім беру, өндіріс, сауық-сайран, мәдениет, т.б. салаларында билік берілген. Жетпіс жеті ел басқарушы, Әкем және мен Аффабель қаласының өмірін жоспарлап, қадағалап отырамыз. Сен сенімді кеңесшім әрі өзім мен азаматтарымның арасындағы дәнекер боласың.

Осы қаланы ғана емес, басқа жетпіс жеті ел басқарушы сияқты сен де шеткері аймақтардағы қалаларды басқаратын боласың. Саған Бенджилла аймағының жиырма қаласын басқару билігін беремін.

Бенджилланың премьер-министрі боласың. Әлгі қалалардың басшылары мен тұрғындары саған есеп беретін болады. Ал сен маған ғана бағынышты боласың.

Джейлиннің мына сөзін естігенде, Қарапайым сыныптасы үшін қуанғанынан атып тұрды. Қуанышпен бірге өкініштің де ызғары бар. Мыңдаған адамның өміріне ықпал етуге өзінің де шама-шарқы жететін, бірақ ол мүмкіндіктер зая кетті. Тікелей Джейлиннің өзімен қолтықтас қызмет ететін басшылардың бірі болар еді қазір. Аффабель патшалығында қалғаны үшін патшаға алғысы зор, дегенмен, Эн-



дельде өткізген қысқа өмірін басқаша өткізгенде, жүз отыз жыл өмірінің алдағы жылдары да басқаша өтетін еді.

Патша нөкерлердің басшысына қарады:

– Жеңімпаздың тәжі мен билеушінің асатаяғын осында жеткіз.

Тәж бен асатаяқ келгенде тәжді Қайырымдылықтың басына өзі кигізді.

Патша оны мақтап:

– Жарайсың, жақсы қызметшім! Кішкене істе сенімді болдың, енді он аудан мен жиырма қаланың үстінен билеуші бол, – деді.

Қайырымдылықтың қолына асатаяқты ұстатты:

– Бұдан былай Қайырымдылық атанбайсың, жаңа атың – Сүйікті Жеңімпаз болады. Эндель тұрғындарын алдын-ала ескерткен болатынмын: «Істерімді аяғына дейін атқарып, жеңіп шыққандарға халықтардың үстінен билік жүргізу құқығын сыйлаймын. Оларға қатаң билік жүргізеді. Қыш ыдыстарын лақтырып сындырғандай, қиқарлықтарын тас-талқан етеді. Мен де Әкемнен осындай билікті алғанмын».

Джейлин үстелдің жанына барды да, қалған жалғыз жемісті Сүйікті Жеңімпазға ұсынды.

– Қымбатты достым әрі әріптесім, өмір ағашының жемісін тат, – деді патша.

Жемістен ауыз тиіп еді, Сүйікті Жеңімпаздың жан-дүниесі тазарып сала берді. Дүниедегі ең дәмді осынау жемісті татқан кімде-кім осындай күйге енеді. Сүйіспеншілікке бұрынғысынан бетер бөлене түсті. Қызмет етуге деген құлшынысы да бұрын-соңды болмағандай ұлғайды. Ол өткеннің жанға батар елестерінен түгелдей арылып, күңгірт ойлардан біржола құтылды. Өткеннің бәрі зым-зия жоғалды. Сүйікті Жеңімпаз жаңарып сала берді. Бойын кернеген жаңа күшті сезінді, бақыт пен сенімге бөленді. Джейлинге қарап күлімсіреді. Екеуі бір-біріне қарап қуана күлді. Бұл – өмір бойына созылатын достықтың бастамасы еді.



Джейлин Сүйікті Жеңімпазды бос тұрған таққа қарай жетелеп апарды да:

– Сүйікті Жеңімпаз, бұрылып, жанұяңа қарашы, – деді.

Бұрылып еді, зал ду қол шапалаққа толып кетті. Дүркіреген думан, мәре-сәре той басталып кетті. Бұл көрініс өзі көрген мерекелердің біріне де ұқсамайды. Айнала шынайы қуаныш-шаттыққа толған. Осындай сүйіспеншіліктің көрінісі жүрегін тебірентті, Сүйікті Жеңімпаздың жүзі қуаныш пен алғыстан нұрланып кетті. Патша

Сүйікті Жеңімпаздың иығына қолын салды да:

– Жарайсың, жақсы да адал қызметшім! Енді қуанышты тойыма кел! – деді.

Ұлы Аффабель патшалығы, патша мен оның қызметкерлері жайындағы хикаямыз осымен аяқталды.

Нұсқау мен ескерту

Жоғарыда біз Мәсіх төрелігінің санамызға сиятын болмашы ғана бейнесін көрдік. Сөзбен айтып жеткізе алмаймын, бірақ, Мәсіхтің төрелігінің салтанаты осы әңгімеміздегіден әлдеқайда асып түсетінін дәл білемін. Дегенмен, аллегорияда Құдай патшалығының көптеген ақиқаттары көрсетілген.

Хикаяның егжей-тегжейі қиямет сотын дәл суреттейді деп айта алмаймын. Алайда, ақиқатты білуіңізге көмектеседі. Исаның астарлы әңгімелерін оқығанда, ұсақ-түйек жайттарға мән бермей, Иеміздің жеткізбек болған негізгі ойына, әңгімеде ашылған ақиқатқа көңіл бөлеміз.

Мен де Мәсіхтің мәңгі Патшалығына қатысы бар маңызды жайттарға баса назар аудармақ болдым. Кітапты оқып болғанда Аффабель туралы хикаяға тағы бір рет көз жүгіртіп өтіңіз. Сонда осы кітапта келтірілген Киелі кітап аяттарының мағынасын тереңірек түсіне аласыз.

9-ТАРАУ

АСПАН ПАТШАЛЫҒЫ

*Мен адал жүріп, бет-жүзіңді көремін,
Оянып, көрінісіңе қарап сүйсінемін.
— Забур 16:15*

Ал енді, әділдердің бұл дүниеден алынуы туралы сөз қозғайық. Сенбеушілер уақытша аялдайтын тозақ деп аталатын жер және олар мәңгіге қалатын отты көл бар. Сол сияқты, әділдерге де бірі уақытша, бірі тұрақты, екі мекен дайын. Біріншісін көбінесе *аспан*, көк деп атаймыз, дәлірек айтқанда, Киелі жазбада оның аты – *көктегі Иерусалим*. Әділдердің тұрақты мекені де Иерусалим деп аталады, ол жер бетінде. Бұл қала ақырғы соттан кейін аспаннан түсетін болады. Оның аты – *Жаңа Иерусалим* (Аян 21:2 қараңыз).

Көктегі Иерусалим

«Ал сендер рухани Сион тауына, яғни мәңгі тірі Құдайдың көктегі Иерусалим қаласына, әрі ондағы сан-мыңдаған періштелерге келдіңдер. Сондай-ақ, сенушілердің мерекелік жиыны мен қауымына қосылдыңдар. Сендер де, біз де Тәңір Иеге әке мен тұңғыш баласындай жақынбыз, есімдеріміз Оның көктегі кітабына жазылған. Барлық адамдарға үкім шығаратын Құдайдың алдына, әрі өткен кезеңдерде сенімдері арқылы ақталып, мақсаттарына жеткендерге және Жаңа Келісімнің негізін салған Исаға да келдіңдер. Оның төгілген қаны Әбілдікінен гөрі игілікті хабарға меңзейді» (Еврейлерге арналған хат 12:22 – 24).

Көктегі Иерусалим – біздің хикаямызда Аффабель қаласы болып бейнеленген қала. Ол Сион тауында орналасқан. Онда

миллиардтаған періштелерімен бірге Әке мен Ұл тұрады. Сол қалада сенушілердің мерекелік жиыны мен тұңғыш сенушілер қауымы бар. Көне Өсиет заманында өмір сүрген әулиелер мен дүниеден өткен мәсіхшілер де сонда.

«Сенімдері арқылы ақталып, мақсаттарына жеткендер» де сол қаланы мекендейді. Жаңа Өсиет пен Көне Өсиеттің о дүниеге аттанып кеткен әділдерін автор мұның алдында айтты. Сонда бұлар кімдер?

Жоғарыдан туылғанда біз жаңа жаратылысқа айналдық, рухымыз Мәсіхке ұқсас болып қайта жаратылды. Басқа аудармалармен салыстырсақ, автордың мұнда тән мен жан туралы емес, рухты ғана айтып тұрғанын түсінеміз. Өз басым, осы сөз Исаға осында, жер бетінде қызмет етіп жүрген әділдерге қатысты айтылғанына сенемін. Мынаған назар аударыңыз: «Ендеше рақымы мол Құдайдың тағына нық сеніммен жақындап, өтініштерімізді білдірейік» (Еврейлерге арналған хат 4:16). Рақымы мол Құдайдың тағы Құдайдың қаласының қақ ортасында орналасқан, ал осы шақырудың өзі жер бетін мекендейтін мына біздерге қатысты. Бәлкім, патша тағының алдына мінәжаттары жиі барғандықтан, арамызда жүрген кейбіреуіміздің аттарымыз тақ тұрған залда мәлім шығар?

Әрбіреуіміз рухпыз. Сана, ерік, эмоциялардан құралған жанымыз бар. Тәндік денені мекендейміз. «Құдайдың Өзі – Рух. Сондықтан Оған сиынатындар рухында әрі ақиқатта сиынуға тиіс» деп үйретеді Иса (Жохан жазған ізгі хабар 4:24, ағылшыннан аударма). Яғни, Құдайға табынудың бірден-бір жолы – рухта әрі ақиқатта табыну. Пауыл елші осы ойды тереңдете түскендей: «Мен Құдайдың рухани Ұлы туралы Ізгі хабарды жариялап, рухыммен қызмет етіп жүрмін. Құдайдың Өзі мынаған куә: Оған сиынған сайын сендерді үнемі еске аламын» (Римдікте арналған хат 1:9, ағылшыннан аударма). Жоғарыдан туылып, рухымыз Құдайға ұқсас етіп жаратылғандықтан, Исаның қаны мен Киелі Рухтың құдіреті

арқылы Құдайдың тағы тұрған залға мұқтаждық туған немесе сиынғымыз келген, кез келген сәтте кіре аламыз.

Аспан Патшалығына барып қайту

Қазіргі уақытта көктегі Иерусалим «көктің ең биігінде». Пауыл елші көзі тірісінде барып қайтқан, шынымен де бар. Елші былай дейді:

«Түбі пайдалы болмаса да, мақтануым қажет; енді Иеміздің маған көрсеткен аяндары мен ашқан құпияларына тоқталайын. Мәсіхпен тығыз байланыстағы біреуді танымын; оны он төрт жыл бұрын кенет «көктің ең биігіне» көтеріп әкетті. Оның рухы көкке апарылды, ал тәнінде ме, әлде тәнсіз бе, о жағы маған емес, Құдайға ғана аян. Сол кісінің жұмаққа апарылғанын дәл білемін; тек оның тәнсіз, не тәнінде барғаны маған емес, жалғыз Құдайға ғана анық» (Қорынттықтарға арналған екінші хат 12:1-4).

Киелі жазбаны түсіндірушілердің айтуынша, Пауыл мұнда өзі туралы айтқан. Жаңа тірі аударма деп аталатын аудармада: «Он төрт жыл бұрын биіктің биігіне алындым» деп жазылған. Пауылдың тәнсіз, не тәнінде барғаны өзіне де беймәлім екеніне назар аударыңыз. Яғни, аспан шынында да бар, нақты орын екенін көріп тұрмыз. Бір таң қалғаным, аспанды – адамдар елес тәрізді қалқып жүретін, көзге көрінбейтін кеңістік деп санайтындар көп екен. Жоқ, аспан – нақты орын, онда көшелер, ағаштар, ғимараттар, жануарлар, су, т.б. бар.

Пауыл елші тәрізді аспанда болып қайтқан бірнеше адамды танымын. Сондай оқиғалардың бірін айтып берейін. Грэг бағушы деген жолдасым бар. Оқиға 1970 жылдың қазан айында болған. Алғашқы қызметін өткізіп, үйіне қайтып келген Грэг әйелін баспалдақта зар еңіреп жылап жатқан жерінен табады да бір сұмдықтың болғанын біледі. Грэгтың ұлы Джастин шомылып жатып, футбол көрмек болған екен. Сол оймен ванна бөлмесіне кішкентай теледидарды әкеп қойыпты.

Теледидарды байқаусызда суға құлатып алған бала, электр соққысынан тіл тартпай кеткен.

Грэг Джастинді жүрегі тоқтап қалған, қан-сөлсіз денесі суып кеткен, көзі ашық күйінде қалған қалпында тапты. Көзіне қарап, миының жұмысы тоқтағанын да білді. Грэг ертеректе Лос-Анджелес полициясында шерифтың орынбасары болып қызмет еткен. Сол кезде алғашқы көмек көрсетуді үйренген болатын, көптеген ажалды да сонда көрген. Дәл осы сәтте ол шериф қызметінде болса, адам өлімін көріп, тергеушіні шақыртар еді.

Алайда, Грэг мінәжаттың құдіретімен таныс сенуші еді. Ол мінәжат етіп, ұлына қолдан тыныс алдыру шараларына кірісті. Бірнеше минуттан кейін ол дәрігерлерге орын берді де, өзі мінәжат ете берді. Олар қырық бес минут бойы Джастинді тірілтпек боп әуреленді. Қардиограмманың түсіргені – тік сызық қана. Енді дәрігерлер күдер үзіп, әрекеттерін қойып, мына бірбеткей сенуші әкенің дұғасы тоқтағанын күтті.

Сонда Грэг былай деп сиынды: «Әке, сенімім таусылды. Менің сенімім таусылғанмен, Сенің сөзің басқа сенім туралы айтады» (Қорынттықтарға арналған бірінші хат 12:9 қараңыз, сөз – сол аятта айтылған ерекше сенім жайында).

«Басыма біреу алақанын қойғандай болды», – дейді Грэг. Сол сәт билік пен құдіретке бөленіп, баласына айқай салды: «Исаның атымен, өлмейсің! Тірі боласың!»

ЭКГ аппараты кенет дыбыс шығарды да, жүректің соға бастағанын көрсетті. Дәрігерлер қуанғанынан атып тұрды. Олар Джастинді алып баспалдақпен төмен түскенде, баланың көзі қалпына келіп, бетіне қан жүгірді, аяқ-қолы да жылып қоя берді.

Грэг масаттана шаттанды. Ұлы бұрынғы аман-сау қалпында. Достарына Құдайдың кереметі туралы ғажап куәлік айтатын болды. Ұлының өмірі үшін күрес енді ғана басталғанын ол әлі білмейді.

Дәрігер Джастинның ес-түссіз, комада жатқанын айтты. Бүйрек еті езіліп, зәрмен бірге катетер арқылы ағып кетіп жатыр екен. Жай сөзбен айтқанда, баланың денесі «еріп» бара жатыр. Тірі қалған күннің өзінде, бала дәрменсіз мүгедек болып қалмақ. Дәрігерлер науқасты жан-жақты зерттеп, қорытынды жасады: Джастинның ой-санасы IQ 0,01, яғни үш айлық баланың ой-санасындай болып қалады.

Джастинның әкесі жеті ай бойы табандылықпен мінежат етті, ақыры, ұлы есін жинады. Сол сәтте Грэг ұлының жанында болатын. Ол баласымен тілдесіп, әр нәрсені сұрап еді, Джастинның жауаптары орынды, дұрыс болды. Джастин мектепті, колледжді, қауымдағы діни мектепті үздік бағамен бітіріп шықты. Ол өз сыныбында үздік оқушы болды. Бүгінгі таңда Джастин – отағасы, екі баланың әкесі.

«Әке, мен Исамен бірге болдым»

Ауруханадан шыққаннан кейін Грэг баласының жүзі ерекше нұрланып тұратынын байқады. Ол баласынан: «Джастин, бұл не?» – деп сұрады.

«Әке, мен Исамен бірге болдым. Теледидар ваннаның ішіне түсіп кеткенде мен ештеңе де сезген жоқпын. Орасан зор періште мені қолымнан ұстады да көтеріп алып кетті. Денемнен шығып жүре бердім. Біз шыңырау құдықтың ішімен ғаламат жылдамдықпен ұштық. Жарықтың жылдамдығымен ұшып келіп, аспандағы қаланың көшесіне қондық».

Қаланың көшелері алтын жалатқан емес, саф алтыннан жасалған екен. Алтынның тазалығы сондай, шыныдай мөлдір. Жер бетінде алтынды сондай күйге жеткізе тазарту мүмкін емес. Алтын түстес сырмен боялған әйнекті көрген боларсыз. (тұңғыш ғарышкерлердің шлемдеріндегі әйнектер сондай болатын, қазір ұшақтардың қабиналарының, кейбір ғимараттардың терезесі сондай). Сонымен, нағыз саф алтын мөлдір болады екен.

Джастинның айтуынша, оны аспандағы қаланың көшелерінде бірінші болып қарсы алған қайтыс болған туыстары екен. Джастин олардың аттарын атап шықты. Өзі ешқашан көрмеген, танымаған, әке-шешесі ғана білетін туыстарының да аттарын айтты. Аспанда өзін қарсы алған адамдардың арасында Филлис есімді әйел де бар еді. Филлис Грэгтың көршісі болатын. Джастин ұшыраған қайғылы оқиғадан бір ай бұрын Джастинның анасы Филлиске ізгі хабар айтып, тәубе еткізген болатын. Исаға келгеннен кейін екі апта өтпей Филлис қайтыс болды.

Барлығы Джастинмен сөйлесіп тұрғанда, арт жақтан сыбыс естілді де, тұрғандар кейін шегінді. Джастин қарсы алдында тұрған Исаны көрді .

Иса баланы ертіп алып аспанды аралатты. Онда көшелер мен үйлер көп екен. Гүлдер, шөп, тіпті, тастар да тірі, барлығы әндетіп тұр. Олардың әні Құдайды мадақтайтын сияқты. Шөпті немесе гүлді аяғымен басып кетсе, сынып қалмайды, түзеліп қайта тұра қалады екен. Джастинның байқағаны, түстер жердегіден әлдеқайда қанық та айқын екен. Бұрын-соңды көрмеген жаңа түстерді де көрді. Әкесіне, анасына, екі ағасына арналып дайындалған әсем үйлерді де көрді.

Содан кейін күтпеген нәрсе болды. Иса Джастинның қайтуға тиіс екенін айтты. Баланың жерге қайта оралғысы келмеді, әрине. Бірақ Иса Джастинды жабық шымылдықтың жанына ертіп әкелді де, пердені ашты. Джастин өзін шақырып тұрған әкесін көрді. «Ол сенің әкең, сені қайтаруға билігі бар» деді Иса.

Сол мезеттен бастап Джастин о дүниеге тағы аттанып кетсе, шақырып қайтармауын әкесінен сұрайтын болды. Досымды тыңдап отырып, әңгіменің ең қызық жері осы болар деп ойладым. Аспан жерден анағұрлым тамаша, аспанды көргендер жерге әсте де қайтқысы келмейді. Осындай іштей арпалысты Пауыл елші басынан өткерген болатын. Філіпідегі қауымға жазған хатында былай дейді: «Бұ дүниеден кетіп,

Мәсіхпен бірге болғым келеді, бұл бәрінен де анағұрлым жақсы» (Філіпіліктерге арналған хат 1:23). Жай ғана «жақсы» демейді, «анағұрлым жақсы» дейді Пауыл елші! Ұлы қаланы көрген елші сол қалаға қайта оралуды аңсады. Бірақ, Аспан Патшалығының пайдасы үшін осында қалуға бел буды.

Кейін Джастин әкесіне аспанда он жасар бала емес, ересек адам болғанын айтты. Киелі жазба «Сүйікті бауырларым, қазір Құдайдың рухани балаларымыз, ал келешекте кім болатынымыз әлі анық емес. Алайда Мәсіх қайтып келгенде Оған ұқсайтынымызды білеміз. Себебі сол кезде Оның шынымен қандай екенін көретін боламыз», – дейді (Жоханның бірінші хаты 3:2). Сондықтан аспанда біз Исаның айқыш ағашқа барған жасы – отыз үш жасар адам болатынымызға сенетіндер көп, Джастин да солай дейді.

Бұл әңгіме – шын болған көптеген оқиғалардың бірі ғана. Киелі жазбамен әбден үйлесетін осы бір әңгіменің өзі де – аспанның бар екенін растайды. Исаның адал қызметкерлері жерден кеткенде, сол қалаға кіретін болады.

Рухтың, жанның, тәннің құтқарылуы

Жоғарыда айтқанымыздай, адам Исаны Ием деп мойындаған сәтте оның рухы жоғарыдан туылады. Көзді ашып жұмғанша Исаға ұқсас болып, қайта жаратылады. Жохан елшінің сөзі де осыны құптайды: «Мәсіхтің осы дүниеде қалай өмір сүргеніндей өмір сүрсек, онда Құдайдың сүйіспеншілігі бойымызда әбден толысып, мақсатына жетеді. Осылай қиямет сотында нық сенімді боламыз» (Жоханның бірінші хаты 4:17). Жоханның Аспан Патшалығына аттанып кеткендерді емес, жер бетінде жүрген сенушілерді айтып тұрғаны анық. Құдайдың Рухынан қайта туылған адамның рухы қазірдің өзінде, осы жерде Иса қандай болса, дәл сондай кемел.

Рухымыз құтқарылғаннан кейін жанымыздың құтқарылуы жүзеге аса бастайды. Жоғарыда айтқанымызды тағы қайталап кетейін, адамның жаны ой-санасынан, еркінен, эмоциялардан тұрады. Біздің жанымыз Құдайдың сөзімен, оған бағынуымыз арқылы құтқарылады.

Жақып елші соны растайды: «Ал енді, *сүйікті бауырластарым... өздерінде қалған барлық арамдық пен жамандық атаулыны тастандар, жүректеріңе себіліп жатқан Ізгі хабарды кішіпейілділікпен қабылдаңдар! Ол сендерді күнәнің құлдығынан құтқара алады. Құдайдың айтқандарын құр естуші ғана болмай, оларды іске асырушы болыңдар!»* (Жақыптың хаты 1:19, 21, 22). Жақып бауырластарға олардың жандарының құтқарылуы жайлы жазып отырғанына назар аударыңыз. Ол Құдайдың сөзін естіп, орындауға баса көңіл бөледі.

Адамның құтқарылған-құтқарылмағанын оның жаны қандай күйде екенін байқап білуге болады. Құдайдың сөзін естіп, орындау арқылы жанымыздың тезірек құтқарылуы үшін әрекет етеміз. Керісінше, Құдайдың айтқандарын ескерусіз қалдыратын болсақ, жанымыздың құтқарылуы жүзеге аспай қалады.

Құтқарылуға тиіс тағы бір бөлігіміз – біздің тәніміз. Пауыл елшінің осы жайлы жазғанын мұқият оқып шығыңыз.

«Мынаны да білеміз: жер бетіндегі «шатырымыз», яғни тәніміз, күйрегенде, адам қолы емес, Құдайдың Өзі жасаған көктегі мәңгілік мекенімізге, яғни жаңа денеге, ие боламыз. Қазірдің өзінде ыңқылдай күрсіне отырып, көктен келетін денелерімізді жамылатын кезді зарыға күтудеміз. Себебі жаңа денені жамылғанда мекенсіз қалмаймыз. Әлі де осы «шатырда» тұрып, ауыртпалық көргенде ыңқылдай күрсініп отырмыз. Алайда ажалдан жанымыз жалаңашталмай-ақ, көктен келген денемізді бірден жамылуды қалаймыз. Сонда өткінші тұрмысымыздың орнын мәңгілік өмір ауыстырады. Бізді осы үшін де жаратқан Құдай Өзінің берген уәделерінің орындалуының кепілі болсын деп, Киелі Рухын сыйлады. Сол себептен әрдайым жігерліміз. Әлі де қазіргі тәнімізде тұрғанда Иеміздің қасындағы мекенімізден алшақ екенімізді білеміз. Ал біз көргенімізбен емес, сенімімізбен өмір сүреміз. Содан жі-

герлі болып, осы тәнімізді тастап, Иеміздің қасында орнығуды қалаймыз» (2-Қорынттықтарға 5:1-8).

Киелі жазбадағы осы сөздер бізге зор үміт сыйлайды, жанымызды тазартады. Пауыл елші жаңа денеміз болатынын бір емес бірнеше рет қайталайды. Басқа хатында: «Өйткені қазіргі құрып шіритін тәндеріміз ешқашан жойылмайтын денелермен алмасуға тиіс», – дейді (Қорынттықтарға арналған бірінші хат 15:53). Біздің денелеріміз Исаның денесіне ұқсас болмақ. Оны Киелі жазбадан оқимыз: «Себебі біз осылай рухани тұрғыдан Мәсіхпен бірге «өліп», күнәлі өмір салтымыздан біржола бас тартқан болсақ, енді өлімнен қайта тірілген Мәсіхпен тығыз байланыста тұрып жаңаша өмір сүрейік!» (Римдіктерге арналған хат 6:5) және «Сүйікті бауырларым, қазір Құдайдың рухани балаларымыз, ал келешекте кім болатынымыз әлі анық емес. Алайда Мәсіх қайтып келгенде Оған ұқсайтынымызды білеміз. Себебі сол кезде Оның шынымен қандай екенін көретін боламыз» (Жоханның бірінші хаты 3:2).

Иса қайта тірілгеннен кейін денесі қандай болғанын мұқият қарастырайық. Болашақта, денеміз құтқарылғаннан кейін, Оның денесіне тән қасиеттерге ие боламыз. Иса қайта тірілген сол бір таңда болған жайттан бастайық. Қабірдің бос қалғанын көрген Мәриям Исаның мәйітін біреу алып кеткен екен деп ойлады. Міне, Мәриям қабірдің алдында жылап тұр.

«Мәриям осыны айтқаннан кейін артына бұрылып, Исаның тұрғанын көрді, бірақ Оны танымады. Иса: «Қарындас, неге жылап тұрсың? Кімді іздеп жүрсің?» – деп сұрады. Мәриям Оны бағбан екен деп ойлап: «Мырза, Оны әкеткен Сіз болсаңыз, қайда қойғаныңызды айтыңызшы. Мен Оны сол жерден алып кетейін», – деді» (Жохан 20:14, 15).

Иса басқа дамдардан еш айырмашылығы жоқ, кәдімгі кейіпте еді. Ол кинодағы басқа планетадан келген келімсекке тіпті де ұқсамайтын. Мәриямның Исаны танымауының себебі – Оның тірілуі туралы ой санасына кіріп те шықпаған еді. Ол Исаның асқан қатыгездікпен өлтіріліп, айқыш ағаштан түсіріліп, жер-

ленгенін өз көзімен көрді. Иса Мәриямның атын атағанша ол Иеміздің тіріліп, алдында тұрғанына сене алмады. Қателесіп, бағбан екен деп қалды. Осыдан барып, өлімнен қайта тірілген Исаның кейпі кәдімгі адамның кейпіндей болғанын түсінеміз.

Исаның денесі қайсыбір басқа адамның денесіндей болғанын білдік. Енді мынадай сұрақ туады: Мәриям аян көріп, Исаның рухымен кездесті ме, әлде адам тәніндей тәнде тұрған Исаны көрді ме? Бұл сұрақтың жауабын сәл кейінірек, Исаның шәкірттерімен кездескен сәті суреттелген үзіндіден табамыз: «Иеміз: «Неліктен абыржып тұрсыңдар? Көңілдеріңде неге сондай ой туады? Қол-аяғыма қараңдар: бұл – Менің Өзім. Маған қол тигізіп денемнің шынайы екеніне көз жеткізіңдер! Елестің еті мен сүйегі болмайды ғой», – деді» (Луки 24:38, 39).

Исаның денесі ет пен сүйектен құралған кәдімгі дене еді! Аспанда біздің де етіміз бен сүйегіміз болады. Алайда, қан туралы ештеңе айтпайды. Себебі, Исаның қаны Құдайдың рақымшылық тағына бүркілген еді. Қазір Исаның тамырларында қан емес, Құдайдың құдіреті ағып жатқанына сенемін.

Иса кәдімгі ас ішті. Киелі жазба: «Шәкірттері қуаныштан әлі де сенбей таңырқап тұрғанда, Мәсіх: «Жейтін бір нәрселерің бар ма?» – деп сұрады. Олар қуырылған балықтан бір үзіп берді. Иса оны алып, көздерінше жеді», – дейді (Лұқа жазған ізгі хабар 24:41 – 43).

Исаның қайта тірілгеннен кейінгі шәкірттерімен бірге тамақтануы жалғыз бұл емес, Ізгі хабарда тағы екі рет айтылған. Бірі Эммаусқа бара жатқан жолда, екіншісі – он бір шәкіртіне арнап теңіз жағасында таңғы ас дайындағаны. Сонымен, құтқарылған денемізде ас ішетін боламыз.

Барлық басқа адам тәрізді Иса да жүруге, сөйлеуге, әндетуге, қолымен заттарды ұстауға, т.б. қабілетті еді. Сонымен бірге, Ол қабырғадан өте алды және ғайып боп кете алды!

«Ет пен сүйектен жаралған денесі болса, Ол қалай қабырғадан өтті?» – деп сұрайтын шығарсыз. Иә, солай. Жоханның жазғанын оқып көріңіз: «Сол жексенбі күнінің кешінде Иса-

ның шәкірттері жиналып, яһуди басшыларынан қорыққаннан есіктерді бекітіп алған еді. Кенеттен кіріп келген Иса орталарына тұра қалып: «Сендерге амандық пен тыныштық болсын!» – деп батасын берді» (Иоанна 20:19).

Осыдан кейін Томаға:

– Менің қолыма саусақтарыңды тигізіп қара, алақаныңды бүйіріме қой және сенімсіз болмай, сенетін бол! – дейді. Сонымен, анық көріп тұрғанымыздай, Исаның денесі ет пен сүйектен жаралған дене болатын. Есік бекітулі тұрса, Иса кенеттен олардың орталарына қалай келді? Ол қабырғадан өтіп барып, көзге көрінді. Дәл солай Ол ғайып бола алатын, ол жайлы да жазылған. Эммаусқа бара жатқан жолда сондай жағдай болған. «Дастарқан басына бірге жайғасқан соң Иеміз Иса қолына нанды алып, шүкірлік етіп, үзіп берді. Сонда екі шәкірттің көздері ашылып, Оны таныды. Бірақ Ол кенеттен көздеріне көрінбей қалды» (Луки 24:31).

Жаңа денемізде біз де қалаған жерімізде көрініп, қалаған уақытымызда ғайып бола аламыз. Соның арқасында жаңа жер мен жаңа аспанда орасан зор арақашықтықтардан тез өте алатын боламыз. Солай етуге тура келеді, өйткені, Құдайдың қаласының ені мен ұзындығы 1400 шақырым. Басқа ғаламдарға дейінгі қашықтықты айтпай-ақ қояйық. Сонымен қатар, әуеге де көтеріле алатын боламыз. Есіңізде ме, Иса қайта тірілгеннен кейін қырық күн бойы жер бетінде болды да, ақырында аспанға көтеріліп кетті. Джастинның да соны айтқаны бар: аспанда ол жердегідей аяқ басып та, ұшып та жүре алатын және қалаған жеріне сол сәт жете алатын еді. Осыны аспанды көріп қайтқан таныстарымның барлығы айтады.

Мәсіхтің мың жылдық патшалығы

Құдайдың қаласының жерге түсуі жайлы сөз қозғамастан бұрын, соның алдында болатын жайттарды қарастырайық. Қауым дәуірі аяқталарда жеті жылдық қасірет басталады. Мәсіхке қарсы тұратын адам, әділетсіздіктің қолдаушысы

мәлім болады, ол көптеген адамдарды алдап адастырады. Ол Құдайға және Оның ұлылығын білдіретін бар нәрсеге қарсы тұрып, өзін олардан жоғары қояды, тіпті Құдайдың киелі үйінде отырып алып, өзін «құдаймын» деп жариялайды, сенушілерді қудалайтын болады, көптеген халықтарды еліктіріп, Құдайға қарсы бүлік шығарады.

Осы кезде Иеміз Өз адамдарын алып кетуге келеді. Біреулер Исаның жеті жылдық қасіреттің алдында, енді біреулер қақ ортасында, тағы біреулер жеті жылдық қасіреттен кейін келетінін айтады.

Осы кітабымда бұл пікірлерді қарастырмаймын. Маңыздысы ол емес, Исаның келуіне дайынбыз ба – сол маңызды.

Жаңа өсиетте Пауыл елші сенушілердің аспанға алынуы жайлы бірнеше рет сөз қозғайды. Салоникалықтарға жазған хатында елші:

«Өйткені Иеміздің Өзі көктен түсіп, бұйрық береді, әрі бас періште шақырып, Құдайдың кернейі қатты дауыстайды. Сонда ең алдымен Мәсікке сеніп бұ дүниеден кеткендер қайта тіріледі. Тірі жүрген біз мұнан соң солармен бірге Иемізбен кездесу үшін бұлттың үстімен көкке көтерілеміз. Содан мәңгі бақи Иемізбен бірге боламыз. Бір-біріңді осы сөзбен жұбатыңдар!» (Салоникалықтарға арналған бірінші хат 4:16 – 18).

Бұл Исаның екінші рет келуі емес, Ол жерге түспейді, Өз адамдарын бұлт үстінде қарсы алады. Жеті жылдық қасіреттің соңында Иеміз ақбоз атқа мініп, Өзінің он мыңдаған қасиетті нөкерлерін ертіп көктен түспек (Яһуданың хаты 14 қараңыз). Исаның екінші келуі осылай болады.

Мәсікке қарсы тұратын адам (Аян кітабында ол айуан деп аталады), оған қызмет етіп кереметтер көрсеткен жалған пайғамбар, дүниенің билеушілері және олардың әскерлері Исамен және Оның әскерімен шайқасуға жиналады. Сол күні Иса оларды жеңіп шығады да, далада қалған мәйіттері ит-құсқа жем болады. Иерусалимнің оңтүстік-шығысындағы Кармил тауының төңірегінде, еврейше Һар-Магедон деп ата-

латын жазық жерде өтетіндіктен, бұл шайқас көбінесе Армагеддон деп аталады (Аян 16:16; 19:11 – 21).

Дүниенің түкпір-түкпірінде айуанға серт бермеген адамдар болады, солар Исаға қарсы шайқасқа шықпайды. Киелі кітапты зерттеушілердің көбісі сол адамдардың аман қалып, Мәсіхтің мың жылдық патшалығы деп аталатын келесі дәуірде өмір сүретініне сенеді. Олар Мәсіхтің дүние-жүзілік билігін мойындап, Исаның қол астында болады. Олардың денесі қазіргідей қалпында қалады, өсіп-өніп көбейіп, солардан жер жүзін жайлайтын ұрпақ тарайды.

Жерде тіршілік ететін адамдар екі түрлі болады: Армагеддон шайқасынан кейін аман қалғандар мен Исамен бірге қайтып келген әділдер. Әділдердің тәні Иса Патшаның денесінде, қайта жаратылған тән болмақ. Иса қайта тірілгеннен кейін шәкірттерімен қалай қарым-қатынас жасаса, сол екі топ та бір-бірімен солай қатынасатын болады. Аспаннан келген әділдер денесі бұрынғы қалпында қалған адамдармен сөйлеседі, ас ішеді, жүреді, т.б.

Шайтан мен оның жолын қуушылар мың жылға тұтқындалады. Сондықтан жер бетінде бейбітшілік орнайды. Барлық халықтар Құдайға бет бұрғандықтан, соғыс, опасыздық, қылмыс, ауру-сырқау, қастық дегендер болмайды. Миха пайғамбар былай дейді:

«Кейінгі заманда Жаратқан Иенің Киелі үйі тұрған Сион тауы Бастысы болады бар тау-төбелердің, Бәрінен де оның атақ-даңқы Әлдеқайда жоғары болып қалады. Сонда халықтардың адамдары Соған қарай ағылатын болады. «Енді жүріңдер, Жаратқан Иенің, Жақыптың халқы сиынған Құдайдың, Сион тауындағы киелі үйіне Өрлеп барайық барлығымыз, кәне! Сол жерде Жасаған Иеміз бізге Ақ жолын нұсқайды, сонымен жүрейік, Оның әділ еркін орындай берейік!» – деп, көп ұлттар жолға шығады бірігіп. Сөзін таратады тәлімін үйретіп Жаратқан Ие Иерусалимнен, Сиондағы өз киелі үйінен. Сонда Иеміз көп халықтар арасында Төрелік етіп, алыс та алып ұлттарға Шығаратын болады әділ үкімін. Енді олар төс үстінде қаруларын Қайта соғып, соқаға қылыштарын Айналдырады, ораққа найзаларын. Содан халықтар енді қайтып

ешқашан Бір-біріне қарсы қару көтермейді, Олар соғысуды тіптен үйренбейді. Әркім отырады өз жүзім бұтасының Түбінде әрі өз інжір ағашының, Ешкім оларды қорқытпайды енді! Осыны нық айтқан Әлемнің Иесі» (Миха 4:1 – 4).

Барлық халықтар Құдайдың заңына бағынатын болады, сонда экономикалық өркендеу, өмірдің барлық салаларында гүлдену орнайды. Сол заман тамаша заман болмақ!

Соттың ұлы ақ тағы

Мың жылдық тұтқындалудан кейін шайтан қысқа мерзімге қамаудан босатылады. Оған халықтарды алдауға рұқсат беріледі. Құтқарылған, Исамен бірге жер бетіне оралған әділдерді емес, Армагеддон шайқасынан кейін аман қалғандар мен олардан тараған ұрпақтарды.

Шайтанның арбауына еріп, Құдайға қарсы шыққандар бас қосып, Иерусалимді қоршап алады. Сонда Жаратқан Ие аспаннан от жаудырып, оларды жойып жібереді. Шайтан отты көлге лақтырылады да мәңгі-бақи, күні-түні сонда азап шегетін болады, ол енді қайтып босатылмайды. «Ал мың жыл өткеннен кейін әзәзіл шайтан зынданынан босатылады. Ол дүниенің төрт бұрышындағы халықтарға – Гог пен Магогқа барып, оларды алдап, шайқасқа жинауға ұмтылады. Олар теңіз жағалауындағы құм қиыршықтарындай сансыз көп болады. Сонда дүние жүзінің түкпір-түкпірінен келген осы тобыр Құдай халқының ордасы – Оның сүйікті қаласын қоршап алады. Алайда көктен от-жалын түсіп, жауды жалмап қояды. Бұларды еліктіріп алдаған әзәзіл шайтан күкіртпен жанып тұрған отты көлге (яғни тозақ отына) тасталады; бұрын сол жерге айуан мен жалған пайғамбар да лақтырылған еді. Олар сонда күні-түні мәңгілік азап шегетін болады» (Аян 20:7 – 10).

Осының артынша Қиямет соты басталады. Адам атадан бастап, осы соңғы шайқасқа қатысушыларға дейінгі барлық өлілер Ұлы ақ тақтың алдына келеді. Көне Өсиет заманын-

да Жаратқан Иемен келісім шартқа кірмегендер және Жаңа Өсиет дәуірінде Исаның билігіне мойынсұнбағандар, Тәуелсіз, Алданған, Жасқаншақ, Екіжүзді тәрізді, Патшаның алдына келіп, есеп беретін болады. Есімі Өмір кітабына жазылмағандардың барлығы шайтан мен оның сыбайластарымен бірге отты көлге мәңгілікке лақтырылады.

Жаңа жер мен жаңа аспан

Бұрынғы жер мен аспанды жалын жалмап болысымен, жаңа жер мен жаңа аспан пайда болмақ (Петірдің екінші хаты 3:10 – 13 қараңыз). Жохан елші былай дейді: «Содан соң жаңа көк пен жаңа жерді көрдім. Себебі бұрынғы көк пен жер құрып кетіп, бұдан былай теңіз де болмады» (Аян 21:1).

Содан кейін Жохан елші жаңа жерде мәңгіге орнау үшін көктен түсіп келе жатқан жаңа Иерусалимді суреттейді. Ұлы қала Адам атадан бастап Исаның екінші келуінде құтқарылғандарға дейінгі Құдай құтқарғандардың барлығына мәңгі мекен болмақ.

Жохан елші сол қаланы егжей-тегжейлі суреттейді:

«Сонда періште мені Киелі Рухтың әсерімен биік те ұлы таудың басына алып шығып, маған қасиетті Иерусалим қаласын көрсетті. Ол көктен, Құдайдың қасынан түсіп, Оның нұрлы салтанатына кенелді. Қала өте құнды асыл тас іспетті, мөлдір тастай айқын яспис сияқты жалт-жұлт етіп жарқырап жатты. Оны өте биік қабырға қоршап, он екі қақпасында он екі періште тұрды. Қақпаларда Израил халқының он екі руының аттары жазылған екен. Әр жақта үш қақпадан болды: шығыс, оңтүстік, солтүстік және батыста үшеуден. Қала қабырғасының он екі іргетасы да бар екен, оларға Тоқтының он екі елшісінің есімдері жазылыпты. Маған тіл қатқан періште қолына бір өлшеуіш алтын таяқты ұстапты. Осы таяқпен ол қаланы, оның қақпалары мен қабырғаларын өлшеп шықпақ болды. Қаланың ұзындығы мен ені бірдей төрт бұрышты болып салынған екен. Періште өлшеуіш таяғымен қаланы өлшегенде оның ұзындығы – он екі мың стади, ені мен биіктігі

де дәл сондай болды. Періште қаланы қоршаған қабырғаны да өлшеп шықты, ол жүз қырық төрт шынтақ екен. Періште әдеттегі адамдар өлшемін қолданды. Қабырға яспистен, ал қаланың өзі мөлдір шыныға ұқсас саф алтыннан жасалыпты. Қала қабырғасының іргетастары әр түрлі асыл тастармен әшекейленген еді. Бірінші іргетасы яспис, екіншісі сапфир, үшіншісі агат, төртіншісі алмас, бесіншісі оникс, алтыншысы карнелиан, жетіншісі сары кварц, сегізіншісі изумруд, тоғызыншысы топаз, оныншысы хрисопрас, он біріншісі жақұт, он екіншісі аметист еді. Он екі қақпасы – он екі інжу-маржан: әр қақпа бір маржаннан жасалыпты. Қаланың даңғыл көшесі мөлдір шыныдай саф алтыннан салынған еді» (Аян 21:10 – 21).

Не деген ғажап қала! Мұндай керемет жер бетінде бұрын-соңды болған емес. Ұлы қаладан құт-береке, нұр, жарық сәуле тарап жатады. Бұл қала пәк таза, онда арам мен ажал кіре алмайды.

Жохан елшінің жазбасын әрі қарай оқиық:

«Періште маған Құдай мен Тоқтының тағынан бастау алған мөлдір тастай жылтылдаған өмір суының өзенін де көрсетті. Ол қала көшесінің ортасымен төменге қарай ағады. Өзеннің әр жағасында өсіп тұрған мәңгілік өмірді сыйлайтын ағаш ай сайын, жылына он екі рет, жеміс береді. Ал жапырақтары халықтарды сауықтыруға арналған. Қарғалған еш нәрсе де осы қаладан табылмайды. Құдай мен Тоқтының отырған тағы қаланың ішінде. Құдайдың қызметшілері Оған бас ұра қызмет етіп, Оның бет-жүзін көретін болады. Маңдайларында Оның есімі жазылып тұрмақ. Енді ешқашан түн болмайды. Оларға шам-шырақ пен күн сәулесінің қажеті жоқ, себебі Құдай Иенің нұры түсіп тұрады. Олар мәңгі патшалық құрмақ» (Аян 22:1 – 5).

Назар аударыңыз, Киелі жазба Құдайдың жүзін көретінімізді айтады. Мұсаның бір көруге зар болғанын біз көреміз. Бұл не деген керемет қуаныш десеңізші!

Мәңгілік өмірді сыйлайтын ағаштың жапырақтары халықтарды сауықтыруға арналған. Осы сөзге мән беріп қарасақ, бірнеше сұрақ тады. Ұлы қаланы әділдер ғана мекендейтін болса, қай халықтар туралы айтылған? «Олар мәңгі патшалық құрмақ» дейді Жохан елші. Сонда кімге билік жүргізеді? Ал

кәдімгі тәні бар адамдар сол уақытта болады ма? Осы сұрақтардың жауабын Ишая пайғамбардың жазбасынан табамыз:

«Біліп алыңдар: Мен жаңа аспан мен жаңа жерді жаратпақпын. Бұрынғылар енді еске алынбай, ойға да келмейтін болады. Сонда сендер жасағандарыма мәңгі бақи мәз болып шаттанасыңдар. Мен Иерусалим қаласы мен оның халқын рақат пен қуаныштың қайнар көзіне айналдырамын. Өзім де Иерусалимге шаттанып, халқым үшін мәз-мейрам боламын. Енді қайтып қалада зар еңіреп жылаған дауыс естілмейді» (Ишая 65:17 – 19).

Пайғамбардың келесі сөздері Жаңа Иерусалимнен тыс қалған адамдарға арналған:

«Санаулы күн ғана өмір сүріп шетінеген сәбилер, жасына жетпей өлетін кәрілер одан табылмайды. Жүз жасап қайтыс болған жас деп, ал жүзге жетпей өлген қарғысқа ұшыраған күнәкар деп саналады. Халқым үй салса, сонда өзі тұратын, жүзімдік отырғызса, соның жемісін өзі жейтін болады. Енді қайтып олардың үйлерін бөтен кісілер иемденіп тұрмайды, жүзімдіктерінің жемісін де жаулары жемейді. Халқым мықты ағаш сияқты ұзақ өмір сүретін болады. Менің таңдап алғандарым жұмыстарының өнімдерін ұзақ уақыт пайдаланып, бейнеттерінің зейнетін көреді. Олар бекерге еңбек етпейді де, апатқа ұшырайтын балалар тумайды да. Себебі өздері мен ұрпақтары Өзім, Жаратқан Ие, жарылқаған үрім-бұтақ болады. Маған сиынбастан бұрын Мен оларға жауап беремін, олар әлі сөйлеп жатқанда-ақ Мен өтініштеріне құлақ саламын. Қасқыр мен қозы бірге бейбіт жайылып, арыстан сиырдай сабан жеп, жыланға топырақ жем болады. Бұдан былай ешкім де Өзіме арналған бүкіл Сион тауында жамандық жасап, зияндық келтірмейді. – Жаратқан Ие осыны нық айтады» (Ишая 65:20 – 25).

Осы аяттар Мәсіхтің мың жылдық патшалығына қатысты деп қателесетіндер көп. Алайда, мұнда жаңа жер мен жаңа аспан жайында анық айтылған (Ишая 65:17 қараңыз). Жохан елші мен Ишая пайғамбардың жазбаларын мұқият зерттеп шыққанда көретініміз – қала сыртында тұратын адамдар да болады екен. Олардың үйлері әлемнің бейбіт заманында, гүлдену дәуірінде салынған.

Ұлы қаланы мекендейтін әділдерге мұның қатысы жоқ, олардың үйлерін Исаның өзі дайындап қойған болатын (Жохан жазған Ізгі хабар 14:2 – 4 қараңыз).

Және әлгі адамдардың үрім-бұтағы болады. Бұл да әділдерге қатысты емес, өйткені, қайта тірілгенде біз үйленбейміз, балалы болмаймыз. Иса былай дейді: «Себебі өлімнен қайта тірілгеннен кейін адамдар әйел алмайды, күйеуге де шықпайды. (Сол жағынан) олар көктегі Құдайдың періштелері іспетті болады» (Матай жазған ізгі хабар 22:30). Аспанға барып келгеннен кейін Джастин да осыны айтқан болатын.

Әлгі халықтар Жаңа жерді мекендеп, иеленеді. Олар өсіп-өніп көбейіп, жерді толтыратын болады. Адам ата күнәға батпағанда, жерді толтыруға тиіс еді.

Осының барлығын адами тұрғыдан түсіндіре аламыз ба? Бәлкім, Исаның мың жылдық патшалығы кезінде адам өмірінің ұзақтығы едәуір артатын болар, себебі, дұшпанымыз ажал жойылады ғой (Қорынттықтарға арналған бірінші хат 15:26). Иса ажалдың билігін рухани және тәндік жағынан жеңеді. Сол себепті адам өмірі мың жылға дейін ұзаруы мүмкін.

Мың жылдық патшалықтың мерзімі аяқталарда осы сыйды Құдай оларға мәңгіге қалдыруы мүмкін. Өйткені, олар кезінде шайтанға еріп, Құдайға қарсы шыққан жоқ еді. «Бар ұрпақтарға сыйлатамын есіміңді, халықтар дәріптейді мәңгі Өзіңді» дейді Забур жырының авторы (Забур 44:18). Сол халықтарды күнә жасағанға дейігі Адам ата мен Хауа анаға ұқсас адамдар деп қарастырсақ, дұрысырақ түсінеміз деп ойлаймын. Адам ата өлім үшін емес, мәңгі өмір үшін жаралған еді. Күнә жасағанда адамзат мәңгі өмір сыйынан айырылып қалды да, қарғысқа ұшырап, ажалды болды.

Исаның құрбандығы арқылы құтқарылған сенушілер ғана жаңа денеге ие болып, жаңа Иерусалимді мекендейтін болады.

Алайда, Киелі жазбадан көретініміздей, кәдімгі денедегі адамдар Ұлы қалаға кіріп-шыға алады, жемістерді жейді, Құдайға табынады. Жохан елшінің сөзін солай түсінемін:

«(Құтқарылған) халықтар оның нұрымен жүріп, жер бетінің патшалары салтанатты тарту-таралғыларын қалаға әкеліп тұрады. Қала қақпалары күн ұзағына жабылмайды, ешқашан түн де болмайды. Халықтар қымбат салтанатты сый-тартуларын әкеліп, құрмет көрсетеді» (Аян 21:24 – 26).

Әуел баста адам күнәға азғырылып, осалдық танытты. Күнәнің жазасы рухани және тәндік өлім, ал ақыр соңында мәңгі өлім болды. Алайда, Құдай бастапқы жоспарынан, жер бетіндегі адамзаттың өміріне деген *мәңгі жоспарынан* бас тартқан жоқ.

Құдай Өз жоспарының адамның тілазарлығына бола күйреуіне келіседі ме? Жоқ. Ол күнәға батқан адамзаттың ішінен Өзіне адалдарды теріп, *аспанды мекендейтін ұлы халқын* жинап алды. Исаның құрбандығы арқылы құтқарылғандар жаңа жерде адамзатқа *билік жүргізетін* болады. Осылайша Жаратқан ие адамның күнәға батып, жеңілуін ұлы жеңіске айналдырды. Енді Исаның адал қызметшіге айтқан мына сөзінің мағынасын тереңірек түсінеміз: «Жарайсың, жақсы қызметшім! Кішкене істе сенімді болдың, енді он қаланың үстінен билеуші бол, – дейді» (Лұқа жазған ізгі хабар 19:17). Бәлкім, сол қалалар – мың жылдық патшалықта, жаңа жердегі жаңа дәуірдегі қалалар болар?

Күнә жасалмаған болса, Құдайдың құтқарылған адал адамдарынан тұратын, Иемізге жер мен ғаламды мәңгі басқаруда көмектесе алатын, ұлы халық пайда болмас еді. Құдайымыз солай боларын алдын-ала білген. Сол себепті Киелі жазба Исаны «жаратылыстан бұрын құрбандыққа шалынған Тоқты» деп атайды (Аян 13:8, басқа аудармаларды қараңыз).

Мың жылдық патшалықтың орнауынан бастап, жаңа жердегі жаңа дәуір барысында мәңгі өлмейтін адамдардың жердің бетін толтыруы жөніндегі Құдайдың жоспары орындалмақ. Исаның мына сөзі дәлме-дәл жүзеге асады: «Патшалығың осында орнасын! Сенің еркің көкте орындалғандай, жер бетінде де орындала берсін!» (Матай жазған ізгі хабар 6:10).

Жердің бетінде дәл аспандағыдай Құдайдың Патшалығы орнайды. Джастинның аспанда көргенін жерде көреміз. Адам көзі көрмеген таңғажайып түстер, тірі тастар мен Құдайды мадақтайтын өсімдіктер, сәулетті ғимараттар, тірі су, т.б.. Шын мәнінде кемел дүние!

Ишая пайғамбар жазбасын мынадай сөздермен аяқтайды:

«Мен жарататын жаңа аспан мен жаңа жердің көз алдымда мәңгі жойылмайтынындай, сендердің есімдерің де өшпейді, үрім-бұтақтарың да мәңгі көз алдымда болады, – деп уәде береді Жаратқан Ие. – Сонда әрбір айдың басында және демалыс күні сайын бүкіл адамзаттың өкілдері Менің алдыма бас иіп сиынуға келетін болады». Жасаған Ие тағы мынаны айтады: «Олар қаладан шыққанда Маған қарсы бас көтергендердің м өліктерін көреді. Солардың тәндерін кеміретін құрттар өлмейді, жалындаған от та мәңгі сөнбейді. Осылай жазаланған күнәкарлар бүкіл адамзат үшін жексұрын болады» (Ишая 66:22 – 24).

Ұлы қаланың сыртына шығып қараған адам Құдайға қарсы бүлік шығарған адамдардың, шайтан мен оның сыбайластарының сұмдық жазасын көре алатын болады. Мәңгілікке созылған жазасын. Осы жайт ес жиғызады. Бәлкім, күнә мен бүліктің аяғы немен бітетіні жаратылыстың көз алдында болсын деген Құдайдың дана жоспары болар. Мына жайт туралы ойланып көріңіз: Люцифер ешбір арандатушының көмегінсіз-ақ бүлік шығарған болатын, енді Құдай мәңгі естелік қалдырып, сол арқылы бәрімізді шайтан мен оның сыбайластарының жасаған сұмдық күнәсінен сақтандырмақ.

Жоғарыда айтқанымыздай, Құдайдың салтанатына бөленген әділдер Құдайдың Ұлы қаласы жаңа Иерусалимді мекен етеді. Мың жылдық патшалығын орнатардан бұрын, Мәсіх Өз төрелігін жүргізеді. Сонда әділдер Исаның қолынан сый-марапат алып, Мәңгі Патшаның өздерін тағайындаған қызметтеріне кіріседі.

МӘСІХТІҢ ТӨРЕЛІГІ

«... бауырласыңды айыптауға қандай қақың бар?
Немесе... бауырласыңа менсінбей қарауға қандай қақың
бар? Бәріміз де Мәсіхтің төрелік тағының алдында тұрып,
әшкереленетін боламыз...

Демек, әрқайсымыз Құдай алдында өз
іс-әрекетіміз үшін есеп береміз»

— Римдіктерге 14:10, 12 (ағылшыннан аударма)

Бәріміз де Мәсіхтің төрелік тағының алдында тұрып,
әшкереленетін боламыз. Пауыл елші осы сөзін кімге
айтады, сенушілерге ме, әлде сенбеушілерге ме? Осы үзіндіні
елшінің хатынан бөлмей, түгел оқып шықсақ, күмән қал-
майды: бұл – сенушілерге айтылған сөз. Бауырластарға деген
көзқарасымыздың маңыздылығы, бауырларымызға менсін-
бей қарайтын болсақ, сол үшін есеп беретінімізді айтады.

Сонымен, сот алдына сенбеушілер ғана емес, сенушілер де
баратын болады. Мәсіхшілер де Құдай алдында жердегі өмірі
жайлы есеп береді. Пауыл елші Қорынт қаласындағы қауымға
жазған жолдауында да осы ақиқатқа баса назар аударады:

«Содан жігерлі болып, осы тәнімізді тастап, Иеміздің қасында
орнығуды қалаймыз. Сондықтан әлі де осы тәнімізде болайық
немесе одан тыс (Иеміздің қасында) болайық, бәрібір бар ын-
тамен Оған ұнауға тырысамыз. Барлығымыз Мәсіхтің төрелік
тағының алдында тұрып, әшкереленуге тиіспіз ғой. Сонда
әрқайсымыз тәндік өміріміздегі іс-әрекетіміздің жақсы- жа-
мандығына қарай лайықты бағамызды алатын боламыз» (Қо-
рынттықтарға арналған екінші хат 5:8 – 11).

Пауылдың айтып тұрғаны – күнәарлардың үкімделуі емес, Мәсіхтің сенушілерге жүргізетін төрелігі екені айдан анық. Елшінің «... осы тәнімізді тастап, Иеміздің қасында орнығуды қалаймыз» деген сөзі кімге айтылғаны түсінікті. Сенбеушілердің ешқайсысы тәнін тастағаннан кейін Құдаймен бірге болмайтыны белгілі, олар тозаққа барады, ал мәңгілікті отты көлде өткізеді.

Күнәарлар Ұлы ақ тақтың алдында өтетін Қиямет сотында үкімделеді. Бұл сот сенушілер үкімделетін Мәсіхтің төрелігінен көп кейін болады. Ол жайында жоғарыда айтқан болатынбыз. Алдыңғы тарауда айтқанымызды қысқаша қайталап кетейік. Исаның екінші келуі былай болады. Иеміз ақбоз атқа мініп, Өзінің он мыңдаған қасиетті нөкерлерін ертіп көктен түспек (Яһуданың хаты 14 қараңыз). Мәсіхке қарсы тұратын адам (Аян кітабында ол айуан деп аталады), оған қызмет етіп кереметтер көрсеткен жалған пайғамбар, дүниенің билеушілері және олардың әскерлері Исамен және Оның әскерімен шайқасуға жиналады. Сол күні Иса оларды жеңіп шығады да, шайтанды тұтқындап, Өзі Иерусалимде патшалық құрады. Исаның мың жылдық билігі жер жүзіне тарайды. Содан кейін, мың жылдық тұтқындалудан кейін, шайтан қысқа мерзімге қамаудан босатылады. Оған халықтарды алдауға рұқсат беріледі.

Шайтанның арбауына еріп, Құдайға қарсы шыққандар бас қосып, Иерусалимді қоршап алады. Сонда Жаратқан Ие аспаннан от жаудырып, оларды жойып жібереді. Шайтан отты көлге лақтырылады да мәңгі-бақи, күні-түні сонда қиналатын болады, ол енді қайтып босатылмайды. Осының артынша Қиямет соты басталады. Адам атадан бастап, осы соңғы шайқасқа қатысушыларға дейінгі барлық өлілер Ұлы ақ тақтың алдына келеді. «Сонда өлгендер қабірден шығады: жақсылық жасағандары мәңгі өмір сүру үшін, ал жамандық жасағандары сотталу үшін тіріледі» (Жохан жазған Ізгі хабар 5:29). Есімі Өмір кітабына жазылмағандардың барлығы шай-

тан мен оның сыбайластарымен бірге отты көлге мәңгілікке лақтырылады. Осы сот болардан едәуір бұрын сенушілер Мәсіхтің төрелік тағының алдынан өтеді. Киелі жазбада нақты мерзім айтылмаған. Алайда, қауымның аспанға алынуы мен Мәсіхтің мың жылдық патшалығының арасындағы мерзімде екені анық. Сонымен, екі соттың арасында шамамен мың жылдай уақыт өтпек (Аффабель патшалығы жайлы әңгімемізде бұл мерзім көретілмеген).

Қорынттықтарға арналған екінші хатта (5:10) Пауыл елшінің Римдіктерге жазған жолдауындағы мына сөздер жаңғыра қайтланады: «Бәріміз де Мәсіхтің төрелік тағының алдында тұрып, әшкереленетін боламыз». Қорынттықтарға арналған хатта да, Римдіктерге арналған хатта да «төрелік» деп аударылған сөз – гректің *бема* деген сөзі. Стронгтың «Симфониясы» бұл сөзге: «баспалдақ, тұғыр, платформа, трибунал немесе әскери сот» деген анықтама береді. «UBS Commentary» сөздігі: «*Рим империясында қалалық соттағы судьяның орны бема деп аталатын. Пауыл бұл сөзді Мәсіхтің сотын бейнелеу үшін пайдаланады*» деп түсіндірме береді. Осы анықтамаға сүйене отырып, сенушілердің үкімделуін *Мәсіхтің төрелігі* деп атайтын боламыз.

Мәсіхтің төрелігі, тікелей айтқанда, Құдайдың трибуналы болып табылады. Киелі жазба: Әкенің Өзі ешкімді соттамайды, барлық сотты Ұлына тапсырған дейді. (Жохан жазған ізгі хабар 5:22 қараңыз). Иса Мәсіх Құтқарушымыз ғана емес, Ол – Үкімдеуші де, жақында Ол Өз адамдарын соттайтын болады. «Сот» сөзінің қарапайым түсіндірмесі – тергеу жүргізіп барып, сотталушының пайдасына не оған қарсы үкім шығару. Жер бетіндегі қысқа өмірінде істеген істері үшін есеп беруге тура келетінін жете түсінбейтін адамдар Қауымда толып жүр. Құтқарылғанда алдағы соттан да құтылдық деп жаңылатындар да көп. Бұлай ойлайтындар ақиқаттың жартысын ғана біледі: Құдайдың Патшалығына кіруімізге бөгет болатын

күнеларымыздан Исаның қаны бізді тазартқаны рас, алайда, сенуші болып қалай өмір сүрдік, дұрыс па, дұрыс емес пе, сол үшін есеп беруден ол бізді босатқан жоқ.

Мәңгі бұлжымас үкім

Мәсіх төрелігінің бізге қатысты үкімі – ақтық үкім болады, яғни ешқашан өзгермейді, күшін жоймайды, мәңгіге қалады.

Бір сәтке аялдап, бірінші тарауда айтқанымызды есіңізге алып көріңіз, «мәңгілік» ұғымын ойымызбен қамти аламыз ба? «Өмірлерің неге ұқсас? Ол әншейін аз уақытқа көрініп, кейін ғайып болатын бу іспетті емес пе?» (Жақыптың хаты 4:14). Киелі жазба жер бетіндегі қысқа өмірімізді әп-сәтте ғайып болатын буға теңейді. Мерзімі сексен жыл мен жүз жылдың аралығындағы адам өмірін мәңгілікпен салыстыруға осы бейне қолайлы.

Жақып елшінің біздің заманымыздағыдай білімі болса, ол, бәлкім, дәлірек теңеу табар еді. Математикадан ұмытпастай болып меңгергенім, қайсыбір санды шексіздікке бөлсе, бөліндінің мәні нольге тең болады.

80 жыл: шексіздік (мәңгілік) = 0

немесе 100 жыл: шексіздік (мәңгілік) = 0

Кез келген шектеулі санды шексіздікке бөлсек, немесе шексіздікпен салыстырсақ, ноль шығады. Жер бетіндегі өміріңіздің қаншалықты ұзақ болары маңызды емес. Тіпті жүз елу жыл жасасаңыз да, мәңгілікпен салыстырғанда, түк те емес. Олай болса, бір сәтке ғана көрінген бу іспетті қысқа өмірімізде, Исаға сенуші болып жүріп істегеніміздің барлығы мәңгіліктегі үлесіміз қандай боларын шешеді. Есіңізде болсын: мәңгілікте *қайда* боларымыз Исаның құрбандығы мен құтқарушы рақымына деген көзқарасымызға байланысты, ал, Құдай Патшалығында *қалай* өмір сүретінімізді жоғарыдан

туылғаннан кейін жер бетінде кешкен өміріміз шешеді. Хикаямыздың кейіпкері Өзімшіл мен оның таныстары Эндельдегі қысқа мерзімді дұрыс өткізбегеніне өкініп, күйінгені есіңізде болар? Бес жылдық сынақ мерзімінің көбісі Джейлиннің еркін орындаудың орнына, қара басының қамымен өтті. Өмірінің соңына дейін олар өздеріне берілген мүмкіндіктен әлдеқайда төмен деңгейде қалады. Әрқайсысында Джейлинге жақын болып, патшаның жанында қызмет етуге мүмкіндік бар еді. Мектепті бітіргеннен кейінгі қысқа мерзімді қалай өткізсе де – енді олардың болашағы белгілі. Алдағы 130 жыл өмірі сол бес жылдық қысқа мерзімнің тікелей нәтижесі болмақ.

Өзіңіз ойлап көріңізші: бес жылмен салыстырғанда, жүз отыз жыл – өте ұзақ мерзім емес пе?! Өте ұзақ. Өзімшіл мен басқа кейіпкерлер Эндельде жүргенінде, осы жайлы ойланған болса, сынақ мерзімін тіпті басқаша өткізер ме еді.

Хикаямыздағы мысал қаншалықты көрнекті болса да, ол – шындықтың солғын көлеңкесі ғана. Мынадай жағдайды елестетіп көріңіз: бір ғана күніңіз бар дейік, осы жалғыз күнді қалай өткізсеңіз, келесі мың жылдағы тағдырыңыз солай болады. Енді мың жылдың не екенін түсінуге тырысып көрейік. Мың жыл – Шыңғыс хан шапқыншылығынан бергі өткен мерзімнен де ұзақ уақыт. Христофор Колумб жаңа жерлерді ашқаннан бері де әлі мың жыл өткен жоқ. Мың жыл деген өте-мөте ұзақ мерзім. Сонымен, алдағы мың жылда алатын сый-марапатыңыз, тұрғылықты мекеніңіз, қоғамда алатын орныңыз және басқаның барлығы сол бір жалғыз-ақ күнді қалай өткізгеніңізге байланысты болады.

Бар күшіңізді салатын боларсыз? Осы күнді қалай өткізесіз? Қазір өткізіп жүргеніңіздей ме? Иеңіздің еркін орындауға құлшына кірісесіз бе? Адамдардың өміріне ықпал етіп, Патшалыққа пайда келтіру үшін әр мүмкіндікті пайдаланатын шығарсыз? Адамдарға деген көзқарасыңыз өзгереді ме? Осы сұрақтарды әлі де жалғастыруға болады. Алайда, кел-

тірген бұл мысалым да шындықпен салыстыруға келмейді, себебі, 365 мыңға (мың жылда осынша күн бар) бөлінген бір күн нольге тең болмайды. Тағы бір мысал келтірейін. Сіздің сол бір жалғыз күніңіз алдағы миллион жыл болашағыңыздың қандай боларын шешеді дейік. Бір сәтке елестетіп көріңіз. Адамзат жер бетін небары алты мың жыл мекендейді. Миллион жыл дегеніміз – адамзаттың жер бетінде тіршілік етуінен 150 есе асып түсетін мерзім.

Осыны елестетудің өзі қиын. Алайда, біздің айтып отырған тақырыбымыз – адам өмірімен салыстырғандағы мәңгілік тақырыбы анағұрлым терең. 365 миллионға (бір миллион жылда осынша күн бар) бөлінген бір күн әлі де нольге тең емес. Миллиардты, триллионды алсақ та нольден асатын сан шығады. Өйткені шексіздік қай саннан да асып түседі. Жер бетінде неше жыл өмір сүрсек те, мәңгілікпен салыстырғанда, ноль. Пауыл елшінің бізді ең үлкен сый алатындай өмір сүруге шақыратыны да содан болар? Қорынттықтарға арналған хатында елші жарысқа түскен адамның жеңіске жетуге ұмтылатынын айтып келеді де:

«Жарысқа түскен жүйріктердің бәрі жүгіріп, біреуі ғана жүлдеге ие болатынын білесіңдер. Сендер де «жүлдеге» ие болатындай Мәсіхтің жолымен «жүгіріңдер»! Әрбір жарыскер барлық жағынан қатаң ұстамдылық танытады. Оның алғысы келетіні – кейінірек солып қалатын гүлдестесі ғана, ал біздің алатынымыз – мәңгі солмайтын «жеңіс тәжі»! Сондықтан мен мақсатсыз жүгіріп жүрген жоқпын, жұдырығымен ауаны босқа ұрған боксшы сияқты да емеспін. Қайта, басқаларды рухани күреске шақырған мен «жүлде» бөліскенде құр алақан қалмау үшін, тәнімді ауыртпалықтарға душар еткізіп, өзіме бағындырып жатырмын» (Қорынттықтарға арналған бірінші хат 9:24-27) – дейді.

Пауылдың айтуынша, өміріміздің мақсаты – ешқашан солмайтын «жеңіс тәжі». Осы өмірді жеңіске ұмтылған жарыскер тәрізді өткізуге тиіспіз. Жеңіске жету үшін тәртіп, ұстамдылық, мақсат керек.

Көп жыл бойы спортпен шындап айналыстым. Америка Құрама Штаттарының теннис бірлестігінің намысын қорғадым, Дэвис кубогының жеткіншектер жарысына қатыстым, NCAA-ның бірінші теннис дивизионында ойнадым. Сол кездерде өте көп жаттығатынмын. Күн сайын алты сағатымды теннис алаңында, жаттықтырушымен немесе басқа ойыншылармен бірге допты жүз қайталап соғумен өткізетінмін. Теннис алаңындағы ой-санада өтетін ауыр еңбек туралы кітаптарды оқитынмын. Корттағы жаттығулардан басқа, тренажердағы жаттығуларым, жүгіру, секіру, ауыр салмақ көтеру, қол мен көздің координациясын жақсарту үшін жонглер өнерін үйренгенім, т.б. бар.

Мақсатыма берілгендігім сонша, анам төсегімді теннис алаңына апарып қоям деп қорқытатын. Соның бәрін не үшін істедім? Жеңіске жету үшін. Бәйгеде озу үшін. Чемпион болу үшін. Бәрінен алда болу үшін. Жеңімпазға лайық жүлде алу үшін. Құдай Патшалығында жағдай сәл басқаша. Бір-бірімізбен емес, өзімізбен-өзіміз жарысамыз. Мақсатымыз – қайтсек те, әрбір ісімізде Иеміздің көңілінен шығу. (Қорынттықтарға арналған екінші хат 5:9 қараңыз). Киелі кітапты ден қойып оқысақ, Исаның бізден не күтетінін түсіндіретін аяттарды табамыз. Адамдарға деген көзқарасымыз қандай болуға тиіс, уақытымызды неге арнағанымыз дұрыс, мәңгілік қарсаңында адамдардың жанына қандай әсер тигізуіміз қажет, басқаларға Құдай Патшалығына апарар жолды қалай көрсете аламыз, өзімізге жамандық жасағандарды қалай кешіруге тиіспіз және Құдайдың басқа да талаптары жазылған. Осыларды алда тереңірек қарастырамыз. Жоғарыда айтылғанның қорытындысы: өміріңді жеңіске жетуге арна!

Түрлі жүлделер

Сенушілерге берілетін сый-марапат, жүлделер, мәртебелер алуан түрлі болады. Жетістіктері түгелімен жанып ке-

тетіндер де, Мәсіхпен бірге мәңгі патшалық құратындар да болады (Қорынттықтарға арналған бірінші хат 3:15; Аян 3:21 қараңыз). Жүлдеден *айырылып қалу* немесе істердің *өртеніп кетуі* жайлы естігенде сенушілердің көбісі селк ете қалады; аспанда ондай жайттың болуы мүмкін екеніне сене алмайды. Алайда, Киелі жазба сол туралы анық айтады. Киелі кітаптан осыған орай аяттарды келтірместен бұрын, мынаны ескерте кетейін: Киелі кітап адам өмірін ғимаратпен, үймен, құрылыспен салыстырады, кейде ғимарат немесе ғибадатхана деп Қауымды астарлап айтады. Сол аяттар бізді құрылысшыларға теңегенде өз өміріміздің барысына, басқалардың өміріне, немесе қауымға тигізетін ықпалымызға меңзейді. Мен де осындай теңеуді кітабымның қалған бөлігінде бірнеше рет қолданамын. Пауыл нақты айтады:

«...сендер Құдайдың «құрылысысыңдар». Оның рақыммен өзіме сыйлаған елшілік қызметім бойынша мен үйдің іргетасын салатын данышпан «шебер құрылысшы» іспетті, қауымның негізін қаладым. Ал қазір басқа біреулер соның үстіне қаластыруда. Бірақ әрқайсысы әрі қарай қалай салу керек екенін мұқият қарауы керек. Себебі Құдай өз қауымының бірден-бір «негізі» ретінде Иса Мәсіхті белгілеп қойған, сондықтан ешқандай басқа негізді салуға болмайды. Ал осы «негіздің» үстіне қауымды әрі қарай дамыту үшін адамдар алуан түрлі әдістер қолдануда: бұлар алтын, күміс, асыл тастар секілді төзімді немесе ағаш, шөп, сабан сияқты осал болулары мүмкін. Әр құрылысшының істеген жұмысының сапасы Мәсіх үкім шығаратын күні айқындалады. Сол күні әркімнің еңбегін от сынап, шынайы сапасын әшкерелейді. Кімнің салғаны отқа өртенбей аман қалса, сол сыйын алады. Ал кімдікі өртеніп кетсе, сол сыйынан құр қалады. Өзі құтқарылса да, жаны оттан өткендей өзгергенде құтылады» (Қорынттықтарға арналған бірінші хат 3:9-15).

Құрылысты қалай жүргізетінімізді өзіміз таңдаймыз, алдымызда әрқашан екі жол бар. Бірінші бағыт – өткінші, жалған нәрселер, тән құмарлықтарын қаннағаттандыру (ағаш, шөп, сабан). Екінші бағыт – Құдайдың сөзіне және

жоғарыдан туылған рухымыздың қалауына сай өмір (алтын, күміс, асыл тастар). Өміріміз немесе құрылысымыз Құдай құзырының отымен сыналады. Әр құрылысшының істеген жұмысының сапасы сонда анық көрінеді.

Істеген істеріміз ғана емес, ойлаған ойларымыз, ниеттеріміз бен көздеген мақсаттарымыз сыналатын болады. Сол себепті сенушілер Құдайдың сөзін мұқият тыңдап, жүрегінде сақтауға тиіс. «Себебі Құдайдың сөзі тірі, әсері де күшті. Ол екі жүзді семсердің қайсысынан да өткір! Құдайдың сөзі бойымызға терең еніп, жан мен рухты айырып, буын мен жұлынға жеткен іспетті, жүрегіміздің түкпіріндегі ой-ниетімізді де әшкерелеп, бағалайды» (Еврейлерге хат 4:12). Ешбір нәрсе жүректерімізге Құдай сөзі енгендей терең ене алмайды.

Құдайдың сөзінен гөрі адами даналық пен пайымдауларға, логикалық тұжырымдарға көбірек көңіл бөлетін болсақ, жүрегіміз бен ой-ниеттеріміз өткінші нәрселерге әуес болады. Өзіміздің өз жүрегіндегі сол әуестікті Әділет залына кіргенге дейін сезбегеніндей, біз де сезінбеуіміз мүмкін. Сондықтан Иса ескертеді:

«Сол сияқты, мәлім болмайтын ешбір сыр да жоқ, жарыққа шығып, жария болмайтын ешбір құпия да жоқ. Сондықтан қалай тыңдайтындарыңа назар аударыңдар! Өйткені кімде біраз түсінік бар болса, соған тағы көбірек беріледі, ал кімде жоқ болса, оның өзінде бар дегені де одан алынып қойылады, – деп қорытты Иса» (Лұқа 8:17,18).

Иса бізге мынаны айтады: *тыңдап, мән бергеніміздің барлығы, біздің жүрегімізге еніп, ой, ниет, мақсаттарымызды қалыптастырады. Ал осы ниеттеріміз өмірімізге бағыт береді. Құдайдың сөзі ғана өмір жолымызды жарық қылады, сондықтан, оған барынша ден қоюға тиіспіз. Сол жарық болмаса, қараңғы жолда адасқан жолаушыдай адасарымыз анық. Біраз уақыт дұрыс жүрсек те, ақырында бағытымыздан таямыз.*

Дұрыс бағыттан адасқан мезеттен бастап, құрылысымыз өткінші, мәнсіз нәрсеге негізделе бастайды, Құдай сөзінің сәулесі түскенде-ақ негізіміз жалған екені белгілі болады. Пауыл елші: «Ал түнекке нұр шашылса, ондағының бәрі анық көрінеді» дейді (Ефестіктерге 5:13).

Ал жолдан адассақ, әрі қарай екі бағыт бар. Біріншісі, сол екеуінің дұрысы, – досымызбен сөйлесіп отырып, уағыз тыңдап отырғанда, не Киелі кітапты оқып отырып, Құдайдың сөзін естіп әшкерелену. Сол себепті Құдайдың сөзінен күнделікті түрде нәр алып отыруымыздың өмірлік маңызы бар. Парасатты адам ағаттығын көре сала, тәубеге келеді де, ой-ниетін Құдайдың сөзіне сай түзете қояды.

Алайда, қайталана берген күнәдан ар-ожданы мұқалып қалған адамның Құдайдың сөзін естуі де қиындайды, ал егер ар-ождан шерменде болса, тіпті естімейді. Сондықтан Киелі жазба ар-ожданымызды таза сақтауға бұйырады (Нақыл сөздер 4:23; Тимотеге арналған екінші хат 1:3 қараңыз). Ар-ожданымызды таза сақтасақ, Құдай сөзінің жүрегімізде атқарған ісін сезінуіміз жеңілдейді.

Екінші, қатерлі бағыт: ой-ниетіміз Қиямет сотында ашылады. Ондай жағдайда тиесілі жұлдеміден айырылмақпыз. Ал енді, Құдай сөзінің әшкерелеуіне бой бермей қарсы тұру – тұрарлық іс пе, соны таразылап көріңіз. Әшкереленуден бас тартып, Құдайдың сөзіне қарсы тұрған сайын жүрегіңіз қатай береді, жолдан тайып, адаса бересіз. Оны өзіңіз де сезінуден қаласыз да, Сот алдында тұрғанда бір-ақ білесіз.

Мәңгіліктегі болашағымызға дайындық

Мәсіхтің төрелігінде өміріңіздегі ешбір нәрсе назардан тыс қалмайды. Барлығы да мәлім, барлығы да жария болады. Сол себепті Пауыл елші Сот тағын «Құдайды қастерлеу» деп те атайды. Сотта ой-ниетіміз, айтқан сөздеріміз, істе-

ген істеріміз, т.б. түгел сыналатын болады. Пауыл елшінің құрылыс пен сот жайлы айтқан сөзі өте әсерлі:

«... сендер Құдайдың «құрылысысыңдар»... Бірақ әрқайсысы әрі қарай қалай салу керек екенін мұқият қарауы керек... Ал осы «негіздің» үстіне қауымды әрі қарай дамыту үшін адамдар алуан түрлі әдістер қолдануда: бұлар алтын, күміс, асыл тастар секілді төзімді немесе ағаш, шөп, сабан сияқты осал болулары мүмкін. Әр құрылысшының істеген жұмысының сапасы Мәсіх үкім шығаратын күні айқындалады. Сол күні әркімнің еңбегін от сынап, шынайы сапасын әшкерелейді. Кімнің салғаны отқа өртенбей аман қалса, сол сыйын алады. Ал кімдікі өртеніп кетсе, сол сыйынан құр қалады. Өзі құтқарылса да, жаны оттан өткендей әзер дегенде құтылады» (Қорынттықтарға арналған бірінші хат 3:9, 12 – 15).

Сізді білмеймін, өзім Мәсіхтің төрелік сотында әзер дегенде құтқарылған адамның кейпін кигім келмейді. Мәңгіліктегі тағдырымызды айтамын. Қаншама сенушінің есеңгіретер жайтқа тап болатынын ойланып көріңізші! Қайырымдылықтан басқа хикаямыздың басқа кейіпкерлерінің барлығы сотқа дайын болмай шықты, олар күтпеген жайтқа тап болды. Өздері білуге тиіс қарапайым доктриналарды елемеген болып шықты.

Алдағы болашағына мұқият дайындалып жүрген дүниенің даналарын жиі кездестіремін. Мектептегі ынталы оқудан бастап, көздеген мансабына жетуге дейін бәрі ыждаһаттылықпен істеледі. Жақсы лауазымға қолы жеткеннен кейін жайлы үй алуды жоспарлайды. Қаражат жинайды. Кейбіреулер жиналған ақшасын айналымға салып, одан пайда табады. Осының барлығы болашаққа дұрыстап дайындалу үшін жасалады. Өйткені, олар қартайған шағында жоқшылық көргісі келмейді. Осы кісілер кәрілікке көптеген сенушілердің мәңгілікке дайындалғанындай дайындалса, болашақта орасан қиындыққа тап болып қана қоймай, ісінің нашарлығынан зор үрейге де ұшырайтын еді.

Мынадай жағдайды қарастырып көрейікші. Зейнет жасына келген әлдебір адамның басына мынадай күн туды дейік: Біріншіден, мемлекеттік зейнетақы қоры банкротқа ұшырап, ай сайынғы төлемді төлей алмайтын болды. Екіншіден, жинаған ашасын салған банк жабылды да, зейнеткеріміз көк тиынын ала алмай қалды. Сол түні әлгі адам түтінге тұншығып оянады, үйі өртеніпті. Ол үстіндегі жалғыз лыпасымен далаға атып шығады да, жиған-терген мүлкін жалын жалмап бара жатқанына қарап, шарасыз қалады.

Кейіпкеріміздің өміріндегі қайғылы күн. Мәсіхтің төрелік тағының алдында кейбір сенушілердің де жағдайы осындай болатынын Пауыл елші айтады.

Тағы қайталап оқиық: «...кімнің ісі өртеніп кетсе, сол сыйынан құр қалады. Өзі құтқарылса да, жаны оттан өткендей әзер дегенде құтылады» (Қорынттықтарға арналған бірінші хат 3:15). Сенімін Құдайға артқан даналар түсінеді, біз қамсыз кәрілік емес, мәңгілік үшін еңбек етеміз!

Дана деп, мәңгі болашағын бүгін жоспарлап отырған, өмірлік мақсаты бар, мәңгіліктегі тағдыры бүгінгі өміріне тікелей байланысты екенін білетін адамдарды айтамын. Осындай көзқарасының арқасында олар Құдай Патшалығына істерінің барлығы өртеніп кеткен, өздері ұрланып кірген адамдардай болмай, зор салтанатпен кіреді. Пауыл елші сол жайында:

«Сондықтан да, бауырластарым, Құдайдың өздерінді меншікті халқы болуға шақырып, таңдап алғандығын өмірлеріңмен нық бекітуге ынтамен ұмтылыңдар! Егер солай істесеңдер, ешқашан да тура жолдан тайып кетпейтін боласыңдар. Осылайша сендерге Иеміз бен Құтқарушымыз Иса Мәсіхтің мәңгілік Патшалығының «қақпасы» айқара ашылып, оған емін-еркін кіресіңдер», – дейді (Петірдің екінші хаты 1:10, 11).

Патшалықтың қақпасы айқара ашылған! Олай болса, Қожайынның:

– Жарайсың, жақсы да адал қызметшім! Шағын істе сенімді болдың, сені үлкен істердің басына қоямын. Енді қуанышты тойыма кел! – дегенін естиміз (Матай жазған ізгі хабар 25:21).

Осыдан біраз уақыт бұрын Құдай маған аян берді. Құдайдың Ұлы қаласының көшелерінде сап түзеп жүріп баратқан жеңімпаздар шеруін көрдім. Алтын төселген көшелердің екі жағы сол жеңімпаздарды қуана қарсы алған мыңдаған адамдарға толы. Қаланың қай шетінен қарасаң да көрінетін биік тұғырда Иса Патша тұр. Адал сарбаздар тұғырға баспалдақпен шығып, Иемізге сыйларын ұсынып жатыр. Иса әрқайсысына «жарайсың» дейді.

Содан кейін Құдай жүрегіме сөйледі: «Маған еңбегінің жемісін ұсынған қызметшім болғың келеді ме, әлде жолдың жиегінде тұрған көрермен болмақсың ба?»

Сол мезетте бұрын-соңды болмаған керемет құлшыныспен Құдайдың тапсырмасын толықтай орындауға бел будым. Иемнің көңілінен шығып, жүзінен ризашылық нышанын көргім келеді. Өмірім үшін есеп бергенімде әуелетім зая кеткенін көріп, Ием налымаса екен деймін.

Құдайды сүйетін замандастарымның барлығына осы хабарды жеткіземін деген шешімге келдім. Сонда сіздер де менімен бірге Исаның Патшалығына сыйыңызды алып кіресіз де, Әкеміздің мейірімді жүзінен риза күлкіні көресіз. Аспан патшалығы бізге ашылады ма, соны жер бетіндегі қызметіміз арқылы анықтаймыз. Келесі тарауларда сол жайында сөз болады.

Әрі қарай

Бізге өміріміздің басты салаларының қайсысы марапат, қайсысы үкім әкелетінін келесі тарауларда қарастырамыз. Бәрін егже-тегжейлі зерттей алмасақ та, ең маңызды мәселелерге көңіл бөлетін боламыз. Берік негіз қалаймыз, сол

іргетастың үстіне сынақтан мызғымай өте алатын қабырға тұрғызасыз.

Енді осы тарауда оқығаныңызға ден қоя отырып, Петір елшінің сөздерін асықпай оқып шығыңыз. Айтылғанды құптай түсетін сөздерге назар аударыңыз. Елшінің сөзі кітапты әрі қарай оқуға жүрегімізді дайындайды:

«Құдай бізді құдіретті күшімен және Оны жақыннан танып білуіміз арқылы Өзіне ұнамды жаңа өмір сүруімізге қажеттінің бәрімен қамтамасыз етті. Ол бізді Өзінің ұлы да ізгілікті болмысы арқылы меншікті халқы болуға шақырады. Сол себептен де мына қасиеттерге кенелуге бар ынталарыңмен ұмтылыңдар: сенімдеріңде ізгілік көрсетіңдер, ал ізгілік көрсеткенде саналылық та танытыңдар, саналылықтарыңда ұстамдылық та молынан болсын! Ал ұстамдылықтарыңда төзімділік, төзімділіктеріңде Тәңір Иеге бағышталғандық, Тәңір Иеге бағышталғандықтарыңда бауырластарыңа деген ізгі ниеттілік, ал ізгі ниеттіліктеріңде шынайы сүйіспеншілік танытыңдар! Егер осы қасиеттер сендердің бойларыңда болса және молая түссе, онда рухани өмірлерің пайдасыз, өнімсіз болып қалмайды, керісінше, Иеміз Иса Мәсіхті жақынырақ танып біле бересіңдер. Сондықтан да, бауырластарым, Құдайдың өздеріңді меншікті халқы болуға шақырып, таңдап алғандығын өмірлеріңмен нық бекітуге ынтамен ұмтылыңдар! Егер солай істесеңдер, ешқашан да тура жолдан тайып кетпейтін боласыңдар. Осылайша сендерге Иеміз бен Құтқарушымыз Иса Мәсіхтің мәңгілік Патшалығының «қақпасы» айқара ашылып, оған емін-еркін кіресіңдер. Сол себепті, сендер осы айтқандарымды білсеңдер де, қабылдаған шынайы ілімді берік ұстансаңдар да, мен оларды бәрібір ұдайы естеріңе салып отырмақпын. Мен әлі де осы тәндік «шатырда» тұрғанымда, соларды естеріңе түсіріп, рухани дамуларыңа қозғау салып отыруды дұрыс деп санаймын» (Петірдің екінші хаты 1:3, 5 – 8, 10 – 13).

Т А Л Д А У Ғ А А Р Н А Л Ғ А Н С Ү Р А Қ Т А Р

4-ШІ БӨЛІМ: 8 – 10 – ТАРАУЛАР

1. Аффабель азаматтарының сот алдында тұрғандағы ең әсерлі сәті, бәлкім, оларға жаңадан ат қойылуы болар. Исаға келгенге дейін, сіз кім едіңіз, қандай адам болатынсыз, қандай істермен айналысқан едіңіз? Иса өміріңізді қалай өзгертті? Сіздің жаңа есіміңізде сіз жайлы қандай сыр жатар еді?
2. Неліктен, тіпті, жетістіктерінің барлығы өртеніп кетсе де, аспан – Құдай көз жасымыздың бәрін сүртіп тастайтын, қуаныштың орны болып табылады?
3. Қайырымдылықтың құрдастарынан ерекшелігі неде еді? Өз сөзіңізбен түсіндіріңіз. Оның өмірінен қандай сабақ ала аламыз?
4. Киелі кітапта аспанның бейнеленуінде сізді таң қалдырған нәрсе болды ма? Ол не?
5. Тоғызыншы тарауда: «Құдайдың Патшалығына кіруімізге бөгет болатын күнәларымыздан Исаның қаны бізді тазартқаны рас, алайда, сенуші болып қалай өмір сүрдік, дұрыс па, дұрыс емес пе, сол үшін есеп беруден ол бізді босатқан жоқ» деген ой бар. Осы пікірге деген алғашқы көзқарасыңыз қандай еді? Бөлімді түгел оқып болғанда сол пікір жайлы көзқарасыңыз өзгерді ме?



5 - ШІ БӨЛІМ

11 - ТАРАУ

ҚҰДАЙДЫҢ МЕКЕНІ

*...«Құдайдың тұратын мекені»
ретінде бірге қаланасыңдар...*

— Ефестіктерге арналған хат 2:22

Сенушілерге жүргізілетін төрелікті екі санатқа бөліп қарастырамыз. Біріншісі – Құдай патшалығын кеңейтуге дарындарымызға және Құдайдың тапсырмасына сай қатысуымыз. Екіншісі – өз өмірімізді қалай қалаймыз және басқалардың өміріне қандай ықпал тигіземіз. Өз өмірімізге қатысты Мәсіхке ұқсас мінез қалыптастырып, жетілдіре түсу барысында Құдайдың рақымын қабылдауымыз қарастырылады. Бұл, әрине, Құдайдың өзіміз сеніп, орындаған сөзіне қалай жауап беретінімізге байланысты. Аузымыздан шыққан әрбір сөзіміз, істеген істеріміз, ой-ниеттеріміз – осының барлығы мұқият тексерілетін болады.

Құдай патшалығын кеңейту жөніндегі міндетімізді қаншалықты орындағанымыз да, өз өмірімізді қаншалықты сапалы қалағанымыз да таразыланатын болады. Әуелі бірінші міндетімізге жүргізілетін төрелікті қарастырайық.

«Мен үшін не істемексің?»

Құдай патшалығын кеңейту ісінде Киелі Рухқа толықтай тәуелдіміз. Өйткені, Иса Мәсіхтің рақымы болмаса, жеке өзіміз мәңгілікте маңызды болатындай ешбір іс атқара алмаймыз. Киелі жазба «Егер Жаратқан үйдің құрылысын жарылқамаса, Құрылысшылардың еңбегі түгелдей зая» дейді (Забур жырлары 126:1). Киелі Рухсыз да қабырға қалай аламыз, бірақ ондай

еңбектен пайда жоқ, өз бетімізше істегендеріміз Қиямет сотында өртеніп кетеді. Осыны ұғынудың өмірлік маңызы бар.

Көне Өсиетте Құдай Өзіне қызмет етіп жүрген адамдарға былай дейді:

«Жаратқан Ие мынаны айтады: «Аспан Менің тағым, ал жер табан тіренішім сияқты. Сонда сендер Маған қандай үй салып бермексіңдер? Яки тынығып демалатын орным қай жер болмақ?! Осы әлем түгелдей Менің қолымнан шығып, пайда болды емес пе?! – деп ескертеді Жаратқан Ие. Ал Мен көз қырымды салатындар: күнәларына шын жүректен өкініп, сөзімді терең қастерлеп, іске асыратындар» (Ишая 66:1,2).

Қарапайым сөзбен айтқанда, Құдай: Мен – Жаратқан Иемін. Сендер Менің Кім екенімді жете түсінесіңдер ме? Маған жақсылық жасаймыз деп ойлайсыңдар ма?» Құдайға қажет іс істей аламыз деп ойлау құмырсқаның адамға «саған үй салып береміз» дегенімен бірдей болар еді. Не деген ақымақтық! Айбынды, теңдесі жоқ, керемет Құдайымыздың көңілінен шығатын, Оған қызмет ететін бірде-бір іс қолымыздан келмейді. Жаратқан Иеміздің ісі пендеге түспейді.

Солай бола тұра, Киелі жазба Құдайға ұнамды іс істеп, көңілінен шыға алатын адамдар жайлы айтады. Ол кішіпейіл, тәубеге келген, Құдайды қастерлейтін, Құдайға бағынатын адамдар. Сондайлар ғана Құдайға үй салып бере алады. Қалай дейсіз ғой? «Күш-қуатпен де емес, билік күшімен де емес, тек Менің Рухыммен ғана табысқа жетесің! – дейді Әлемнің Иесі» (Зәкәрия 4:6). Киелі Рухқа бағына отырып, бірлесе әрекет еткен адам ғана табысқа жете алады. Сондай жағдайда ғана құрылысшының еңбегі зая кетпейді.

Құдаймен бірге еңбектенушілер

Бір ғажабы, Жаратқан Ие, айбынды да құдіретті Құдай, Өз еркімен жер бетіндегі билігін шектеп, билікті толықтай адамға берді.

Сол шешімінің нәтижесінде Құдайдың жер бетіндегі құдіреті шектеу көрді. Бұл жайт сізді қайран қалдырып отырған болар. Алайда, Киелі кітап солай дейді. Ыбырайымның ұрпақтары «Қайта-қайта еркінсіп сынап Құдайды, Исраилдің Киелі Құдайын қайғыртты» (Забур жыры 77:41). Иса халқының діни жетекшілеріне: «Сөйтіп сендер өз дәстүрлеріңді орнатып, Құдайдың бұйрығын жоққа шығардыңдар! Бұған ұқсас тағы басқа да теріс қылықтарды көптеп істеп жүрсіңдер» (Марқа 7:13). Құдаймен бірге еңбектене отырып, Оның еркін орындауға тиіспіз, сол үшін есеп беретін боламыз. Ал Құдайдың еркі – адамдарды мәңгі өмір сүре алатындай етіп, Мәсіхке мейлінше ұқсас етіп өзгерту. Сол себепті Киелі жазба бізді Құдаймен бірге еңбектенушілер деп атайды.

«Сонымен біз Құдаймен бірге еңбектенушіміз, ал сендер Оның егістігі, бағы, жүзімдігісіңдер. Сондай-ақ, сендер Құдайдың құрылысысыңдар» (Қорынттықтарға арналған бірінші хат 3:9, Кеңейтілген аударма).

Жаңа Өсиет Құдай патшалығының қызметкерлерін айтқан сайын, оларды егістіктегі жұмыскерлерге немесе құрылысшыларға теңейді. Неге егістік? Өйткені, жердің беті – Құдай Патшалығы өсіп жатқан егістік. Әділдердің жер бетінде Құдай патшалығын орнатып жүргенін көріп, аспан түгелдей шаттанады. Неліктен құрылыс? Өйткені, Құдайымыз тұрақты мекен іздейді, ал біз – тірі тастармыз, осы тастардан Құдайдың мекені қаланбақ.

Петір елші: «Сендер де рухани үйге (яғни қауымға) қаланған тірі тастар сияқтысыңдар. Сендер Иса Мәсіхке бола Құдайға ұнамды рухани сый-тартулар ұсынып, Оған бағышталған қасиетті қызмет атқарудасыңдар», – дейді (Петірдің бірінші хаты 2:5). Сонымен, жердегі өміріміздің мәні – Оның ұлы ғибадатханасын, яғни үйін салу. Сол құрылыс адамдарды құтқаруда, оларға қамқорлық жасап, қызмет етуде

көрініс табады. Біздің міндетіміз – пәк таза тірі тас болу, Құдай Патшалығына басқа тастарды әкелу. Сонда тірі тастар бір-бірімен үйлесе келіп, біртұтас ғимаратқа айналмақ.

Сізге айтарым, бәріміз де өз өмірімізді қалай қалағанымыз жайлы және Құдай үйін тұрғызуға қалай атсалысқанымыз жайлы есеп береміз.

Үй салу

Құрылысшы болсам, үй салуды бастамастан бұрын, жоспар құрып, болашақ үйімнің сұлбасын бейнелейтін едім. Үйдің қалай салынатынын, қандай материалдар жұмсалатынын егжей-тегжейлі көрсететін сызбалар сызатын едім. Онымен бітпейді. Жұмыстың ең жауаптысы – кірпіш қалаушылардың, шатыр орнатушылардың, құбыршылардың, электр мамандарының, басқа да мамандардың жұмысын дәлме-дәл жоспарлау. Нақты жұмысты атқаратын – солар. Істелетін жұмыстардың барлығы алдын-ала мұқият жоспарланбаса, бейберекеттікке соқтырары хақ. Мәселен, электр сымдарын жүргізіп, қабырғаны қалыңдатудан бұрын, гипсокартон тігуді жоспарлау керек.

Құрылысты басқарып жүрген кісі міндетін дұрыс атқармаса немесе жұмысты ұзаққа созып жіберсе, тапсырыс беруші сол жұмысқа басқа біреуді табады. Жаңа маман жұмысқа жылдам кірісіп, шала істелген жұмыстар болса, қайта істеуге тиіс. Мамандардың бірі өз жұмысын дұрыс істемесе де, тапсырыс беруші құрылыстың сапалы және мерзімінде бітуіне барын салады.

Мынадай жағдайды да көргенім бар: Тапсырыс беруші – үйдің егесі. Ол өз үйінің құрылысын басқарып жүр. Ол үйін салуға нағыз шеберлерді алады, құрылыс материалдарының ең жақсысын қолданады, құрылысшылар өз жұмысын сапалы орындау үшін барлық жағдайды жасайды. Құрылыс барысын мұқият қадағалайды. Құдай – өз үйін салушы, ал Құдайдың үйі – көптеген адамнан тұратын Ұлы қала!

Жер бетінде ерекше үйлерге ат қоятын дәстүр бар. Мысалы, Ұлыбритания патшайымының үйі Букингем сарайы деп аталады. Америка Құрама Штаттары президентінің үйі Ақ үй деп аталады. Басқа да, жұртшылыққа кеңінен мәлім бола қоймаған үйлер бар. Филлис Кэлверт атты актрисаның үйі Қырдың басындағы үй, актер әрі режиссер Чарльз Иван Вэнстың үйі Оук Лодж, жазушы Чарльз Дайердің үйі Олд Моб деп аталады, т.б. Алайда, Құдай Өз үйіне ертеде-ақ ат тауып қойған. Құдайдың әлі де салынып жатқан мәңгі үйі Сион деп аталады. Киелі жазба:

«Өйткені Жаратқан Ие Сионды таңдады, Оның жердегі тұрағы болуын қалады: «Бұл – Менің ұдайы тынығар тұрағым, Мен мұнда орнығамын, сол – Менің қалауым», – дейді (Забур жыры 131:13,14).

Сізге армандаған үйіңізді салу бақыты бұйырған болса, сондағы масаттанғаныңыз, құрылыстың аяқталуын асыға күткеніңіз есіңізде болар. Өз үйіңізде тынығу – рахат, өйткені онда қуаныш пен тыныштық табасыз.

1990 жылдардың орта тұсында Лиза екеуіміз үй салдырған болатынбыз. Ол күндерде біз Флорида штатындағы Орландо қаласында тұрамыз. Роберт атты білікті құрылысшы біздің қызметімізді қатты ұнатып қалған екен, сол бауырымыз бізге үй салып бермек болды. Шағын ғана үйміз бар-тұғын. Үй салдыруды қалтамыз көтермейтін болар деп ойлайтынбыз. Алатын ақысы жайлы сөйлескенімізде, Роберт: «Мен сендерге үйді Құдайдың бағасына салып беремін», – деді. Кейін білдік, ол үй салғанда еңбегінің ақысына бір тиын да алмапты.

Оның алдындағы үйлеріміздің екеуі де бірыңғай жобамен салынған шағын үйлер болатын. Демек, ол үйлердің жобасына үлес қосқан жоқпыз. Әлгі сөзден кейін, араға бірнеше күн сала, Роберт біздікіне келді.

Асүйдегі үстелді айнала отырғанымызда ол бір парақ қағазды алып шығып, «армандап жүрген үйіңнің суретін салыңдар!» дегені есімнен кетпейді.

Лиза екеуіміздің есіміз кетті. Бұлай болары тіпті түсімізге де кірмеген. Жұбайым ә дегенде үйдің жобасын салуға кірісіп кетті. Мұндай мүмкіндікті көптен бері армандап жүрген еді. Біраздан кейін мен де құлшына кірістім. Үйіміздің қандай болатынын ойлаған сайын қуанышымыз қойнымызға симай барады. Ешнәрседен шектелген жоқпыз. Суретті салып болдық та, сәулетшілер мен дизайнерлерге бердік. Бірнеше күн өткен соң Боб үйдің сызбаларын алып келді, сол мезеттен бастап құрылыстың басталуын асыға күттік.

Құрылыс басталғаннан үй салынып болғанға дейін, салынып жатқан үйімізге күнде, кейде күніне екі рет барып тұратын болдық. Үйдің алынып, дайын болуын тағатсыздана күттік. Жаңа үйімізге кіретін күнді күткеніміз сонша, ай – жылдай, күн – аптадай көрінетін. Қағазға түсірген арманымыз көз алдымызда жүзеге асып келе жатқанына шаттанумен болдық.

Құдай да Өзі армандап жүрген, бірнеше айдан гөрі ұзағырақ күтіп жүрген үйі туралы ойлағанда, осыған ұқсас сезімге бөлене ме деймін. Үйінің салынып болуын Иеміз дүние жаратылғаннан бері күтуде. Киелі жазба былай дейді: «Жаратқан Ие Сионды қайта тұрғызбақ, Өз салтанатымен сонда пайда болмақ» (Забур жыры 101:17) және «Мүлтіксіз көрікті Сион тауынан Құдайдың салтанаты көрініс тапқан» (Забур жыры 49:2).

Құдайымыз Өз үйін салуда бірнеше мың жыл бойы еңбек етіп келеді. Құдай адамның күйреуге ұшырайтынын біле тұра, адамды жер бетіне қоныстандырды да, оған Өз жоспарын білдірді. Адамның жеңілуі Құдайдың жоспарында жоқ еді. Құдай барлығын алдын-ала біліп, Сионды құтқарылған адамзаттан қалауды мақсат етті.

Құрылыс негізден, іргетас салудан басталуы тиіс, әрине. Ал іргетасымыз – Құтқарушының Өзі, Иса Мәсіх. «Сондықтан Жаратушы Тәңір Иенің айтқаны мынау: «Міне, Мен аса құнды «Тасты» таңдап алдым, Оны Сиондағы үйімнің бұрышының Іргетасы ретінде орнатып қоямын. Енді Оған сенімін артқан ешкім Ұятқа қалмайтын болады лайым» (Ишaya 28:16). Көктегі Әкеміз

үйін жаратылыстан бұрын жоспарлап қойғандықтан, Киелі жазба Исаны «жаратылыстан бұрын құрбандыққа шалынған Тоқты» деп атайды (Аян 13:8, басқа аудармаларды қараңыз), ал Петір елші: «Құдай әлемді жаратпастан бұрын-ақ Мәсіхті бұл мақсатқа таңдап белгілеп еді, ал заманның аяғында Оны сендер үшін ашық көрсетті» дейді (Петірдің бірінші хаты 1:20).

Иса тек іргетас қана емес, бас Құрылысшы да. Ол Өз міндетін орындап шықты, және мүлтіксіз орындады. Айқыш ағашқа шегеленіп ажал құшудың алдында Әкесіне: «Маған тапсырған ісіңді аяқтап, жерде Сенің ұлылығыңды көрсеттім» деді (Жохан жазған ізгі хабар 17:4).

Құдай Әке Исаның келу уақытын белгілегеннен бастады да (Ғалаттықтарға хат 4:4 қараңыз), басқа «құрылысшыларға» да уақыт белгіледі. Сол «құрылысшылар» – сіз бен біз. Алайда, жоғарыда айтылғандай, біз «құрылысшылар» ғана емес, Құдай үйінің қабырғасы қаланатын тірі тастармыз да. Пауыл елші жазады: «Құдай бізді Өзінің алдында қасиетті де мінсіз халқы болып жүрсін деп, әлемді жаратпастан бұрын Мәсіхтің құрбандығына бола сүйіспеншілікпен таңдаған еді» (Ефестіктерге арналған хат 1:4).

Бұл аят бізді үй салуда қолданылатын құрылыс материалына теңейді. Сонымен қатар, Құдай бізді Өзімен бірге еңбектенушілер ретінде де таңдап алды. «Құдай бізді Иса Мәсіхпен тығыз байланыста болып, *игі істер жасау үшін* ерекше қылып жаратты. Соларды орындауымыз үшін Құдай бізге алдын ала жағдай туғызды да» (Ефестіктерге арналған хат 2:10). Назар аударыңыз, Иеміз бізге беретін тапсырмасын алдын ала жоспарлап қойған. Киелі жазбада Құдайдың тапсырмасы дүниенің жаратылысынан бастап берілген деп айтылмаса да, солай болуы мүмкін. «...Тәңір Иенің өз жұмысы әлемді жаратып болған кезде-ақ тамамдалған еді ғой» (Еврейлерге арналған хат 4:3) – осыны анық білеміз. Ал біздің құрылысшы ретіндегі тапсырмаларымызға келсек, жалғыз білетініміз, – ол тапсырма біз дүниеге келмей тұрып берілген. «Ұрық күйімде мені көзіңмен көрдің,

Сен маған бұйырған күндердің бірі Әлі де тумас бұрын, солардың бәрі Кітабыңда жазулы тұрған еді» (Забур жыры 138:16).

Анамыздың құрсағына бітпей жатып-ақ Құдайдың бізге бұйырған істері белгілі еді. Осы ақиқат Құдайдың Еремия пайғамбарға айтқан сөзінде ашылады: «Мен сені шешеннің құрсағында жаратпастан бұрын-ақ білген болатынмын. *Анаңның құрсағынан шықпай тұрып-ақ сені өз қызметіме бағыштап, халықтарға пайғамбар болуға тағайындап белгіледім*» (Еремия 1:5). Пауыл елші: «Бірақ Құдай мені анамның құрсағында жатқанда-ақ таңдап, Өзінің зор рақымымен шақырып алды...» деп жазады (Ғалаттықтарға арналған хат 1:15, 16). Еремия пайғамбар мен Пауыл елшінің куәлігі бәріміз Құдайдың тапсырған нақты істерін орындауға таңдап алынғанымыз жайлы Дәуіттің сөзін құптайды.

Мұнда бір ғажайып шындық ашылады: сіз дүниеге келмей жатып-ақ Жаратқан Ие сіз туралы кітап жазған болатын, бірінші күн басталмай жатып, онда өміріңіздің әрбір сәті егжей-тегжейлі жазылған! Мәселе мынада: Өзімізге тапсырылған игі істерді орындаймыз ба? Сүлеймен патша былай дейді:

«Құдай не істесе, соның мәңгі болатынын, одан ештеңе алынып, оған ештеңе қосылмайтынын да ұқтым. Құдай бұны Өзін адамдар терең қастерлеу үшін солай етті. Болып жатқан және болашақта болатын жайттар бұрын да болып кеткен. Ал Құдай өтіп кеткен солардың қайталануын қадағалайды» (Уағыздаушы 3:14,15).

Киелі жазбаның осы сөздерінде неткен терең мән жатыр десеңізші! Ең алдымен, Құдай барлығын алдын ала жоспарлап қойған. Сол жоспардан ештеңе алынбайды, адам баласы оған ештеңе қоса алмайды да. Болып жатқанның барлығы әуелі Жаратушының ойында болып өткен деп қосады Сүлеймен патша. Болашақта болатын жайттар да Құдайдың ойында болған. Алайда, істелген істер үшін біз есеп береміз! Бізге тапсырылған істерді орындап жүрміз бе? Әлде бәрін шатастырып, тапсыр-

мамыздың барлығын сәтсіздікке ұшыраттық па? Бізге тапсырылған жұмысты енді басқа біреуге тапсыруға тура келеді ме?

Енді маңызды мәлімдеме жасауым қажет. Әрбір адамды Жаратқан Ие белгілі бір іске таңдап алған, әр адамға Құдайдың берген тапсырмасы бар. Құдайдың үйін салуда әрқайсымыз маңызды роль атқарамыз. Мына ақиқатты білсек, жақсы болар еді:

Құдай сізді істеген істеріңізге қарап емес, Өзінің тапсырмасын орындаған-орындамағаныңызға қарап соттайды!

Мысал келтірейін. Сот үстінде Иса былай деуі мүмкін:

– Ізгі хабар таратушы Андерсон, ортаға шық. Саған Өзіме әкелуге тапсырған адамдарым жайында есеп бер.

Әлгі кісі аздап сасқалақтап Исаның алдына барады да:

– Ием, «бухгалтер Андерсон» дегің келген шығар? Мен бухгалтер болып жұмыс істеген едім. Маманығым сол. Қауымға, қайырымдылық мекемелеріне көмектесіп тұратынмын. Қауымның қызметшілері Сенің патшалығыңа көптеген адамдарды әкелді. Мені басқа біреумен шатастырып алдың ба, Ием?

Сонда Иса:

– Жоқ, сен дүниеге келмей тұрып, Азияның мыңдаған тұрғындарын Маған алып келуің үшін өзіңді таңдап алған болатынмын. Солар қайда? Есеп бер. Маған бағынып өмір сүргеніңде, патшалығыма әкелген жемістерің үшін зор сый алатын едің. Ал енді істеріңнің барлығы өртеніп кетпек, себебі, тілазарлықпен істелген, – деуі мүмкін.

Оқиға былай болуы да мүмкін:

Иса:

– Бухгалтер Джонс, ортаға шық та, тапсырмамды қалай орындағаның жайлы есеп бер, – дейді.

Бұл кісі де қысылыңқырап алға шығады да:

– Ием, «Джонс бағушы» дегің келген шығар? Мен 900 мүшесі бар қауымның бағушысы болдым. Қауымды өзім ашқан болатынмын.

Бұл сөзге Иеміз:

– Қаржы бизнесінде жұмыс істеп, қарымды іскер болуың керек еді. Компанияң зор табыстарға жетіп, көптеген қауымдар мен қызметкерлерге Менің берген тапсырмамды орындауда жәрдем беруге тиіс едің. Мені шын жүрегіңмен іздесең, соны саған көрсетер едім. Сонда әлгі қызметкерлер ықпал еткен мыңдаған адам сенің есебіңе алынар еді. Құтқарылған әрбір адам үшін сыйыңды алар едің. Ал енді атқарған жұмысың үшін сый-марапат алмайсың, өйткені, істегеніңнің барлығын Маған бағынып емес, өз бетіңмен істедің. Қаланың басқа шетіндегі қауымда бас ұйымдастырушы болуыңды қалаған едім. Сонда болғаныңда, Мәсіхтің денесінде, Мен сені қойған орнында болар едің, сол қауымдағы жеті мың адамның барлығы да сенің есебіңде болар еді. Алайда, ол жерде болған жоқсың, сол сыйыңды да алмайсың.

Мысал келтірейін. Жақсы досым – АҚШ-ның оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан тез өсіп келе жатқан қауымның бағушысы. Ол қауымын 1991жылы жиырма екі сенушіден бастаған. Қазір қауымда төрт мың адам бар. Сол қауымда уағыз айту өте оңай, оған себеп – адамдардың Құдайдың сөзіне деген құмарлығы. Онда мыңдаған адам құтқарылып, тәлім алды.

Сол қауым күшті мінәжат, мықты уағыз бен қажырлы еңбектің арқасында жылдам өсіп келе жатыр. Олар бұдан да көп адамды сыйғызатын тамаша ғимарат салды. Бірнеше жыл өткен соң досым қауымға келіп жүрген тұлғалы ақбас азаматты байқады. Сол кісі уағыз біткен соң залдан кетуге асықпай, көзіне жас алып отырады. Көз жасы – қуаныштың жасы еместігін бағушы сезетін.

Ақырында әлгі кісі бағушының көмекшілерінің біріне болған жайтты айтып берді. 1981 жылы Құдай сол кісіге осы қалада қауым ашуды айтқан екен. Бірнеше күн өте, түсінде өзі бағушы болатын қауымды көреді.

Түсіндегі ғимаратты анық көргені сонша, кәсіби сәулетшіге суретін салғызыпты. Кейінірек едәуір бөгеттерге тап бола-

ды да, қауым ашудан бас тартады. Бірталай уақыт басқа қалаларды аралап, сонда қызмет етеді де, кейін бұрынғы кәсібiне қайта оралады.

Әлгi кiсi ұқыптап бүктелген бiр парақ қағазды қалтасынан алып шығып, бағушының көмекшiсiне көрсеттi. Қауым ғимаратының 1981 жылы салынған суретi екен. Сызбаға қарап, бағушының көмекшiсi қайран қалды. Бiрнеше жыл бұрын салынған, қазiр өздерi iшiнде тұрған ғимараттың суретi! Досым сол кiсiнi жұбатып бақты, бiрақ ол жұбана қоймады. Ол адамның өмiрi өзiн-өзi кiнәлаумен өтуiн Құдай қаламайды. Құдайдың еркi – тезiрек сабақ алып шығып, рухани есейiп, Құдайға өмiрiнiң соңына дейiн табысты қызмет етудiң жолын табуы.

Бiрнеше жыл бұрын бiр үлкен конференцияда осы тақырыпқа уағыз айтқаным бар. Уағызымнан құты қашып абыржыған бағушы қызмет бiткен соң көмекшiлерiмнiң бiрiне жолығып: «Айтқанының барлығын шындап айтпаған шығар?» – деп сұрапты.

Көмекшiм: «Әрине, шындап айтты. Не болып қалды?» деген екен. Әлгi бағушы, жасы елуден асыңқырап қалған адам: «Жас кезiмде өте анық аян көрдiм. Филиппин елiне көшiп сондағыларға қызмет етiп жүр екенмiн. Соның бәрiн анық көргенiм сонша, сол елге кететiнiме шын сендiм. Алайда, әлi күнге дейiн сол аяным жүзеге асқан жоқ. Мiне, отыз жыл бойы осы қауымда бағушы қызметiндемiн».

Сонда бiздiң қызметкер ол кiсiге жұмсақ тiл қатып: «Ендi не iстемексiз?» – дептi.

Бағушы не айтарын бiлмей кетiп қалды.

Бiр жылдан кейiн қызметкерiмiз сол бағушымен хабарласып, жаңалықтарды бiлiптi. Ол қауымды көмекшiсiне өткiзiп, Филиппин елiне көшiп кетiптi, сол елдi қатты сүйедi екен. Айтқаны: «Өмiрiмде бiрiншi рет жаратылғандағы мақсатымды орындап жүргенiмдi сезiнемiн».

Осы ақиқатты құптайтын тағы бір әңгіме айтып берейін. Жақында бір досым мені Әскери-Теңіз Флотының арнайы бөлімшесінде қызмет ететін бір танысымен таныстырмақ болып, кешкі асқа арнайы шақырды. Ол кісі әлі де Қарулы Күштерде қызмет етеді, сондықтан қауіпсіздік мақсатында атын өзгертіп, Пол деп атайын. Екі сағат бойы Полдың куәлігін таңырқап отырып тыңдадым.

Пол қауым қызметкерлерін дайындайтын екі жылдық мектепті жасы жиырмадан жаңа асқанда бітіріп шыққан екен. Ол қауымның жастар бөлімінде қызмет ете бастайды. Бір жылдан кейін оған қауымдағы бойжеткендердің бірімен жақын болды деген айып тағылды. Пол: «Джон, ол қызбен жақын болғаным жоқ. Ол маған тіпті ұнамайды да! Алайда, жетекшілер маған сенбек түгілі, басқаларды да осы жалаға сендірді. Сонымен, мен барымнан айырылдым. Олар мені жаманатты қылды да, қуып жіберді», – деп әңгіме айтты.

Пол әңгімесін жалғастырды: «Құдайды бұрынғыдан әлдеқайда құлшына іздедім. Бірде, мінәжат етіп отырғанымда, Ием маған «Мен саған қауымда қызметкер бол деген жоқпын. Сен әскерде қызмет етуге жаралғансың», – деді».

Пол АҚШ әскеріне, теңіз флотына, әуе қарулы күштеріне арыз жазып, әскери қызметке алуларын сұрады. Бірақ оған кешілік беретін адам табылмады. Сонымен, әскери-теңіз флоты ғана қалды. Ондағы бос орындардың тізімін көргенде Полдың салы суға кетті, өйткені бірде-біреуі жүрегіне қонбады, бірде-біреуі Құдайдың дайындап қойған орнына ұқсамайды. Соған қарамастан, әскерге адам алумен айналысатын офицер Полды қалайда алғысы келді. Ол Полға енді ерекше бағдарламалар туралы айтып берді.

«Теңіз мысығы» деген сөзді естігенде, Полдың іздегені табылғаны белгілі болды да, ол бірден келісімшартқа қол қойды. («морские котики» – Америка Құрама Штаттарының Әскери-Теңіз Флотындағы арнайы операцияларды жүргізетін бөлімшенің құпия бригадасы).

Әскери-Теңіз Флотының арнайы бөлімшесінің (спецназ ВМС) дайындық бағдарламасын табысты аяқтап шығу екінің бірінің қолынан келмейді, ондайлар өте аз, сол себепті әлгі фицер жас жігітті бұл ойынан айнытуға тырысып бақты. Бұл бағдарлама – әлемдегі ең ауыр әскери дайындық болғандықтан, осы кеңседе арыз жазған жігіттердің бірде-бірі сол бағдарламаны бітіре алмады! Алайда, Пол Құдай өзін жетелеген жолда алғашқы қадамын басуға масаттана бел буды. Ол офицерді дегеніне көндірді.

Алайда, Полдың алдында әлі де бірнеше тосқауыл бар еді. Біріншіден, Пол жүзу білмейді. Осы жайлы мінәжат етуге мәжбүр болды, кейінірек Пол малтып үйренді. Екіншіден, бала кезінде құлақ ауруына шалдыққан, құлағына бірнеше рет хирургиялық ота жасалған еді. Есейе келе, азғантай су кірсе болды, құлағы шыдатпай ауыратын да, артынша құлағы қабынатын болған. Алайда, Құдайдың берген тапсырмасын адам өз күшімен орындай алмайтынына Пол нық сенімді еді. Яғни, арманына өзі жете алатын болса, ол арманы – Құдай берген арман емес.

Пол жүзуді үйрене бастады да, құлағының құлан таза айығуы үшін мінәжат етті. Судағы күн сайынғы жаттығулары Пол үшін нағыз азапқа айналды. Сол бір адам төзгісіз азаппен төрт ай өткен соң, бір күні Пол құлағы ауырмай жүзумен қатар, тереңге сүңги алатын да болды! Ол шипа алды! Енді арнайы әскери бөлімшенің құрамында құпия тапсырманы орындауға аттануға дайын.

Пол әскери дайындықты адам сенгісіз қиындықтармен өтті, бәріне төтеп берді, шайқастарда шыныққан батырлардың қатарына қосылды. Әскери-Теңіз Флотының арнайы бөлімшесінде қызмет еткеніне он төрт жыл болыпты. Сол жылдарың ішінде талай отқа түсіп, талай сыннан өтіпті. Қатерлі құпия тапсырмаларды орындап жүргендегі Құдайдың ғажайып араласуы болған жайттарды әңгімелегенде, шекем шымырлап кетіп отырды.

Сол кеште жанымда отырған адамның, қауым мінбесінде тұрмаса да, Құдайдың біртуар азаматы екенін білдім. Құдайдың оған берген тапсырмасы – әскер қатарында жүріп, жанындағыларға ізгі хабар тарату мен отанына қызмет ету. Пол арнайы бөлімшеде қызмет етумен шектелген жоқ, қазіргі кезде ол – Әскери-Теңіз Флотының арнайы бөлімшесінің сарбаздарын жаттықтыратын ұстаз. Пол бағытын түзеуге Құдайға мүмкіндік берді де, өзіне арналған игі іске кірісті.

Құдайдың өздеріне дайындап қойған өмірлік жолынан адашып кеткен адамдар туралы әңгімелерді көптеп естуім бар. Ондайларды өз көзіммен де көрдім. Дүниенің түкпір-түкпіріндегі көптеген қауымдарда қызмет еткен жиырма жылымның ішінде бағушының көмекшісі болуға жаралған бағушыларды, толықтай қызметке жаралған кәсіпкерлерді, тіпті, бизнеспен айналысуға жаралған бағушыларды да көрдім. Бизнес саласында өз ісін бастауға бел буа алмай, өзіне тиесілі орынды иелене алмай жүрген адамдарды кездестірдім. Өздеріне өздері бастық болғысы келетін, жұмысына адал емес адамдарды көрдім.

Құдай еркінен тыс некелескен, ақырында Құдайдың тапсырмасын орындаудан қол үзіп қалған адамдарды көрдім. Енді біреулерді жолдастары мұратына жеткізбей, аяғынан алып отыр. Спортқа деген әуестік, ақшақұмарлық, билікке ұмтылушылық, т.б. – бұл тізімді жалғастыра беруге болады, – осылардың барлығы – сенушілерді Құдайдың үйін қалау жоспарындағы үлесіне тиген міндетін атқаруына тосқауыл.

Осы айтқандарым – көңілсіз ойлар, ал дұрысы, ешқайсымыз да Құдайдың бізге дайындап қойған жолдарынан таймауымыз қажет. Біздің өмір жолымызды салушы – Жаратқан Иеміз, Ол Өзі бізді сол жолдармен жетелейді. Өзімізге «Құдай мені құрылысшы ретінде қандай іске тағайындаған?» деген сұрақты қоюға тиіспіз. Осы маңызды мәселені келесі тарауда қарастырамыз. Құдай белгілеген бағытыңыздан тайып кеткен болсаңыз, түзу жолға қайта түсу үшін не істеу керектігі жайлы бірнеше кеңесті де оқи аласыз.

ҚҰДАЙДЫҢ ШАҚЫРҒАНДАРЫ

*Себебі Құдай уәде беріп,
таңдап алғандығынан таймайды*
— Римдіктерге 1:29

Бір қарағанда жақсы да игі істерге көңіл бөліп жүріп, ақырында Құдайдың жоспарынан ауытқып кетуге болатыны көптеген адамдарға адам сенгісіз нәрсе болып көрінеді. Мұндай көзқарасты түсінуге болады! Дегенмен, есіңізде болсын, біз сүрініп құлаудан, сол үшін жазаланудан қорқуға емес, Құдайды қастерлеуге тиіспіз. Құдайды қастерлеу арқылы Құдайдың даналығынан сырт қалмаймыз. «Сонда сендер жолдан оңға не солға қарай бұрылмақ болғанда, бір дауыстың арт жақтан: «Жол мынау, сонымен жүріңдер!» дегенін еститін боласыңдар» (Ишая 30:21). Құдай үйінің құрылысындағы өз орнымызды қалай біле аламыз, сол сұраққа жауап іздейік.

Бірінші: Құдайды шын жүрегіңізбен іздедіңіз бе?

Сізден Құдайдың өзіңізге берген тапсырмасын орындап жүрсіз бе деп сұрасам, бәлкім: «орындағым келеді, бірақ маған не тапсырылғанын білмеймін!» деп жауап берерсіз. Оның себебі бірнешеу болуы мүмкін. Біріншіден: Құдайды шын жүрегіңізбен іздедіңіз бе? «Ал сенім артпай Құдайға ұнау мүмкін емес. Құдайға келген әркім Оның бар екеніне сенуге және Өзін іздеп, жақыннан танығысы келгендерді Құдайдың жарылқайтынына илануға тиіс» (Еврейлерге хат 11:6). Яғни, Құдайды күмәндана немесе жай қызық көріп із-

дегендерді емес, сеніммен іздеп, жақыннан танығысы келгендерді Ол жарылқайды. Егер Құдайды шын жүрегіңізбен іздеп, сұрағыңызға жауап күтсеңіз, осы өмірге қандай мақсатпен келгеніңізді Құдай ашып береді.

Пердью университетінің студенттер қауымында құтқарылған болатынмын. Сол мезеттен бастап, өзіме арналған Құдайдың жоспарын білуге тырыстым. Мамандығым инженер болғандықтан, әр семестрден кейін IBM-де (электронды есептеу машиналарын шығаратын компания) жұмыс істейтінмін. Құдайдың өзіме берген тапсырмасын білуге құлшынғанымның бір себебі – Құдайдың еркін орындағым келгені, екіншісі – жұмыс орнымдағы бір кездесу. Исаға келгеніме бірнеше ай болған, әріптесінің осы компанияда жұмыс істегеніне отыз сегіз жыл толғанын тойлауға жиналған оншақты инженердің арасында мен де болдым. Әңгіме баяу жүріп жатты. Сөз арасында әлгі адам: «Отыз сегіз жыл бойы, күнбе-күн осы жұмысты жан-тәніммен жек көрумен болдым», – деді. Жолдастарының кейбірі басын изеп, енді біреулері түсіністікпен күліп қойды. Қайран қалдым.

Осы мамандардың арасында өзім жаңадан келген адам болғандықтан, ешкімнің басқа пікір айтпағанына таң қалдым. Ақыры «отыз сегіз жыл бойы бұл жұмысты неге істедіңіз?» дедім.

Әлгі кісі маған қарап, «бұл бар болғаны, жұмыс қой» деді.

Кенет өзімнің де осы жұмысымды аса сүймейтінімді түсіндім. Әкем инженер болатын, ақысы жақсы, тұрақты төленіп тұрады деп жұмысын мақтайтын. Алайда, әлгі инженердің сөзі көзқарасымды өзгертті. «Ақшаға да, тұрақтылыққа да, басқа ешбір нәрсеге де қарамастан, өмірге келген мақсатыма ұмтыламын» деп ойладым. Сол жерде тұрып, Құдайдың тапсырмасын білуге күш саламын деп бел будым да, келесі қадамым қандай болу керектігін ойлай бастадым.

Құдайға келгеннен бастап, Оны іздеп, жақыннан танығысы келген адамға Құдай оның өмірінің жалпы жобасын көр-

сететінін білдім. Басқаша айтқанда, Құдай болашағыңды бүгін-ақ көрсетеді. Жүсіпке Құдай көрнекті тұлға болатынын, әке-шешесі мен ағалары да өзіне қызмет етететінін бала кезінде-ақ көрсетті. Аян көп жылдан кейін орындалды.

Мұса Исраил халқын құтқаратынын қырық жыл бұрын білген. Дәуітке патша болатыныны мал бағып жүргенінде айтылды. Көп жыл өткеннен кейін ол Исраил тағына отырды. Осы тізімді жалғастыра беруге болады.

Жоспарым бакалавр дәрежесін алғаннан кейін білім алу-ды Гарвардта жалғастыру, Американың ең білікті мамандарының қатарына кіру болатын. Үйленемін, жылына бірнеше рет демалыс алатын боламын, барлық кірісімнің оннан бірін Құдайға беріп тұрамын. Құдайға қызмет ету жайлы түсінігім осындай болатын.

Құдайды іздеген сайын, қызметке аңсарым ауа түсті. Бұл жайт өзіме ұнай қоймады. Алайда, Құдайға бағынсам, өмірден қанағат пен қуаныш табатынымды түсінуге ақылым жетті. Бірде Құдайыма уәде бердім. Оған қайтсем де бағынатынымды айттым. Сонда Құдай маған болашағымды, мені қандай қызметке тағайындағанын көрсете бастады.

80-ші жылдардың басында-ақ Құдайдың сөзі арқылы көптеген халықтарға ықпал етететінімді көрсетті, ол үшін мен Құдайға мойынсұнуым қажет. Әрине, ондай зор қызмет санама да симады, жүзеге асуының бірде-бір жолы жоқтай көрінді, шағын ғана қаладан шыққан жігіттің, ұлттық немесе халықаралық деңгейдегі қызметкерлердің бірімен де таныс емес едім.

Жүсіп, Мұса, Дәуіттің мысалынан көргеніміздей, Құдай жететін мұратымызды көрсетеді, ал сол жолдағы қадамдарымызды егжей-тегжейлі айқындамайды. Соның арқасында біз ой-толғауға берілмей, сенімімізді ұстанамыз. Құдайдан сөз күтіп, айтқанын берік ұстануға тиіспіз, сонда мақсатымызға қарай қадам басамыз. Кейде өзіміз жасауға тиіс келесі қадамды жасасақ, ол бізді мақсатымызға жақындатпақ түгілі, алыстатып әкететін сияқты болады. Жетекші болатының-

ды біліп, сол арманыңа аңсай ұмтылғанда, құлдыққа түсу – дұрыс қадам ба? Міне, сондықтан бізге: «Өз ақыл-санаңа сүйеніп жүрме, Сенім арт шын жүректен Жаратқан Иеңе. Бар жағдайда да мойында Тәңір Иеңді, Сонда Ол тура жолмен жетелер сені», – деп айтылған (Нақыл сөздер 3:5, 6).

Жоғарыда айтылған кездесуден кейін бірнеше ай өтті. Колледждегі соңғы жылым еді. Студенттердің барлығы Алғыс күніне орай төрт күндік демалысқа кеткенде, жатақханада қалдым. Құдайдың өміріме деген еркі мен бағытын білмек боп ораза тұтып, мінәжат еттім. Екі айдан кейін келесі қадамымның қандай болатыны жайлы Құдайдан жауап алдым. Бұл қадам қызметке қарай алған беталысыма тіпті қарама-қарсы сияқты еді. Мен үшін ең дұрысы қызметкерлі дайындайтын мектепке түсу еді. Алайда, Ием инженер болып жұмысқа тұр деді. Сол себепті Құдай өз ақыл-санамызға сүйенбеуімізді талап етеді.

Университетте жүргенімде көптеген компанияның өкілдерімен кездескен болатынмын. Сол кездесулерде бірден түсінгенім, Техас штатындағы Даллас қаласында, «Роквелл» корпорациясында жұмыс істейтін боламын. Мұның еш мағынасы жоқ сияқты еді, Даллас қаласында қызметкерлерді дайындайтын мектеп жоқ еді. Тағы он үш қаладан жұмысқа шақыру алдым. Солардың кейбіреуінде қызметкерлерді дайындайтын мектептер бар болатын, және «Роквеллден» басқа компаниялардың төлейтін айлығы да көбірек. Дегенмен, Құдайдың айтқанын орындадым.

Далластағы қауымның табалдырығын аттағанымда, Құдай маған осы қауымға орнығуым қажет екенін айтты. Дәл сол қауымда жүргенімде, қызметімде өстім де, кейінірек қазіргі деңгейіме жеттім.

Екінші: тамыр жайдыңыз ба?

Сенушілер өміріне деген Құдайдың еркін таба алмауының екінші себебіне де жеттік. Олар жергілікті қауымда орнығып,

тамыр жаймаған. Құдайдың сөзі былай дейді: «Жаратқанның үйінде ол тамыр жаяды, Құдайымыздың ауласында құлпырады» (Забур 91:14).

Қазіргі кезде Жаратқанның үйі – жергілікті қауым. Сонда тамыр жайғандар *Құдайымыздың ауласында құлпырады*. Құдайымыздың аулаларының бірі – Мәсіхтің төрелік тағының алды. Демек, жергілікті қауымда тамыр жайсақ, қазір де, сотта да құлпыратын боламыз. Құдайдың жоспары осы.

Қауымды адам баласы емес, Құдайдың Өзі құрып, ұйымдастырды. Иса: «...Мен Өзіме сенушілердің қауымын *саламын*. Оны өлімнің күштері де жеңе алмайтын болады», – дейді (Матай жазға ізгі хабар 16:18). «Саламын» деген сөзге назар аударыңыз. Иса Өзі құрылыс басында жүрмесе, қауымды қалай салмақ? Оның жауабы: Өзінің Денесі, яғни, біз арқылы. Сол себептен де біз Құдаймен бірге еңбектенуші деп аталамыз. Рақым, қабілет, дарындар – Иемізден, құдірет беретін де – Құдай. Бірақ жұмыстың орындалуы үшін тіл алатын ыдыстар қажет. Гәп мынада: Құдаймен бірге Оның қауымын тұрғызамыз бе, әлде өз мүддемізді көздеп істеген істерімізді қызмет деп атаймыз ба?

Исаның жер бетіндегі Қауымы жергілікті қауымдарға бөлінген. Жергілікті қауымдардың жетеуіне жеке-жеке айтылған Исаның сөздерін Аян кітабынан оқимыз. Сол қауымдар Ефес, Смирна, Пергам, Тиатир, Сардис, Филадельфия, Лаодикия қалаларында еді.

Сонымен қатар Киелі жазба Қауымды Исаның Денесіне теңейді. Дүниежүзілік Қауымның жергілікті қауымдарға бөлінетініндей, Исаның Денесі де жергілікті денелерден тұрады.

Өз адамдарын Құдайдың Өзі үлестіреді. Пауыл елші жазады: «Іс жүзінде Құдай дене мүшелерінің әрқайсысын Өзінің қалауы бойынша орналастырған» (Қорынттықтарға арналған бірінші хат 12:18). *Қай қауымға баратынымызды өзіміз емес, Құдайдың Өзі таңдайтынын* айтсам, сізді қайран қалдыратын шығармын.

Осы жайлы бір сәт ойланып көріңіз. Құдайдан Оның Өзі біздің қайда болуымызды қалайтынын сұраудың орнына, қауымды киім таңдағандай немесе баратын мейрамхана таңдағандай таңдайтындар тым көп.

Исаның Денесіндегі Құдай өзіңе белгілеген орнында болмасаң, қызметіңді қалай таппақсың? Адам денесінің әрбір мүшесін Құдай ойластырған. Адамның қолы тізесінде орналасқан болса, қиын болар еді. Сондықтан, басқа қалаға көшуді немесе басқа қауымға ауысуды ойласақ, Құдайдың жоспарын біліп барып, әрекет еткеніміз дұрыс.

Жергілікті қауымда әрқайсымыздың атқаратын роліміз бар. Киелі жазбадан мынаны оқимыз: «Сонымен сендер бірігіп Мәсіхтің рухани денесі, ал жеке дара оның бір мүшесісіңдер. Құдай қауымда кейбіреулерді, біріншіден...» (Қорынттықтарға арналған бірінші хат 12:27, 28).

Осы сөзінен кейін Пауыл жергілікті қауымдағы басты қызметтерді атап шығады. Елші толық тізімді келтірмейді. Дегенмен, Жаңа Өсиеттің басқа үзінділерінен білеміз, Исаның денесінде әрқайсымыз дене мүшелеріндей маңызды роль атқарамыз. Исаның денесіндегі міндетімізді атқармасақ, жергілікті қауым да мүшелерінің бірі (мысалы, аяқ, көз немесе бүйрек) істен шыққан денедей зардап шегеді.

Қайғылы жайт, қауымдарымыздың жұмысы едәуір ақсауынан Иса Мәсіхтің қызметі толықтай жүзеге аспай отыр. Қауымдар осындай осалдыққа не себепті ұшырайды? Жетекшілердің өз міндетін дұрыс орындамауынан емес, көбінесе, сенушілердің өз бетінше өмір сүруінен. Көзім, аяғым немесе денемнің басқа бір мүшесі маған бағынбай, өз қалағанын істейтін болса, не болар еді? Қауымдарымыздың бүгінгі күйіне қарамастан, Құдай Америкада Өз ісін жүзеге асырып жатқанына таң қаламын.

Алғашқы қауымның соншалық қарқынды өсуінің сыры неде? Оқиық:

«Сенушілер елшілердің беріп жүрген тәлімін, өзара қарым-қатынастарын, нан ұзу рәсімін және Құдайға сиынуды берік ұстанып, жалғастыра берді...Мәсіхке сенушілердің барлығы біртұтас қауым болып ... отырды. Олар күн сайын ғибадатханада ниеттес көңілмен бірге болды; сонымен қатар өз үйлерінде де бас қосып, нан ұзу рәсімін орындап, ақпейілмен қуана бірге тамақ ішіп отырды, әрі Құдайды мадақтап дәріптеді. Бүкіл халық оларды ұнатты, ал Иеміз күн сайын тағы басқа адамдарды құтқарып, қауымына қосып отырды» (Елшілердің істері 2:42 – 47).

Байқадыңыз ба, сенушілер жергілікті қауымда орнығып, тамыр жайған еді. Олар Құдайды бірге мадақтады, барлығы бір уағыздарды тыңдады, бір мақсатқа ұмтылды, өмірлері ортақ болды. Сол себепті қауым өсті. Өзінің жергілікті қауымы арқылы сенушілер Құдайға қызмет етті, сол қызметі үйлеріндегі жеке өмірінде де жалғаса берді.

Жергілікті қауым алғашқы сенушілердің өмірінің ажырамас бөлігі болатын. Кейінірек, жесірлерге тамақ жетпей қалатын болғанда, қиындықтар туындады. Елшілер Құдай сөзін уағыздауды қойып, тамақ таратуға кіріскендері дұрыс болмайтынын айтты. «Бауырластар, сондықтан орталарыңнан абыройлы әрі Киелі Рух пен даналыққа бөленген жеті ер адамды таңдап алыңдар! Оларға осы міндетті жүкте-мекпіз» (Елшілердің істері 6:6,7).

Назар аударыңыз, елшілер: «Бізге еріктілер керек. Мына әйелдерге қызмет етуге уақытын бөлгісі келетіндер бар ма екен?» – деген жоқ. Жоқ, жергілікті қауымға тамыр жайғандықтан, сенушілердің барлығы да қызмет етуге әзір еді. Меніңше, олардың әрқайсысы қызметке шақырылатынына үміттенді. Жеті кісі іріктелді, сонда:

«Оларды елшілердің алдына алып келді де, Құдайға сиынып, үстеріне қолдарын қойып баталарын берді. Осылай Құдайдың сөзі кеңінен тарап, Иерусалимде Мәсіхтің жолын қуушы шәкірттерінің саны көбейе берді. Діни қызметкерлердің үлкен бір тобы да Мәсіхке мойынсұнып, сене бастады» (Елшілердің істері 6:6,7).

Осы жетеуі сахнада тұрып қызмет етуге емес, рухани жанұяның жетекшісі болуға емес, мадақтауды жүргізуге емес, миссионер болып басқа елге аттануға емес, қауымдағы жесірлерге қызмет етуге тағайындалып, бата алған еді!

Олар Исаның Денесіндегі елеусіз ғана көрінетін міндетіне кірісісімен, *Құдайдың сөзі кеңінен тарап*, Иерусалимдегі шәкірттердің саны *көбейе* түсті. Осында бір таңқаларлық жайтты көреміз. Елшілердің істері кітабында (1-5) «қосылды» деген сөз Иерусалимдегі қауымның өсуін суреттеу үшін бірнеше рет қолданылады. Бірнеше мысалды назарыңызға ұсынамын:

«Осылайша бұл күні қауымға үш мыңдай адам *қосылды*» (Елшілердің істері 2:4).

«ал Иеміз күн сайын тағы басқа адамдарды құтқарып, қауымына *қосыл* отырды» (Елшілердің істері 2:47).

«Барған сайын көптеген кісілер: еркектер де, әйелдер де Иемізге сенім артып, Оның қауымына *қосылып* жатты» (Елшілердің істері 5:14).

Осы мезетке дейін елшілер жергілікті қауымда қызмет етіп жүрді, тек Петір ғана уағыздаушы еді. Алайда, кейінірек сенушілер әрқайсысының екі салада жауапкершілігі бар екенін түсінді. Біріншісі – Ізгі хабарды басқаларға тарату, екіншісі – жергілікті қауымда атқаратын міндеті.

Әр сенуші Исаның қайта тірілуі жайлы ғажап әңгімені айта жүруге тиіс екендігі Елшілердің істерінде (5:42 – 6:1) айтылған. «Олар күн сайын ғибадатханада және үйлерде тәлім беріп, Исаның Мәсіх екендігін уағыздауларын тоқтатқан жоқ. Мәсіхтің жолын қуушы шәкірттерінің саны өсіп келе жатқан осы күндері...» Ол заманда радио, теледидар, интернет жоқ, сондықтан Петірдің уағызы әрбір үйге жетуі мүмкін емес еді.

Енді әрбір сенуші өз көршісіне ізгі хабар айтатын болды. Қауымға бірен-саран ғана адам қосылып жатқан жоқ, қауым өсіп-өніп көбейіп жатты. Елшілердің істері кітабында осындай көбеюді бірінші рет көріп отырмыз.

Алайда, әңгіме осымен бітпейді. Сенушілер қауымдағы өз орындарына тұрғаннан бастап, Мәсіхтің жолын қуушы шәкірттерінің саны *мейлінше өскенін* көреміз. Мейлінше өсу дегеніміз – экспоненциалды көбею!

Қосу мен көбейтудің (экспоненциалды көбею) арасындағы айырмашылықты түсіндіре кетуге рұқсат етіңіз. Әлдебір бағушы ай сайын Құдайға он мың адамды алып келеді дейік. Оның қызметі өте жемісті деп саналар еді, солай емес пе? Дүние жүзін қамту үшін ол кісіге қанша уақыт қажет болар еді? Бұл сұрақтың жауабы қайран қалдырады: 50 мың жыл, сол елу мың жылда адамзаттың саны артпаса да, кемімесе де, бір деңгейде сақталса, онда елу мың жыл керек екен! Адамзаттың жер бетін мекен еткен мерзімінен сегіз есе асатын мерзім. Мүмкін емес!

Ал енді, экспоненциалды көбеюді көрсететін мысал келтірейін. Мәселен, сіз екі адамды Құдайға алып келдіңіз, екеуі де сіздің қауымда қалды дейік. Келесі бірнеше айдың ішінде олардың әрқайсысы Құдайға екі адамнан әкелді. Енді бұл төртеуі де бірнеше айдың ішінде соны істеді. Келесі айда сегіз адамның әрқайсысы Құдайға екі адамнан әкеледі де, олар да қауымда қалады. Осылай жалғаса берсе, дүние жүзінің халқын Ізгі хабармен қамтуға қанша уақыт кететінін білесіз бе? Отыз үш ай! Иә, иә, үш жылға жетер-жетпес мерзім! Міне, мейлінше көбею деген осы.

Киелі кітаптан шын мәнінде не туралы оқитынымызды енді түсінесіз бе?

«Бұл екі жылға созылып, яһудилер болсын, гректер болсын Азия аймағының барлық тұрғындары Иеміз туралы Ізгі хабарды естіді» (Елшілердің істері 19:10).

Барлық тұрғындары. Киелі жазба *барлық* тұрғындары десе, *әрбір* адам деген сөз. Сөз бір қала жайлы емес, тұтас бір аймақ туралы. Оларда жерсеріктік байланыс, теледидар, радио, автокөлік, тіпті, велосипед те болған жоқ. Бұл нағыз экспоненциалды көбею еді.

Осындай көбею жүзеге асу үшін Исаның сенушілерден құралған Денесі салауатты болуға тиіс. Дертке шалдықпаған, сау Дене жергілікті қауымда тамыр жайып, қызмет ететін (мысалы, жесірлерге көмек, ұйымдастырушы, түрмеде қызмет, балалар қызметі, т.б.) сенушілерден тұрады. Олар жұмыс орнында әріптестеріне, тұратын жерлерінде көршілеріне ізгі хабарды жеткізіп, олардың жергілікті қауымда тамыр жаюына көмектеседі. Есіңізде болсын, Иса бізге барлық халықтың адамдарын Өзіне алып келуді ғана емес, оларды Исаға шәкірт етуді де бұйырған. Исаға өзіміз алып келген адамдардың қауымда тамыр жаюына көмектесуге тиіспіз, сонда олар Иеміз бізге өсиет еткеннің барлығын үйрене алады. (Матай жазған ізгі хабар 28:20 қараңыз). Сенушілер Мәсіхте рухани өсуі үшін жергілікті қауым мен ондағы дарындар қажет.

Жергілікті қауымның мүшесі болуда терең мән жатыр. Қауымда гүлденіп, құлпырамыз. Есіңізде болар, Філіп жесірлерге ас тарату қызметіне тағайындалған жеті қызметкердің бірі еді. Елшілердің істері кітабында, кейінірек, ол ізгі хабар таратушы деп аталған. Оның қызметі көптеген қалаларға тарады. «Ертеңіне Кесарияға бардық. Сол қалада біз Иерусалим қауымының жеті қызметшісінің бірі – Ізгі хабарды уағыздаушы Філіптің үйіне түсіп, сонда қалдық» (Елшілердің істері 21:8).

Енді Філіп ұлы ізгі хабар таратушы еді, сонда да ол әлгі жетудің бірі ретінде танымал. Жергілікті қауымдағы қызметі оның Құдайдың ұлы жоспарындағы өз орнын табуда аса маңызды болды. Мынаны айтудан жалықпаймын: «Ұлы істерге тағайындалған боларсың, алайда, сол ұлы қызметің жергілікті қауымға тамыр жаюдан бастау алмаса, жүзеге аспайды».

Рұқсат етсеңіз, жыршының сөзін тағы қайталайын: «Жаратқанның үйінде ол тамыр жаяды, Құдайымыздың ауласында құлпырады» (Забур 91:14).

«Тамыр жаяды» деген сөзге назар аударыңыз. Құдай патшалығының қағидаларын түсіну үшін егу мен ору заңын түсінуіміз қажет. Иса шәкірттеріне тұқым, топырақ, егін ору принциптерін түсінбесе, онда басқа да астарлы әңгімелерді де ұға алмайтынын айтты (Марқа жазған ізгі хабар 4:13 қараңыз).

«Иса тағы да былай деді: «Құдайдың Патшалығы мынаған ұқсас: біреу егіндікке тұқым сеуіпті. Ол ұйықтап жатсын, не жүріп-тұрсын, бәрібір, тұқым күні-түні көктеп, өсе береді. Әлгі адам оның қалай өсіп жатқанын түсінбейді. Жер өздігінен алдымен көк өскінді, содан кейін масағын шығарып, соңынан масақтағы дәндерді өсіріп толыстырады. Егін піскенде оратын мезгілі жетіп, диқан оған дереу орақ салады» (Марқа жазған ізгі хабар 4:26 – 29).

Мәселен, менде бір уыс тұқым бар дейік. Түрлі жеміс ағаштарының тұқымдары болсын. Бірақ қайсысы қай ағаштың тұқымы екенін танымаймын. Оны білудің бірден бір жолы – тұқымдарды егу. Осылай етсем, біраздан кейін әр тұқымның қандай ағаштың тұқымы екенін біле аламын.

Әрқайсымызды Құдай өзімізге тапсырған игі істеріне сай қабілет беріп жаратты. «Құдай бізді Иса Мәсіхпен тығыз байланыста болып, игі істер жасау үшін ерекше қылып жаратты. Соларды орындауымыз үшін Құдай бізге алдын ала жағдай туғызды да» (Ефестіктерге арналған хат 2:10), «Себебі Құдай уәде беріп, таңдап алғандығынан таймайды» (Римдіктерге хат 11:29). Исаның сөздерінен ұғатыным, менің әлденеге таңдап алынғандығым мен дарындарым тұқым күйінде. Өзімді қауымға «ексем», Құдай дайындап қойған тағдырым ашылады. «Екпесем», дарындарымды Құдайдың алдыма қойған мақсатынан басқа қайсыбір мақсаттарыма жету үшін қолдана аламын. Осыдүниелік стандарттарға сай табысты болғаныңызға алданып қалмаңыз. Дарын-қабілеттеріңізді

қолданып, өте жоғары жетістіктерге жетуіңіз мүмкін, алайда, өміріңіз Жаратушының жоспарына сай өтпейді.

Бірнеше мысал келтіргім келеді. Тыңдаушының жүрегін елжіретер тамаша дауысы бар әншілер көп. Осы дарын оларға Құдайды мадақтау үшін, адамдарды Құдайға еруге бағыттау үшін берілген еді. Алайда, сол әншілер Құдайдың тапсырмасын ешқашан да орындамақ емес, өйткені олар тәубе етіп, қауымның мүшесі болған жоқ.

Жүрегін Исаға ашқан, бірақ қауымға тұрақты түрде барып тұрмайтын адамдар да бар. Олар Құдай Патшалығындағы ең маңызды тапсырманы орындамайды, себебі қауымға келген жоқ. Әрине, олардың тапсырмасы – қауымнан тыс адамдарға ықпал ету болуы да мүмкін, олар сол тапсырманы ішінара орындап та жүрген шығар, алайда, қауымға тамыр жайған болса, олардың тағдыры тіпті басқа болар еді.

Адамның белгілі бір дарындары болуы мүмкін, сол дарындарын реті келгенде пайдаланатын да болар, алайда, тұқымды екпей ағаштың қандай болатынын (биіктігі, жемістері, жапырақтары) біле алмайтынымыз тәрізді, Құдай берген шынайы тағдырын қауымға тамыр жаймаған адам да біле алмайды. Мұны адам баласы ойлап тапқан жоқ, бұл Құдайдың заңы.

Қиындықтар басталысымен-ақ басқа қауымға ауыса бастайтын адамдар – тағы бір мәселе. Қазіргі кезде өз қауымынан, әсіресе жетекшіліктен, ұнамсыз нәрсе көрсе болды, басқа қауымға ауыса салатын адамдар көп. Оларға қауымды басқарудағы ерекшеліктер, құрбандықтарды жинау әдісі немесе ақшаның жұмсалуды ұнамауы мүмкін. Бағушының уағызы ұнамаса, олар кетіп қалады. Бағушы тым сөзшең, не тым суық болуы мүмкін. Қауым мүшелері оларға көңіл бөлмейді. Осы тізімді әлі де жалғастыруға болар еді. Қиындықтармен бетпе-бет кездесіп, үмітін жоғалтпай төзіп шығудың орнына, олар қиындықтардан қашып, «жақсы» қауым іздеп кетеді.

Шындығын айтайық: Иса ғана – мінсіз, ағат кетпейтін бағушы, қауымның мінсіз мүшесі. Олай болса, қиындыққа мойымай, сынаққа төзудің орнына, біз неге қиындықтан қашамыз? Мінсіз бағушы, көңілімізден шығар сенушілерді іздеп, қауымнан қауымға көшіп жүре береміз бе?

Есіңізде болсын, шайтан бізді ренжітіп, Құдайдың орналастырған жерінен жұлып тастағысы келеді. Ол бізді тамырымызбен жұлып тастамақ. Жұлып алу қолынан келсе, мақсатына жеткені. Егер үлкен жанжалдың ішінде де орныңнан мызғымасаң, шайтанның жоспарын бұзып, Құдайдың жоспарын орындайсың.

Тағы қайталайық: «Жаратқанның үйінде ол тамыр жаяды, Құдайымыздың ауласында құлпырады».

Үш апта сайын орнынан алынып, басқа жерге егілетін өсімдік не болмақ? Тамыры әлсірейді, дұрыс жетіліп, гүлдеу қабілетінен айырылады. Орнын ауыстыра беруді тоқтатпасақ, өсімдігіміз өледі.

Көптеген адамдар қауымнан қауымға ауысып жүріп, Құдайдың тапсырмасын орындамақ болады. Құдай өздерін орнықтырған қауым олардың дарынын мойындамаса, өкпелеп қалады. Әлденеге келіспесе, ренжиді де, қауым жетекшілігіне айып тағып кете барады. Өз мінезінің кемшілігін көрмейді, қиындық арқылы Құдай оларды түзетпек екенін түсінбейді. (Тек қауымдағы қиындықтар ғана емес, жұмыстағы, от басындағы қарым-қатынаста болатын қиындықтарды да айтамын).

Үлгі болсын деп Құдайдың Өзі бізге берген өсімдіктер мен ағаштарды мысал ретінде қарастырайық. Топыраққа егілгеннен кейін жеміс ағашының көшетіне жаңбыр, жел, аптап ыстық әсер етуі тиіс. Көшет сөйлей алар болса, «мені мына жерден алыңыз! Жаңбыр, жел, аптап ыстық жоқ жерге отырғызыңыз!» – дер еді.

Бағбан көшеттің тілін алса, көшетке ол өте зиянды болар еді.

Тамырын тереңге жайған ағаштар аптапқа да, жел мен жаңбырға да төтеп бере алады. Көтерген қиындықтарының арқасында шынығып, тұрақты түрде жеміс бере алатын болады. Қоршаған ортадағы қатаң жағдайлар нәрді тереңнен іздеуіне түрткі болады. Уақыт өте тіпті дауыл жел де сол ағаштардың жеміс беруіне әсер ете алмайтын болады. Осыны есімізде сақтап, біздің өмірімізде Құдайдың Өзі жол берген қиындықтардан қашпайық, сол қиындықтар бізді Құдайдың жоспарында орнықтырады.

Үшінші: сізді ауыртпалық басып жүрген жоқ па?

Сенушілердің Құдайдың жоспарындағы өз орнын таба алмауының, Құдайдың өздеріне берілген тапсырмасын орындай алмауының, соңғы себебі – ауыртпалық. Ауыртпалық жарыста озып, жұлде алудан іркіп қалады.

Пауыл елші өзі туралы былай дейді: «Бірақ мен өз жанымды ойламай, тиісті өмір жолыммен жүре отырып, Иеміз Исаның маған тапсырған ісін аяқтасам, Құдайдың рақымы туралы Ізгі хабарды уағыздап жеткізсем болғаны» (Елшілердің істері 20:24). Ол өмірдегі өз миссиясын анық түсінген. Елшіге берілген тапсырма бар, сол тапсырма толығымен орындалып болған жоқ. Осының бәрін қайдан білді? Иса білгендей, Петір білгендей, Қауым мен төзімділікте тамыр жайған, Құдайды жақыннан танып білуге ұмтылған басқа да адамдар білгендей (Петірдің екінші хаты 1:14). Иеміз бұл білімді Құдайдың еркін орындауды өз өмірінен жоғары бағалайтындардың бәріне береді. Соңғы сыр мынада – Құдайдың жоспарын орындауға өзімізді толықтай арнасақ, Құдайдың тапсырмасын біліп қана қоймаймыз, оны орындап та шыға аламыз.

Ізгі хабарда осының бір үлгісін көреміз. Бірде Иса бір қаладан шығып, басқа қалаға бара жатады. «Иса шәкірттерін ертіп жолда кетіп бара жатқанда, бір кісі Оған: Мырза, қайда барсаңыз да, мен Сізге еремін, – деді» (Лұқа жазған ізгі хабар 9:57).

болған адамның тұңғыш баласы жерлеу парызын орындап шықса, әкеден қалған мұрадан үлесін еке есе алады. Басқа балаларына бір-бір еншіден тиеді.

Ал егер әкесін жерлеу парызын орындамаса, екі есе үлес екінші ұлға ауысады.

Бұл адамның ойлағаны – ақша болатын. Қамсыз өмірге үйренген ол Исаға еруден бас тартты. Молшылықты жақсы көретін, Исаға еруіне сонысы бөгет болды. Оның шешімі Құдайдың жоспарына емес, қаражат жағдайына негізделді.

Исадан әлгіндей кеңес естігеннен кейін, оның аулақ кеткеніне күмәнім жоқ. Жігіттің жауабы мынадай болса керек: «Иса, Сен өткізген конференцияларда қызмет етіп жүрмін. Хорда өлең айтамын, барабанда ойнаймын. Ол қолымнан келеді. Осыларды ақысыз-ақ қуана істеймін». Бұл кісінің де Исаға еруге деген жалындаған құлшынысы сөніп қалды.

Байқасаңыз, жігіт Исаға еруден бас тартқан жоқ. Исаға ереді, бірақ оның ниеті «алдымен үйге барып, әкем ... сүйегін жерлеп келейін» деген сөзінен танылады. Еншісінен айырылып қалғысы келмейді.

Құдайдың өмірімізге деген жоспарын біліп, орындаймыз десек, ешбір нәрсені Құдайдан жоғары қоймауымыз шарт. Алдымен өз мақсаттарына жетуді көздеп, Құдайға бағынбай кеткен көптеген сенушілерді көрдім. Енді басқа біреу олардың орнын басып, міндетін орындауға тиіс. Сот алдында олар қалай ақталмақ?

Ізгі хабардағы әлгі әңгімемізге қайта оралайық. Исаны айнала қоршап тұрған жұрт біртіндеп сирей берді. Кенет тағы бір жігіт ортаға шықты.

«Тағы басқа біреу Исаға: – Мырза, мен Сізге еремін. Бірақ алдымен қайтып барып, үй ішіммен қоштасып келуге рұқсат етіңізші, – деді. Иса оған: – Артына қарай берген соқашыдай жалтақ адам Құдайдың Патшалығы үшін тиімсіз, – деп жауап берді» (Лұқа жазған ізгі хабар 9:61,62).

Тағы да «алдымен» деген сөз. Бұл адамның туыстарымен де, достарымен де қарым-қатынасы өте жылы да жақын болса керек. Бәлкім, қалыңдығы бар, Галилеядан келген осынау Адамға еру-ермеуін сүйіктісімен ақылдасып шешкісі келген шығар. Жақындарымен қарым-қатынасы Исаға қалай қызмет ететінінде шешуші фактор болды. Сондықтан бұл жігіттің Құдай Патшалығында қызмет етуге жарамайтынын Иса тікелей айтты.

Бұл адамның да, басқалар тәрізді шеттеп шығып бара жатқанын көріп тұрғандаймын. Оның «Иса, мен бұқарамен байланыс жөніндегі маманмын. Сенің қызметінде кеңесші болсам, Саған жақсы мамандар тауып берер едім. Сонымен қатар, қаламыздағы келесі жиналысыңды өткізетін жақсы конференц-зал да тауып бере аламын. Сен келгенде жиналысыңда қызмет ететін ұйымдастырушылар үшін жауап беремін. Онымен қоймай, өзім де ұйымдастырушы болып қызмет етуге дайынмын. Маған сен!»

Осы кезде Исаның соңынан ерген талапкерлердің қалың тобыры сиреп, жетпіс шақты адам қалса керек-ті. Басында мыңдаған адам болған шығар, алайда, Иса Құдайдың дайындап қойған жоспарына кіруге бөгет болатын негізгі үш ауыртпалықты: қауіпсіздік, ақша, қарым-қатынасты жарыққа шығарып, көрсете бастады. (Басқа да салалар бар, мысалы, ләззатқұмарлық, Құдайдың жоспарына кірмейтін нәрселерді қалау, т.б. Көп жылдық қызметімнің тәжірибесінен түйгенім, әлгі үшеуі негізгі мәселе болып табылады).

Мәтін тарауларға бөлінгендіктен, Лұқаның келесі маңызды мәлімдемесі Ізгі хабарды оқыған адамдардың көбісінің назарынан тыс қалып қояды. Есіңізде болар, Лұқа біртұтас хат жазған, кейін, керек аятты табуға ыңғайлы болу үшін, хат тараулар мен аяттарға бөлінген болатын. Лұқа былай дейді:

«Содан кейін Иеміз Иса тағы басқа жетпіс шәкіртін таңдап алып, оларды Өзі баратын барлық қалалар мен ауылдарға Өзі-

нен бұрын екі-екіден жіберді. Иеміз шәкірттеріне былай деп тапсырма берді: Оратын егін көп, бірақ жұмысшылар аз. Сондықтан егіннің Иесінен оны жинап алатын жұмысшылар жіберуін өтініңдер!» (Лұқа жазған ізгі хабар 10:1,2).

Осы екі аятта қаншама көп сыр жатыр. Ең алдымен «осыдан кейін» деген сөзге назар аударыңыз. «Неден кейін?» деген сұрақ туындайды. Жауап мынау: қалың тобыр сейіліп, Исаның жанында ат төбеліндей аз ғана адам қалғаннан соң. Сол қалғандар: *«Исаға еруімнің құны қандай болса да, Оған еремін. Соны қалаймын, солай етемін!»* дегендер. Олар Исаның қауіпсіздік, ақша және қарым-қатынас туралы айтқандарын естіді, алайда, өмірлерінде Құдайдың жоспары жүзеге асуы керек. Ешбір нәрсенің осыған бөгет болуына жол бермек емес.

Осыдан кейін Иса командасына жаңадан жетпіс адам алды, жанында қалған жетпіс адам болса керек. Жаңа Өсиетте *«таңдап алынған»* және *«тағайындалған»* сөздері мағыналас. Тағайындалған адам таңдалған, ал таңдалып алынған адам – тағайындалған. Матай жазған ізгі хабарда Иса осыны екі рет айтады. Егер Исаның сөзі бір ізгі хабарда екі рет қайталанса, оған тереңірек мән беруге тиіспіз. Сол сөз міне: «Себебі шақырылғандар көп, ал таңдап алынғандар аз» (Матай жазған ізгі хабар 22:14).

Шақырылғандар көп. Қаншалықты көп? Дәл айтсақ, барлығымыз. Әрбір сенуші Құдайдың өзіне берген тапсырмасын орындауға шақырылған және сол міндетті орындауға қажет қабілет-дарынға ие. Алайда, қайран қалдыратын жайт, санаулы ғана таңдалғандар сол тапсырманы орындап шығады. Таңдап алынғандар неге аз? Өйткені, өмірлік тапсырмасын орындау үшін өз қалауларынан, қауіпсіздігінен, ақшақұмарлықтан, қарым-қатынастан бас тарта алатындар санаулы.

Исаның «оратын егін көп, бірақ жұмысшылар аз» деген сөзіне назар аударыңыз (Матай жазған ізгі хабар 9:37).

Халқымыздың әлі күнге дейін құтқарылмағаны – Құдайдың жазығы емес. «Ол барлық адамдардың құтқарылып, шындықты біліп алуларын қалайды» (Тимотеге арналған бірінші хат 2:4).

Мәсіхтің төрелік тағының алдында тұрып, замандастарымыздың құтқарылмай кеткені үшін жауап беретін боламыз. Құдайдың алдында міндетімізді орындаған болсақ, жазаға кесілмейміз, ал ауыртпалықтардың өзімізді тоқтатуына жол берсек, Сотта ақиқатпен бетпе-бет кездесеміз.

«Мен бар болғаны, көптің бірімін» дерсіз. Бауырыңыз: «Мен бір елеусіз ағзамын, денедегі көп мүшелердің бірімін, менің жұмысымды ешкім көрмейді де байқамайды, сондықтан, жаратылғандағы міндетімді қойып, өз шаруама кірісsem қайтеді?» – десе, қалай болар еді? Өзіңіз білесіз, бауыр істен шықса, адам өміріне қауіп төнеді. Ал сол сөзді өкпеңіз де, аяғыңыз да, денеңіздің басқа мүшелері де айтса, не болмақ? Дененің әрбір мүшесі қаншалықты маңызды болса, қауымның әр мүшесі де соншалық маңызды.

Енді ес жиғызар жаңалық. Құдайдың үйін салудағы құрылыста кейбіреулер ғана құрылысшы ретіндегі тағдырын орындайды. Құдайдың құрылысына құрылысшы ретінде сенушілердің барлығы шақырылған, бірақ сол тапсырманы кейбіреулері ғана орындай алады. Мәсіхтің төрелік тағының алдында сенушілердің көбісі шығынға душар болып, айтулы сый-марапаттарын ала алмай қалады.

Бұл айтқаным жабырқау жаңалық екенін білемін. Жақсы жаңалығым да бар: қазір бастауға болады. Құдайдың алдында бас иіп, мінәжат етіңіз. Өзіңізді Оның еркіне бағынудан айнытқан нәрселер үшін кешірім сұраңыз. Енді қадамдап алға қарай жүре беріңіз. Жиырмасыншы ғасырдың көрнекті ізгі хабар таратушысы Смит Вигглсворт қызметін елуге келгенде бастады. Сізге де кеш емес.

Мынаны есіңізде сақтаңыз: біріншіден, Құдайды сеніммен іздеу, екіншіден, жергілікті қауымға мүше болу, сол қауымдағы жетекшіңізге мойынсұну, үшіншіден, ауыртпалықтан арылу.

Құдай сізге ауыртпалықтарыңызды көрсетсе, сол ауыртпалықтардың жаныңызды не тәніңізді шырмаған шырмауларын Оның қылышы шауып тастауын сұраңыз. Жаратқан Иеміздің рақымы бізге молынан берілген.

Толық жүлде

Келесі тарауды бастамастан бұрын, қорытынды сөз айтқым келеді. Көптеген адамдар Құдайдың үйін салуға кіріспестен кетті, енді біреулері бастап, аяқсыз қалдырды. Олар ертең ғайып болатын даңқтың соңында кетті. Осы дүниенің игіліктеріне, байлыққа, билікке, абырой-атаққа ұмтылды. Оның барлығы – өткінші. Өзіңізді өзіңіз алдамаңыз, алданып, жолдан таймаңыз, бағыттан айнымаңыз. Мақсатыңыздан көзіңізді алмаңыз. Мәсіх берген тапсырмаңыз бар. Ісіңіз толық орындалуы тиіс.

Маусымдық жұмысы, тіпті, өмірлік еңбегі де Мәсіхтің әділ төрелігіне төзе алмайтын адамдар болады. Еңбектері өртеніп кетеді де, Құдайдың мәңгі үйіне үлес қоса алмай қалады. Сұмдық емес пе?

Осы айтқанымды түсіндіру үшін өз үйімнің құрылысында болған жайтты мысалға келтіруіме рұқсат етіңіз. Мен құрылыс алаңына күнде барып тұратынмын, сол себепті құрылысшылар мені жақсы танитын. Олар мені «уағыздаушы» деп атайтын.

Құрылыс басына жақындай бергенімде салынып жатқан үйдің ішінен ауыр рок-музыканың дыбысын естимін. Үнемі солай. Мені көре сала, құрылысшылардың бірі жүгіріп барып музыканы сөндіре қояды. Құдайдың қызметкеріне деген құрметін көріп, іштей жымиямын. Сосын аздап сөйлесеміз. Кей-

де әңгімеміз едәуір қызық болатын, кейбір кезде оларға қызмет етудің орайы да келетін.

Бірде құрылысшы жігіттер салынуына өздері үлес қосқан тамаша үйлерді әңгіме етті.

Сол үйлерді салуға өздерінің қосқан үлесін айтқанда, жүздері қуаныш пен мақтаныштан нұрланып кетті. Сондай айтулы жұмысқа қатысқанына көңілдері риза, мақтан тұтатыны көрініп тұр. Ұялатын іс емес, үй егелері мен сол үйді көрген адамдардың барлығына тек пайдасы тиген, мақтанарлық іс.

Ойымызды жалғастырайық. Вашингтондағы Ақ үйді салған құрылысшының өзін қалай сезінетінін түсініп көрейік. Бір күні балалары мектептен келіп, жақында сыныптастарымен бірге бүкіл елдегі ең танымал үйлердің біріне баратынын масаттана айтады.

Бақытты әке баласына сол үйді салуға қатысқаны туралы әңгіме айтады. Енді баласының сыныбымен бірге Пенсильвания-авеню, 1600-шы үйге экскурсияға барғанда қандай тамаша сезімдер жүрегін кернейтінін ойлап көріңізші. Әкесі АҚШ президентінің ордасын салысқанын балалардың барлығы білгенде баласының жүзі қуаныш пен мақтаныштан гүл-гүл жайнайды. Соны көрген әке қалай шаттанады десеңізші!

Біз де солай. Біздің салып жүргеніміз – бір күні бұзылып, орнына басқа үй салынатын ғимарат емес. Мәңгі-бақи бүкіл ғаламның назарында болатын үйді салысудамыз. Иә, дәл солай! Миха пайғамбардың жазып қалдырған мына сөзін есіңізге салмақпын:

«Енді жүріңдер, Жаратқан Иенің, Жақыптың халқы сиынған Құдайдың, Сион тауындағы киелі үйіне Өрлеп барайық барлығымыз, кәне! Сол жерде Жасаған Иеміз бізге Ақ жолын нұсқайды, сонымен жүрейік, Оның әділ еркін орындай берейік!» – деп, көп ұлттар жолға шығады бірігіп. Сөзін таратады тәлімін үйретіп Жаратқан Ие Иерусалимнен, Сиондағы өз киелі үйінен» (Миха 4:2).

Ғаламның барлық істері сол үйде шешілетін болады. Жаратылысты басқаратын даналық пен заңдар сол үйден шығады.

Ғажабы, Құдайдың үйі он триллион жыл өткенде де, салынып болған күндегідей сәулетті болады.

Ақырына дейін адал болып қалған Ізгі хабардың бір қызметкері алпыс жылдан астам жемісті қызмет етті. Ол қадірменді қызметкер жаңа мыңжылдықтың қарсаңында жүлдесін алуға кетті. Арада бір жыл өте, Таяу Шығыстағы бір үлкен қауымға бардым. Мадақтау тобының жетекшісіне Құдай анық аян берген екен. Ол аспанға барып, әлгі қызметкермен кездесіпті. Жарқын жүзбен, жас мадақтаушыға күлімсірей қарап: «Мұнда мен ойлағаннан анағұрлым жақсы екен», – депті ол кісі.

Олар біраз әңгімелескен екен, Құдай сөзіндегі ақиқаттар туралы, болған жағдайлар, болашақтағы оқиғалар жайлы сөз болыпты. Содан соң әлгі қызметкер бұрылып, Сиондағы өзі атқарған жұмыстың жемісін көрсетеді. Оның қосқан үлесі зор екен. Ықпалы өзі армандағаннан әлдеқайда алыс та кең тарапты, аспанға барғанда соны толық көрген. Салған үйлері жайлы әңгіме айтқан әлгі құрылысшылар тәрізді, ол да жұмысын көрсете алатын болыпты. Міне, мәңгі марапат!

Мәңгілік бойы Құдайдың Сион атты салтанатты үйіне келген үрім-бұтағыңыз ғана емес, басқа халықтарға да сол үйдің құрылысына қосқан өз үлесіңізді көрсете алатын боласыз. Сол жайлы бір сәт ойланып көріңізші.

Ал енді басқа жағын қарастырайық. Жолыңызды ақырына дейін дұрыс жүріп өтпедіңіз де, еңбегіңізден түк қалмады дейік. Аталарыңыз бен ұрпақтарыңыз еңбегіңізді көруге келгенде, оларға не көрсетесіз? Бүтін бір халықтар сіздің қосқан үлесіңізді көуге келгенде, оларға мәңгілікте көрсететініңіз болмайды, өйткені сіздің салғаныңыз түгел өртеніп кетті де, орны қайта қаланды. Осыны көз алдыңызға елестетіп көріңіз. Пауыл елші жазады:

«Кімнің салғаны сыннан аман қалса, жақсы; ал сынға төзбесе, онда сол адамның салғаны бұзылып, қайта салынады» (Қорынттықтарға арналған бірінші хат 3:14,15, The Message).

Бұл шынында орны толмас шығын. Аңы болса да, шындық осы. Қымбатты достым, мұндай жағдайға ұшырауыңызды қаламаймын. Құдай да қаламайды. Мұндай жағдайға қалмайтыныңызға белді бекем буып, дәл қазір шешім қабылдай аласыз. Құдай сізге Сионды салуға рақымын береді. Жохан елші жазады:

«Еңбекпен қол жеткізгендеріңді жоғалтпай, Иемізден толық сыйларыңды алу үшін байқап жүріңдер!» (Жоханның екінші хаты 8).

Үйінің құрылысына қосқан үлесі үшін Құдайдың әрбір перзенті алатын толық сыйын Көктегі әкеміз әлдеқашан дайындап қойған. Еңбегіңіз солмайтын, тозбайтын, ескірмейтін, алмастыруды қажет етпейтін асыл еңбек болуы мүмкін. Құдайдың рақымына үміт артып, құрылысқа барыңызды салсаңыз, сіздің атқарған ісіңізге миллиардтаған періште мен адам мәңгі-бақи сүйсіне қарайтын болады.

ТАЛДАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

5-ШІ БӨЛІМ: 11, 12-ТАРАУЛАР

1. Жаратқан Иеміз біздің көмегімізді қажет етпейді, дегенмен, біздің Өзімен бірге еңбек еткенімізді қалайды. Осы жайт Оның мінезін қалай сипаттайды? Құдай Патшалығын ше? Біздің өзімізді ше?
2. Забур жырында айтылғандай, (138:16) біз дүниеге келмей тұрып, Құдай әрқайсымыз туралы кітап жазып қойған. Сол кітапта өміріміздің әрбір сәті жазылған. Құдайдың әрбірімізге нақты не бұйырғанын қалай біле аламыз?
3. Құдайдың нақты тапсырмасын орындаудың орнына жақсы болып көрінетін істермен айналысып жүріп, өміріңді өткізу әбден мүмкін және бәрінен оңайы сол шығар. Қорыққаныңыздан немесе көңіліңіз қалғандықтан істеп жүрген нәрселеріңіз бар ма? Өміріңіздің сол салаларын Құдайдың жаңартуын қалайсыз ба?
4. Он екінші тарауда Құдайдың еркін орындаудың үш сырын аштық; Құдайды шын жүреппен іздеу, қауымға тамыр жаю, ауыртпалықтан азат болу. Осылардың қайсысын қолға алуыңыз қажет? Осы талаптарды орындау үшін не істеуге тиіссіз?
5. Мәңгілікте жүлдемізді толықтай алуымыз да, жарым-жартылай алуымыз да, тіпті жүлдесіз қалуымыз да мүмкін. Сіздің ойыңызша, толық жүлде деген не?

A rectangular frame with a thin black border. At each of the four corners, there is a decorative ornament consisting of a small black semi-circle and several short, radiating lines, resembling a stylized sun or starburst.

6 - ШЫ БӨЛІМ

13-ТАРАУ

МОЛАЯ ТҮСУ

*Қазір-ақ орушылар жалақыларын алып,
мәңгілік өмірге арналған өнімді жинап жатыр.
Осылай егінді еккен де, жинаған да бірге қуанады.
«Біреу еккенді біреу орады» деген мақал осы
жағдайда рас болып тұр.*

— Жохан жазған ізші хабар 4:36, 37

*Егуші мен суғарушы екеуіміздің
мақсатымыз бірдей, әрқайсымыз да еткен
еңбегімізге қарай Тәңір Иемізден лайықты
сыйымызды алатын боламыз*

— Қорынттықтарға арналған бірінші хат 3:8

Құдайдың үйін салып, Құдай Патшалығында адал қызмет еткен адам тамаша мәңгі жүлдесін алады. Әрбіріміз сіңірген еңбегімізге қарай жеке-жеке марапатталамыз. Әрқайсымызға жеке жауапкершілік берілген. Алайда сенушілерге берілген тапсырмалардың барлығы бір мақсатты көздейді: мәңгіліктің адамдардың өміріне әсерін тигізуі.

Көптеген сенушілердің ойынша, мыңдаған адамның өміріне ықпал еткен қызметкерлер ғана аспанда ең жоғары марапатқа ие болады. Шын мәнінде, олай емес. Құдайымыз еңбегімізді таразылағанда адами стандарттарға сүйенбейді. Құдайға бағынып істеген әділ істерімізге қарайды. Олай болмаса, қызметіміздің бар мақсаты – жаңа жетістіктер болар еді. Соңғы тарауда көргеніміздей, Құдай бізге төрелік еткенде, тапсырмасын қалай орындағанымызға қарайды.

Рақым арқылы келетін күш

Мәсіхтің туылуынан 56 жыл өткеннен соң, қызметін тәмамдауынан он жыл бұрын Пауыл елші өзі туралы «елшілердің ішіндегі ең лайықсызы» (Қорынттықтарға арналған бірінші хат 15:9) деп жазды. Мәсіхшілік тарихын зерттеп жүрген адамға бұл сөз оғаш көрінуі мүмкін. Пауыл елші ізгі хабарды сол кездегі мәлім болған дүниеге түгелдей таратты. Оның істері замандастарының барлығынан да асып түсті. Елші осыны неге теріске шығарады? Асыра айтты ма? Бұлай болуы мүмкін емес, Киелі жазбада өтірік жазылмайды. Бір ғана жағдайда, – Пауыл елші шынымен де солай ойлаған болса ғана, Киелі Рух осылай айтуына жол беруі мүмкін.

Бұл жұмбақтың шешуін хатты әрі қарай оқысақ, табамыз. «Бірақ та Құдайдың рақымымен қазір қандай болсам, сондай болдым. Оның рақымы бойымда бекер болған да емес. Қайта, басқалардың барлығынан көп еңбек еттім, ал шын мәнісінде мен өзім емес, маған жар болған Құдайдың рақымы еңбектенді» (Қорынттықтарға арналған екінші хат 15:10).

Пауыл елші өзін елші деп аталуға да лайықсыз санай тұра, жетістіктері басқа елшілердің жетістіктерінен ірі екенін мойындайтыны ойландырады. Осы тосын пікірді түсінуге елшінің мына сөзі көмектеседі: «Бірақ та Құдайдың рақымымен қазір қандай болсам, сондай болдым». Пауыл өзін бір бөлек, Құдайдың ол арқылы істеген істерін бір бөлек қарастырады екен. Құдайдың рақымына ештеңе де қоса алмайтынын, өз қабілетінен асатын істерді істеу қолынан келмейтінін жақсы түсінеді. Мұны *рақым* ғана жүзеге асыра алады. Құдайдың берген тапсырмасын орындауға келгенде, әр сенуші солай.

Қызметтегі жеке тәжірибемнен мысал келтірмекпін. Кітаптарым тоқсаннан астам тілге аударылған, көптеген миллион дана көлемінде басылып шығып жатыр. Сол кітап-

тарды оқыған адамдардың өміріндегі өзгерістер туралы куәліктердің саны есепсіз.

Менен кітап жазуда табысты болудың сырын сұрайтындар көп. Ағылшын тілі пәніндегі жетістіктерім мен Құдайдың рақымы әсер етпестен бұрын қандай жазушы болғаным есіме түссе, күлкім келеді. Ағылшын тілінде екі бет шығарма жазуға бірнеше сағат уақытым кететін. Ал қазіргі уақытта кітап жазып отырғанымда сөз өздігінен төгіліп отырғандай болады. Кітапты Кім жазып отырғанын айқын сезінемін. Шынтуайтына келгенде, мен – сол кітаптарды оқитын алғашқы оқырманмын.

Бірде танымал теледидар бағдарламасына сұхбат беруге шақыру алдым. Бағдарламада кітаптарымдағы жолдау жайында сөз болды. Әңгіме барысында жүргізуші кітаптарымдағы Құдайдың жолдауын айтудың орнына, менің өзім мен жеткен жетістіктерімді айтып кетті. Өзімді жайсыз сезініп, әңгімені дұрыс бағытқа бұру үшін іштей Киелі Рухтан көмек сұрадым.

Бір сәт әңгіме кідіріп қалды, сол мезетте Киелі Рух аузыма салған сөзді айта қойдым. Сүлеймен патшаның сөзін келтірдім: «Құдай не істесе, соның мәңгі болатынын, одан ештеңе алынып, оған ештеңе қосылмайтынын да ұқтым. Құдай бұны Өзін адамдар терең қастерлеу үшін солай етті. Болып жатқан және болашақта болатын жайттар бұрын да болып кеткен. Ал Құдай өтіп кеткен солардың қайталануын қадағалайды» (Уағыздаушы 3:14,15).

Осы сөзден кейін: «Құдайдың тапсырғанын орындап жүрген сансыз көп бағушылар мен қызметкерлер бар. Ауылды жердегі үш жүз адамы бар қауымды басқаратындар бар. Енді біреулері дамып келе жатқан елдерде аш-жалаңаштарға, өлім аузындағыларға қызмет етуде. Олар өмірін миссионерлік жолына қиды. Енді біреулер қоғамға керек болмаған адамдарға қызмет етіп, қалаларда еңбектенеді. Басқалар жү-

мыс орнында адал қызмет етуде. Осы бағдарлама сол қызметкерлердің ешқайсысын көрсетпейтін шығар. Дегенмен, олар аспанда қатарынан озған жүлдегерлердің санатында болады. Өйткені, Құдайдың тапсырмасын ақ пейілмен, адал көңілмен орындап шықты».

Сөзімді жалғастырдым: «Өзіме келсем, Құдай маған нақты іс тапсырды, сол арқылы көптеген адамдардың өміріне ықпал етпек. Сіздің мені осы бағдарламаға шақыруыңыздың да себебі – сол. Алайда, Құдайдың Өзі маған берген тапсырмаға менің қосарым жоқ. Өз күшіммен ештеңені де өркендете алмаймын, ісімді алға бастыра алмаймын да. Жалғыз-ақ, қолымнан келері – істі бүлдіріп алу, содан қорқамын!»

Студиядағы көңіл-күй лезде өзгеріп сала берді. Бағдарламаның жүргізушісі, өзі халықаралық деңгейдегі қызметкер, жаңағы айтқанымды кенет терең ұғында да, сұхбаттың соңына дейін адамдарға қызмет ету тақырыбынан ауытқыған жоқ.

Осы ақиқат қай сенушіге болса да, қатысты. Сіздің тапсырмаңыз қандай болса да, ана болу ма, жергілікті қауымның балабақшасында қызмет ету ме, басқалар үшін мінәжат ету ме, сол міндетіңізді адалдықпен орындасаңыз, Құдайдың тілін алғаныңыз үшін зор сыйлық аласыз. Құдай сізді қауымыңыздың түрмедегі қызметіне шақырды ма, әлде қызметке қаржылай көмектесуді немесе бизнес саласындағы адамдарға ықпал етуді тапсырды ма, сол міндетіңізді шын көңіліңізбен, барыңызды салып орындасаңыз, Исаға мыңдаған адамдарды алып келген ізгі хабар таратушылармен бірдей жүлде аласыз.

Бұл әңгімені әлі де жалғастыра беруге болады. Меніңше, аспандағы жүлделі жеңімпаздардың арасында аналарды, бизнесмендерді, жұмысшыларды көреміз. Оларды Иеміз керемет сыйларымен марапаттайды.

Құдайдың жердегі әскері

Иса Мәсіхтің Қауымы – Құдайдың жердегі әскері. Бәріміз де өзімізге берілген тапсырманы орындау үшін лайықты жарақталғанбыз.

Көп жыл бұрын болған бір оқиға есімде. Бірде Құдай әйелім Лизаны оятып, аян көрсетті. Лизаға айбынды әскер көрсетілген болатын. Таңғы төртте көрген аянын айтып бермек болып мені оятты.

«Джон, аяндағы сарбаздардың әрқайсысы өз міндетін, өз орнын, өз жауапкершілігін біледі. Олардың сап құрып жүруі мінсіз еді. Саптардың ішінде бос орындар бар болатын, адамдар келіп, сол орындарға тұрып жатты. Қызметіміздің екі жерінен орын алып жүріп бара жатқан сен екеуімізді де көрдім. Ешкім де бағытты білу үшін басқаларға қарамайды; сарбаздардың барлығы бір адамдай сап түзеп, бірлікте жүріп бара жатты, барлығымыздың көзіміз Иемізде еді».

Осыны айтып болып, менің назарымды аударған тағы бір нәрсе қосты. «Ешкім де басқалардың орнын қызғанып, сол орынға қызыққан жоқ. Әрбір сарбаз Иеміздің дайындап қойған орнына риза, сол орында қызмет етуге дайын еді». Түсініп отырсыз ба? Бірде-бір адам басқаның орнын қызғанған жоқ. Әр адам өз орнында қызмет еткеніне риза, тіпті бақытты еді.

Осыны ойымызда сақтай отырып, есімізге үйге байланысты мысалды түсірейік: «Даналықпен үй салынар» (Нақыл сөздер 24:3). Үй салуда екі түрлі даналыққа сүйене аламыз. Бірі көктен келген даналық, бірі осы дүниелік, адами даналық.

«Араларыңдағы қайсың парасатты да саналысың? Сондай адам онысын үлгілі мінез-құлқымен, парасатты инабаттылығымен көрсетсін. Ал егер жүректерің удай қызғанышқа толып, қара бастарыңның абыройын ойласаңдар, онда даналықтарыңа мақтанбаңдар, әйтпесе шындықты бұрмалайсыңдар. Мұндай жалған «даналық» көктен келмейді. Керісін-

ше, ол осы күнәкар дүниеге, өз бетімен жүрген ескі болмысымызға және жын-перілерге тән. Қай жерде қызғаныш пен қара бастың абыройын ойлау болса, тәртіпсіздік пен зұлымдық атаулы да сол жерде» (Жақыптың хаты 3:13-16).

Істеген ісіміз қызғанышпен немесе өзімшілдікпен істелсе, нақты атқарған жұмысымыз да, оның қаншалықты жақсы болып көрінетіні де маңызды емес.

Олай болса, еш сый-марапат әкелмейтін, адами ниетпен, күнәар болмыстың жетелеуімен ғана қалағанымыз.

Вебстердің түсіндірме сөздігі «*қызғаныш*» деген сөзге мынадай анықтама береді: «басқа адамның жетістіктерін, мүлкін, игіліктерін иемденуге деген ашкөздік ниет, қанағатсыздық сезімі». Құдайдың тапсырмасына осы дүниелік көзқараспен қарасақ, қызғаныш мендейтіні сөзсіз. Пауыл елшінің қызметін қызғанған уағыздаушылар болған. Елші жазады: «Рас, кейбіреулері Мәсіхті қызғаныш пен күншілдіктен, ал басқалары ақниеттен уағыздап жүр. Бірқатарлары Мәсіхті ақпейілден емес, өз абырой-атақтары үшін уағыздайды: олар бұғаудағы маған одан да көп қасірет тартқызбақшы. Ал өзгелері Құдайдың мені Ізгі хабарды қорғауға тағайындағанын ұғып, оны сүйіспеншілікпен таратуда» (Філіпшіліктерге арналған хат 3:17).

Сол қызметкерлер Құдайдың өздеріне берген тапсырмасына қанағаттанбай, Пауылдың жетістіктерін қызғанатын. Бұл *қызғаныш өзімшілдік амбицияларынан* нәр алатын еді. *Амбиция* дегеніміз – әлденеге жетуге деген асқан құштарлық. Амбицияларымыз ескі болмыстан бастау алатын болса, онда басқалардың қамын ойламаймыз, басқаларға пайдалыны емес, өз мүддемізді көздейміз. Сондай ниеттерден берекесіздік пен жанжал туындайды, жамандық атаулыға есік ашылады.

Құдайдың даналығы, керісінше, *өзімшілдік амбициялар емес, Құдай Патшалығына деген ұмтылыс* тудырады. Құрылыс осындай ниетпен жүргізілсе, Иеміздің қалауына сай болады. Осындай даналық туралы: «Көктен келген дана-

лық адамды ең алдымен пәк таза қылады, содан кейін оны ынтымақшыл, төзімді, ымырашыл, қайырым мен игі істер жасағыш, ешкімді алаламайтын әділ қылып, екіжүзділіктен арылтады», – делінген (Жақыптың хаты 3:17).

Құдайдың даналығы ең алдымен пәк таза. Екіжүзді емес, іштей қызғанышқа немесе өзімшілдікке толы бола тұрып, сырт көзге Құдайға ұнайтындай болып көрінуге ұмтылмайды.

Оның ниеті – Иесіне адал болу, тапсырмасын қуана қабылдау. Оның мақсаты – атақты болу емес, Құдай тапсырған міндетіне адал болу. Құдай Патшалығының өркендеуі кім арқылы келсе де, сол өркендеуге қуанады. Үлес қосқан өзі ме, басқа біреу ме, ол маңызды емес.

Құдайдың даналығы өз пайдасы емес, әрқашан да басқалардың қамын ойлайды. Көктен келген даналық пәк таза, ынтымақшыл, төзімді, кішіпейіл, кінәратшылдықтан ада. Оның ең басты ниеті басқалардың Құдайға ұнамды өмір сүретінін, Құдайдың өзіне берген тапсырмасын орындап жүргенін көру. Қызметті жақсы көретін, алайда, адамдарды жек көретін сенушілер бар да, адамдарды сүйетін, ал қызметін оларға қызмет етудің құралы деп ұғатындар бар. Соңғысы – көктен келген даналыққа сүйенетіндер.

Көктен келген даналықтың тағы бір қыры – *бағыну*. Құдайдың жоспарындағы өзіміздің орнымызға риза болсақ, Иеміздің билігі мен басшылығына бағынамыз. Құдай үйінің құрылысында жалғыз Сәулетші, Дизайнер, Бас Құрылысшы бар екенін көреміз. Ол Өз Қауымындағы адамдарға Өзінің билігі мен қабілеттерін береді. Билікке бағынғандар Сотта сый-марапат алатын болады. Бағушының көмекшісі қызметінде жүріп қауымды бөлгендер, күйеуінің от басындағы билігіне қарсы тұрған әйелдер, жұмыс берушіден жалақы алып жүріп, өз бизнесін жүргізіп жүрген жұмыскерлер, т.б. – осылардың барлығы билікке қарсы бүлік шығарып жүріп, көптеген жетістікке жетсе де, сот алдында көп шығынға ұшырайды.

Жеткен жетістіктеріңізге қарап алданбаңыз. Бір жағынан Құдайдың билігіне қарсы тұрып, екінші жағынан зор табысқа жетуге де болады. Мұса пайғамбар соған мысал. Жаратқан Ие Мұсаға тіл қатып, мына жартасқа бұйыра сөйлеңдер деген еді. Мұса тілазарлық жасап, жартасқа бұйрық берудің орнына, таяғымен ашулана соқты. Сонда одан су мольынан сарқырап аға жөнелді. Шөл далада үш миллион адам суға қарық болып, шөлдерін қандырды.

Бәлкім, біріне бірі: «Құдай шынында да Мұсаны естиді екен. Не деген керемет!» – деп таңдай қағысқан болар.

Алайда, жұрт шөлін қандырған соң, Құдай Мұсаны оңаша алып шығып, уәде етілген жерге кірмейтінін айтты. Мұсаның істегені – нағыз керемет, тамаша жетістік еді. Бірақ нағыз табыстың көрсеткіші – жетістік емес, Құдайға бағынушылық. Көктен келген даналық Құдайды барлығынан жоғары қойып қастерлеуден бастау алады. Құдайды қастерлейтіндер Оның билігіне толықтай бағынады.

Жұбайым көрген аянға қайта оралайық, «Джон, – деді ол, – сарбаздардың бет әлпеті бір-бірінен айнымайды». Басқа сөзбен айтқанда, өңі, кескіні бірдей адамдардан тұратын әскер еді. Яғни, Құдайдың әскерінде жұлдыздар болуы мүмкін емес. Осыны терең ұғынсақ, қауымдағы басқа қызметкердің орнын алуға деген пиғылдан да, жоғарырақ лауазымға жетуді көздеп, Құдай тағайындаған билікке қарсы бүлік шығарудан да аулақ боламыз. Қауымда қалған жағдайда ғана, Құдайдың еркімен өрлеп-өркендейміз.

Түрлі деңгейлер

Ізгі хабарда ұқсас екі астарлы әңгіме бар. Екеуінде Қиямет сотына қатысты екі ақиқат бар. Бұл – ат басындай күміс пен қадақ күміс жайлы астарлы әңгімелер. Біріншісі, – ат басындай күміс туралы астарлы әңгіме, – сенушілердің Құдай бер-

ген тапсырмасы мен дарындарының деңгейі әртүрлі болатынына баса назар аударады. Иса былай дейді:

«Бұл жайт сапарға шықпақ болған бір кісінің әрекетіне ұқсас: ол кетер алдында қол астындағы қызметшілерін шақырып алып, оларға меншікті қаражатын аманаттап тапсырады: әрқайсысына қабілетіне қарай, біреуіне бес, келесісіне екі, тағы біреуіне бір ат басындай күміс береді. Содан кейін сапарына аттаныпты» (Матай жазған ізгі хабар 25:14,15).

Алыс сапарға аттанған қожайын Исаны, қызметшілері сіз бен бізді бейнелейді. Ат басындай күміс – сол заманғы қаражаттың өлшем бірлігі, алайда, астарлы әңгімеде басқа нәрсені бейнелейді.

Меніңше, бейнелейтіні – әрқайсымызға берілген тапсырманың ауқымы мен дарындарымыздың деңгейі. Кейбір сенушілерге бүтін бір халықты қамтитын қызмет тапсырылған болса, басқаларына – қалалық деңгейде, енді біріне – қауымда, үй тобының деңгейінде қызмет ету бұйырған. Сол сияқты, кітаптары миллиондаған адамға ықпал еткен жазушылар да бар, мыңдаған дана болып тараған кітаптардың авторлары да бар, жүздеген адамға әсерін тигізген жазушылар да бар. Тағы бір мысал, басшылық дарыны бар бір қызметкер қауымды алып қауым деңгейіне жеткізе алады, ал басқасы тек шағын не орташа қауымды ғана басқара алады. Кәсіпкерлік қабілетінің арқасында кәсіпорнын өркендетіп, Құдай Патшалығына жүздеген мың доллар әкеле алатындай деңгейге жеткізетін кәсіпкерлер бар. Енді біреулер құрбандықты миллиондап әкеледі, басқалары Құдай Патшалығына миллиондаған және миллиардтаған доллар көлемінде қаражат әкелетін компанияларды ашып, дамытады.

Астарлы әңгімеге оралайық. Ондағы өте маңызды екі нәрсеге назар аударыңыз. Әр қызметшіге аманатталған тапсырма бар еді. Бұдан ұғатынымыз, қауымда өзіне жеке тапсырма

мен оны орындауға қажет дарындар берілмеген адам жоқ. Екіншіден, әрбір қызметшіге қабілетіне сай жауапкершілік жүктелген. Есімізде болатын бір жайт, қабілетті Құдай береді. Біздегі бар жақсылықтың бәрі – бір Құдайдан. Киелі жазба былай дейді: «Әлдекім сендерді басқалардан ерекше етті ме? Құдайдан қабылдамаған нелерің бар? Бәрін қабылдаған соң, несіне өз жетістігіміз деп мақтанасыңдар?» (Қорынттықтарға арналған бірінші хат 4:7).

Осы астарлы әңгімеде бес тапсырма мен бес дарынның деңгейінде жауапкершілік алған адам оларды екі есе арттыруға күш салады. Ат басындай екі күміс алған адам да солай етті.

Құдай бізді қажет дарындармен қамтамасыз етеді. Алайда, көзделген нәтижеге жетуіміз үшін, еңбек етуге тиіспіз.

Еншісіне ат басындай күмістің біреуі ғана тиген адам қолындағы қаражатты азсынған болса керек. Ол қожайынын әділетсіз, қатал, берекесіз адам санады. Бәлкім, ол: «Неге маған аманатталған күміс басқалардыкінен кем? Басқаларға неліктен қалалық, тіпті ұлттық деңгейде ықпал ету тапсырылған? Неліктен уағыз айту, кітап жазу, ән айту қабілеті маған берілмей, басқалардың еншісіне тиеді? Неге менің компаниям өрге баспайды, басқалардың бергеніндей құрбандық бере алмаймын?» Тағы сондай. Ол аманатталған күмісті тығып қойып, берілген тапсырманы орындамады, не болмаса, дарынын Құдай Патшалығына пайдасы тимейтін салада немесе өз мүддесі үшін жұмсады.

Арада көп уақыт өткеннен кейін қызметшілердің қожайыны қайтып келіп, олардың есеп берулерін талап етеді. Аманатталған күмісті еке есе арттырған қызметшілер қожайыннан мақтау естіді: «Жарайсың, жақсы да адал қызметшім! Шағын істе сенімді болдың, сені үлкен істердің басына қоямын. Енді қуанышты тойыма кел!» (Матай жазған ізгі хабар 25:21). Ат басындай күмістің бесеуін алған қызметші екеуін алған қызметшіден артық марапатталған жоқ, өйткені еке-

уі бірдей адалдық танытты. Құдайдың бізден талап ететіні – Оның аманатына адал болуымыз ғана.

Бір ат басындай күмісі бар адам қатаң сөгіс естіді. Қожайын оның қолындағысын алып, басқаға беруді бұйырды. Адал қызметшілер сый-марапат алып жатқанда, бұл шығынға ұшырады.

Осы әңгімені оқып отырып, 1992 жылы Құдайдың маған кітап жазуды әмір еткені есіме түсті. Мінәжат етіп отырғанымда жүрегіме айтылған сөзге сенер-сенбесімді білмей, күліп жібере жаздадым. Ағылшын тілі пәні – қас жауым еді! Біреу маған кітап жазасың десе, бетіне күлер едім.

Алайда, арада он ай өте, бірдей пайғамбарлық сөзді бірінен соң бірі жолыққан екі әйелдің аузынан естідім: «Джон, Құдайдың өзіңе жазғызғысы келетінін жазбасаң, Ол осы жолдауын басқа адамына береді. Ал саған үкім шығарылады». Мен қатты толқып, сенім қадамын жасадым, арғысы – басқа әңгіме. Құдайға бағынбаған болсам, осы кітапты басқа біреу жазар еді, мен болсам, өзіме аманатталған дарыннан айырылар едім.

Өзімізге берілген дарындарды көбейту

Өзімізге берілген тапсырмаға да, дарындарымызға да ештеңе қоса алмайтынымызды айттық. Енді әрбір сенушіге аманатталғанды *көбейту* мәселесіне көңіл бөлейік. Бұл ақиқатты ұқсас астарлы әңгімеден көреміз:

«Сондықтан Иса былай деді: «Бір ақсүйек өз елінің патшалығына тағайындалуы үшін алыс жерге барып, келмекші болыпты. Ол сапарға шықпастан бұрын қол астындағы қызметшілерінің онын шақырып алады. Әрқайсысына бір-бір қадақ күміс үлестіріп беріп: – Мен қайтып келгенше осы қаржымен жұмыс істеңдер! – деп тапсырады» (Лұқа жазған ізгі хабар 19:12,13).

Ат басындай күміс тәрізді, қадақ та, – сол заманғы қаражаттың өлшем бірлігі. Бұл астарлы әңгімеде қызметшілерге

үлестірілген күмістің мөлшері бірдей. Ат басындай күмістің саны аманат пен дарынның деңгейін білдірсе, қадақ күміс Құдай сөзінің ақиқатын, сеніміміздің негізін, жүрегімізге құйылған Құдайдың сүйіспеншілігін, Құдаймен арадағы келісімшарт арқылы әр сенушіге берілетін игіліктерді бейнелейді. Осының барлығы бізге тең үлестірілген, ешқайсымыздың еншіміз басқаныкінен артық емес.

Бұл әңгіме – әрбір сенуші Мәсіхте қандай рухани игіліктерге ие екені туралы. Киелі жазба былай дейді:

«Сондықтан ешкім адамның жетістіктерімен мақтанбасын! Бәрі де сендерге игілік көрсетуге қатысады» (Қорынттықтарға арналған бірінші хат 3:21) және «Иеміз Иса Мәсіхтің Әкесі – Құдай мадақталсын! Ол бізді Мәсіх арқылы жарылқап, көктегі әр қилы рухани игіліктерді сыйлады» (Ефестіктеге арналған хат 1:3). Осы жарылқаулардың барлығы Мәсіхте, сеніміміз ғана қолымызды оған жеткізіп, жерде жүзеге асырады, ал билікке бағынуымыз, мінәжатымыз, құрбандықтарымыз оларды көбейте түседі. Сол себепті Исаны бейнелейтін әлгі ақсүйек қызметкерлеріне, яғни біздерге: «Мен келгенше міндеттеріңді атқара беріңдер» деді. Өзімізге берілгенді алып, Құдайдың даңқы үшін *көбейтуге* тиіспіз.

Нәтиженің қандай болатынын көрейік:

«Бірақ әлгі кісі патшалыққа тағайындалады да, еліне қайта оралады. Содан ол күміс берген қызметшілерінің қайсысы қанша табыс тапқанын білу үшін оларды өзіне шақыртады. Сонда біріншісі келіп:

– Тақсыр, сіздің бір қадақ күмісіңіз он қадақ табыс келтірді, – деп есеп береді. Патша оны мақтап:

– Жарайсың, жақсы қызметшім! Кішкене істе сенімді болдың, енді он қаланың үстінен билеуші бол, – дейді. Екіншісі келіп:

– Сіздің бір қадақ күмісіңіз бес қадақ табыс келтірді, – деп есеп бергенде, патша:

– Ендеше сен бес қаланың билеушісі бол, – деп бұйырады.

Ал үшіншісі келіп, былай дейді:

– Тақсыр, мінеки, сіздің қадағыңыз. Оны орамалға түйіп сақтап қойдым» (Лұқа жазған ізгі хабар 19:15 – 20).

Үшінші қызметші қожайыннан қатаң сөгіс алды, оның күмісі алынып, он есе пайда тапқан қызметшіге берілді. Қожайын: «Сендерге айтамын: кімде біраз бар болса, соған тағы беріледі. Ал кімде жоқ болса, оның *өзімде бар дегені де одан алынып қойылады*» (26-шы аят).

Осы астарлы әңгімеде Иса он қызметшінің үшеуіне ғана сөз айтады. Тағы да қайталаймын, бұл әңгіменің ерекшелігі, қызметшілердің барлығы бірдей қаражаттан бастағанмен, бірі қаражатын он есе, енді бірі екі есе арттырды, үшіншісі табыссыз қалды.

Марапат та әрқайсысының табысына сәйкес болғанын көріп тұрмыз. Билігіне алған қалаларының саны тапқан табысына сәйкес болды.

Өзімізге аманатталғанды қалай көбейтсек, мың жылдық патшалықта, жаңа жер мен жаңа аспан жаратылғанда, сондай билікке ие болмақпыз. Құдайға адал болғандар Мәсіхпен бірге билік құрады, бірақ билік бәрімізде бірдей болмайды. Мәңгіліктегі билігіміз қазіргі ынтамызға байланысты. Әрқайсымыз да бәріміздің үлесімізге бірдей тиген сол бір қадақ күмістен бастағанбыз, соны естен шығармаңыз. Сонымен, қауымда ұқыпты қызмет ететін, жұбайы мен балаларына адал әйел жүздеген мың адамға қызмет ететін ізгі хабар таратушымен тең мүмкіндіктерге ие.

Осы астарлы әңгіменің айтатыны – бір қадақ күмісін еселеп арттыру мүмкіндігі барлық сенушіге бірдей берілген. Жеке өмірімізде Құдай патшалығын салуға қанша күш жұмсайтынымыз өз қалауымызға байланысты. Шын мәнінде, бұл салада бізге шектеу жоқ деуге болады. Бұл сөзіммен келіспеуіңіз мүмкін, дегенмен, мысал келтіруге рұқсат етіңіз. Менің ендігі айтатынымды жүрегімен ұғатындар, бәлкім, аз болар. Әуелі Петір елшінің сөзін оқиық:

«Лайым сендер Құдай мен Иеміз Исаны бұрынғыдан да жақынырақ танып білгендерің арқылы сендерге рақым... молынан жауа берсін! Құдай бізді құдіретті күшімен және Оны жақыннан танып білуіміз арқылы Өзіне ұнамды жаңа өмір сүруімізге қажеттінің бәрімен қамтамасыз етті...» (Петір жазған екінші хат 1:2,3).

Рақымның бір қасиеті – *молая түсу*. Жақып елші: «Ал Тәңір Ие бізге рақымын молынан сыйлайды» дейді (Жақып жазған хат 4:6). Рақымның арқасында ғана Құдай Патшалығында қандай да болса маңызы болатын істер атқара аламыз.

Бұл қабілетіміз Құдайды жақын танып білу арқылы арта түседі. Сол себепті әр сенуші Құдаймен жақын қарым-қатынасқа арнайы уақыт бөлуге тиіс. Мінәжат ету, Киелі жазбаны, Киелі Рухтың жетелеуімен жазылған басқа да кітаптарды оқу және Киелі Рухты тыңдау – міндетіміз. Осыны орындағанда, бұрынғыдан да көп игі істер істеуге қабілет беретін рақым өмірімізде молая түседі.

Жаратқан Иемді, Оның жолдарын неғұрлым жақын таныған сайын, еңбегім соғұрлым жемісті бола береді. Қолыңдағы балтаңның жүзі мұқалған болса, бір ағашты құлатуға бір күн уақытың кетеді. Алайда, балтаңды қайрап алсаң, сол күн ішінде, сонша күш жұмсап, бес ағашты шауып құлата аласың. Өміріміздегі рақым молайғанда осылай болады. Еңбегіміз жанады.

Бірнеше жыл бұрын Далласта өткен гомосексуалистер шеруі кезінде ізгі хабар таратқанымыз есімде. Екі сағат бойы сол адасқан жандарға Иса туралы айтумен болдым, олар болса маған басқа планетадан келген адамға қарағандай қараумен болды. Айтқан сөзім аузымнан шыға сала меңіреу жартасқа соғылғандай өзіме қайтып оралып жатқандай болды. Бетонға тұқым сепкенмен бірдей еңбек.

Сонда Ием: «Маған қара, не істеу керек екенін көрсетемін», – деді. Келесі жарты сағатта Құдай мені керек адамдарға Өзі жолықтырып, айтатын сөзді аузыма салды. Енді

сөздерім дәл жүрекке себіліп жатты. Сол жерде үш адам Иса Мәсіхтің алдында тәубе етті. Киелі Рухқа қарағаным, Оның сөзін зейін қоя тыңдағаным еңбегімнің нәтижесін молайтты.

Осыны өмірімнің барлық салаларында байқадым. Құдайдың сөзі жүрегіме молынан себілген сайын аз уақытта көп жұмыс атқаруға қабілетім арта түсті. Сағатпен, күндермен, тіпті айлармен өлшенетін уақытымды үнемдейтін ақиқат жолын таптым. Мінәжаттарымның күші артты, Құдайдың құзыры айқын, ықпалы анық бола түсті. Киелі жазба уәде етеді:

«Даналықтың бастауы – Жаратқан Иені Терең қастерлеп, Оған мойынсұну, һәм ақыл-парасат – Киелі Құдайды Және Оның еркін жақыннан тану. Даналықпен көрер күнің көп болар, Парасатпен жасыңа жас қосылар» (Нақыл сөздер 9:10,11).

Жасымызға жас қосылар, яғни, өміріміз ұзақ болмақ. «Көрер күнің көп болар» дегеніміз – сол мерзім ішінде едәуір көп іс атқаруға қабілетті боласың деген сөз. Киелі жазбада тағы да мынадай сөз бар: «Өйткені олар ғұмырыңды ұзартар, амандық пен тыныштық молынан дарытар» (Нақыл сөздер 3:2). Ғұмырымыздың ұзаруы да – молаудың бір көрінісі. Жыршы Құдайдың сөзіне мойынсұну туралы айтып отыр. Байқасаңыз, ұзақ ғұмырмен қатар күндердіміздің саны көбейеді. Яғни, бізге берілген уақыт молая түседі.

Беру арқылы келетін молау

Құдайды жақын танитын сенуші жомарт та кең пейілді, мол қолды берушіге айналады, өйткені Құдай – бәрінен де жомарт. Жаратқан Иеміздің берген сыйы – барлық сыйдың ішіндегі ең қымбаты. Ол Өзінің жалғыз Ұлын қиды. Исаға тең келер ешкім де, ештеңе де жоқ. Иеміз ешуақытта құнсыз, мәнсіз, қажетсіз, болымсыз, мардымсыз нәрсені сый етіп бермейді. Исаны тұқым сепкендей жерге жібере отырып, Көк-

тегі Әкеміз көп өнім оратынын, яғни, көптеген ұлдары мен қыздары құшағына оралатынын күтті.

Сеніммен беру – барымызды көбейтудің тағы бір сенімді әдісі. Көктегі Әке Исаны бергендей беріп, басқалардың өміріне ықпал ету. Иса былай деген еді:

«Сендерге шын айтамын: осы күнәкар дүниелік байлықтарыңмен жақсылық жасап, өздеріңе достар табыңдар! Сонда бұл дүниеден қайтқан кездерінде көктегі мәңгілік мекендердің есігі сендер үшін айқара ашық болады» (Лұқа жазған ізгі хабар 16:9). Ақшамыз дұрыс жұмсалған болса, аспанда, Жаңа Иерусалимдегі өміріміздің сапасына әсерін тигізеді. ««Ол (қайырымды адам) мұқтаждарға мол көмек таратады, оның әділдігі мәңгіге ұласады» деп Забурда жазылған» (Қорынттықтарға арналған екінші хат 9:9, Кеңейтілген аударма).

Кедей адам деп қаржылай кедей адамды ғана емес, рухани кедей адамды да айтамын. Ондай кісі миллиондаған доллар қаражатқа ие бола тұра, рухани жағынан кедей болуы мүмкін. Соған бір мысал – Зақай атты адам. Иса Өзінің жер бетіндегі миссиясын айтқанда, былай деді: «Маған Жаратқан Ие Өзінің Рухын қондырды. Ол мені *жарлыларға* ізгі хабар жеткізуге тағайындады» (Лұқа жазған ізгі хабар 4:18). Кейінірек Иса қалаға кіреді де, ең дәулетті адамға жиналған жұрттың көзінше: «Бүгін сенің үйіңе түсуім керек» дейді. Зақай қаладағы байлардың бірі болғанымен, ең бейшарасы болса керек. Басқаша айтқанда, ол Құдайға қаншалықты мұқтаж екенін білетін. Иса қызмет еткен көптеген ауқаттылар Құдайдың Сөзіне мұқтаж еді.

Қызметкерлерге Исаның істерін істеп, жарлыларға Құдайдың Сөзін жеткізіп, оларға тәлім беру тапсырылған. Құдайдың ісіне қаржы бергенімізде, жарлыларға тұқым себеміз, игі ісіміз мәңгіге сақталады. Қаражатыңыздың қаншалықты көп, не аз болғаны маңызды емес. Құдай егіншіге себетін тұқым беруді уәде еткен, демек, Құдай патшалығын салуға қосатын үлесіңізді молайта аласыз.

Дарынның молаюы, көбеюі жүзеге қалай асады? Алманың тұқымын көз алдыңызға елестетіңізші. Оны ексеңіз, алма өнімін аласыз. Алайда, ең маңыздысы, бұл алмалардағы тұқымдардың саны әлдеқайда көп болады. Сол тұқымның барлығын ексек, еселеп көбейген өнім аламыз. Әрі қарай жалғаса береді. Қаражатымыз да солай. Пауыл елші Қорынттағы сенушілерге құрбандық беру жайлы не жазғанын оқып көрейік.

«Бұл жайында: «Сараң сепкен сараң жинар, жомарт сепкен жомарт жинар» делінген ғой. Әрқайсың жүректеріңнің шешіміне сай, еш ренішсіз, зорлықсыз барларыңмен бөлісіндер! Құдай қуанышпен беретіндерді ұнатады» (Қорынттықтарға арналған екінші хат 9:6,7).

Оратын өніміміздің мөлшері сепкен тұқымымыздың мөлшеріне тура пропорционал. Тұқым себу – Құдайдың шешімі емес, өз қалауымыз. Бізге берілген мүмкіндікті қалай пайдалансақ та, еріктіміз. Егер сенім мен сүйіспеншілікке негізделіп, жомарт болуға бел бусақ, бергеніміз молаймақ: «Екіншіге себуге тұқым, ашыққанға жеуге нан беретін Құдай сендерге «игіліктің тұқымын» ағыл-тегіл мол сыйлап, әділ істеріңнің өнімін молайта түспек» (Қорынттықтарға арналған екінші хат 9:10).

Иеміз екеніміздің өнімін молайта түспек. Алманың тұқымы туралы мысалды еске түсіріңіз. Тұқым сепсек, екенімізден бірнеше есе көп өнім аламыз. Тағы ексек, тағы көбейеді. Осылайша жалғастыра берсек, ағыл-тегіл молшылыққа жетіп, басқаларды бұрынғыдан әлдеқайда мол жарылқай алатын боламыз.

Құрбандық беруіміз арқылы Құдай біздің *әділ істеріміздің өнімін* молайта түспек. Мені ерекше қуантатыны – осы. Құрбандығымыз арқылы басқа адамдардың өміріне ықпал етеміз. Сол үшін алатын мәңгі сыйымыз да молаяды. Киелі жазба осыны айтады. Шын мәнінде, жоғарыда айтылған

астарлы әңгімедегі қызметшілер тәрізді күміс қадақтарымыздың санын арттыра түсеміз.

Серіктестік

Берген құрбандықтарымыз, әсіресе, қайтара алмайтын адамдарға бергеніміз осы өмірде өнім береді, Сотта марапатқа жеткізеді. Құдай патшалығын қалаудағы еңбегімізге келсек, ізгі хабар таратудағы басқалардың еңбегіне үлес қосу арқылы өнімімізді молайта аламыз. Өзіне қаржылай көмек көрсеткен Філіпілік сенушілерге Пауыл елшінің айтқанын оқып көрейік:

«Дегенмен, қиын-қыстау жағдайыма ортақтасқандарың бір ганибет болды. Қымбатты філіпіліктер, өздерің де білесіңдер: мен алғаш рет Ізгі хабарды сендерге жеткізіп, содан кейін Македония өлкесінен кеткенімде, маған басқа бір қауым емес, сендер ғана игіліктер жіберіп, Құдайдың жарылқауын қабылдауда ортақтастыңдар (маған серіктес болдыңдар). Әрі Салониқада жүргенімде де сендер маған бірнеше рет қажетімді жеткізіп тұрдыңдар» (Філіпіліктерге арналған хат 4:14-16, Кеңейтілген аударма).

Пауыл Філіпідегі сенушілерді серіктестерім дейді. Серіктестік дегеніміз – адамдардың немесе топтардың арасындағы нақты мақсатқа жетуді көздеген ынтымақтастық пен жауапкершілікке негізделген қарым-қатынас. Игі істердегі Құдай берген серіктестік сол серіктестікке кірген адамдарға жеке дара істегендерінен әлдеқайда көп істерді жүзеге асыруына мүмкіндік береді.

Исаның бізге барлық халықтарға барып, оларды Исаға шәкірт етуді тапсырғанын жоғарыда айтқан болатынымын. Алайда, сенушілердің барлығы миссионер болып, ізгі хабар таратуға кетсе, бұл жұмысты кім қаржыландыратын еді? (Құдайдың адамдарға алуан түрлі дарындар мен тапсырма

беретінінің бір себебі осында). Керек қаражатты қызметкерлерге періштелер әкеледі деп, немесе оларға ақша аспаннан жауады деп Құдай жоспарлаған емес. Жаратқан Ие сенушілерге құрбандық беруді өсиет етті, сол арқылы серіктестік туындайды.

Халықтарға Құдайдың Сөзін жеткізу үшін Иеміз қызмет ету дарындарын сыйлады. Әлгінде айтып кеткеніміздей, осы мақсатқа жету үшін Құдай ерекше дарындар, қабілеттер, майлану береді. Ондай тапсырма қауымдағылардың барлығына емес, кейбір сенушілерге ғана беріледі (Ефестіктерге 4:11 қараңыз). Қауымның қалған мүшелеріне басқа бір маңызды тапсырма берілген. Оның ішіне жұмыс пен өз айналасындағы адамдарға ықпал ету кіреді. Сіз күні бойы жұмыста болсаңыз, қалайша халықтарға ізгі хабар тарата аласыз? Серіктестік арқылы.

Адам өмірін өзгерте алатын өнім шығарасыз дейік. Бірақ айына екі данасын ғана жасап шығара аласыз. Олай болса, өніміңізді қалаңызға, еліңізге, дүние жүзіне тарата алмайсыз.

Сіз өндіретін тауардың айына мың данасын жасап шығара алатын, оны тарата алатын компания бар болса, сол компаниямен серіктестікке кіресіз. Сонда сіз өніміңізбен екі адамды емес, мыңдаған адамды қамтамасыз ете аласыз. Мұндағы өнім деп отырғаным – Иса туралы жеке куәлігіңіз. Қарапайым серіктестік арқылы дарындарыңызды молайтып, жақсы нәтижеге жетесіз.

Пауыл елшінің філіпіліктерге жазған сөзіне осы қарапайым қағиданы қолдануға болады. Елші сөзін жалғастырып: «Сендерден сәлем-сауқат дәметпеймін, менің үміттенетінім – осылар үшін *өздеріңе қайтатын жарылқау мен сауап*» дейді (Філіпіліктерге арналған хат 4:17).

«Өздеріңе қайтатын жарылқау мен сауап» деген сөзге көңіл бөліңіз. Філіпі қаласындағы сенушілер адамдарды құтқару мен тәлім беруге қосқан үлесін серіктестік арқылы молайтты. Олар

Пауылдың қызметіне қаражат жіберіп отырды. Өткінші игіліктерді мәңгі сыйға айналдырып, арттырып отырды.

Осы тәрізді серіктестікке кіргеніңізде, есепшотыңызда жинала беретін жарылқаулардың өнімін жинайсыз. Көктегі есепшотыңызды айтамын. Мәсіхтің төрелік тағының алдына барғанда, көршілеріңіз бен әріптестеріңіздің ғана емес, қызметкерлерді қолдау арқылы мыңдаған, миллиондаған адамға ықпал еткеніңіздің де сауабын аласыз. Сол себепті Киелі жазба бізге былай дейді: «Жомарттықпен бере бер, көп күннен кейін сыйларың өзіңе қайтып келер. Сыйлықтарыңды көп адамға үлестіріп бер» (Уағыздаушы 11:1, 2, ағылшыннан аударма).

Құдай тағайындаған қызметтерге (олардың ішінде сіздің жергілікті қауымыңыз да бар) үзбей құрбандық бере отырып, олар арқылы адамдарды құтқаруға үлес қосасыз. Олардың атқарған әрбір ісінде сіздің де үлесіңіз бар, өйткені сіз оларға серіктессіз. Қуанышты хабар: неғұрлым көп тұқым салсаңыз, өніміңіз соғұрлым молая түседі. Мынаны білуге тиіссіз, берген құрбандығыңызды Құдай қаражаттың мөлшеріне емес, бергендегі адалдығыңызға қарап бағалайды.

Құдай Әке шын жүректен берілген сыйларға қарайды. Ол қаражат сомасын емес, ақ пейіліңізді ұнатып, жарылқайды. Мысалы, ақшадан қысылса да, ай сайын отыз долларын қызметке адалдықпен беріп отыратындар бар. Ондай сыйды Құдай ақшадан артық бағалайды, өйткені, сол сыйға адам өз өмірін салды. Ал басқа біреу ай сайын мың доллар береді дейік, бірақ өзінен артылғанын береді. Онысы шынайы, жанына батқан құрбандық емес. Екі сый да Құдай алдында тамаша, құнды. Дегенмен, отыз доллар сыйды Құдай жоғарырақ бағалайды. Осы ақиқатты екі бақыр берген жесір әйел жайлы әңгімеден көруге болады (Марқа жазған ізгі хабар 12:41 – 44 қараңыз).

Берген құрбандықтарымыздың осы жалғанда да өнім беретіні есіңізде болсын. Құдай өнімімізді молайтқан сайын біз де молырақ құрбандық бере аламыз. Киелі жазба: «Қолы

ашық адам байи түсер, тым сараң жан кедейлене түсер», – дейді (Нақыл сөздер 11:24). Сонымен, берген құрбандықтарымыз мәңгілікте ғана емес, осы өмірімізде де өнім беріп, молая түседі. Бұл құрбандығымызды арттыруға мүмкіндік береді. Егу мен ору молая түсіп, қайталана бермек.

Жиырма екі жыл бұрын бір топ бизнесмен бас қосып, кірістерінің бір бөлігін Ізгі хабар таратуға шығарып отыруға уәде берді. Азғантай ақшадан басталған бұл құрбандық ұлғайып өсе берді. Олар құрбандық беруде, серіктестікте адал болып қала берді. Алғашқы он екі жылдың ішінде сол бизнесмендердің ісі өрге басқаны сонша, жылына 120 миллион долларды Ізгі хабар таратуға бөліп отыратын болды. Бір қадақ күмісін Құдай Патшалығының мүддесіне жұмсап, молайтқан олардың сый-марапаты зор болмақ.

Қауымда талай табысты кәсіпкер бар. Алайда, көбісі Құдай Патшалығына табысының болмашы ғана бөлігін құрбандық ретінде береді. Қоғамның көзқарысында олардың табысты екені рас, бірақ Қожайын олардың өздері үшін алып қалған байлықтарына қалай қарайды екен?

Олар миллиондаған доллар пайда тапса да, бір қадақ күмісі бар қызметшідей үкімделеді ме? Өздеріне аманатталғанды Құдай патшалығының мүддесі үшін молайтқан жоқ. Солай өмір сүретіндер *мәңгілікке ұмтылмайды*.

Жақында біздің қызметімізге оқта-текте құрбандық жасап жүрген бір кәсіпкермен гольф ойнадым. Ойыннан кейін ол мені қонақүйге апарып салды. Жолай мына сөзді айтты: «Джон, елуді алқымдап қалдым. Аянбай еңбек еттім. Компанияның құнын тоғыз миллион долларға жеткіздім. Өмірім жақсы, отбасымда береке, бизнесім өздігінен жүріп жатыр. Өзімді-өзім қинап, тағы он жыл өмірімді салып, табысымды отыз не қырық миллионға жеткізгенім кімге керек?»

Құдайдың үйін салуға өзінің қомақты үлес қоса алатынын түсінбей жүргенін сездім. Құдай Патшалығында маңызды

роль атқарып жүрген адам ретінде мені көреді екен де, өзін Құдайдың ісінде құнды маман сезінбейді екен.

Сұрағына қарсы сұрақ қойдым: ««Аянбай еңбек еттім, он жеті кітап жаздым, жеті миллион шақырым жол жүрдім, мыңдаған уағыз айттым. Жұмыс істеліп жатыр, қызметім өздігінен жүріп жатыр, бала-шағамның жағдайы жақсы. Өзімді-өзім қинап, тағы кітап жазып, тағы жол жүріп, тағы уағыз айтып қайтемін?» – десем, Иса не дер еді, қалай ойлайсың?»

«Исаның алдына барғанда, сенің орнында болғым келмес еді», – деді ол күліп.

Сол сәт: «Иә, дәл солай!» – дедім.

Кідіре тұрып, аздап ойлануына мүмкіндік бердім де: «Иса маған Құдай патшалығын салуға қажет дарындар – уағыз айту мен кітап жазу дарындарын берді. Саған Құдай патшалығын салуға қажет дарын – ақша тауып, құрылысты қаржыландыру дарынын берді. Сен құрылысты түгел көріп тұрған жоқсың.

Мен Құдайдың тапсырмасын орындауда саған тәуелдімін, сенің Құдайға бағыну-бағынбауыңа менің Құдайдың ісін атқару-атқармауым байланысты. Дәл солай аузым өзіме бағынбаса, ізгі хабарды айта алмайтын едім, аяғым істен шығып, уағызымды еститін адамдарға жете алмасам, қызметімді атқара алмас едім». Жолдасым қайран қалды.

Арада жарты жыл өткенде сол кісіге қоңырау шалып, амандық сұрастырдым. «Джон, жарты жыл бұрын айтқаның есімнен кетпейді. Сол сөзіңді әлі естіп тұрғандаймын. Табысымды арттырып, құрбандығымды молайту үшін тынбай еңбектенудемін», – деп жауап берді ол. Маған осы кісінің мойынсұнушылығы аса ұнады.

Бір танысымыз, жергілікті қауымымыздың мүшесі, қажет болған жердің бәрінде атсалыса қызмет етеді. Ол кісі толық қызметке емес, бизнес саласында қызмет етуге тағайындалғанын біледі. Табысының тоқсан пайызын Құдайға

беріп, қалған он пайызын ғана өз қажетіне жаратып отыруға шешім қабылдаған болатын. Сол мақсатына жетті де. Он пайызды ғана өзіне қалдырып жүріп, өте қымбыт көлік мінеді, аса сәулетті үйі бар. Серіктестіктің арқасында ісі өркендеп, табысының он пайызы өте көп қаражатқа айналды. Шағын істе сенімді болсаң, үлкен істе де адал боласың деген Исаның қағидасын қолданды.

Серіктестікке кірудің тағы бір себебі – өзімізге қызмет еткен қызметкерлерді жарылқау. Пауыл елші жазады: «Біз жүректеріңе рухани игілік – Ізгі хабардың тұқымын септік; енді соның «өнімі» ретінде бұ дүниелік игіліктеріңнен қабылдасақ, сол тым көп болар ма еді? Басқалардың бұған қақысы болса, біз одан бетер қақылы емеспіз бе?» (Қорынттықтарға арналған бірінші хат 9:11,12).

Бұл адами тұрғыдан да түсінікті. Досынан сыйлық алған адам алғысын басқа біреуге айтпайды. Өзімізге жақсылық жасаған адамға алғысымызды білдіреміз, сонда қарым-қатынасымыз да нығая түседі. Құдай адамдардың қарым-қатынасын осындай заңдылықтарға негіздегенде белгілі бір мақсатты көздеген болатын.

Қызметіміз неғұрлым көп адамды қамтыса, соғұрлым көп қаражатты қажет етеді. Сонымен, қамтылғандардың әрқайсысы қызметке қаржылай үлес қосса (тіпті екі бақыр болса да), қызметті жалғастырып, кеңейте түсуге қажет қаражат түсер еді.

Філіпіліктерге айтқанын қорыта келіп, Пауыл елші былай дейді:

«Сендер жібергендердің бәрін де алдым, енді артығымен жетіп жатыр. Епафродит сәлемдемелеріңді әкеліп бергелі қажетті нәрселерім ағыл-тегіл. Олар – Құдай ұнатып қабылдайтын хош иісті тартулар мен құрбандық іспетті. Ал Иса Мәсіхпен жүрген сендердің барлық қажеттеріңді де менің Құдайым Өзінің керемет байлығы бойынша қамтамасыз ететін болады» (Філіпіліктерге арналған хат 4:18,19).

Қызметпен серіктестікке кіргендерге барлық қажеттерінің Құдайдың керемет байлығына сай қамтамасыз етілетіні уәде етілген. Ондықты үзбей беріп жүрсеңіз, қызметке серіктес болсаңыз, осы уәдеге нық сенуіңізге болады. Ештеңеден тапшылық көрмейсіз.

Мінәжат ету арқылы келетін молау

Дарындарды молайтудың тағы бір жолы – мінәжат. Жеке кісілер, жанұялар, қауымдар, қалалар, халықтар үшін мінәжат етіп, көптеген адамдардың өміріне ықпал ете аламыз. Бәлкім, сол адамдармен көкте ғана кездесерміз. Қызметкерлер үшін мінәжат еткенімізде, олардың адамдардың өміріне тигізген ықпалына біздің де үлесіміз қосылады. Біздің қызметімізде қаржылай серіктестік те, мінәжат серіктестігі де бар. Мінәжаттағы серіктестеріміз «Халықаралық елші» қызметі үшін күн сайын мінәжат етеді.

Маған жолығып, «Сіз үшін күнде мінәжат етемін» дейтіндер көп. Сондай адамның сөзі қаншалықты ақиқат екенін іштей біліп тұрамын. Шынымен де дұға ететіндерге: «Қызметімізге ең зор көмек – осы!» – деп жауап беремін.

Ақиқаты сол! Біреу мінәжат етсе, көп адамның өмірі өзгере алады. Біреу мінәжат етеді, мінәжаттарымызды естіп, Иеміз басқа біреудің жүрегіне Құдайдың ісіне қаражат беруді салады. Сондықтан мінәжаттағы серіктес пен қаржылық серіктестің бірін таңдауым керек болса, алдымен мінәжаттағы серіктесті таңдар едім. Дегенмен, қызметімізге екеуі де қажет.

Көмек көрсету қызметі арқылы келетін молау

Күміс қадақтарымызды молайтудың тағы бір жолы – көмек көрсету қызметі. Лиза екеуіміз ұйымымыздың көптеген қызметкерлерін, көмекшілерімізді үнемі есімізге аламыз.

Біздің қызметіміз арқылы өзгерген әрбір өмір үшін олар да сый-марпат алатын болады.

Қан майданнан қайтқандарға Дәуіттің айтқан сөздері солай дейді. Патшалықтар туралы бірінші жазба, 30-шы тарауда Дәуіттің Амалек жасағын қуып, тұтқындарды босатқаны, жау алып кеткен мал-мүлкін қайтарып алғаны туралы оқимыз. Жеңімпаз сарбаздардың арасынан қосты күзетіп қалғандармен олжаны бөліскісі келмегендер табылды. Соларға берген Дәуіттің жауабы мынадай болды:

«Сендердің бұл ұсыныстарыңа кім құлақ түреді? Қайта, үлестері бірдей болсын Қарауылда қалғанның, Һәм шайқасқа да аттанғанның, Олжа бәріне бірдей бөлінсін! Сол күннен бастап Дәуіт мұны Исраилдегі міндетті ереже ретінде бекітті. Ол әлі күнге дейін сақталып келе жатыр» (Патшалықтар туралы бірінші жазба 30:24,25).

Дәуіт Исаны бейнелейді. Сондықтан «Дәуіт мұны Исраилдегі міндетті ереже ретінде бекітті. Ол әлі күнге дейін сақталып келе жатыр» деген сөз бұл ереженің әлі де Исаның Қауымында орындалуы тиіс екенін білдіреді.

Қызметтің жеткен жетістіктері жетекшінің ғана емес, адал қызмет еткен, қаржылай көмек көрсеткен, мінәжат еткендердің де есебіне алынады. Оларды шайқас алаңында көрмесек те, солай.

Көзқарасыңыз маңызды

Жоғарыда айтқанымыздай, қызметімізге деген көзқарасымыз – алатын сый-марапатымызға әсер ететін маңызды нәрсе. Істеген істеріміз ғана емес, сол істерді қай ниетпен атқарғанымызды да, ниетімізге әсер ететін көзқарасымызды да Құдай көріп, таразылайды. Жаратқан Ие бізге: «Егер Маған мойынсұнып, тілімді алсаңдар, жердің жақсы өнімдерін жейтін боласыңдар», – дейді (Ишай 1:19).

Құдаймен қарым-қатынасым суалып, шөлге айналғандай болған кезім есімде. Қауымдағы қызметтен, әсіресе, бағушының уағызынан нәр алмайтын сияқтымын. Дәуірлеп тұрған шағым емес, қысқасы.

Сегіз мың мүшесі бар қауымда, бағушының тікелей қол астында жұмыс істеп жүрген мен бағушыма сын көзбен, кінәратшылдықпен қарауды дағдыға айналдыра бердім. Бір күні, таңғы мінәжатымның үстінде Құдай жүрегіме сөйледі: «Мәселе бағушыда емес, мәселе өзінде».

Қайран қалып: «Мәселе менде дегенді қалай түсінуге болады?» – деп сұрадым.

Ием менен Ишая пайғамбардың жазбасында (1:19) не жазылғанын сұрады. Бұл аятты жатқа білемін, мүдірместен айттып шықтым. Сонда: «Міне, мәселең осы. Рухани нәр алмай жүргеніңді үнемі айтасың. Оның рас, өйткені, жердің жақсы өнімдерін жеп жүрген жоқсың».

«Мойынсұнып жүрмін, бағушымының барлық тапсырмасын орындаймын!» – деп қарсылық білдірдім.

Құдай: «Менің тілімді алсаңдар, жердің жақсы өнімдерін жейтін боласыңдар деген жоқпын. Егер Маған *мойынсұнып*, тілімді алсаңдар, ... дедім» – деді .

Құдайдың тағы да айтқаны: «Тіл алуың іс-әрекетіңе байланысты, ал мойынсұну, жүрек қалауы пейіліңе байланысты. Ал пейіліңнен мұңкіген сасық иіс шығады!»

Көңілім толған сын мен міншілдік болғанда, тіл алуым мен көрер көзге ғана мойынсұнып жүргенімнің шын мәнінде қандай екенін, қызмет етуге деген ниетіме қалай әсер етіп жүргенін Құдай тереңдетіп аша берді.

Сол жерде тәубе еттім. Қауымдағы келесі жиналыста-ақ аспан мен үшін қайта ашылғандай болды. Көктен қайтадан нәр ала бастадым. Бағушының уағызын тыңдап отырып, теріс көзқарасыма бола қаншама рухани нәрден құр қалғанымды ойлап, көзімнің жасын көл қылдым. Киелі Рухтың Пауыл

елші арқылы айтқан мына сөзінің мағынасын анық ұғындым: «Сондай-ақ, барлық жағынан да айтқандарыма құлақ асар ма екенсіңдер деп тексеріп, сынау үшін де сол хатты жазып жібердім» (Қорынттықтарға арналған екінші хат 2:9).

Құдай Оның еркіне бағынғанымыздағы ниетіміздің, көзқарасымыздың, ықыласымыздың қандайлық екенін сынайтынын түсіндім. Шайтан мойындатқысы келетін именшектікті айтып тұрғаным жоқ. Исаның Өзі құнын төлеп, ондай мінезден бізді құтқарған болатын. Шайтанға мінәжат, сенім, Құдайдың сөзі арқылы табандылықпен қарсы тұруға тиіспіз. Менің айтып отырғаным – Құдай бізді жетелеген жолмен жүргенде, оған деген пейіліміз қандай болмақ. Пауыл елші айтады: «Иса Мәсіхтің мінез-құлқы сендердікі де болсын» (Філіпіліктерге арналған хат 2:5). Иса Әкесі дайындаған «тостағаннан» ішіп қана қоймай, оны ықыласпен орындады. Сол себепті Пауыл елші бізге: «Рухтарың мен ақыл-ойларың түгелдей жаңарсын (ойымыз бен рухымыздың ықыласы жаңарып, қайта жандансын)», – дейді (Ефестіктерге арналған хат 4:23, Кеңейтілген аударма).

Неліктен? Өйткені көзқарасымыз ниетімізге әсер етеді, ал сотта Құдай істеген істеріміз ғана емес, қай ниетпен істегенімізді де таразылап, тексереді. Сауабымыз да соған орай болмақ. Пауыл елшінің сөзін тағы қайталап оқып шығайық:

«Барлығымыз Мәсіхтің төрелік тағының алдында тұрып, әшкереленуге тиіспіз ғой. Сонда әрқайсымыз тәндік өміріміздегі іс-әрекетіміздің жақсы-жамандығына қарай лайықты бағамызды алатын боламыз» (Қорынттықтарға арналған екінші хат 5:10, Кеңейтілген аударма).

Құдайға қызмет етіп жүріп, жүрегіне ащы сезімдерді ұялатқан адамдарды көріп, қиналамын. Қажып-талып еңбек ете жүріп, мәңгі мақсатынан көз жазып қалады да, қызмет еткендегі пиғылы – қызғаныш пен жеке пайдасы болып қалады. Құдайға деген ыстық ықыласқа толы жандардың бір-

те-бірте суып кетуінің себебі бәрінен де бұрын – осыда деп ойлаймын. Сондықтан Киелі жазба сақтандарады: «Абай болындар, ешқайсың Құдайдың рақымынан құр қалып жүрмеңдер! Әйтпесе улы жеміс беретін тамырды қазып алып тастамаса, оның қайтадан көктеп, қаулап өсіп кететіні сияқты, мұндай адамдарың өздерінің жаман көзқарастарына *көптеген* басқаларды да еліктіріп, арамдап, зор зиян тигізетін болады» (Еврейлерге арналған хат 12:15).

Назар аударыңыз, «көптеген» адамдар арамдануы мүмкін делінген. Қызметте жүрген жиырма жылымда ащы тамырдың жайылып, кең тарағанын талай рет көрдім, бұл менің жүрегімді қарс айырады. Киелі Кітаптың кеңейтілген аудармасында «күні бұрын білуді үйреніңдер және бірінді-бірін бақылаңдар» деген ескерту бар. Сүйікті бауырластарымыздың сүрініп, жығылуын, ащы тамырдың дер кезінде жұлынып тасталмағандығынан толық жүлдесінен айырылып қалуын болдырмау үшін осы сөздерді бір-бірімізге айтып, сақтандырып жүруге тиіспіз.

Жұбайымыз екеуіміз бала-шағамыз бен қарамағымыздағы адамдарды мұқият бақылаймыз. Қызмет бабымен сапар шегіп, үйден шалғай кетуіміз жиі болады. Құдай жазған қызметіміз сондай болғандықтан, соған қиналмай төзуге балаларымызға Иеміз рақымын сыйлаған. Сол рақымнан айырылып қалмаса екен деп тілейміз.

Ұлдарымызға жігер беретін сөздер айтамыз, қарым-қатынастарын дұрыс бағытқа салып отырамыз, қайратты мінез қалыптастырып тәрбиелеуге тырысамыз.

Төрт ұлыма айтқан сөзім есімде: «Жігіттер, өздерің білесіңдер, ай сайын көп күн сапарда жүремін. Аналарың да бірнеше күн үйде болмайды. Үйден шалғай шыққандағы мақсатымыз – Құдайдың тапсырмасын орындау. Өзінің Патшалығын кеңейту үшін адамдардың өміріне ықпал еткісі келгендіктен, Құдай бізді осындай қызметке тағайындады».

«Осы тапсырмаға көзқарасымыздың қандай болары өзімізге байланысты. Әке-шешеден ажырадық, әкемізді паналап, анамызға еркелеп өсуден құр қалдық деп наразы боласыңдар ма, әлде бізге берілген Құдайдың тапсырмасы ғана емес, өздеріңе де сеніп тапсырылған жауапкершілік деп қабылдайсыңдар ма, оны өздерің шешесіңдер. Құдайдың жоспары орындалу үшін бізді тұқым сепкендей мыңдаған адамдардың өміріне «сепсеңдер», ол сендердің Құдайға қызмет еткендерің. Пейілдерің осылай болса, біз ықпал еткен әрбір жанның сауабы сендерге де тиеді. Ал әке-шешеден айырды деп ұқсаңдар, көктегі сыйдан құр қаласыңдар. Сонымен, ұлдарым, барлығы да бір нәрсеге, ықылас-пейілге, *көзқарастарыңа* байланысты».

Балаларым осы сөзімді жақсы ұқты. Біздің тағы кеткенімізді айтып, бұдан былай күңкілдеген емес. Керісінше, Лиза екеуіміз күмәнданған сәттерде шақыруды қабылдап, алыста қызмет етуге талай рет жігерлендірді. Ұлдарымызбен арада түсіністігіміз жақсы, төртеуі де Құдайды сүйеді, төртеуі де бізбен бірге Құдайға қызмет етеді. Жаратқан Иенің ғажайып рақымы үшін алғысым шексіз. Балаларым қазірдің өзінде, жастайынан күміс қадақтарын көбейтуде.

Дәл сол сөзді жұмыскерлеріме де айттым: «Осындағы жұмысты жай ғана жұмыс деп қарастыруға болады, сонда уақыт өте шаршап, қажып, жүректеріңді ащы сезім меңдейді де, сауаптарың да соған сай болады.

Осы жұмысты миллиондаған адамның өміріне әсер етудің мүмкіндігі деп қарастыруға да болады. Басқа қалаға жіберілген әрбір кітап, өздерің жауап берген әрбір хат, әлеуметтік желілер арқылы ізгі хабарды естіген әрбір адам, өздерің ұйымдастырған әрбір жинылыс, осылардың барлығы – Құдайдың ісіне үлес қосып, маңызды іс атқарудың мүмкіндіктері. Сендер Дәуіттің қосты күзетіп қалған сарбаздарындайсыңдар». Олар сөзімді дұрыс қабылдады, сондықтан

жұмысқа деген ықыластары жақсы. Рухани жетекші ретіндегі міндетім – дұрыс пейілді сақтауға септігі тиетін өмір сөздерін айту. Ал сол сөздерді жүзеге асыру жауапкершілігі толықтай тыңдаушыларымда.

Дұрыс көзқарасымызды сақтасақ, күміс қадақтарымызды көбейтіп, өте жақсы нәтижеге жете аламыз. Жаратқан Иеміз Өз үйін салуда, Біз Құдаймен бірге еңбектену мәртебесіне ие болдық. Сонымен, жұмысыңыз елеусіз болып көрінсе де, әрбіріміздің қосқан үлесіміз маңызды екенін естен шығармаңыз. Ал жемісті болу-болмауымыз өз қолымызда. Сізден күтетін үмітімді Жохан елшінің сөзімен айтқым келеді: «Еңбекпен қол жеткізгендеріңді жоғалтпай, Иемізден толық сыйларыңды алу үшін байқап жүріңдер» (Жоханның жазған екінші хат 8).

14-ТАРАУ

ЖЕКЕ ЫҚПАЛ

Ал сен... жүріс-тұрысым мен өмірлік мақсатымды білесің. Сенімім, төзімділігім және сүйіспеншілігімді, әрі қуғындалып, азап шеккен кездерімде көрсеткен табандылығымды өз көзіңмен көрдің.

— Тимотеге арналған екінші хат 3:10
(ағылшыннан аударма)

Мәңгілікте біз басқа адамдардың өміріне еткен ықпалымызға қарай сый-марапатқа ие боламыз, немесе зиян шегеміз. Бұл тек қызметімізге ғана емес, сонымен қатар біздің жеке көзқарасымызға, өмір салтымызға және адамдармен қарым-қатынасымызға да байланысты.

Біздің адамдармен қарым-қатынасымыз, оларға тигізетін оң немесе кері ықпалымыз оларға деген көзқарасымызға байланысты. Біз басқаларға тәкаппар қарасақ, онда қарым-қатынасымыз да солай болмақ, кеміте сөйлейміз, олардың мұқтаждықтарына мән бермейміз. Адамның жан-дүниесін жоғары бағаласақ, сүйіспеншілікпен, жанашырлықпен өмірін жақсартып, нығайтуға ұмтыламыз.

Адамдарды Құдайға ұқсас жаратылған тұлға ретінде бағаламасақ, оларды өз мақсатымызда пайдаланамыз, өз қалауларымыз бен қажетімізді олардан жоғары қоямыз. Адамдарға Құдайға ұқсас жаратылған, шексіз құнды тұлға ретінде қарасақ, біздің ниетіміз – әр адамға жақсылық жасау болады. Кейде ол үшін өз мүддемізден бас тартуға дайын тұрамыз. Мәсіхшіге тән іс-әрекет – осы.

Өзімшілдік бекіністері

Исаны қабылдағанға дейін назарым толықтай өзімде ғана болатын. 1979 жылы Құдайға бет бұрғаннан кейін, Киелі Рух менің үйреншікті іс-әрекетімдегі өзімшілдікпен күресе бастады. Исамен бірге өткізген алғашқы он жылым рухани қақтығыстарға толы болды.

Менің өмірімдегі осындай бекіністердің бірі – нәпсіқұмарлық болды. Порнографияға әуес едім, бұған қарсы тұруды өте қиын деп есептейтінмін. Алты жылға созылған күрестен кейін 1985 жылы ораза тұттым. Оразаның төртінші күнінде азат болдым. Азаттық алған сәттен бастап, ой-тілектерім Құдайдың жаңартуымен түбегейлі өзгере бастады.

Келесі бірнеше жылдың ішінде нәпсіқұмарлықтың тамырын таптым. Жүрегімдегі Құдайдың сүйіспеншілігі арта берді, Құдай жаратқан адамның құндылығы мен үшін барған сайын айқын бола берді. Нәпсіқұмарлықтың түптамыры – барып тұрған өзімшілдік екенін түсіндім. Әйел адамға нәпсіқұмарлықпен қарау оны бір жапырақ еттей көрумен тең. Мен үшін бұл көзқарас барған сайын жиренішті бола берді.

Құдайдың әйел адамды құрмет пен салтанатқа бөлеп, Өзіне ұқсас етіп жаратқаны туралы түсінігім нығая берді. Мұны бұрыннан білетінмін, дегенмен, бұл білім болмысыма терең енген жоқ. Біраздан кейін Құдайдың ой-санамды жаңартқанына көзім жетті. Журнал тысындағы, немесе теледидардағы порнографиялық суретке көзім түсіп кетсе, жеркенетін болдым, Иса адамды жоғары бағалап Өз қанын ол үшін төкті, енді сол адамның құны бір жапырақ еттей болып қалғаны мені қатты күйзелтетін болды. Әйел затының құндылығы жайлы түсінігім тереңдей берген сайын, сезімдерім осылай өзгере берді.

Тіпті қауымда да кейбір ер адамдардың әйелдермен қарым-қатынасы жағамды ұстатады. Олар әйелдерге тәкаппарлықпен қарап, әйелдерді өздерінен кем, тіпті құнсыз са-

найды. Бұл санаға сыймайды. Әйел адамдар мәңгілік өмірді ер адамдармен бірге тең иемденеді. Әйелдерге қарағанда күштірек (жан мен рухтың күшін емес, білектің күшін айтамын) еркектер әйелдерді өздерінен жоғары бағалаулары тиіс. Ер адам әйелді сыйлауға, қадірлеуге, қорғауға, әрдайым қолдауға міндетті. Ер адам – отағасы, жанұяның басшысы, алайда Құдай Патшалығында басшылық дегеніміз – жанұя үшін өміріңді қию, әйел, бала-шағаңды билеп-төстеу емес, оларға қызмет ету. Егер сіз басшылықты өзіңізді әйеліңізден жоғары қою деп түсінетін болсаңыз, онда әйеліңіздің жүрегін жаралап, жан-дүниесіне нұқсан келтіресіз. Ал Қиямет Сотында осы үшін жауап тартасыз.

Жалпыға бірдей жағымды болғысы келген жігіт

Құдай маған өзімшілдіктің тағы бір жасырын қырын көрсетті. Сексенінші жылдардың орта тұсында төрт жүздей жұмыскері бар қауымда қызмет етіп жүрдім. Қауымымызда сегіз мың адам бар еді, біздің жұмысымыз еліміздегі мыңдаған қауымдармен байланысты еді.

Ол кезде мен араздық, келіспеушілік, жанжалдың қай түрінен болса да аулақ болғым келетін. Әрқашан жылы шырай танытып, сыпайы сөйлейтін, биязы мінезді адам болатынмын. Сөзім шындыққа жатпаса да, адамдарды мақтай сөйлеуге тырысатынмын. Кеңседегі ең жылы шырайлы адамдардың бірі едім. Мен туралы айтылған жағымды пікірлер құлағыма жетіп, жүрегімді жылытып жүрді.

Бірде мінәжат етіп отырғанымда, Құдай менен: «Қорыңтықтарға арналған 1-хаттың 13-тарауында сүйіспеншілік жағымды деп жазылғанын көріп пе едің?» – деп сұрады.

Ойланып барып: «Жоқ», – деп жауап бердім.

Құдай: «Ұлым, адамдарды өтірік мақтайтыныңның шынайы себебін білесің бе?» – деді.

«Ол туралы ойланған емеспін», – деп жауап қаттым.

«Басқалардың сені жақтырмай қалуынан қорқасың. Назарың кімде – өзіңде ме, басқаларда ма? Адамдарды шынымен де жақсы көрсең, оларға жақсын, жақпасын, шындықты айтар едің. Өзіңнің жағымды болып көрінуіңді емес, басқалардың қамын ойлайтын едің», – деді Құдай.

Жексұрын өзімшілдігімнің сыйпайылық болып көрінгісі келетінін анық көріп, төбемнен жай түскендей болдым. Өзімді жағымды етіп көрсету үшін басқаларды пайдаланым жүр екенмін. Ниетім адамдарға қызмет ету емес, басқалардың алдында қадірлі адам болып, сол арқылы көңілімді толтырып, жігер алғым келеді. Бар болғаны, жақсы атты болғым келеді екен.

Көптеген уағыздаушылардың қасиетті өмірге шақыру, әшкерелеу, түзетуден бас тартып, Құдай сөзінің тек «жағымды» жақтарына туралы ғана айтуының да себебі осы. Адамдарға шынайы сүйіспеншілікпен қызмет етудің орнына олар қауым мүшелерін ренжітпеуді, адамдардың санын жоғалтпауды ойлайды.

Сенің сүйіспеншілігің кімге бағытталған: өзіңе ме, басқаларға ма? Жартасқа жақындап, құлауға аз қалған адамды көрсеңіз, жан ұшыра айқайлап, ажалдан алып қалмайсыз ба? Осындай «сүйіспеншілікке толы» қызметкерлердің күнделікті өмірдегі іс-әрекетін байқаған болатынмын. Олардың басқа адамдармен өзін ұстауы алаңдатады. Даяшылармен, қонақүй қызметшілерімен, басқа да қызмет көрсету саласында жұмыс істейтіндерді өздерінен төмен санайды. Бұл сенушілер күнделікті өмірінде басқаларға қандай әсерін тигізіп, қалай ықпал етеді? Өмір жолында кездестірген әрбір адамға қалай ықпал еткеніміз жайлы есеп беруімізге тура келеді.

Жағымдыдан қатыгезге дейін

Осыны түсінгеннен кейін бағытым күрт өзгерді. Қатты мінезді, қатал уағыздаушыға айналдым. Жүрегімде адамдарға

деген Құдайдың сүйіспеншілігі әлі лаулап жанған жоқ. Адамдардың қамын, олардың мәңгі өмірге ие болуын емес, әрекетімнің дұрыс болуын ойладым. Кейде тыңдаушыларымның зығырданын қайнататынымын. Назарым әлі де өзімде еді, тек өзімшілдігім енді басқа көрініс тапты. Менің іс-әрекетім Киелі Кітаптағы мына сөздерге сай болатын: «Сендердің мінсіз білімдеріңді барлығы құптауға тиіс деп ойлайсыңдар. Алайда 'біліктілік' мақтаншақ етеді, ал сүйіспеншілік сенімді жетілдіреді» (Қорынттықтарға 1-хат 8:1, ағылшыннан аударма).

Қызметіміздің алғашқы қадамдарын еске алуға ұяламын, себебі мен барып қайтқаннан кейін бағушыларға қауымдарын «ретке келтіруге» тура келетін. Сол уақытта өзім бағушы болсам, Джон Биверді қауымыма шақырмасым анық. Ол кезде жіберген қателіктеріме қарамастан, Құдайға, Оның халқына қызмет етуге деген құлшынысымды көре білген бағушыларға алғысым шексіз.

Ықыласқа ие болам деп адамдарға жағынуды қойдым, енді ақиқатты қатаң айтатын болдым, бұл да жасырын өзімшілдік ниеттен шыққан еді. Құдай мені бұдан арылтуда еді.

Бірнеше жылдан кейін бір танымал бағушы мені сыртымнан өте беделді қызметкерлердің алдында сынап тастапты. Бұл туралы хабар ел-елге тарап, маған да жетті. Алғашында қатты ызаланып, көңілім құлазыды, алайда өкпе-реніш мені Құдайдан тек алыстатаныны есімде болды. Ақырында ол адамның сыны мені Құдайдың сүйіспеншілігін бұрын-соңды болмаған ынтамен іздеуге итермеледі.

Құдайдың жанашырлығын жалына сұрап жүргенімде, Құдай жүрегімді Оның адамдарына деген сүйіспеншілікке бірте-бірте толтыра беріпті.

Құдайдан қызметімді түбейгейлі өзгерткен түсінік келді. Бұл өте терең құпия деп ойлап отырған боларсыз. Шын мәнінде ол қарапайым ақиқат еді. Сөзіме дұрыстап мән

бермесеңіз, тіпті бос сөз болып көрінуі де мүмкін. Сонымен, Құдайдан келген түсінік мынау еді: «Бір қасық қант дәріні бүлдірмейді». Тәтті қосып берсе де, дәрінің күші азаймайтын түсіндім. Тәтті дәріні жұту оңай, тәтті дәрінің дәмі тіпті ұнамды да болады.

Қазір: «Джон, уағызың бізді күлдіре отырып, Құдайдың Сөзімен тазартқанына таң қаламын. Маңызды тақырыптарды жұмсақ жеткізе білдің», – дегенді жиі естимін. Құдайдың рақымымен бұрынғыммен салыстырғанда рухани өскен екенмін. Құдайға алғыс!

Әлгі бағушы мені сынға алғанда тіпті де маған жақсылық жасайын деген жоқ, алайда сол жағдай менің өмірімдегі ең үлкен игіліктердің бірі болды. Есіңізде болсын, сізге қасақана жасалған зұлым әрекетті Құдай өміріңізде Оның еркі орындалуы үшін жақсылыққа айналдырады. Ол Яһуданың сатқындығын Исаның пешенесіне жазылған айқыштағы өлімнің жүзеге асуы үшін пайдаланды. Құдайдың Жүсіпке бірген аяны оның ағаларының зұлым ісі арқылы жүзеге асты. Осыған ұқсас мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Мақсат – Құдайдың сүйіспеншілігі

Гәп біздің адамдарға деген көзқарасымызда. Жүрегімізді Құдайдың сүйіспеншілігі мен жанашырлығы толтыратын болса, өзімізді басқалардан жоғары қоймаймыз. Ондай көзқарастан төкапшарлық, кінәратшылдық, сыншылдық, дөрекілік және т.б. туындайды.

Пауыл елшінің Римдегі сенушілерге жазғанына назар аударыңыз

«Олай болса, мұндай ережелерді орындамайтын бауырласыңды айыптауға қандай қақың бар? Немесе оларды орындап жүрген бауырласыңа менсінбей қарауға қандай қақың бар? Бәріміз де Құдайдың қиямет сотының алдында тұрып, әшкере-

ленетін боламыз. Демек, әрқайсымыз Құдай алдында өз іс-әрекетіміз үшін есеп береміз» (Римдіктерге 14:10,12).

Ең маңызды өсиеттердің бірі – жақынымызға сүйіспеншілікпен қарауды – орындамайтын болсақ, Пауыл айтып отырған тұзаққа біз де түсіп қаламыз. Паңдық, басқаларға менсінбей қарау әдетімізге айналады. Осындай жағдай Киелі Жазбаны жақсы білетін, алайда рухани жемістері жетілмеген сенушілерде жиі кездеседі.

Киелі Жазбаның айтуынша, *Құдай – сүйіспеншілік*. Айта кететін маңызды жайт, сүйіспеншілік – Құдай емес. Мұндағы айырмашылық орасан зор. Құдайдың мінезі, іс-әрекеті біздің сүйіспеншілік туралы түсінігімізге сай келмейді. Себебі, Исаны жақын танымай, ешбір адам сүйіспеншілікті танып біле алмайды. Иса ғана сүйіспеншіліктің шынайы болмысы.

Киелі Кітапта *Құдайда сүйіспеншілік бар* деп бір де бір рет айтылмаған. Құдайда билік бар, Құдайда құдірет бар, Құдайдың адамға берер сыйлары бар, т. с. с. Алайда Иса – сүйіспеншіліктің шынайы болмысы. Олай болса, біз Оған ұқсас болуымыз керек, себебі Оның болмысынан қайта туылдық. Осы себептен Пауыл былай деп жазады:

«Мен адамдардың түрлі тілдерінде Және періштелердің тілдерінде Жатық та мүдірмей сөйлей білсем де, Бірақ егер сүйіспеншілігім болмаса, Сөздерім сыңғырлаған қоңырауға Әрі шылдырлаған асатаяққа Ұқсап мәнсіз боп қалады сонда. Мен Құдайдың хабарларын жеткізсем, Күллі құпия-сырларды да білсем, Әр түрлі білімді иемденсем, Тау қозғайтындай сенімге кенелсем, Бірақ егер сүйіспеншілігім болмаса, Түкке де тұрмаймын мен онда. Егер үлестірsem бар байлығымды Бейшара жарлы-жақыбайларға, Тіпті құрбан қылсам да жанымды, Тәнімді қисам отқа жағуға, Бірақ егер сүйіспеншілігім болмаса, Маған келер пайда жоқ бұдан да» (Қорынттықтарға 1-хат 13:1-3)

Айтылған сөз сүйіспеншіліктің дәлелі бола алмайды, себебі біреуді жақсы көремін деп айтсаң да, іс-әрекетің тіпті

басқа нәрсені көрсетуі мүмкін. Дегенмен, шынайы сүйіспеншілік іс-әрекеттен де басталмайды. Жоғарыда келтірілген үзіндіде Пауыл бар байлықты жарлы-жақыбайларға үлестіріп беру немесе өз жанын құрбан ету сияқты зор сүйіспеншілікке негізделгендей болып көрінетін істерді сүйіспеншіліксіз де жасауға болады дейді. Шынайы сүйіспеншілік жүректе пайда болады.

Сүйіспеншілік адамды мейірімді, шыдамды етеді. Ондай адам басқалардың табыстарын қызғанбайды, себебі басқаларға шын жүректен тілейтіні – жақсылық. Ол мақтаншақ емес, керісінше тәкаппарлық пен менмендіктен аулақ болады. Өз дегенін басқаларға мойындатуға ұмтылмайды. Реніштерін санап, есінде сақтамайды, кешірім жолын таңдайды. Әділетсіздікті құптамайды, рақым мен ақиқатқа ұмтылады. Үмітін еш үзбейді, сондықтан адамдардан ешқашан көңілі қалмайды, оларға деген сенімін жоғалтпайды. Айыбына көзін анық жеткізбей, ешкімді айыптамайды. Кінәсі дәлелденген күнде де, айыпты адамның тәубеге келуінен үмітін үзбейді. Құдай Патшалығының мүддесі үшін немесе басқалардың пайдасы үшін қиындықтарға төзе біледі, үміті ешқашан үзілмейді. Қорытындылай келе, сүйіспеншілікке кенелген адам басқаларды тек Мәсіхте, Оның еркін орындау арқылы ғана жүзеге асатын қасиетті өмірге жетелейді.

Көп адамға ықпал еткен жетекші

Бірнеше жыл бұрын Мичиган штатындағы Детройт Дүниежүзілік миссиясының негізін қалаған жақын досым Джек Уоллес қайтыс болды. Он жылдың ішінде оның көп ұлтты қауымындағы адамдардың саны төрт мыңға жетті.

Досым Зимбабвеге конференцияда уағыз айту үшін барған болатын. Алайда, ұшақтан түскенде жүрегі кенет тоқтап қалды.

Жаназаға мыңдаған адам жиналды – Америка Құрама Штаттарының түкпір-түкпірінен келген бағушылар, қызметкерлер, ірі корпорациялардың басшылары, қарапайым жұмысшылар, басында баспанасы жоқ қаңғыбастар, үй шаруасындағы әйелдер. Джектің қауымындағы адамдар – осылар еді. Жаназаға Исаны жеке танымайтын адамдар да, мысалы қонақүйлер мен мейрамханалардың жұмыскерлері келді. Олардың өмірлеріне Джек зор ықпал еткен-ді.

Қауымға жатпайтын адамдардың көптеп келуі мені еш таң қалдырған жоқ. Себебі, Джек екеуіміздің қауымнан тыс өткізген уақытымызда, мен оның адамдармен қарым-қатынасын көріп талай рет риза болған едім. Әр адамды ол өте жоғары бағалайтын. Даяшылар мен қонақүй жұмыскерлеріне ақыны асырып төлейтін. Джектің осы әдетін түсіне алмай, керек емес мырзалыққа балап жүрдім. Бірде досыммен сөйлесіп отырып бұл адамдардың Құдай үшін қаншалықты қымбат екенін терең түсініп, сол ақымақ ойымнан арылдым.

Жаназа төрт жарым сағатқа созылды. Марқұммен жақын таныс болған адамдарға сөз беріліп жатты. Төрт-бес адамның Джекпен қаншалықты жақын сырлас дос болғанын естігенде бір танымал қызметкер: «Мен өзімді Джектің ең жақын досы санап жүрсем!» – деді. Бұл сөз езу тартқызды.

Джек әрқайсымызға ең жақын досындай қарайтын. Бұл тұлғалы қызметкер теледидар бағдарламалары, Изгі Хабар таратуға бағыттылған іс-шаралар арқылы қалың бұқараға ықпал етумен қатар, өмір жолында кездескен әр адамға да әсер етті.

Үлкен корпорацияның басшысы болсын, әлеуметтік жәрдемақымен ғана күнін көріп жүрген адам болсын, Джек бәрін бірдей көріп, кез-келген адамның тілін тауып, сүйіспеншілік көрсете білетін. Ол әр адамды мансап-мәртебесіне қарамай жоғары бағалайтын. Джек Құдайдың оған берген тапсырмасын бұлжытпай орындады және рухани сыйларды өмірінің әр саласында көбейте білді.

Мыңдаған өмірге ықпал еткен күзетші

Менің өміріме зор әсер еткен адамдардың кейбіреуі тіпті сахнаға шығып көрген емес. Солардың бірі «Роквелл Интернешнл» компаниясының Майк атты жұмыскері. Майкпен танысқанда Исаны қабылдағаным екі жыл болған еді. Екеуіміз жұмыста қатар отыратынбыз, үзілісте Құдай туралы әңгіме айтатынбыз. Достығымыз жарасып, бір-бірімізді қонаққа шақырып жүрдік, қауымда да көп уақытымызды бірге өткізетін болдық. Досымның жан-дүниесінің тұтастығы мен Киелі Жазбадан алған даналығы маған қатты әсер етті. Мені өте қатты таң қалдырған нәрсе – Майк жұбайын, бала шағасын, айналасындағы әрбір адамды қадір тұтып, сүйіспеншілік танытатын.

Кейін мен Роквеллден кетіп, толықтай қызметке кірдім. Біраздан соң Майк та жұмыстан шығып, өз компаниясын ашты. Бастаған ісі өте табысты болды. Майк салық төлеу жөніндегі мәселелерде он екі мың адамға көмек көрсетті, олардың бес мыңы Майктың тұрақты клиенттері болып қалды. Олар Майктың адалдығы мен адамгершілігінің арқасында онымен ұзақ жыл бойы істес болды.

Жақында Майктен неше клиентке Ізгі Хабар айтқанын сұрадым. Ол: «Шамамен, клиенттерімнің тоқсан пайызына», – деп жауап берді.

Яғни, он мыңнан астам адамға Ізгі Хабар айтылған.

Қайран қалдым. Енді қанша адам Исаны қабылдағанын сұрадым. Майк: «Жүздеген адам. Өткен аптада бір кубалық азамат құтқарылды, оның қатерлі ісіктен шипа алуы үшін мінәжат еттім», – деді.

Сонымен қатар Майк көптеген қызметкерлерге қаражаттарын дұрыс есепке алып, ретке келтіруге көмектесті. Солардың қатарында біздің қызметіміз де болды. Майк Құдайдың маған берген тапсырмасын түсініп, салықтық есепте-

ме жағынан тегін көмек көрсетті. Ол көптеген адамдардың өміріне әртүрлі жолдармен ықпал етті.

Бірде Майк өзінің өміріне зор ықпал еткен бір күзетші туралы айтқан болатын. Жақында сол әңгіме есіме түсіп, одан әлгі танысы жайлы сұрадым. Майк көзіне жас алды.

Ол «Джон, тоғыз нағашымның алтауының есі ауысып, өмірлерінің соңын арнайы ауруханада өткізді. Анам да сол ауруханадан бір-ақ шықты. Өз атам да, нағашы атам да оққа ұшып мерт болды. Әулетіміздің астаң-кестеңі шықты, менің де тағдырым осындай болар еді. Алайда, шешем мені асырай алмай, басқа отбасына беріп жіберді. Сол үйде жеті жылым өтті. Отағасы кішігірім фабрикада күзетші болып жұмыс істейтін. Ол кісінің аты Чарли. Оның қасиетті өмірі, Исаға деген адалдығы мен адамдарға деген сүйіспеншілігі менің өмірімдегі қарғыстың күшін жойды. Апта сайын ол кісі мені өзімен бірге қауымға апарып, Құдай жолымен жүруді үйрететін. Сол Чарлидің арқасында сен білетін Майк болып өстім. Бірде қызым сурет салып, астына 'Мен танымайтын Ұлы Адамға' деп арнау жазды. Бұл Чарлиге арналған сурет еді».

Сіз осы өмірде Чарли туралы ешқашан естімейтін шығарсыз. Бірақ ол кісінің ықпалы Майктың қызметі арқылы мыңдаған адамдарға жетті. Осы ықпал маған да әсер етті.

Сондықтан Чарлидің ықпалы мен арқылы өзім қызмет еткен миллиондаған адамдарға да тарады. Иса айтқан адал қызметші тәрізді Чарли де өзіне тапсырылған рухани сыйды көбейте білді. Уақыты келгенде, сол бір адал жан Құдайдан сый-марапат алады.

Кейінгі ұрпақтарға ықпал

Жақында бір әріптесім Макс Джукс атты атеист пен Джонатан Эдвардс деген адал сенушінің өмірлері туралы әңгіме оқып берген болатын.

Сол әңгімені келтіремін:

Атеист Макс Джукс күнәһар өмір кешті. Ол Құдайға сенбейтін қызға үйленді. Олардан тараған ұрпақтың тағдыры мынадай: 310 адамның өмірі қайыршылықпен өтті, 150 адам қылмыскер болып шықты, жетеуі адам өлтірді, 100-і маскүнемдікке салынды, әйелдердің жартысынан көбі жеңіл жүріске салынды. Джукстан тараған 540 адам туралы мәлімет жиналды. Мемлекет тарапынан оның үрім-бұтағына 125 миллион доллар жұмсалды.

Құдайға шүкір, Джонатан Эдвардс атты тамаша азаматтың өмірін үлгі тұтуға болады. Макс Джукспен замандас, ол адал сенуші қызбен тұрмыс құрды. Зерттеу көрсеткендей, Эдвардстың 1394 ұрпағының ішінде 13-і колледж президенті, 65-і профессор, 3-і АҚШ сенаторы, 30-ы судья, 100-і адвокат, 60-ы дәрігер, 75-і офицер, 100-і уағыздаушы, 60-ы белгілі жазушы, біреуі АҚШ вице-президенті, 80-і қоғамдық қайраткер, 295-і колледж бітірген, олардың арасында штат әкімдері мен шетелдік елшілер бар. Эдвардстың үрім-бұтағы мемлекеттен бірде-бір цент көмек алған емес.

Бұл – Құдай берген рухани сыйды көбейтудің тағы бір жолы. Чарли, Майк және Джонатан Эдвардс көптеген адамның өміріне тікелей не жанама ықпал етті.

Олардың көпшілік алдындағы қызметі емес, өздерінің жеке өмірі көптеген ұрпақтардың өміріне әсерін тигізді.

Осындай мүмкіндікті Құдай әрбірімізге береді. Өзіңізді тоқтатқан жол полициясы инспекторына берген жауабыңыз, бағушы туралы айтқаныңыз, басқаларға айтқан сөзіңіз, және көптеген басқа да ұсақ-түйек нәрселер айналаңыздағы адамдарға әсерін тигізбей қоймайды. Сіз құрылысшы болмақсыз ба, әлде басқаларды сүріндіретін кедергі тас боласыз ба?

«...Әрқайсымыз Құдай алдында өз іс-әрекетіміз үшін есеп береміз. Ендеше бір-бірімізді айыптауды тоқтатайық! Қайта, бауырластарыңды істегендерің арқылы тура жолдан тайды-

рып, азғындыққа түсірмеуге шешім қабылдандар! ...Өзара тату жүріп, бір-біріміздің рухани өсуімізге көмектесетіннің барлығына жан-тәнімізбен ұмтылайық!» (Римдіктерге 14:12,13,19).

Пауыл елші айналамыздағы адамдарға тигізген әсер-ықпалымыз әбден сыналатын Қиямет Соты туралы тікелей айтады. Сондықтан осы туралы ешқашан ұмытпайық. Сонда біз өз қамымызды ғана ойлай бермей, ниетіміз – басқаларды Құдайға қарай жетелеу болмақ.

Он тоғызыншы ғасырда өмір сүрген Ребекка Ратер Спринджер о дүниеге біржола аттанғанға дейін жұмаққа бірнеше рет барып қайтқан екен. Сол сапарларынан кейін ол «Көктегі қақпаның ар жағында» атты кітап жазды. Көкте Ребекка туыстарының бірімен кездесіп, онымен біраз уақыт өткізген болатын. Сол кісі, Ребекканың қайын ағасы, Құдаймен жақын қарым-қатынаста болды. Ребекка кітабында сол кісінің сөзін келтіреді:

«Жер басып жүргенде күн сайын мәңгілік өмірдің кірпішін қалап жүргенімізді түсінсек, өміріміз тіпті басқа болар еді! Аузымыздан шыққан әрбір мейрімді сөз, әрбір кеңпейіл ойымыз, әрбір адал ниет, қайырымды ісіміз бақилықтағы алтын сарайға қаланған бір кірпіш болмақ».

Адамдарды Исаға әкелу

Адам өміріне тигізе алатын ең зор әсер-ықпалымыз – адамды Исамен таныстыру. Қиямет Соты туралы түсінігіңіз дұрыс болса, таныстарыңызға Ізгі Хабарды жеткізуге тырысасыз. «...Зерделі жан адамдарды әділдікке тартар (балық аулаған балықшы тәрізді мәңгілік үшін жинап әкелер)» (Нақыл сөздер 11:30, кеңейтілген аударма).

Алғашқы кезде өзімді кездескен әр адамға Ізгі Хабарды айтуға міндетті санайтынмын. Кейінірек қай уақытта не айту керегін Киелі Рухтан сұрауды үйрендім. Исаның Өзі де тек

Құдай Әкенің айтқанын істейтінін түсіндім. Құдаймен бірлесе әрекет етсек, адамдарды үркітетін мәжбүрлеу емес, Киелі Рухтың жетелуі орын алады.

Алайда Ізгі Хабарды таратуға деген қалау көкке кеткенімізше жүрегімізде әрдайым болады. Құдайдың сүйіспеншілігі осы қалауды әрдайым жандандырып отырады. Адамның Исаны қабылдауы барлық періштелер мен Құдайды айтып жеткізгісіз қуанышқа бөлейді. Сол үшін сый-марапат аламыз. Иса: «Қазір-ақ орушылар жалақыларын алып, мәңгілік өмірге арналған өнімді жинап жатыр. Осылай егінді екен де, жинаған да бірге қуанады», – дейді (Жохан 4:36).

Мен болашақ жарымды алғашқы кездесуімізде Исаға алып келу құрметіне ие болдым. Өзім құтқарылғаннан кейін Құдай мені жарыммен таныстырғанға дейін ешбір қызбен оңаша кездеспеймін деп уәде бердім. Адам ата мен Хауа ананы жолықтырған Құдай мені де болашақ жарыммен жолықтырады деп сендім.

Құдайға бет бұрғанға дейін бірнеше қызбен көңілдес болдым. Кейінірек те бірнеше мәсіхші қыздарды ұнатып жүрдім, бірақ бұл қарым-қатынас менің Құдаймен қарым-қатынасыма кедергі болатынын байқадым. Әрдайым қош айтысқан сайын екеуіміздің де көңілімізде қаяу, жүрегімізде жара қалатын. Біраздан соң осының барлығы рухани өміріме пайда тигізбейтінін түсіндім. Сонымен, алдымен мінәжат етпей бірде-бір қызды кездесуге шақырмауға бел будым.

Ол кезде болашақ жарым тентек мінезді қыз еді. Жатақханадағы жігіттердің бірі оның ең бейбас қыз екенін айтты. Лизамен таныс болмасам да, бұл сөздің жаны бар-ау деп ойлады. Ұнатқан қызымды кездесуге шақыруға ниеттенсем-ақ, Құдай тыйым салатын, сондықтан ешбір қызбен кездеспегеніме бір жарым жыл болған-ды. Дегенмен, Киелі Рух жүрегіме табиғат аясында өтетін Киелі Кітапты талдауға Лизаны шақыруға түрткі салды. Ол шақыруымды қабыл алды.

Жатақханаға оралғанымызда Киелі Кітап жөніндегі әңгімемізді жалғастырдық. Түнгі сағат 1.30-да Лизаға Ізгі Хабарды айтып отырғанымда, ол сөзімді бөліп, Исаны қабылдағысы келетінін айтты. Біраздан кейін екеуіміз де Құдайдың бізді қосқысы келетініне нық сенімді болдық. Шынымды айтсам, Лизаға үйленгенімнен көп ұттым. Ол жанымда болмаса, мен мен болмас едім.

Лиза миллиондаған адамның өміріне әсер етті. Ол – тамаша кітаптардың авторы, әділетсіздік құрбандарының қамқоршысы, ол әлемнің әр түкпірінде қызмет етіп, уағыз айтады. Құдай туралы Лизаға айтудың мүмкіндігін пайдаланып қалмағанымда, не болар еді? Мазақ болудан қорқып, Ізгі Хабарды айтпасам ше? Құдай оған басқа біреуді жіберер еді, ал мен Құдай маған дайындап қойған ең жақсы әйелден айырылып қалар едім. Көптеген жандарды құтқарудағы Лизаның қызметінде менің үлесім болмас еді. Құдайдың сыйлары үшін Оған мың алғыс!

Есіңізде болсын, тұқым шағын, мардымсыз көрінгенімен, өсіп-өніп үлкен жеміс береді.

Ешқашан да Киелі Рухтың жетелеуіне мән бермей, елеусіз қалдырмаңыз. Менің өмірімде Құдайдың жетелеуімен істелген ең бір болмашы істер уақыт өте ең маңызды жеміс берді. Құдай сіздің өміріңіздің жемісті болуын қалайды. Және жемістеріңіз үшін сізге сый-марапат дайындайды.

Соңғы нұсқау

Біздің тағдырымыз шешілуде. Осы жалған дүниеде өзімізге кесілген аз уақытты бос өткізгеніміз жарамас. Көп адамның мәңгіліктегі тағдыры біздің Құдай жоспарына бағынған-бағынбағанымызға байланысты. Құдай барлық адамзаттың құтқарылғанын, әрбір адамның Исаға ұқсас

болып өзгергенін қалайды. Ешбір адамның Құдай Патшалығынан тыс қалғанын Құдай қаламайды.

Мысырдан шыққан Исраилдіктердің сүйегі шөл далада қалды. Оларды бастаған адам біртуар жетекші еді. Соған қарамастан, олар Уәделі жерге жете алмады. Біздің де кемегер жетекшілеріміз болуы мүмкін, бірақ Бас Құрылысшының жоспарын орындау-орындамауымыз өзімізге ғана байланысты. Ол былай дейді: «Құдай Патшалығы туралы осы Ізгі хабар күллі әлемге уағыздалмақ. Осылай ол барлық халықтарға мәлім болады. Содан кейін бұл заманның ақыры келеді» (Матай жазғн ізгі хабар 24:14). Берілген тапсырманы елеусіз қалдырмайық! Уақыт келді, Ол есік алдына келіп тұр! Құдайдың жоспарын біз орындамасақ, Ол Иешуа Нұнұлының тұсындағыдай басқа ұрпақты көтереді, өйткені Құдайдың үйі Оның құтқарылған перзенттеріне толуы тиіс деп алдын ала айтылған.

Өзімізге сеніп тапсырылған рухани сыйларды көбейтіп, жеміс бергенде, біз Құдайдың жоспарындағы өзімізге тиісті тапсырманы орындаймыз. Көңіліңіз қалмасын. Өзіңізге берілген тапсырманы болмашыға санап, ұсақсынып жүрмеңіз. Бағыттан таймаңыз. Інжіл Шарифте анық суреттелген, осы кітапта айтылған болашақтың бейнелерін көңіліңізден кетірмеңіз. Ізгі Хабарды естуге зар болып жүрген замандастарыңыз да, қызметіңіз арқылы қолдау тауып, жігер алуға тиіс адамдар да сізден үміт күтеді.

Сізді мәңгіліктегі тағдыр күтіп тұр! Оның рақымына толықтай сенім артсаңыз, табысқа жетесіз. Құдай уәдесіне берік!

Сізге, Құдай Патшалығының азаматына, айтарым: Құдайдың өзіңізді меншікті халқы болуға шақырып, таңдап алғандығын өміріңізбен нық бекітуге ынтамен ұмтылыңыз. Құдайдың тапсырмасын талмай орындаңыз. Тура жолдан таймаңыз. Он миллион жылдан кейін бүгінгі өміріңізді еске

алғанда осылай өмір сүргеніңізге қуанасыз. Құдайдың еркіне шектен тыс сай болу, Оның жоспарына шамадан тыс адал болу мүмкін емес. Сондықтан, «жүлдеге» ие болу үшін Мәсіхтің жолымен «жүгіріңдер»!

Соңғы нұсқау ретінде Пауылдың барлық сенушілер үшін мінәжатын келтіремін:

«Бір-біріңе және барлық адамдарға деген сүйіспеншіліктеріңді Иеміз біздің өздеріңе деген сүйіспеншілігіміз сияқты өсіріп, арттыра берсін. Осылай Ол көңілдеріңді орнықтыра көрсін. Содан сендер Иеміз Иса Мәсіх күллі қасиеттілерімен көктен түскенде, Құдай Әкеміздің алдында Оған толықтай бағышталған, мінсіз боласыңдар» (Салоникалықтарға арналған бірінші хат 3:12, 13).



Киелі Кітапта мәңгі сый-марапат туралы осы кітаптағыдан әлдеқайда көбірек жазылған. DrivenByEternity/EternalRewards сайтында Қиямет Соты мен сый-марапат туралы Киелі жазба аяттарының тізімін таба аласыз.

Т А Л Д А У Ғ А А Р Н А Л Ғ А Н С Ү Р А Қ Т А Р

6-ШЫ БӨЛІМ: 13, 14-ТАРАУЛАР

1. Сіздің өміріңізде маңызды емес, не аса мәнді емес болып көрінетін мәселелер бар ма? Көктегі мәңгілік өмірді есепке ала отырып, осы мәселелер жайлы ойланып көріңіз. Неліктен осындай бір қарағанда түкке тұрғысыз болып көрінетін мәселелердегі сіздің адалдығыңыз Құдай үшін маңызды болуы мүмкін?
2. Көбіміздің басқалармен бәсекелесетін, немесе өзімізді басқалармен салыстыратын әдетіміз бар. Осы дағдымыздан арылсақ, Құдай Патшалығына деген көзқарасымыз қалай өзгермек?
3. Құдайдың берген рухани сыйларын көбейтуге көп көңіл бөлесіз бе? Уақытыңыз, мінәжатыңыз, таланттарыңыз бен басқа ресурстарыңызды іске жаратудың тиімдірек жолдары бар ма?
4. Осы кітаптың ең басында Қиямет Сотында нық сенімді бола алатынымыз туралы сөз қозғайтын Жоханның бірінші хаты, 4-тарау, 13-аятты талдаған болатынбыз. Енді жаңадан алған біліміңізді еске түсіріп, осы үзіндіні түсіндіріңіз.
5. Өміріңіз мәңгілікте де маңызды болу үшін не істеуіңіз қажет деп ойлайсыз?

ҚОСЫМША

ҚҰТҚАРЫЛУДЫҢ ЖОЛЫ

*Өз аузыңмен Исаны Жаратқан Ием деп мойындасаң,
жүрегіңде Құдайдың Оны өлімнен қайта тірілткеніне
сенсең, онда құтқарыласың.
Себебі Мәсіхке жүрегімен сенуі арқылы
адам күнәсінен ақталады,
Оны аузымен мойындауы арқылы құтқарылады.
— Римдіктерге 10:9, 10*

Құдай өміріңізде мәңгі табыстың болуын қалайды. Құдайдың сізге деген сүйіспеншілігі зор, Оның сіздің өміріңізге арналған жоспары бар. Алайда осы тағдырға апаратын жол біреу-ақ, ол үшін Құдайдың Ұлы Иса Мәсіх арқылы құтқарылуды қабылдау қажет.

Исаның өлімі мен қайта тірілуі арқылы Құдай сіз үшін, Оның сүйікті ұлы мен қызы үшін, Өзінің Патшалығына жол ашты. Исаның айқыштағы өлімінің арқасында мәңгіліктегі молшылыққа толы өмір сіз үшін қолжетімді. Құтқарылу дегеніміз – Құдайдың сізге арналған сыйы, оған іс-әрекетіңізбен қол жеткізу, не оған лайық болу мүмкін емес.

Осы қымбат сыйды қабылдау үшін өз күнәңізді және өміріңізге дем берген Жаратушыдан тәуелсіз өмір сүргеніңізді (себебі осы тәуелсіздік барлық күнәнің тұптамыры болып табылады) мойындау қажет. Теріс жолдан қайту – құтқарылудың ең маңызды бөлігі. Елшілердің істері кітабында суреттелген бес мың адам құтқарылған күні Петір ол туралы анық айтады: «Сондықтан теріс жолдан қайтыңдар! Сон-

да Құдай Ие күнәларыңды кешіреді» (Елшілердің істері 3:19). Киелі Кітап әрбіріміз күнәнің құлы болып туылдық дейді. Ол құлдық қасарысу мен тілазарлыққа жол берген Адам атаның күнәсінен бастау алады.

Теріс жолдан қайту – өзіңізге және өтіріктің бастауы шайтанға бағынудан бас тартып, бұдан былай жаңа Иеңіз, сіз үшін Өз өмірін қиған Иса Мәсікке мойынсұну.

Мәсікке бойсұнып, Оны өзіңіздің Иеңіз және өміріңіздің билеушісі ретінде мойындап, Оған барыңыз бен өз-өзіңізді толықтай (рухыңыз, жаныңыз бен тәніңізді) бағыштауға тиіссіз. Өміріңізде Оның билігі шексіз, даусыз болсын. Осыдан кейін Құдай сізді түнектен азат етіп, нұрға, Өз Патшалығының салтанатына жетелейді. Сіз өлімнен өмірге өтіп, Оның перзентіне айналасыз!

Иса арқылы құтқарылуды қабылдағыңыз келсе, келесідей мінәжат етіңіз:

Көктегі Құдай, мен күнәкар екенімді, Сенің әділдігіңе сәйкес өмір сүре алмайтынымды мойындаймын. Жасаған күнәм үшін мәңгі жазаға лайықпын. Мені осы күйімде қалдырмағаның үшін рахмет, мен үшін өлімге барып, айқыштағы жазамды өз мойнына алған Мәриям қыздан туған Жалғыз Ұлың Иса Мәсіхті жібергеніңе сенемін. Оның үшінші күні қайта тіріліп, қазір Сенің оң жағыңда отырғанына сенемін. Иса – менің Ием және Құтқарушым. Сенен тәуелсіз өмір сүргенімнен бет бұрып, өмірімді толығымен Иса Мәсікке арнаймын.

Иса, Сені Жаратқан Ием және Құтқарушым деп мойындаймын. Рухыңмен менің өміріме еніп, мені өзгертіп, Құдайдың перзенті ете гөр. Осы кезге дейін түнекте өмір сүрдім, енді бұдан былай одан бас тартып, өзім үшін өмір сүруді тоқтатып, рақымыңмен Сен үшін өмір сүретін боламын, себебі Сен мен үшін Өзіңді құрбан еттің, соның арқасында мен мәңгілік өмірге ие болдым.

Жаратқан ием, Саған рахмет. Енді менің өмірім Сенің қолыңда. Сенің Сөзіңде жазылғандай, осы таңдауым үшін мен ұятқа қалмаймын.

Құдайдың отбасына қош келдіңіз! Басқа сенушілерге осы мінәжатыңыз туралы айтып беріңіз. Киелі Кітапқа сенетін жергілікті қауымға қосылуыңыз маңызды. Сеніміңізді жігерлендіретін сенушілермен қарым-қатынаста болғаныңыз дұрыс.

Сіз тамаша өмірге аяқ бастыңыз. Күнделікті рухани өсуіңізде, Құдаймен қарым-қатынасыңызда, Оны танып-білуде Құдай сізді жарылқасын!



«Мессенджер Интернэшнл» адамдарға, жанұяларға, қауымдар мен халықтарға Құдай Сөзінің өзгертуші құдіретінде өмір сүріп, мақсаттарына жетуге көмектеседі.

Сол өзгерістердің нәтижесінде адамдардың өмірі қуатқа толып, қоғамда игі өзгерістер басталды, әлемдегі әділетсіздік тойтарылатын болады.

Cloud Library – бұл дүние жүзіндегі қызметшілерге өздерінің ана тіліндегі тегін электрондық ресурстарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін онлайн-платформа.

CloudLibrary.org сайтында Джон және Лиза Бивердің 80-нен астам тілге аударылған ресурстарын тауып, оңай жүктеп алуыңызға болады.

Электрондық кітаптар,
видео- және аудиосабақтар,
Киелі Кітаптар...

Көбірек білгіңіз келеді ме? Сканерлеп алыңыз:




**CLOUD
LIBRARY**



ЖАҚСЫЛЫҚ ПА, ҚҰДАЙ МА?

ҚҰДАЙ БОЛМАСА ЖАҚСЫЛЫҚ НЕЛІКТЕН ЖЕТКІЛІКСІЗ?



Жақсылықтың барлығы Құдайдан келеді, солай емес пе?

Қазіргі кезде «жақсылық» және «Құдай» сөздері мағыналас болып кетті. Өлдене жақсы деп саналса, әлбетте, ол Құдайдың еркіне сай деп ойлаймыз. Жомарттық, мойынсұнушылық, әділдік жақсылыққа жатады. Өзімшілдік, төкаппарлық, мейірімсіздікті, әрине, жамандыққа жатқызамыз. Айырмашылығы ап-анық сияқты.

Расында да солай ма? Жақсылық сондай айқын болса, Киелі Кітапта жақсы мен жаманды айыра білудің маңыздылығы неліктен айтылған?

«Жақсылық па, Құдай ма?» – бұл күнделікті мәселелерді шешу туралы кітаптардың бірі емес. Бұл кітап сізге жай ғана мінез-құлқыңызды өзгерту туралы кеңес бермейді. Ол сізге рухани күш береді. Сол арқылы сіз Құдаймен тіпті басқа деңгейде қарым-қатынас жасай аласыз. Нәтижесінде өміріңіздің әрбір саласы өзгереді.

Джон және Лиза Бивердің осы және басқа материалдарын қазақ тілінде келесі сайттан жүктеп алуға болады:



CloudLibrary.org

МӘНГІЛІКТЕГІ ТАҒДЫРЫҢЫЗ ҚАНДАЙ БОЛМАҚ?

Мәселен, сіз бір ғылыми тәжірибеге қатыстыңыз делік. Бұл тәжірибенің шарты бойынша келесі 24 сағаттың ішіндегі әрекетіңізге алдағы бар өміріңіздің сапасы байланысты. Болашақтағы жұмысыңыз, тұратын жеріңіз, ахуалыңыз, тағы басқаның барлығы осы бір тәулікті қалай өткізгеніңізге байланысты болады делік. Осы 24 сағат уақытыңызда не істер едіңіз? Бар күшіңізді саласыз ба, әлде соңы жақсы болар деген бос үмітпен уақыт оздырасыз ба?

Бәлкім, бұл идея шындыққа тіпті жанаспайтындай көрінетін болар, алайда ол олай емес. Шын мәнінде, бұл ойдан шығарылған тәжірибе біздің бүгінгі шешімдеріміздің мәңгіліктегі тағдырымызға әсер етуіне өте ұқсас.

«Мәңгілікке ұмтылғандар» кітабында Джон Бивер тұспалдап жазылған оқиғалар мен Киелі Кітап мәтіні арқылы жердегі тіршілігіміз мәңгіліктегі өмірімізге қалай әсер ететінін тамаша суреттейді.

Ақтық демнен кейінгі өмір жай ғана ұзақ жолдың соңы емес. Тым кеш болып кеткенше күтіп отырмаңыз. Өміріңізді осы уақыт үшін және мәңгілік үшін қалай мағыналы етуге болатынын оқып біліңіз.



Джон Бивер және оның жұбайы Лиза – Messenger International қызметінің негізін салушылар. Қызметкер және бірнеше бестселлердің авторы болып табылатын Джон ақиқат туралы ымырасыз, батыл, әрі жалынды уағыздайды. Джон Бивер қауымдарды, олардың жетекшілерін ұлтына, тіліне, қаржылық жағдайына қарамастан қолдауға ұмтылады. Осы кезге дейін оның кітаптары мен видеосабактары 90-нан астам тілге аударылып, миллиондаған данасы әр елдердегі бағушылар мен жетекшілерге таратылған.



Осы және басқа ресурстарды
сайтынан алуға болады

[CloudLibrary.org](https://www.cloudlibrary.org)



MESSENGER
INTERNATIONAL
[MessengerInternational.org](https://messengerinternational.org)

Бұл кітап – автордың сыйлығы.
Сатуға арналмаған.



Көбірек білгіңіз келсе ме?
Смс-хатқа жазыңыз.